

XV-XVII ҒҒ. ҚАЗАҚ ТАРИХЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ НҰСҚАСЫ



ISBN 978-601-7616-92-2



9 786017 616922

З.Е. КОЛУМБАЕВА



**XV-XVII ғғ. ҚАЗАҚ ТАРИХЫ
(ФОЛЬКЛОРЛЫҚ НҰСҚАСЫ)**

Астана, 2023

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)
К51

Пікір берушілер:

Т.С. Каленова - т.ғ.к., доцент
Амрина М.С. - т.ғ.к., доцент
Н.К. Мухлисов - т.ғ.д., профессор

Колумбаева З.Е.

XV-XVII ғғ. қазақ тарихының фольклорлық нұсқасы.
Монография – Астана: «Тұран- Астана», 2023. – 131б.

Баспаға «Тұран-Астана» университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған
(Хаттама № 11 00.00.2023ж.)

ISBN 978-601-7616-92-2

Монографияда қазақ тарихының айшықты кезеңдері XV-XVII ғғ. тарихи тұлғалар өмірі мен саяси оқиғаларын тарихи фольклор деректері арқылы жазу көзделген.

Монография жоғары оқу орындарының оқытушылары және докторанттар мен магистранттары мен студенттеріне арналған.

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5Қаз)
К51

ISBN 978-601-7616-92-2

© Колумбаева З.Е., 2023
© «Тұран- Астана» университеті, 2023

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
ТАРИХНАМА	6
МЕТОДОЛОГИЯ	9
ДЕРЕКНАМА	12
I ҚАЗАҚ ТАРИХИ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ КӨКЕЙТЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
1.1 Қазақ тарихына қатысты фольклор деректерінің типологиясы.....	15
1.2 XV-XVII ғғ. қазақ тарихына қатысты тарихи фольклор деректері.....	27
1.3 Тарихи фольклордың уақыт пен кеңістікке қатысты мәселелері.....	40
II ҚАЗАҚ ТАРИХИ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ XV-XVII ҒҒ. САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК СИПАТЫ	
2.1 Алаша хан туралы аңыздардағы этносаяси тарихқа байланысты деректер.....	57
2.2 Әз Жәнібек хан туралы аңыздар Қазақ хандары және Алтын Орда мұрасы.....	65
2.3 Қасым хан заманы (XVI ғ. Алғашқы ширегі).....	76
2.4 Қазақ жүздерінің шығу тарихынан мәліметтер	82
2.5 Қазақ хандары және Орта Азия жеріндегі саяси ахуал (XVI ғ. Соңғы ширегі).....	92
2.6 Тәуекел хан тұсындағы тарихи оқиғалар	97
2.7 Қос билік және саяси-этникалық дағдарыс (Есім және Тұрсын хандар дәуірі).....	103
2.8 XVII ғ. ортасындағы қалыптасқан саяси жағдай.....	113
2.9 Әз Тәуке хан заманы (Жеті жарғы, Қарақұм кеңесі т.б.).....	118
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	125

КІРІСПЕ

Отандық тарихтың зерттелмей жатқан тұстары көп. Біріншіден, қазақ тарихына отарлық кезеңде көңіл өте аз бөлінді. Әсіресе қазақ мемлекетінің, қазақ этносының қалыптасу кезеңдері мен қаһармандық ерлік дәуірлеріне арналған және ғылыми тұрғыдан жазылған еңбектер аз. Екіншіден, қазақ тарихына байланысты жазылған там-тұм зерттеу жұмыстары кәзір методологиялық тұрғыдан сынға ұшырап, олардың қорытындылары жарамсызданып қалды. Үшіншіден, зер сала зерттейтін мәселенің бірі Қазақстан тарихын өзінің төл деректері: шежіре, аңыз, әңгіме, толғау, батырлық жырлардың т.б. фольклор деректерінің негізінде жазу әлі іске аспай келеді. Тарихи фольклор деректеріне ғылыми интерпретация жасау жолға қойылған жоқ. Ұзақ жылдар бойы өткеннің залалды сарқыншағы аталып келген қазақ шежіресі, тарихи жырлары мен толғаулары т.б. ғылыми тұрғыдан сараптауды қажет етеді. Тақырыптың өзектілігі XV-XVII ғғ. қазақ қоғамының ішкі табиғатын, көрнекті тұлғалар өмірін, саяси оқиғаларын тарихи фольклор деректері арқылы зерттеу қажеттілігінен туындайды. XV-XVII ғғ. көшпелі қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымын, оның қызмет механизмін анықтау Еуразия көшпелілерінің дүниежүзілік тарихи дамудағы орыны мен қызметін айқын аңғаруға апаратын жол.

Монографияда тарихи фольклор материалдары негізінде XV-XVII ғғ. қазақ халқының тарихын көрсету көзделген. Біздің түсінігімізше, XV-XVII ғғ. қазақ халқының этникалық тұлғасының қалыптасу және мемлекет ретінде бой көтеру шағы. Қазақ ұғымының әлеуметтік мазмұн аясынан шығып этникалық сипатқа ие болған уақыты да осы кезең. Дегенмен, қазақ атауы «алаш», «ноғайлы» ұғымдарымен қатар қолданыста болды. Осыған байланысты ауыз әдебиеті үлгілерінен осы ұғымдардың қолданылу аясын анықтау жұмыстың бір міндеті. Қарастырылып отырған XV-XVII ғғ. кезеңінде қазақ хандығында билік құрған тарихи тұлғалар көп. Еңбекте атақты хандар мен сұлтандар өміріне тоқталу және билік құрған мезгілі туралы деректерді көрсету міндеттелген. Әртүрлі басылымдарда жазылып жүрсе де қазақтың этникалық құрамы, яғни үш жүздің құрылымы және қалыптасуы жөніндегі материалдарға баға беру қажеті анық. Зерттеу еңбекте үш жүздің негізгі рулық құрамы және саяси одақ есебінде бір-біріне кірігу сатылары көрсетілген.

XV-XVII ғғ. Қазақ хандығының шаруашылық салтына, әлеуметтік дамуына, мәдени ерекшеліктеріне жазба және ауызша деректерді пайдалана отырып ғылыми талдау жасау, Қазақ хандығы және Мәуреннахр, Сібір қалалары туралы мағлұматтарды беру, көшпелілер мен отырықшы елдердің қарым-қатынасын баяндау зерттеу жұмысының бір міндеті.

Монографияда XV-XVII ғғ. қазақ хандығының өте күрделі саяси өмірі, көрші елдер, соның ішінде қалмақ, өзбек, башқұрт, қарақалпақ, ресей елдерімен саяси қарым-қатынасын қысқаша сипаттау жоспарланған.

Сыртқы елдерге жұмсалған елшіліктер, жорықтар, бітімге келу мәселелері қамтылған.

XV-XVII ғғ. Қазақ хандығының тарихын зерттеу жоғарыда көрсетілген міндеттермен шектеліп қалмайды. Бұл атқарылған жұмыстың негізгі мақсаты осы кезеңнің толық қанды сипаттамасын беру, осыған байланысты жұмыс барысында қолжазба түрінде сақталған немесе ауызша айтылып жүрген тарихи фольклорлық фрагменттер мен сюжеттерге текстологиялық талдау жасау және тұтас деректік қор қалыптастыру, дерек түрлерін өзара салыстыру іске асады.

Қазақ тарихын жазуда фольклор деректерінің маңызы айрықша зор екенін кезінде Е.Бекмаханов атап өткен: «Тарихи ірі оқиғалар ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отырған халықтың ауызша шығармашылығы: дастан, өлең, қисса, батырлар жыры, ертегі, аңыз т.б. арқылы қазақ халқының есінде сақталған. Осы фольклорлық материалдарда қазақтардың қоғамдық және әлеуметтік құрылысы, тұрмысы мен әдет-ғұрпы және ақырында, халықтың өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғалар айқын бейнесін тапқан»[1,43].

ТАРИХНАМА

Кез келген халықтың өткен тарихын еске түсіруде немесе халықтың саяси-территориялық жағынан қалыптасуы туралы мәліметтерді түсіндіруде фольклор деректерін пайдаланудың өзіндік дәстүрі бар. Ерте заманда антикалық авторлар Геродот, Диодор Сицилийский, Стробон т.б. еңбектерінде фольклор сюжеттерін көптеп пайдаланған. Олар Европалық және Азиялық халықтардың тарихын, әсіресе, Орталық Азияның далалық аймағын мекендеген скиф, сақ, сармат, массагет сияқты тайпалар, немесе олармен этникалық байланысы бар халықтар жөнінде фольклорлық сюжеттер мен образдарды көп қолданды.

Осы дәстүрдің тамаша бір үлгісін ортағасырлық тарихшылар, географтар, саяхатшылар еңбектерінен көреміз. Мәселен, Рашид-ад-диннің «Джами ат-тауарихы» жоғарыда келтірілген біздің пікірімізді дәлелдейді. Рашид-ад-дин «түркі-мұңғыл халықтарының шежіресін жазу үшін Олжайту ханның ордасына әдейілеп сахарадан білгір қарияларды шақыртып алдым, солармен ақылдасып отырдым» дейді[3;75-б]. Яғни, парсылық ғұламаның еңбегіне азық-дерек болған көшпелі ел ортасындағы ауызша дерек. Орталық Азияның бертінгі тарихшыларының көпшілігі Рашид-ад-динге сүйенеді. Мәселен, Әбілғазы, Х.Таныш, Қ.Жалайыр т.б.[4;5;6]. Ең қызығы Рашид-ад-динде айтылған тарихи-мифтік аңыздар сол қалпында қазақ ортасында XIX ғ. соңына дейін сақталады. Мұны біз М.Көпеев, Г.Потанин, Ә.Диваев жазбаларынан аңғарамыз[7;8;9;10;11].

Алтын Орда кезіндегі саяхатшылар Европаны бұрын белгілі емес халықтардың аңыз-әңгімелерімен таныстыра бастағаны белгілі. М.Поло, Г.Рубрук пен П.Карпинилер Орталық Азияны мекендеген көшпелілердің өмір-салты, табиғи және этникалық ортасы, саяси құрылымымен қатар тарихи аңыздарын да хатқа түсірді[11;12]. Ұзақ жылдарға созылған үзілістен кейін Орталық Азия, соның ішінде Қазақстан өлкесінің тарихына қатысты фольклорлық нұсқаларды жинақтау және жариялау Ресей империясында өз жалғастығын тапты[П.С.Паллас, Г.Георги, Г.Клапрот, әкелі-балалы Рычковтар, Гавердовский экспедициясының материалдары[14;15].

Қазақтар тарихына арналған жұмыстардың ішінде ең маңыздыларының бірі А.И.Левшиннің 1832 жылы жарияланған 3 томдық «Описание киргиз-казачьих и киргиз-кайсацких орд и степей» деп аталатын еңбегі[16,32]. Еңбек қазақ халқының географиясынан, тарихы мен этнографиясынан мәліметтер береді. Мұндағы оқиғалар XVI ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың басына дейінгі кезеңдерді қамтитындықтан, біз қарастырып отырған дәуірді жан-жақты зерттеуге көмегі зор.

Ш.Ш.Уәлихановтың ғылыми-зерттеулерінің қазақ шежіресіне қосар үлесі мол. Ғалымның қазақ халқы ауыз әдебиетінің байырғы түрлері батырлық эпостар мен тарихи жырлар, аңыздары мен ертегілеріне жасаған талдаулары, қазақ-қырғыз этнонимінің шығу төркініне ден қоятын деректер мен зерттеулері ерекше[17,7-82; 102,148-152].

Қазақ тарихының орта ғасырын шығыс деректеріне сүйене зерттеу ең алдымен В.В.Вельяминов-Зерновтың есімімен байланысты. Ғалым өзінің «Исследование о Касимовских царях и царевичах» деген еңбегінде шығыс авторларының шығармаларынан қазақтар туралы жазылған деректерді орыс тіліне аударып, ғылыми жұртшылыққа таныстырды[18,12]. Әсіресе Қадырғали Жалайыридің «Жылнамалар жинағы» еңбегінен Ораз-Мұхамед сұлтанға қатысты берген көптеген деректерін талдап, соған байланысты оның әулеттік шежіресін, қазақ хандарының XV-XVII ғғ. саяси-өмірін ғылыми түрде сипаттаған. Сондықтан В.В.Вельяминов-Зернов шығармасының 2-ші бөлімі біз үшін құнды зерттеу үлгісі болып табылады.

Белгілі шығыстанушы В.В.Бартольдтің еңбектерінде XV-XVIII ғасырлардағы Орта Азия елдері мен Қазақ Ордасының саяси қарым-қатынасы, олардың мәдени тұрмысы, қалалар мен сауда мәселелері баяндалған. В.В.Бартольд еңбектерінен XV-XVIII ғғ. Орта Азияда үстемдік еткен билеуші әулеттер туралы көп мағлұмат аламыз. Ғалым көптеген шығыс деректерін талдап, ғылыми жұртшылыққа ұсынады[19,21-106].

XV-XVII ғғ. саяси-әлеуметтік тарихына арналған еңбектердің қатарына XIX ғғ. соңында жарық көрген А.Н.Харузин мен Н.А.Аристовтың қазақ этногенезі мен рулық құрылымы жөніндегі еңбектері және М.Тынышпаевтың зерттеулері жатады. Зерттеулер біз қарастырып отырған кезеңнің проблемаларын ғылыми тұрғыдан қарастырған[20;21;22].

XV-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының сыртқы қарым-қатынастары А.П.Чулошниковтың, М.П.Вяткиннің еңбектерінде қарастырылады. Осы зерттеулердің нәтижелері диссертациямызда фольклорлық материалдармен толықтырылады[23;24]. XX ғасырда халық мұрасын жинап зерттеу ісі А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы сияқты зерттеушілердің назарына ілінді. 1930 жылдары С.Сейфуллин «Қазақ әдебиеті» кітабында, С.Мұқанов «Батырлық жырдың әдебиеттегі орны», Б.Кенжебаев «Қазақ халқының эпосы» т.б. мақалаларында фольклордың көрнекті саласы батырлық эпос туралы ойларын ортаға салды[25;26;27;28;29].

1940 жылдары М.Әуезов пен Л.Соболевтің «Эпос и фольклор казахского народа» атты көлемді еңбегі фольклорлық мұралардың тарихи оқиғалармен байланыстылығына негізделген[30]. 1960-70 жж. тарихи фольклор түрлерін жеке жанрлық тұрғыда алып қарастырған Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаевтардың еңбектерін айта аламыз[31;32].

Осы ғасырдың 70-80 жылдары Б.Уахатов, Р.Бердібаев, О.Нұрмағамбетова, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, С.Садырбаев, Ш.Ыбраевтар ауыз әдебиет байлығын ғылыми тұрғыда зерттеуді жалғастырады[34;35;36;37;38;39;40].

XV-XVII ғғ. қазақ тарихының мәселелері туралы ғылыми-зерттеулердің көбейген уақыты XX ғ. 60-70 жылдары. Оның үздік үлгісін және ғылыми деңгейін Н.Н.Мингулов, В.П.Юдин, К.А.Пищулина, С.К.Ибрагимовтар құрастырған «МИКХ» жинағы дәлелдейді[41]. Зерттеушілердің ішінде ортағасырлық қазақтардың моғолдармен

қатынасын қазақстандық шығыстанушы В.П.Юдин, қазақ хандығының моғолдар және шайбанилықтармен саяси қарым-қатынасын XIV-XVII ғғ. Сырдария маңындағы қалалар туралы К.А.Пишулина, қазақ-ноғай байланыстарын Б.А.Б.Кочекаев, А.Исин, Сібір хандығымен қатынасын М.Ж.Абдиров, XV-XVII ғғ. қазақ тарихын шығыстық деректер негізінде зерттеудің үлгісін салған зерттеушілердің қатарына Н.Н.Мингулов, С.К.Ибрагимовтарды жатқызамыз[42;43;44;45;46;47;48;49].

Ал тарихшылар С.Г.Кляшторный мен Т.И.Сұлтановтың бірігіп жазған еңбектерінде XV-XVII ғасырлардағы Қазақ Ордасының саяси-әлеуметтік тарихы, көрші елдермен қарым-қатынасы баяндалған. Зерттеушілер көптеген шығыс деректерін талдап, ғылыми жұртшылыққа ұсынады. XV-XVII ғасырдағы қазақ-өзбек байланысынан көп деректер беретін Т.И.Сұлтановтың еңбегі қазақ тарихындағы Алтын Ордадан кейін қалыптасқан саяси жағдайды, көбінесе Қазақ хандығының қалыптасу дәуіріне жан-жақты талдауға арналған[50;5].

Белгілі шығыстанушы М.Қ.Әбусейітованың XV-XVII ғасырлардағы Қазақстан мен Орталық Азияның тарихы, саясаты мен дипломатиясына арналған еңбегінің орны жоғары. Негізінен шығыстық деректерге сүйенген монографиялық зерттеу жұмысына XV-XVII ғғ. қазақ тарихын айқын түсіну үшін қазақ фольклорын қолдану керек екенін атап көрсетеді. Көне шығыстық жазбалар негізінде жазылған Б.Кәрібаевтың еңбектері Сыр өңіріндегі, дәлірек айтсақ Түркістан деп аталатын аймақтағы Сауран, Созақ, Отырар секілді және басқа да қалалардың тарихына тоқтала келе, Қазақ хандығының қалыптасуы мен орнығуы жөнінде тың тұжырымдар жасайды. Ол Орта Азиялық сарай тарихшыларының еңбектерін жан-жақты салыстыра отырып, XV-XVII ғғ. қазақ тарихына, билеушілеріне қатысты объективті нәтижелерге жол салды[52;53;54].

XV-XVIII ғғ. Қазақ хандығының саяси тарихына қатысты тарихи фольклорды қолдану М.Қ.Қозыбаевтың мақалаларында, А.Күзембайұлы, Е.Әбіл жазған еңбектерде де көтерілді[55;56].

МЕТОДОЛОГИЯ

Қазақ тарихын зерттеудің игерілмеген әдіс-тәсілі, методологиялық жолы көп. XV-XVII ғғ. қазақ қоғамын зерттеудің маңыздылығы төмендегі себептерден келіп туындайды. Біріншіден, қазақ халқының тарихын қазақтың өз төл деректерінің негізінде жазу қазақ тарихының ең бір күрделі кезеңі туралы тиянақты пікір түюге мүмкіндік береді. Екіншіден, XV-XVII ғғ. қазақ қоғамының тарихын ішкі және сыртқы жағдайын зерттеу этнос, мемлекет, қоғам туралы қазақтың дәстүрлі түсінігін анықтауға көмектеседі.

XV-XVII ғғ. алдымен, қазақ халқының саяси аренаға шығып, дербес хандықтың құрылу кезеңі. Этникалық тұрғыда бұл уақыт қазақ халқының тұлғасының өзіне тән ерекше қасиеттерімен танылу шағы. Қазақ хандығының құрылуы Алтын Орда империясының ыдырауы нәтижесінен болғаны анық. XV-XVII ғғ. Қазақ хандығының бастауы ғана емес, ол Евразиялық кеңістікте өмір сүрген отырықшы және көшпелі мәдени-өркениеттік нұсқалардың өзара қарым-қатынасын, күресін, тағдырын салыстыруға ең қолайлы кезең. Адамзат тарихын зерттеушілер «Көшпелі қауым табиғаттың тылсым күштеріне бағынышты және тікелей байланысты» деп түсіндіреді (Дж.Тойнби, Л.Гумилев)[57;58]. XV-XVIII ғғ. қазақтарының саяси, әлеуметтік, шаруашылық құрылымы да көшпелі өмір салтқа бейімделген яғни, көшпелілердің барлық болмысы табиғи ортамен гармониялық қарым-қатынастар түзу ретінде пайда болған тұтас дүние. Көшпелілер қоғамының материалдық, қоғамдық және рухани өмірінің тұтастығы фольклорды зерттеу барысында айқын көрінеді. Тек тарих ғылымында осы маңызды дерек қорын тарихи зерттеуге пайдаланудың методологиялық принциптері бекімеген.

XIX ғ. екінші жартысы XX ғ. басында фольклорды тарихи дерек ретінде қолданғандардың ішінде иранист және орыс эпосының маманы В.Ф.Миллер болды. Оның еңбектерінде нарттық эпос оқиғалары оситендердің арғы аталары сармат пен алан тайпаларының әдет-ғұрыптарымен салыстырылады[59]. 1964 ж. фольклордың тарихилығы жөнінде мәселе көтерген пікір-таласта академик Б.А.Рыбаков және көптеген зерттеушілер қатары фольклортанудағы тарихи әдістің кейбір әлсіз жақтарына қарамай, бағалы тарихи-салыстырмалы материалдарды қолдануда маңызды роль атқаратынын атап өтеді[60,461-462].

Этнология ғылымында фольклорды тарихи дерек деп тану ертерек іске асты. Солардың ішінде фольклорға тарихи дерек ретінде көңіл аударған Л.Я.Штернберг, В.Г.Тан-Богораз, Д.К.Зеленин және т.б. атақты этнографтар болды. Фольклор деректеріне көп көңіл бөлген зерттеуші, шығыстанушы В.В.Бартольд. Ғалым алғаш рет орыс және шетел ориенталистерін түрік оғыз эпосы «Қорқыт ата кітабымен» таныстырды, эпостың жекелеген мәселелеріне тарихи және әдеби талдау жасады[61].

Революцияға дейінгі орыс фольклористикасында қалыптасқан дәстүр кейіннен совет фольклористикасының негізінде дамыды. Халықтардың

этногенезі мен этномәдени байланыстарын, олардың өткен тарихын, семьялық және қоғамдық өмірін зерттеуде фольклорды тарихи дерек ретінде пайдаланудың методикасын В.М.Жирмунский, В.Я.Пропп, К.В.Чистов, В.К.Соколова, Р.С.Липец сияқты белгілі фольклористер жазған[62;63;64;65;66].

Сібір және Орта Азия және басқа да регион халықтарының маман-этнографтары тарихи фольклорды қауырт түрде зерттеу керектігін айтады. Халық тұрмыс-тіршілігінің қайталанбас, қайтып оралмас мол мұрасын, Сібір халықтарының фольклорының зерттеулеріне үлес қосқан И.С.Вдовин: «Оқымыстылардың келешек буыны біздің жайбасарлығымыз бен жинақсыздығымызды кешірмейді, ал ғылым халықтың болмысы мен мәдени қорын тануда «ғылыми жұмбақ» болып қалатын құндылықтарды жоғалтады» деп атап көрсетеді[67].

Мұндай талапты Орта Азиялық этнограф М.С.Андреев те қояды: «Біздің көз алдымызда, –деп жазады ол 40-шы жылдары, өзінің жинастырушылығын таныта, халық мұрасы әлемінің біраз бөлігінде өткен ғасыр қойнауында жоғалды, әлі де азаюда, өмір-салттың кейбір жақтары өзгеріссіз бізге жетті, олар бүгінде жоғалуда. Барлық тарихи болмыс жазылмай, танылмай өтуде». Ғалым ауыз әдебиетінде бар құндылықтың өзін ұқсату Орта Азия тарихы үшін, соның ішінде мәдениет тарихында айрықша орын алатынын жазады[68]. Фольклорды тарихи-этнографиялық дерек ретінде әртүрлі ареалдағы халықтардың тарихын зерттеуде Сібір, Қиыр Шығыс, Орта Азия, Башқұртстан, сонымен қатар Австралия, Океания, Индонезия, Орталық Америка, Африка және басқаларда қолданылады. Бұл бағыттағы зерттеулердің ішінен тарихи-этнографиялық маңызы жоғары - Б.О.Долгих (энец), Г.У.Эргис (якут), Г.М.Василевич (эвенкі) фольклорлық жазбаларында, В.Р.Кабо (Австралия аборигендері), Г.У.Федорова (Фольклорные памятники острова Пасхи как исторический источник), В.В.Пименов (Вепсі солт. Европа халқы) еңбектері фольклорды тарихи дерек көзі ретінде пайдаланудың негізін салды[69;70;71;72;73;74].

Фольклор текстеріне тарихи анализ жасау әдісін Р.Г.Кузеев шебер пайдаланады. Зерттеушінің башқұрт халқының көптеген аңыз-әңгімелері, шежірелеріне жасаған зерттеулері, фольклор материалдарының талдаулары этногенетикалық ізденістерінде маңызды орын алады. Р.Г.Кузеевтің «Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история, расселения» атты монографиясы сериялық еңбектердің ішіндегі кең таралғаны[75].

Орта Азия тарихы туралы этнографиялық және саяси-әлеуметтік ізденістерді шешуде С.П.Толстовтың «Древний Хорезм», «По следам древнехорезмской цивилизаций» еңбектері маңызды. Ауыз әдебиетіне тарихи дерек ретінде қарайтын көзқарасты ол «Авестадан» бастап бүгінгі қарақалпақ, түркімен, қазақ аңыздарындағы мол фольклор мұраларын зерттеу жұмысында қолданды[76].

Фольклорды тарихи дерек көзі ретінде Г.П.Снесарева, Б.Х.Кармышева, К.Л.Задыхина (өзбек), С.М.Абрамзон (қырғыз),

Г.П.Васильева (түркімен), Т.А.Жданко, А.С.Морозова, Л.С.Толстова (қарақалпақ) зерттеулерінде арнайы қарастырады. Тарихи фольклор материалдары башқұрт, қарақалпақ, өзбек, қырғыз, түркімен халықтарының этногенезін анықтауда, олардың көшіп-қону тіршіліктерінің бағыты мен уақытын дәйектеуде, жекелеген ру-тайпалардың құрамы мен құрылымын қарастыруда өте кең пайдаланылады[77;78;79;80;81;82;83;84].

XV-XVII ғғ. қазақ тарихын фольклор материалдары негізінде зерттеу жоғарыда көрсетілген ғылыми-теориялық әдебиеттердің методологиялық әдіс-тәсіліне сүйенеді. Сонымен қатар монографиялық зерттеу тарихи объективтілік принциптері негізінде іске асты.

ДЕРЕКНАМА

Монографияның деректік базасын қазақ ауыз әдебиетінің негізгі тарихи үлгілері: шежіре, тарихи аңыздар, жыраулар мұрасы, батырлық жырлар құрайды. Шежірешілдік – көшпелі қоғам туғызған қажеттілік және көшпелілердің әдет-ғұрпы, салт-санасының көрсеткіші. А.Сейдімбеков шежіренің маңыздылығын «Шежіре – халықтың этникалық құрылымын анықтайтын, тұтастығын көрсететін төл тарихымыздың негізі, арнасы, ұлттық рухани мәдениеттің ықпалынан, көшпелілердің зердесінің зеректігінен туған феномен» –деп бағалайды[85;86]. Қазақ шежіресінің жазба нұсқаларын қалыптастыруда ХІХ ғасырда қазақ тарихының ірі проблемаларымен айналысып, ауыз әдебиеті туралы өз көзқарастарын жариялаған Ш.Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Н.А.Аристов, Ә.Диваев т.б. еңбектерін айтуымыз керек[9;21;87;8;11]. Қазақ шежіресін ғылыми әдебиетке пайдаланғандар қатарына М.Красовский, А.К.Гейнс, А.Н.Харузин, И.Казанцев, Н.Н.Гродеков т.б. қосамыз[21,169].

Аңыз-әңгімелер мен ескі тарих жырларды ел ішінен қауырт түрде жинау ХІХ ғ. іске аса бастады. Бұған себеп болған жағдайдың бірі – патшалық Ресейдің отар елдің тарихын, әдет-ғұрпын, салт-санасын зерттеуді мақсат етуі. Дегенмен, қазақ шежіресін толық жинау, түбегейлі зерттеу және жариялау ХІХ ғ. соңы ХХ ғ. басында қазақ тарихшылары тарапынан іске асты. Қазақ хандығының XV-XVII ғғ. тарихына қатысты маңызды деректер Ш.Құдайбердиевтің, М.Ж.Көпеевтің, имам Қ.Халидтің жинақтаған шежірелерінде бар[5;88;89;90].

XV-XVII ғғ. зерттеуде қазақтың шежіресін пайдалану көптеген қосалқы жұмыстарды тындыруға, мәселен, шежіренің текстологиясын жасауға мүмкіндік береді. Яғни, XV-XVII ғғ. зерттеу барысында қазақ тарихына қатысты бұрын-соңды қолданылмаған шежіре деректерін игеруге мүмкіндік бар.

Монографияның екінші бір дерек көзі –жыраулар мұрасы, толғаулар, тарихи жырлар. XV-XVII ғғ. қазақ тарихын зерттеуде жыраулар мұрасы, тарихи жырлар аса маңызды орын алады. Асан қайғы Сәбитұлының творчествосынан басталатын жыраулар поэзиясы сол дәуірдің әлеуметтік жағдайын, саяси сипатын берген. Бұл жыраудың «Қырында киік жайлаған», «Әй, хан, мен айтпасам», «Алты атанға қос артып» деген шығармаларында толық қанды байқалады[91,24]. XVII ғ. бейнесін өз шығармаларында көрсете білген, Есім ханның қадірлі билерінің бірі болған –Жиёмбет жырау. Оның шығармалары XVII ғғ. қазақ қоғамының Есім хан тұсындағы басынан кешкен оқиғаларына арналған. Еңбекке сонымен қатар XVII ғ. Қазақ Ордасының саяси ахуалын біршама толық берген Марғасқа жыраудың мазмұнды толғаулары да кірді[37,52].

XV-XVII ғғ. Қазақ хандығының тарихын жазу үшін сол дәуірде Шығыс пен Батыста, қазақ даласында жазылған тарихи шығармалармен танысу шарт. Соның ішінде Шығыс жазба деректерінің алатын орны ерекше. Зерттеушілер қолға алып, көңіл бөліп жүрген қытай, парсы, араб, орыс және түркі тілдерінен аударылып басылып шыққан еңбектер

жеткілікті. Бізге асылдың сынығындай болып жеткен ортағасырлық жазушылардың шығармаларының XV-XVII ғғ. тарихын зерттеуде маңызы зор. Жазба шығармадағы деректер оқиғалардың ел есінен ұмыт болып кетпей, өз уақытында жазылып қалғандарымен құнды. XV ғ. ортасында түркі тілдес тайпалар арасында ру мүддесінің тар аясынан шығып, халық болып қалыптасу процесі жүрді. Осы тұс қазақ, қырғыз, ноғай, өзбек халықтарының мемлекет және этнос түрінде саяси аренаға шыққан кезі. XV-XVII ғғ. дүниеге келген Өтеміш Қажының «Шыңғыс наместі», Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи-шахи», Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресі» дүниелері өткен тарихымыздың елеулі оқиғаларына тоқталып, айшықты кезеңдерін де тыс қалдырмаған[4;5;92].

XV-XVII ғғ. қатысты деректердің мол және шынайы жинағы М.Х.Дулатидің «Тарихи Рашиди» шығармасы. Екі бөлімнен тұратын бұл шығарма Моғолстанды (Жетісу, Қашқария) билеген Шағатай тұқымынан тараған хандардың саяси-әлеуметтік тарихы, үйсін одағындағы тайпалар және олардың Шығыс Түркістанда билік құруы, моғолдардың тарихына арналған. М.Хайдар қазақ тарихына қатысты –Қазақ хандығының Жетісу жерінде құрылуы, өзбектермен Сыр бойындағы қалалар үшін күресі, Қасым ханның қызметі туралы бірнеше деректер келтіреді. Соның бірі Керей мен Жәнібек сұлтандардың соңына ерген жұртымен Моғолстанға қоныс аударуы барынша толық сипатталған және оның уақытын дәл белгілеуге мүмкіндік береді[93,195].

Қазақ елінің ұзына тарихын толықтыра түсетін келесі бір дерек – Махмуд Абдоллах бен Алидің «Зубдат ал-асрары» мен Махмуд бен Уалидің «Бахр ал-асрары» қазақтардың XV-XVII ғғ. көрші елдермен саяси қарым-қатынасы оқиғаларын сипаттауымен құнды[94;95]. Сонымен қатар Қ.Жалайыридің «Жылнамалар жинағы» XVI-XVII ғасырларда өмір сүрген тарихи тұлғалар өмірінен мәлімет береді[6]

Жоғарыда аттары аталған шығыс деректерінен басқа XV-XVII ғғ. тарихы жөнінде аздаған Қытай және Ресей архив жазбалары бар. Олардың бірсыпырасы осы күні әр түрлі жинақтарда жарияланды. Мәселен қытай деректері: «Китайские документы и материалы по истории Восточного Туркестана, Средней Азии и Казахстана XV-XVII вв.»; «Международные отношения в Центральной Азии XV-XVII вв.», (Документы и материалы) жинақтарында қамтылған. Ресей деректері қатарына «Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР.», «Из истории международных отношений в Центральной Азии», «Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв.» жинақтарына енген сол кезеңнің құнды архивтік деректері жатады[96;97;98;99].

XV-XVII ғғ. қатынасты жазба деректер баршылық. Бірақ ол деректердің көпшілігі бөгде этностардың өкілдерінің қатынасуымен жасалғандықтан біржақтылық, үстірттік басым. «Шетел тарихшылары мен саяхатшылары барған жерінен бірер күн, яки аптада халық аузынан естігендерін жинау әдеттері бар, осы қысқа мезгілде бәрін біліп, жазып тез бітіріп кеткісі келеді. Ал біздің бұл жақтың адамдары елдің сырын өзгеге

ашқысы келмейді. Айтса шатастырып, түйінді жерлерін жасырып айтады. Ал біз, бұлардың өз ішінде жүріп өздерімен бірге өмір сүріп, ғалымдары мен ел басыларымен араласып, көп жағдайларды сұрауға мәжбүр болсақ, онда олар өз білгенін бізге жасырмай айтуларынан көп хабарларға қанып боламыз. Осы себепті европалық тарихшылар жазған хабарлар мен басылымдарға біздің бұл жазғанымыз кереғар болса ғажап емес, біз олармен санаспаймыз. Ал оларды мақтап пайғамбардай сенетіндер жоқ емес» деп жазады Қ.Халид[88,239-б].

Осы күнге дейінгі қазақ тарихы жөніндегі жинақталған жазба деректердің көпшілігі европоцентристік, таптық немесе шовинистік тұрғыдан жазылып, жоғарыдағы көрсетілген мәселелерді ашып көрсетуге мүмкіндік берген жоқ. Оның XV-XVII ғғ. тарихына қатысты бір мысалы - Қазақ хандарының әулеттік шежіресін шайбанидтік бағыттағы тарихшылардың жүз құбылтып, Тоқай Темірлік нұсқасын күшейтіп жіберуі.

1. ҚАЗАҚ ТАРИХИ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ КӨКЕЙТЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 Қазақ тарихына қатысты фольклор деректерінің типологиясы

Қазақстан тарихын зерттеуге аса маңызды дерек ретінде фольклордың маңызы айрықша зор екені белгілі. Мұның бұлай болатын себебі, ХІХ ғасырдың екінші жартысына дейін қазақ халқының жазба әдебиеті кең дамымады. Сондықтан тарихи ірі оқиғалар халықтың ауызша шығармашылығы: дастан, өлең, қисса, батырлар жыры, ертегі, аңыз және т.б. арқылы қазақ халқының есінде сақталған. Осы фольклорлық материалдарда қазақтардың қоғамдық және әлеуметтік құрылысы, тұрмысы мен әдет-ғұрпы және ақырында, халықтың өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғалар айқын бейнесін тапқан. Осы еңбекте пайдаланылған негізгі фольклорлық деректерді сипаттауға көшпес бұрын принципті маңызы бар бір үлкен мәселеге атап айтқанда –тарихи-этнографиялық дерек ретінде фольклордың орнына және оны ғылыми түрде жүйелеу әдістеріне тоқтала кетейік.

Қазақ фольклорын егжей-тегжейлі сипаттап жатпай-ақ айта кететін бір нәрсе оның сан алуан оқиғалардың ішінен ең маңыздыларын қалдырмай баяндайтын қасиеті. Сонымен бірге ел тағдырын шешуге қатысы бар ұлы тұлғалардың атын атап, түсін түстеп беретіндіктен, солардың өміріне байланысты қилы деректерге толы болғандықтан фольклор тарих үшін, әсіресе қоғамдық-саяси қатынастар саласын зерттейтін ғалымдар үшін шын мәнінде баға жетпес қазына.

Алайда фольклорлық материалдарды пайдалану тарихшыдан үлкен шеберлікті және мейлінше сыни көзбен қарауды талап етеді. Фольклорлық материалдың өзіне тән негізгі ерекшелігі – оның сапа және уақыт мөлшері жағынан біркелкі болып келмейтіні, әдебиеттің кез келген саласына тән шындық пен поэтикалық қияли жорамал аралас болатынын, әсіресе бірнеше ғасыр бұрын айтылып, талай рет ауыздан-ауызға көшкен болса әр түрлі жыраулар мен жыршылар өз жандарынан түйдектетіп қосатын қосымшалардың да фольклордан орын алатынын тарихшы бір сәтке де естен шығармау керек. Тарихи авторы да және оны айтушы да оқиғаларды өздерінің әлеуметтік саяси-көзқарастарына орай құбылтып отырады. «Нақ осы себептен, фольклорлық материалдарды зерттеу кезінде оның таптық сипатын, мүмкін болса оның авторының немесе орындаушысының кімдер болғанын анықтап алу аса маңызды шарт болып табылады,» –деп атап көрсетті Е.Бекмаханов[1;23].

Қазіргі фольклортану ғылымында кеңінен қолданып жүрген типологиялық әдістер мен типологиялық ізденістердің ауқымы өте кең, әрі күрделі. Басқа ғылымның салаларын айтпағанда [мәселен, тіл білімі, этнография, археология, әдебиеттану] фольклордың өз табиғатына лайықты типологиялық зерттеудің аспектілері, деңгейі, ауқымы белгілі қалыпқа сыймайды[38,44]. Осыған байланысты Б.Н.Путилов орынды пікір

білдіреді: «Типология как определенная закономерность, можно сказать, буквально пронизывает фольклор на всех его уровнях: система закономерно возникающих и внутренне обусловленных историко-типологических отношений характеризует фольклор в целом [как специфический тип творчества] и в его отдельных элементах. Мы вправе говорить например, о типологии образов, мотивов, сюжетов, художественных средств, о типологии фольклорных процессов и типологии принципов отношения фольклора к действительности [например, о типологии фольклорного историзма].., шире –о типологии фольклорного сознания»[100,5-8].


Фольклортану ғылымында XV-XVII ғғ. қатысты ауыз әдебиеті үлгілерін арнайы қарастырған зерттеу жұмыстары жоқ. Фольклор типологиясымен айналысқан ғалымдар қазақ ауыз әдебиетінің мыңдаған жылдар бойы қордаланған зор байлығын бір тұтас жүйемен қорытады.

Бұл тұрғыдан алғанда қазақ ауыз әдебиеті туралы алғашқы ғылыми типология нұсқасын жасаған Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Халел Досмұхамедовтер де, бертінгі уақытта типология мәселелерімен айналысып жүрген ғалымдар да бір бағытта[25;26]. Тек қазақ тарихымен терең айналысқан академик Ә.Марғұлан «Ежелгі жыр-аңыздар» туралы зерттеулерінде көне және ортағасырлар тарихына байланысты қазақ фольклорының түрлерін (ертегі, батырлық ертегі, эпостар) атап көрсетеді[31]. Сонымен қатар Ш.Ыбраевтың соңғы кездегі зерттеу еңбектерінде, мысалы, «Эпос әлемінде» батырлар жырларын қарастырып, оның сан-алуан түрлерін эпикалық уақыт, кеңістік мөлшерінен белгілейді[40].

Тарихи фольклор жайында зерттеуші ғалымдардың ой салатын бірнеше пікірін саралап қараған жөн.

Қазақ ауыз әдебиетінің алғашқы ғылыми типологиясын жасаған А.Байтұрсынов бірнеше ірі топтама құрастырып, оларды көркемдік, тарихилық, әуездік т.б. принциптермен ішінара жүйелейді.

А.Байтұрсынов жасаған қазақ ауыз әдебиетінің классификациясы.



Салт сөзі	Ғұрып сөзі	Қалып сөзі
мысалдар	Той бастар	Жын шақыру
ділмәр сөз (афоризм)	Жар-Жар	Құрт шақыру
Тақпақтар	Беташар	Дерт шақыру
Мақалдар	Неке қияр	Бесік жыры
Мәтелдер	Жарапазан [25,232]	

Біріншіден, ғалым қазақ ауыз әдебиетінің тарихпен байланысын, бірнеше жерде атап көрсетеді. Оның айтуынша тарихи деректердің бай көзі батырлық жыр-толғаулар. Екіншіден, А.Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқыш» еңбегінде шежірені қара сөздің бір түрі әуезе тобына жатқыза келіп былай дейді: «Шежіре – өткеннен дерек беретін сөздің бір түрі, шежіреде уақиғадан гөрі өткендердің түсі, туысы көп айтылады. Сондықтан шежіре уақиға сарынымен емес, уақыт, туыс сарынымен айтылатын әуезе тобына жатады. Шежіре болған уақиға жайынан сөйлесе, себебін, мәнісін айтпай тек маңызды түрде айтса, екінші жерде сұйылтып ұсақ түйекті сөз қылады», -дейді[25,214].

Қазақ халық ауыз әдебиетінің түрлеріне жасаған классификациясында ғалым Х.Досмұхамедұлы тарихи фольклор жанрын айрықша бөліп қарамаса да бірнеше рет ерекше материалдарды беріп атап отырады. Ғалым ауыз әдебиеті классификациясына осы бағыттағы белгілі дәстүрлердің бәрін енгізген:

Жыр, (эпос): а) батырлық ә) тарихи, б) хайуанаттар.

ертек

мақал мен мәтел

жұмбақ

ырым сөз

жаңылтпаш

наным-сенім

әпсана (миф)

Он екі жылдық жыл есебі – мүшел (жыл мезгілі, ай, апта күндері, олардың шығуы мен мәні туралы әңгімелер).

Перілік хикаялар (Жалмауыз кемпір, Жезтырнақ, Албасты, Марту, Қара, Обыр, Үбе, Жын, Пері).

Космогониялық әңгімелер (аспан шырақтары, күн күркіреу, найзағай, аққан жұлдыз, Темірқазық, Жетіқарақшы, Үркер, кемпірқосақ т.б.)

Түс жору.

Ойын және онымен байланысты түрлі мәтел, тақпақ, әңгіме.

Аңыз.

Шежіре: а) жеке адам, ә) тайпа, б) ру, в) ата г) хан.

Тұрмыстық жыр («Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Айман-Шолпан», т.б.).

Айтыс: а) ру айтысы, ә) тайпа айтысы, б) қыз бен жігіт айтысы, в) жұмбақ айтыс, г) хат айтыс.

Мақтау өлеңдер: а) жеке адамды мақтау, ә) тұтас руды немесе атаны (ата жұртты не белгілі бір жерді), в) қандай да бір оқиганы, затты, жануарды, т.б. мақтау.

Жоқтау: а) қайтыс болған кісіні не жер аударылғанды, ә) ата жұртты, б) жастықты, в) сүйгенін, т.б.

Жылау-сықтау

Көңіл айту, жұбату.

Сатира, ирония және эпиграмма (жамандау, мысқыл, келеке, кекесін-келемеш, шағу).

Билік сөз.

Бата, алғыс.

Қарғыс.

Күлкі, көңіл ашу сөз.

Әзіл.

Үгіт өлең.

Зарзаман, толғау.

Патша және қоқан үкіметіне қарсы және чиновниктердің бассыздығына қарсы қыздырушы, намыстандырушы өлең.

Болжал өлең.

Өсиет өлең.

Ғұмырнама мен өмірбаян.

Бесік жыры.

Үйлену тойы жырлары: а) жар-жар, ә) тойбастар, б) беташар.

Ғашықтық өлең (жігіт өлеңі).

Қоштасу өлең.

Көрісу өлең.

Сәлем өлең.

Әруақпен сөйлесу.

Емшілік өлеңдер: а) бақсының жын шақыруы, ә) оқу,

б) арбау, в) көшіру, қағу, г) садақа сұрау, құдайы, назире,

ж) кітап ашу, з) бойтұмар, и) құмалақ ашу, жауырын қарау.

Өтірік өлең.

Жарапазан

Боғауыз сөз.

Діни әдебиет.

Араб-парсы өмірін көрсететін әдебиет (қысса)[26,34-35].

Ғалым шежіренің түрлері деп жеке адам, тайпа, ру, ата, хандар шежіресіне бөледі. Шежіреде қазақ рулары мен жекелеген тұлғалар туралы аңыздардың кездесуі шежіренің тарихи деректік қабілеті және қасиетін анықтайтын құбылыс деп таниды, екіншіден поэзия түріндегі де шежіренің болуы жөнінде ғылыми тұжырым жасайды[26,34]. Нақты тарихи дерек

ретінде XIX ғ. туған өлеңдерді, зар заман толғауларын, ғұмырнамалық жырларды автор ерекше атап өтеді. Х.Досмұхамедұлы халық әдебиеті нұсқаларының тарихилығын «қазақтың жан-жүрегіне еркін көшпелі өмір, көші-қон, мал мен малшылық тұрмыс-салт қаншалықты жақын екендігі айқын көрінеді» –деп халықтық қасиеттермен байланыстырады[26,37].

С.Сейфуллин жасаған ауыз әдебиеті және оның дәуірлерінің кестесінде «Қазақ атанған елдің ауыз әдебиеті талай дәуірді басынан кешіріп келді. Арғы ескіліктегі ру бастықтары билеген жабайы рушылдық дәуірі –руды билеген билер дәуірі, оның үстіне, Шыңғысхан, Алтын Орда, Ноғайлы, қазақтың дәуірлері. Онан соң орыс патшасына бағынған дәуір. Және патшадан құтылғаннан бергі дәуір» деп тарихи уақыт межесін фольклортануда алғаш қолданды. Оның пікірінше патшадан құтылғаннан бергі жаңа дәуірді қоя тұрғанда, арғы, ескі дәуірлерден бізге жеткен әдебиет нұсқаларын жалпы екі үлкен жүйеге бөлуге болады:

Билер дәуірі (Руды билеу) / Патша дәуірі (Қазақ елі орыс патшасына бағынған дәуір)

I бөлімі.

II бөлімі

Ертедегі жырлы әңгімелер, яки ноғайлы дәуірінен қалған әдебиет нұсқалар

1. Ертектөр.

I.Батырлар әңгімесі

2.Салт өлең-жырлары.

1. Қобыланды әңгімесінің қысқаша мазмұны

а) Той бастар

2. Қобыландының әңгімесі туралы

б) Жар-жар

3.Ер Тарғын әңгімесінің қысқаша

в) Сыңсыма

мазмұны

г) Жұбату мен үгіт

4.Ер Тарғын әңгімесі туралы

д) Бет ашар

5.Ер Саин әңгімесінің қысқаша

е) Айт келін

мазмұны

ж) Бесік жыры

6.Ер Саин әңгімесі туралы

з) Қоштасу мен өсиет өлеңдер

7.Қамбар батыр әңгімесінің

и) Естірту, көңіл айту, жоқтау.

қысқаша мазмұны

3. Діни салтынан туған өлең,

8.Қамбар батыр әңгімесі туралы

тақпақ, жырлар

9.Алпамыс батыр әңгімесінің

а)Ескілікті мейрам тақырыпты

қысқаша мазмұны

б)Бақсының жырлары

10.Алпамыс батыр әңгімесі туралы

в)Шақыру, арбау, байлау

11.Ер Көкше, Ер Қосай ертегісі

г)Бәдік

12.Желкілдек әңгімесі

д)Жарапазан

13.Ескіліктен қалған әңгімелерде көп

кездесетін үйреншікті ауысқақ сөздер, ауысқақ тақырып, ауысқақ жайттар.

II. Ертедегі жырлы әңгімелер

Қозы Көрпеш-Баян әңгімесінің қысқаша мазмұны

Қозы Көрпеш-Баян әңгімесі туралы

Қыз Жібек әңгімесінің қысқаша мазмұны

Қыз Жібек әңгімесі туралы[27,10].

Фольклор үлгілерін таза әдеби көркемдік жағынан топтастырған М.Ғабдуллин болды. Зерттеуші «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» еңбегінде

ауызша әдебиет түрлерін әдеби тұрғыдан қарастырады. Бірақ ауыз әдебиетінің жүйелеу барысында тарихи деректерді мол сіңірген бөліктерін ерекше атап көрсетеді.

I. Тұрмыс салтқа байланысты туған шығармасы

1. Төрт түлік мал, еңбек-кәсіп жайындағы өлеңдер
 - а. Аңшылық жайындағы өлең-жырлар
 - б. Наурыз туралы өлеңдер
 - в. Жаңылтпаш.
 - г. Өтірік өлеңдер.
2. Үйлену салтына байланысты.
 - а. Той бастар.
 - б. Жар-жар.
 - в. Сыңсу.
 - г. Бет ашар.

3. Діни ұғымға байланысты

- а. Бәдік.
- б. Арбау, жалбарыну өлеңдер
- в. Бақсы сарыны
- г. Жарапазан.

II. Мақал-мәтел, жұмбақтар.

- а. Мақал.
- б. Мәтел
- в. Жұмбақтар.

IV. Батырлар жыры.

- а. Алпамыс
- б. Қобыланды батыр.
- в. Ер Тарғын
- г. Қамбар.

4. Көңіл-күйін білдіретін шығармалар

- а. Естірту. Көңіл айту.
- б. Жоқтау.

III. Ертегілер.

- а. Қиял-ғажайып ертегілері
- б. Хайуанаттар жайлы ертегілер
- в. Тұрмыс-салт ертегілері
- г. Аңыз-әңгімелер

V. Лиро-эпостық жырлар

- а. Қозы Көрпеш-Баян сұлу.
- б. Қыз Жібек.

VI. Айтыс өлеңдері.

- а. Қыз бен жігіт айтысы.
- б. Дін айтысы.
- в. Жұмбақ айтысы
- г. Ақындар айтысы.
- в. Батырлық жырлар[32,10-180].

Зерттеуші ауыз әдебиет түрлері ішінде батырлар жырының тарихқа қатыстылығы, біріншіден, қазақтың тарихта аттары мәлім рулары: үйсін, қаңлы, қоңырат, керей, қыпшақ т.б. өздерінің ру тәуелсіздігін сақтап қалу үшін күрескен кезде туған. Олардың бұл жолдағы ерлік, істері ру арасында өлең-жырға, аңыз-әңгімеге айналған. Екіншіден, қазақта батырлар жырының тууына зор әсер еткен келесі бір жағдай болды. Ол -қазақтар мен қалмақтардың арасындағы қарым-қатынастар, көп заманға созылған күрестер еді» –деп түйіндейді[32,125].

Қазақ тарихының ең көне кезеңдерінен бастап бертінгі тарихи уақытына дейін зерделеген Ә.Х.Марғұланның ерекше назар қойғаны қазақ

эпосының тарихилығы. Ә.Марғұлан жырларды мынадай кезеңге бөліп қарастырады:

Атам заманда туған эпос (VI-XII ғғ.).

Тарихи дәуірде туған эпос (XII-XIV ғғ.).

Ноғайлы дәуірінде туған эпос (XV-XVI ғғ.).

Жоңғар соғысына қатысты туған эпос.(XVII-XVIII ғғ.).

Ішкі қанаушы мен сұлтандарға қарсы күрес тарихы(XIXғ.).

Қазіргі эпос (XXғ.) [31].

Ал эпос жанрында көлемді типологиялық зерттеулер жасаған Ә.Қоңыратбаев эпостық жырларды 10 түрге бөліп қарастырады. Ертегілік эпос.[Ер Төстік, Құламерген[түрік қағанаты дәуіріндегі жыр.[Орхон-Енисей[

Оғыз қағанаты.[Оғыз-наме,Қорқыт ата]

Тайпалық эпос.[Алпамыс, Қобыланды][

Лиро-эпостық.[Ғашықтық жыр, Айман-Шолпан]

Ноғайлы эпосы.[Орақ Мамай, Қырымның қырық батыры]

Тарихи эпос.[XVIII-XIX ғғ. Бөгенбай, Қабанбай]

Шығыс дастандары. [Сейпіл-Мәлік, Жүсіп-Зылиқа]

Авторлық дастан. [Сұраншы, Нарғыз, Еспембет]

Қазіргі эпос.[Амангелді]

Екі ғалымның XV-XVII ғғ. батырлық жырларына көзқарасы алшақ емес. Яғни, бұл дәуірдің эпикалық мұрасын ноғай-қазақ, қалмақ-қазақ кезеңдеріне жатқызады. Ә.Марғұлан өзінің «Ең ескі дәуірдегі қазақ аңыздары», «Ежелгі жырлардағы ерлік бейнелер, кісі, ел аттары, олардың тарихи негіздері» деген зерттеулерінде ауызша шежіре дәстүрлерінде тарихи кезеңдерде болып өткен тарихи тұлғалар бейнесі шындықтан туған оқиғамен сабақтастылығын әртүрлі тұрғыда қарастырды: «Халықтың ауызша –мол мұрасы шежіренің ғылыми маңызы, тарихи негізі, оның ғасырлар ішінде көмескіленген жерлеріне жарыққа шығаруға сеп болатын дәйектер аз емес, себебі жер, кісі аттары жыр мен шежіреде қабысып отырады. Шежіредегі жер аттары ерте заманда қалыптасқан бір тарихи саяси орындарды көрсетеді» –деген пікір айтады[31,91б]. Ғалымның зерттеулерінде ауыз әдебиеті түрлері аңыз бен жырды тарих шежіресі-туғызғандығы көрсетіледі. Тарихи дәуірде жасаған тайпалардың этникалық келбеті, әлеуметтік құрылысы, салты, өткен өмірі ауыз әдебиетінде айтылып тарихта көркем мұра болып қалғандығын дәлелдейді. Сонымен қатар ғалым «Манас» жырын зерттеу барысында»жалғыз жыр емес, халықтың көптеген қария әңгімелері де тарихты дәріптейді» дегенді айтады.

Фольклортану ғылымында айтарлықтай еңбек етіп, тарихи аңыздар мен мифологиялық әңгімелердің табиғаты және жанрлары туралы пікір білдірген С.Қасқабасов фольклорлық прозаны айтылу мақсатына қарай үш түрге бөле отырып қарастырады.

С.Қасқабасов тарихи-салыстырмалы әдіс бойынша қазақ халық прозасының типологиялық сипатын ашады, жанрларды ғылыми классификациялаудың шарттарын қарастырады.

1. Танымдық мақсат 2. мағлұматтық(информативный)
 - а. Мифтік түр а. 2-3 адамның сұхбаттасу әңгімесі
 - б. аңыздар.

3. Көркемдік-тәрбиелік мәні (классикалық ертегі түрлері)

Оның тұжырымынша фольклорлық прозаға ауыз әдебиетінің қара сөзбен айтылатын барлық түрі кіреді, соның ішінде

Ертегілердің барлық жанры.

Ертегіге жатпайтын проза.

Аңыздық проза.

Аспан денелері туралы (космогонические)

Андар мен құстар туралы (этиологические)

Адамдар мен рулардың (генеалогические) шығу тарихы туралы әңгімелер болып жіктеледі.

Ал, хикая жанры жезтырнақ, үббе, албасты, күлдіргіш, жалғыз көзді дәу, шайтан, пері, дию сияқты нәрселер туралы діни нанымға негізделген әңгімелерден құралады.

Аңыздар өз кезегінде:

Тарихи аңыздар.

а. Оғыз-қыпшақ заманынан елес беретін аңыздар (оларға Қорқыт, А.Яссауи және Арыстан Алып туралы әңгімелерді енгізуге болады. X-XIII ғғ.)

ә. Монғол шапқыншылығы мен Алтын Орда кезіндегі оқиғалар жайындағы аңыздар (Шыңғыс, Тоқтамыс, Темір есімдеріне байланысты әңгімелер. XIII-XV ғғ.)

б. Қазақ хандығы тұсындағы оқиғалар мен қайраткерлер туралы аңыздар (Жәнібек, Асанқайғы, Жиренше жайындағы әңгімелер, XV ғғ.)

в. Қалмақтарға қарсы соғыс-ұрпақтарға байланысты туған аңыздар (Абылай, Әбілқайыр, Бөгенбай, Қабанбай аттарына қатысты әңгімелер. XVIII ғ.)

г. Сырым, Исатай-Махамбет, Жанқожалар бастаған шаруалар көтерілісіне байланысты туған аңыздар (XVIII ғ.)

д. XX ғ. басындағы ұлт-азаттық қозғалыс туралы баяндайтын аңыздар.[37]

г. Әпсана-Хикаят.

Тарихи-мекендік («Тоқпанның бабалары», «Табанқазған», «Тумалы» Қорқыт туралы аңыздар.)

Кітабы-діни «Ескендір»

Утопиялық («қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған заман», «жер жаннаты Жиделі-Байсын», «Тығулы жатқан қазына»)

2. Топонимикалық аңыздар.

а. Қалмақтар мен қоқандықтарға қарсы соғыстарға байланысты, ұрыс болған жерді суреттеп, оқиғаларды баяндау.

б. Жер-су, мекен атын нақты бір тарихи фактіге қатысы жоқ, бірақ жалпы шындыққа саятын оқиға арқылы баяндалған, ешбір мифтің ұғымға байланысты май, бірақ қиялға негізделе әңгімелейтін шығарма «Жорғабел», «Көк Төбет», «Ертіс толқыны».

Ертегілік проза.

Жануарлар жайындағы ертегі.

а. Этиолгиялық ертегілер.

б. Хайуанаттар туралы классикалық ертегі.

в. Мысал ертегілер.

Қиял-ғажайып ертегілер. («Адам білмес тас», «Сиқырлы құс», «Үш қыз»).

Батырлық ертегі.

а. Көне (архаикалық) батырлар ертегісі. («Керкұла атты Кендебай, «Ер Төстік»«)

б. XVIII- XX ғғ. жырдан туған ертегілер.

Новеллалық ертегілер. («Аяз би», «Балтекей бидің соты», «Үш өсиет», «Әке өсиет»)

Сатиралық ертегі. («Ақымақ бала»)[37,31-49].

Ғалым аңыздық прозаға енгізген тарихи аңыз түрлерін бейнелейтін оқиғаларына, кейіпкерлеріне, жалпы тақырыбы мен мазмұнына қарап топтарға бөлген. Әрбір тарихи оқиғаға байланысты шыққан аңыздар ел арасында ауыздан-ауызға айтылған сайын көркемділігі арта түсетініне көңіл аударады. Аңыздардың екінші бір түрі топонимикалық аңыздар. Аңыздық шығармаларда жер-су, мекен-тұрақ, тау-тас атауларына байланысты айтылатын әңгімелер де кездеседі. Замана оқиғаларын кең дала төсіне қалдырған іздерінен аңғаруға мүмкіндік береді. Олар тау-тастардағы үлкен қорымдар, обалар, мазарлар, күмбездер, жер, су елді-мекен атаулары т.б. толып жатқан ескерткіштер. Аңыздардың бір саласы шежіреге қатысты –ата-бабалар өткен тарихын, ердік істерін баяндайды. Жалпы аңыздық проза шығармаларының тарихи ерекшелігі, олардың тарихи мәліметтерді хабарлау мақсатында айтылатындығын дәлелдеп береді.

Ғалым Ш.Ыбраев ауыз әдебиеті түрлерінің айрықша бір белгісі оның тарихилығына байланысты, «тарихтағы оқиғалар дәлме-дәл көшірілмегенімен олардың жалпы нобайы сақталған» деген көзқараста. Тарихи жағынан алғанда, фольклорды уақыт пен кеңістіктен, мезгіл мен мекеннен тыс тұрған құбылыс емес екенін көрсетеді. Оның айқын көрінісі эпостарда байқалатындығын жаза келе, эпикалық жанрлар деп алған бөлімінде, бұрын-соңды типологиялық классификацияда бөліп қарастырмаған «реалды-тарихи эпос» түрін ұсынады.

Қазақ фольклорының соңғы жанрлық кестесін ұсынған Ш.Ыбраев бұрын-соңды тарихи еңбектерде қолданылмай жүрген далалық ауызша

тарихнама жанрларын идеялық-көркемдік ерекшеліктеріне қарай салтқа қатысты және салтқа қатыссыз фольклорға жатқызады[39,107].

Ауыз әдебиеті

Салтқа қатысты фольклор

I. Тұрмыс-салт жырлары

1. Еңбек-кәсіпке (календарға)

байланысты өлеңдер:

- төрт түлік туралы өлеңдер;
- аңшылық жыры;
- егіншілік кәсіпке байланысты өлеңдер;
- наурыз;
- жарапазан.

2. Сәбиге арналған салт өлеңдер

- бесік жыры;
- уату өлеңдері;
- ырыми өлеңдер(бесікке бөлеу, ал білек, тұсау кесу, майлап сылау);

3. Үйлену салт өлеңдері

- а) той бастар
- б) той тарқар
- в) жар-жар
- г) сыңсу
- д) жұбату
- е) беташар
- ж) құттықтау

4. Жерлеу салтына байланысты өлеңдер.

- а) естірту
- б) көңіл айту
- в) жоқтау
- г) дұға (әруақтарға арнап оқу)

5. Әдет-ғұрып өлеңдері

- а) алғыс
- б) қарғыс
- в) бата
- г) амандасу
- д) қоштасу
- е) көрісу
- ж) аңсау

6. Наным-сенімдерге байланысты өлеңдер.

- а) бәдік

Салтқа қатыссыз фольклор

II. Эпикалық прозалық жанрлар

1. Ертегілер

- хайуанаттар туралы
- қиял-ғажайып
- новеллалық-тұрмыстық

- сатиралық

- анекдоттар

2. Аңыздар(предания)

- тарихи
- мекендік
- күй аңызы

3. Әпсана(легенда)

- а) тарихи-мекендік
- б) діни
- в) утопиялық
- г) күй әпсанасы

4. Хикаялар(быличка)

5. Миф

- а) себептік (этиологиялық)
- б) космогониялық

6. Шежіре

- а) жалпы шежіре

ХІ. Балалар фольклоры

Балалары жыры

- а) тақпақ
- б) мазактау
- в) қорқыту
- г) арнау-тілек өлеңдер
- д) өтірік өлеңдер
- е) жаңылтпаштар

2.Балалар ертегісі

3.Ойын жыры

- а) санамақ
- б) сұрамақ
- в) қаламақ
- г) ойындар

4.Ауызша

Бұл келтірілген кестелермен ғылыми пікірлерге сүйенсек шежіре-аңыз-әңгіме, ру-тайпа шежірелері, жеке адамдарға байланысты әңгімелер, тарихи жырлардың қазақ тарихы бойынша дерек көзінің мол қоры екені анық.

Қазақ тарихы халықтың төл мұрасында. Тарихи фольклордың халықтың тарихын жазуда атқаратын қызметі зор. Көне заманнан бері көшпелілікті ұстанған, ауыз әдебиетімен өмір сүрген қазақ тарихын зерттеймін деген ғалым негізгі дерек көзін ауыз әдебиеті үлгілерінен табылады. Тек көзірші ғалымдар сол аңыздарды дұрыстап оқып, түсіне білуі керек. Ол үшін шежіре тілін, яғни фольклордың тілін терең меңгеру қажет. Қазақ ауыз әдебиетін халық болып қалыптасу процесіне тікелей үлес қосқан, рулардың ара жігін ашпай, қайта қиындықтан алып шыққан этножақындастырушы ұлы күш есебінде қарастырудың да жөні бөлек.

Қазақ аңыздарының тарихи оқиғалар мен адамдар жайында болатынын алғаш айтқан Ш.Уәлиханов болатын. Шын мәнінде қазақ ауыз әдебиетінің ішінде үлкен орын алатын өлең-жыр жанрларына арналған типологиялық ізденістер Шоқаннан басталады. Ол қазақ арасында кең тараған жыр-дастандар туралы айта келіп, поэзияның бірнеше түрлеріне жеке тоқталады: «Жыр, жылау, қайым өлең,қара өлең, өлең»[101,162-165бб]. Ш.Уәлиханов қазақтың тарихи фольклорына өте жоғары баға бере келе «олардың аңыз-әңгімелеріндегі оқиғалар нақтылы ақиқаттығымен таңдандырады», «аңыз-дастандардағы тарихи оқиғалар, тегі қазаққа жақын Әбілғазы жазған «Түрік шежіресі» атты және сондай-ақ әсіресе (Жәми-ат таварих) шежіресіндегі деректерден алшақтамайды» деп ерекше атап көрсетеді[102,115].

Бір өкініштісі Шоқан заманынан бері қазақ ауыз әдебиетіне тарихи дерек көзі ретінде ғылыми тұрғыдан арнайы жазылған еңбектер туған жоқ. Қазақ ауыз әдебиетінің типологиялық жүйесін жасаған зерттеулердің көпшілігі, жоғарыдағы мысалдардан көрінгендей таза көркемдік функциясына көбірек көңіл бөлген. Соған қарамастан фольклортанудағы типологиялық ізденістерді пайдалана отырып XV-XVII ғғ. қазақ ауыз әдебиетінің негізгі тарихи үлгілерін анықтауға мүмкіндік бар.

Оларды деректік қабілетіне қарай үш топқа бөліп қарастыруды ұсынамыз:

I Шынайы тарихи II Көркем өңделген және III Тарихи этногра-деректер миф түріндегі деректер фиялық информация көздері

Аңыздар: тарихи, топонимиялық	Батырлық жырлар	Ертегілер.
Әпсана: тарихи, топонимиялық, діни	Хикаялар. Жерлеу салтына	Тұрмыс- салт өлеңдері мен жырлары.
Әдет-ғұрып(адат) ережелері	байланысты өлеңдер: жоқтау, көңіл айту,	Наным-сенім өлеңдері: бөдік, арбау, дуалау.
Шежіре: ру шежіресі, қожалар шежіресі, төрелер шежіресі, жеке адамдардың шежіресі.	беташар, естірту. Миф: этиологиялық, космогониялық,	Бақсылық жырлар Жұмбақ- жаңылтпаш.
Тарихи жырлар.	генеалогиялық.	
Шешендік сөздер: толғау, арнау, дау.	Лиро-эпостық жырлар. Нақыл сөздер: мақал-мәтел, қанатты сөздер, мысал сөздер.	
	Айтыс	

Әрине, бұл келтірілген кестені бұдан толықтыра түсуге де, немесе сынауға да болады. Бірақ, қайткен күнде де қазақ тарихын бұдан әрі зерттеу үшін, ауызша деректердің типологиясын енгізбей болмайтыны анық. Сонымен қатар ауыз әдебиеті аталып келген мұраны тарихи дерек ретінде қолданудың әдістемесі де қатар белгіленуі керек. Кез келген қазақ ауыз әдебиетінің үлгісін, сол қалпында тарихи зерттеуге енгізудің де қауіпті тұстары бар. Тіпті тарихи деректердің ең бай қоры саналатын шежіренің өзін де тексеріп, салыстырып барып қолдануды құптаймыз.

Қазақ тарихының XV-XVII ғғ. сипатын анықтау үшін, жоғарыда көрсетілген типологиялық жүйе пайланылды. Қазақ тарихи жадында ауыз әдебиетінің арқасында ең тәуір сақталған кезең деп XVIII- XIX ғғ. оқиғаларын, ел тұрмысын, қоғамдық-этникалық болмысын айтсақ, XV-XVII ғғ. жағдайы одан да күрделірек, қиынырақ. Дегенмен тарихи фольклордың XV-XVII ғғ. тарихына қатысты мүмкіндігін байқау, көру, қазақ елінің ортағасырлық және көне тарихын зерттеуге төл деректерді қолдануға жол ашпақ.

1.2 XV-XVII ғғ. қазақ тарихына қатысты тарихи фольклор деректері

XV-XVII ғғ. Қазақ тарихын зерттеу үшін қазақ ауыз әдебиетінің мол қорының ішінен шежіре, батырлық жырлар, толғау, аңыз-әңгімені ерекше бөліп қарастырған жөн.

Шежіре деректері. Дерекнама бөлімінде шежіре дерегіне үстірт тоқталсақ, қазіргі мақсатымыз шежіре туралы ойымызды кеңінен ғылыми түрде аша дәлелдеу. Әсіресе, шежіре деректеріндегі XV-XVII ғғ. қазақ

тарихына қатысты мәліметтерді суреттеу, оларға ғылыми баға беру негізгі объект. Шежіре ең алдымен халықтың рухани қазынасы. Қазақ шежіресі-ауызша шежіре. Ел арасында айтылып келген тарихи білім түрлері ХІХ ғ. соңында ел арасынан жазылып, жинала бастады. Осы кезде халықтың өткен тарихын баяндаған алғашқы шежіре Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» жарияланды. Шәкәрім шежіре кітабының кіріспесінде ел ішінен естіген-білгенінен басқа, ең ескі замандағы түріктің, араб, парсы, қытай жазбалары мен орысша кітаптарды оқығаны жайлы жазады. Шежіре 1911 жылы Орынбор қаласында басылып шығады[89,75]. Бұл шежіре турасында Ә.Бөкейханов: «Мұнан бұрын қазақ шежіресі қазақ тілінде кітап болып басылған жоқ. Шаһкерімнің бұл кітабы-қазақ шежіресінің тұңғышы; қазақ шежіресін білмек болған аға-іні іздегенді осы кітаптан табасың. Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі Шаһкерім шежіресін білмей қадам баспа. Кітап жинаған жері жоқ, көшпелі далада жүріп, Шаһкерім шежіресіндей кітап жазбақ оңай жұмыс емес» –деп өз пікірін білдірген[105,332]. Ш.Құдайбердіұлы шежіресінде ХV-ХVІІ ғғ. қазақ тарихына қатысты және Қазақ мемлекетінің құрылуы жөнінде мәліметтер баршылық. Халық ауыз әдебиетінің жинақтауда Мәшһүр Жүсіптің еңбегі зор. Оның қолжазба дүниелерінде көп шежіре жазылған. Мәшһүрдің: «Біздің бұл қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ. «Оқуға сенген ұмытшақ» деп оқуды керек қылмаған. «Жазуға сенген жаңылшақ» деп жазуды керек қылмаған. Оқу мен жазудың жоқтығынан жазылған шежіре болмаған. Естігенін ұмытпайтұғын құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуымен кеудесі хат, естіген, көргені жат болған қариялар кейінгіге ауыздан-ауыз алып айтумен үлгі-өсиет қалдырған» –деп халық мұрасының ауызша сақталып келгенін ескертіп, «Қазақ шежіресін» жазуға кіріседі[7,6].

М.Ж.Көпейұлы шежіресінде қазақ тарихының елеулі кезеңдеріндегі тарихи оқиғаларға байланысты сақталған аңыз, әңгіме, мақал үлгілері бар. Оның ішінде ХVІ ғ. аяғында өмір сүрген Ұзын оқты Ондан сұлтан өміріне қатысты мәлімет сақталған. ХVІІ ғ. тарихына қатысты Тұрсын ханның қыздары Айбике, Нұрбике, Қызданбике және олардан қазақ арасында тараған ұрпақтары жөнінде деректері бар. Сонымен қатар шығармалар жинағының екінші томына енгізілген фольклорлық дүниелерінің ішінен «Еңсегей бойлы Ер Есім ертегісі» бізге дерек есебінде іске асады. Оқиға баяны ертегіден гөрі шындыққа жақындылығымен құнды. Алайда, М.Ж.Көпеевтің көп дүниелері әлі қолжазба күйінде, ғылыми түрде зерттеліп, жинақталмаған[8;9].

Ғасыр басында жарық көрген құнды шежіренің бірі Қ.Халидұлының «Тауарих Хамсасы». Шағатай тілінде жазылған бұл туындыда қазақ елінің тарихы, әдет-ғұрпы, «қазақ» этнонимінің шығу тарихы, рулар жөнінде тың деректер кездеседі. Әсіресе, қазақтың қырғыз атануы немесе Есімнің жүйрік аты Сарыпқұланың қасиеттеріне байланысты сюжеттердің біз үшін мәні зор[88].

Қазақтың өз төл деректерінен басқа қырғыз шежіре еңбектерінен де XV-XVII ғғ. қазақ тарихына қатысты баяндалатын оқиғалар кездеседі. Мәселен, «Тарих, түпкі аталар» деп аталатын 1920 жылы жарық көрген Тоғолоқ молданың шежіресі. Аталған шығармадан Есіркемеш ұрпағы Түгелбайдың Әулие Атада Ер Есім ханның еліне араласып, қосылып кеткені жөнінде жазылған әңгімеден бірнеше оқиғаларды алып қарастырамыз[106].

Шежіре деректері жөнінде ғылыми зерттеулер жоқтың қасы. Революцияға дейінгі орыс зерттеушілері шежірені, тарихты терең түсінбек түгіл қазақ, қырғыз елдеріне бір этнос ретінде қараған. Тек А.И.Левшиннен бастап қана орыстар қазақ бөлек этнос, қырғыз бөлек этнос екенін айтады. «Қырғыз-қайсақтардың тарихын баяндағанда» –деп жазады А.Левшин: «алдымен ескертін жағдай Европада оларға басқаша қырғыз-қайсақ деген атау берген. Бұлай деп өздері не басқа көршілес елдер [Ресейді қосқанда] атамаған еді. Қырғыз –бұл атау қырғыз-қайсақ кезінде ғана емес, ертеде жауласқан және осы уақытқа дейін қара қырғыз, жабайы тас қырғызы және буруттар болып жасап келген халық»[16,135].

Жалпы XIX ғасырдың соңында қазақ шежірелері бірнеше бағытты ұстанды және ел ауызында сақталған, я хатқа түскен мұраларды бір ізге түсірді. Ш.Құдайбердіұлы Батысты ұстанды, Қ.Халид Шығысқа еліктеді. М.Ж.Көпеев қазақ ауыз әдебиетінің жолында баяндады. «М.Ж.Көпеев шежіресінің өзге шежірелерден өзгешелігі, ол әрбір аталарды баяндағанда, сол аталардың тұсында болған оқиғалар туралы ел аузында қалған ертегі-аңыздарды қоса айтады»[107,20]. Сондықтан М.Ж.Көпеевтің шежіресі оқуға өте қызықты. Бұл жолды жалғастыру үшін терең қазақи білім, тіл, өнер, әдебиет, европалық гуманитарлық ғылымдарда қарастырылып жүрген ғылыми-зерттеу әдістері, еуразиялық дүниетаным керек. Тарих кең болуды қажет етеді.

Ел арасында бұлардан басқа да шежіре жинаушылар аз болған жоқ, Қазақстанның барлық жерінен көптеп табылады. Солардан жиналған шежіре мұралары Ғылым Академиясының қолжазба қорында сақталған. Алайда, ондағы мұралар бірыңғай жүйеленбеген.

Ауызша шежіре қазақ, түркімен, қырғыз, монғол және т.б. халықтар арасында ауызша сақталған. Бұл халықтардың көне тарихы жөнінде ауызша айтылатын тарих «шежіре», «тайра», «тарих», «сееджер» т.б. болып әртүрлі айтылғанымен сақтау деген мағынаны, ал семит-араб тілдерінде ағаштың бұтағы деген ұғымды білдіреді. Яғни, арабтар шежірені ата санаумен тікелей байланыстырса, түркілер көнені есте сақтау-тарихты айтумен, тарихпен бір түсіндіреді. Бұдан шығатын қорытынды: шежіре дегеніміз –біздің аталарымыз үшін тарих қызметін атқарған.

Шежірешілдік көшпелі қоғам туғызған қажеттілік және көшпелілердің әдет-ғұрып, салт-санасының негізінде туған. Ғалым А.Сейдімбеков: «Шежірешілдік көшпелі қоғамдағы әрбір қазақ үшін теңізшінің қолындағы компас сияқты қажеттілік болған» деп пайымдауы заңдылық[85]. Шежірешілдік халықтың этникалық құрылымын анықтауға, тұтастығын

көрсетуге мүмкіндік беретін төл тарихымыздың нұсқасы, шежіре ұлттық рухани мәдениеттің құрамдас бір бөлігі, көшпелілер жадысының беріктігінен туған феномен. Ел арасында өткен өмір тарихынан үлгі-өсиет ретінде қалдыратын дана «шежіре адамдар» болған. Олар қазақтың ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрін, заңдарын әдет-ғұрпын, ай-күн есептерін жақсы білген, көшпелілердің дүниетанымын жете түсінген, небір аңыз-әпсана, жырларды жадында сақтаған. Шежіре -үлгі-өнеге шашады, адамға қажетті рухани азық, табанына тұғыр жасайды. Өз кезегінде қазақ мәдениетінің ажырамас бір бөлігі. Егер қазақ мәдениетінің синкреттілігін мойындасақ, онда шежірені де осы тұтастыққа қарастыруымыз керек. Яғни, шежіренің ішінде-аңыз бен шындық та, ертегі мен әпсана да, өнер мен ғылым да бар, себебі дәстүрлі уақыттағы қазақ мәдениетінен осылардың біреуін жеке дара бөліп алып қарастыру мүмкін емес.

Этнос және қоғам мемлекет есебінде қазақтар өз бастауын Алаша ханнан алады. Бұл шежіре Қазақстанның кең байтақ өлкесінің қай бұрышында болмасын танымал. Түріктің қара қазанына ие болып қалған қазақ елі үшін де, өзге түркі-мұңғыл елдері үшін де Алаша ханға байланысты айтылатын шежірелердің орыны бөлек. Түбінде өз мемлекеттігін, елдігін танығысы келген халықтардың түркі-мұңғыл, қазақ ішінде сақталған Алаша хан аңыздарына жүгінері даусыз.

Бұл жазба деректер шежірелер ауызша далалық тарихнама негізінде пайда болды. Шежіредегі айтылған деректері қазақ арасында мынадай мақал айтады немесе мынадай аңыз бар деп келеді. Бұл шығарманың ауызша деректерге сүйене отырып дәлелдейтінін айғақтайды.

XV-XVII ғғ. тарихи оқиғаларын баяндайтын қазақ шежіресі жалпы түрік-мұңғыл шежіре дәстүрінің жалғасы ретінде қарастырылады. Оның нақты дәлелін ортағасырлық Рашид-ад-дин, Әбілғазы Бахадүр, Өтеміс қажы еңбектерінен табамыз. Далалық түркі-мұңғыл тайпаларында ерте уақыттан бері шежірені, тарихи деректерді хатқа түсіру дәстүрі болған. Мәселен, Әбілғазы Бахадүр «мен пақырдың алдында Иран мен Тұранда өткен Шыңғыс ұрпақтарының тарихы жазылған он сегіз байлам еңбек жатыр» –дейді[4].

XV-XVII ғғ. дүниеге келген Өтеміс Қажының «Шыңғыс намесі», Хафиз Таныштың «Шараф-наме-ишахий», Әбілғазы Бахадүрдің «Түрік шежіресі» дүниелері өткен тарихымыздың елеулі оқиғаларына тоқталып, айшықты кезеңдерінен де тыс қалдырмаған[92;5;6]. XV-XVII ғғ. қатысты деректердің мол жинағы М.Х.Дулатидің «Тарихи Рашиди» шығармасы. Екі бөлімнен тұратын бұл шығарма Моғолстан мен Қашқарияны мекендеген Шағатай тұқымынан тараған хандардың саяси тарихы, дулат тайпасы және оның Шығыс Түркістанда билік құруы, моғолдардың тарихына қатысты бірнеше дерек келтіреді. Соның бірі Керей мен Жәнібектің соңына ерген жұртымен Моғолстанға қоныс аударын және қазақ атауының өзге жұрт берген атау екенін жазады[93]. Қазақ елінің ұзына тарихын толықтыра түсетін келесі бір дерек. Махмуд Абдуллах бен Уалидің «Зубдат ал-асрары» қазақтардың сол уақытта көрші елдермен саяси қарым-қатынасына

толы оқиға[94]. Дегенмен, ортағасырлық жазба шығармаларында көрініс тапқанмен толыққанды мәлімет ала алмаймыз. Мәселен, Ә.Баһадүр: «Ташкентте Тұрсын хан қасында екі жыл тұрдым. Екі жылдан соң Есім хан Тұрсын ханды өлтіреді. Есім ханға: екі ханнан пайда тие ме деп келіп едім, Сіздің ісіңіз мұндай болды, енді рұқсат болса, Имамқұл хан қасына кетейін, -дедім. Жақсы айтасың, солай қыл» –дейді[4]. Қазақ Ордасында екі жыл болған Әбілғазы шежіресінде саяси оқиғалар туралы мәліметі осындай көріністе. Ал, қазақтың өз төл деректерінде Есім ханға байланысты аңыз, әңгіме, батырлық жыр, шежіре деректері дерлік бір циклдық жинақ көлемінде.

Осы уақытқа дейінгі зерттеулерде XV-XVII ғғ. тарихы бойынша толыққанды сол дәуірдің көрінісі жоқ. Бұл дәуірдің көрінісі жазба деректердің негізінде жазылып келді. Бірақ бұл қолжазба деректер мәліметтердің мүмкіншілігінің шектеулі екендігін көрсетеді. Халықтың төл тарихы шежіре мұрасында. Шежіре деректерінің халықтың тарихын жазуда атқаратын қызметі зор. Көне заманнан бері көшпелілікті ұстанған, ауыз әдебиетімен өмір сүрген қазақ тарихын зерттеймін деген ғалым, негізгі дерек көзін шежіреден табады. Тек кәзіргі ғалымдар сол аңыздарды дұрыстап, оқып, түсіне білуі керек. Ол үшін, фольклордың тілін терең меңгеру қажет. Қазақ ауыз әдебиеті халық болып қалыптасу процесіне тікелей үлес қосқан, ара жігін ашпай, қайта бекітіп отырған, қаншама қиян-кескі тарихтың талқысынан аман алып шыққан этножақындастырушы ұлы күш есебінде қарастырудың да жөні бөлек.

XV-XVII ғғ. қатысты мәліметтердің едәуір бөлігі қазақ шежіресінде сақталған. Шежіремен жұмыс істеудің негізгі қиындығы – бірнеше дәуірдің тарихы бір-бірінен ажырағысыз болып астасып кетеді, немесе оқиғаның түйінді ойы ұсақ детальдардың арасынан бір қарағанда жасырынып көрінбейді. Мәселен, XV-XVII ғғ. тарихы М.Ж.Көпейұлы шежіресінде хандардың тікелей өз бастарына қатысты сипатталады. Ал шын мәнінде ол жерде әңгіме Қазақ хандығының XV-XVII ғғ. тарихы туралы. Сол сияқты Шәкәрім шежіресінде Қазақ мемлекетінің тарихы мен құрылымы жөніндегі мәліметтер ғылыми интерпретацияны қажет етеді. Қ.Халид шежіресіндегі әңгімелер де осы сияқты[36].

XV-XVII ғғ. тарихына қатысты жыр-толғаулар, батырлық жырлар, аңыздар. Біз XV-XVII ғғ. қазақ тарихын зерттеу үшін қазақ әдебиетінің тарихи дерек боларлық түрлерін ерекше бөліп алып қарастырдық. Ауыз әдебиетінің тарихи дәстүрінің басқа түрлеріне қарағанда ең көп тараған түрлері – аңыз, толғау, батырлық жырлар.

Қазақ фольклорында тарихи шындық мәселесі арнайы зерттелмеген. Фольклор алдымен тарихтың еншісі. Эпикалық жырларда, аңыз-әңгімелерде, тарихи өлеңдерде тарихи оқиғалар, жеке тұлғалардың іс-әрекеттері, қазақ халқының әдет-ғұрыптары, әлеуметтік өмірі мен халықтың этникалық келбеті сақталған. Қазақ тайпаларының көшіп-қонуы, олардың көрші елдермен қарым-қатынасы туралы мағлұматтар ауыз әдебиетінде кездеседі.

Фольклорлық шығармалар ауызша айтылып таралуы үшін, жатқа айту қалыптасқан. Сондықтан олардың жазба түрде кездесуі кездейсоқ. Шығармалардың көбі кейінгі жазбаларда ғана белгілі, олардың тарихы туралы мәліметтер жорамал түрінде. Біз фольклорлық және тарихи мәліметтерді салыстыруда фольклорлық практикаға анализ жасамаймыз. Бұл жолда, зерттеушілердің артық-кем эрудициясына байланысты. Аз мөлшерде зерттеуші алып отырған фольклор жанрының көркемдік табиғатына да байланысты. Мәселен, тарихи аңыздарға ең алдымен информативтік функция тән. Олар жеке кейіпкермен оқиға орымен, кейіпкердің ерліктерінің спецификалық белігілерімен бағаланады. Аңыздың эстетикалық қызметі дерлік әлсіз, аморфты болып келеді. Аңыздан эпикалық батырлық жырлар эстетикалық жақсы дамығандығы ерекшеленеді. Оған батырдың монументальды образын бейнелейтін жасанды сапа бағынышты. Тарихи және фольклорлық мәліметтердің арақатынасы бір қарағанда қарапайым және анық, бастапқыда оқиға шындыққа жақын баяндалады, содан кейін фольклорда көркем бейнесін іздеп табады.

М.Әуезовтің сөзімен айтсақ: «Дастандар сонау бір бағы заманда Орта Азияны, Қырым мен Еділ бойын жайлаған көшпелі тайпалар бастан кешірген нақтылы тарихи оқиғалардың поэтикалық көрінісі болып аталады... Ондай оқиғалар XVI ғасырда Қазақ хандығының ыдырауы» [Қобыланды] жыры, XV-XVII ғасырларда Қырым хандығындағы рулық соғыстар [Ер Тарғын] жыры, қазақтар мен ноғайлының XVIғ. бірлесіп жасаған жорықтары [Ер Сайын,Алпамыс] Қазақтар мен өзбектердің жорығы [Қамбар жыры] Батырларының жырының қаһармандары қазақ деп аталмайды, ноғайлы нәсілінен делінеді[103,16].

Батырлық жырлар –фольклордың қомақты бір саласы. Жырға арқау болатын нәрсе тарихи оқиғалар. Қазақ эпосы ертеден Қазақстан жерінде болған тайпалардың қзара таласы Ш.Уәлихановтың айтуынша көптеген батырлық жырлар Алтын Орданы Тоқтамыс билегеннен кейін болған аласапыран бүлік кезеңіне байланысты туған.

Х.Досмұхамедұлы өзінің «Қазақ халқының әдебиеті» еңбегінде; «Батырлық жырларда Алпамыс, Едіге, Орақ-Мамай, Қарасай-Қази, Ер Тарғын т.б. Алтын Орда мен Қазақ хандығы тұсындағы батырлардың іс-әрекеттері суреттеледі» –деп түсіндіреді[26,126]. Тарихи жырлар мен батырлық эпостар өткен тарихымыздың соғыс, күрес жорықтарын суреттейді, батырдың ерлік бейнесін береді. Мәселен, «Қобыланды» жырын алсақ, жырдағы басты кейіпкер өмірде шын болған. Алайда, жырда баяндалған сюжетіне қарап тарихи тұлғамен арадағы байланысты айқындау қиын. «Қобыланды» жырында кейбір зерттеушілер қыпшақтардан Иранды билеген Шағатай-Хулагу ұрпағы Газан ханға қарсы күресінің эпизодтары берілгендігін айтады[32,175]. Енді бір зерттеушілер 1460 жылдары өмір сүрген Өзбек Ордасының ханы Әбілхайырдың замандасы дегенді құптайды[28,145]. Сонымен қатар жырдың кейбір нұсқаларында ерте кезеңдерге байланысты, яғни, тайпалық өмірден

мәлімет беретін эпизодтардың да бар екендігі айтылады. Ендеше «Қобыланды батыр» жырында, жалпы батырлық жырда эпикалық дәстүрдің белгілері бар десек те, бұл туындылардан сол дәуірдегі қоғамның ішкі жағдайын, әлеуметтік қарым-қатынасын, тұрмыс-тіршілігін, сенім-нанымдарын түсінуде тарихи-этнографиялық мәліметтер алуға болады. «Қара Қыпшақ Қобыланды» жырының қаншалықты шындыққа қатысты екендігі жөнінде, оның алғашқы нұсқаларында айтылуында, бастыртуында кеткен кемшіліктерге алғаш сын пікірін білдірген ғалым Ә.Бөкейханов[105].

Ш.Құдайбердіұлының жазбасында Стамболдың ханы Ғысманмен замандас Ғазан хан Шыңғыстың үлкен ұлы Төлеге 6 атадан қосылады. Және Стамболдың хандарының атасы Ғұсман хан тұсында Ру алып, әрбір кішкене хандыққа бөліп жібергенін жазады[89,56]. Бұдан басқа Шәкәрім шежіресінде бірі Шағатайға 7 атадан қосылатын Ғазан хан бұл таққа 1332-ші жылы отырады[89,56], екіншісі Жошыға 4 атадан қосылатын Ғазан ханды кездесетіреміз[89,51]. Бұлардың ішінде Қобыландыға замандасы Шағатайдан тарайтыны Ғазан хан Шәкәрім бойынша: «Бұл Ғазан хан бек зор хан болған. Алдында келерде әмірлер әлде қандай боламыз» –деп баяндайды. Ә.Бөкейханов, Ш.Құдайбердиев шежіресін дерек етіп, Қыпшақ Жошы ұлысында, Қобыландымен соғысқан Ғазан хан осы болуы ықтимал дегенді келтіреді[105,313]. Қазақ арасындағы айтылатын: «Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным» деген мақал Арғын ата Қотан тайшының Дайырқожаның сүйегін айналып жүріп жылауынан қалған. Осы негізде сүйеніп ғалым Ә.Бөкейханов: «Шаһкерім айтқаны тарихқа жөн болса, қара қыпшақ пен Әз Жәнібек қазағы қобыланды үшін арыз болған көрінеді. Қобыландының атысқаны Қызылбас та, қалмақта болмай, Жәнібектің жұрты Арғын һәм өзге қазақтар болып жүрмесін» дегенді айтады[105;313].

Көшпелілер тіршілігі этникалық құрылымға, қоғамдық байланысы генеалогиялық жүйеге негізделді. Жырдағы Қобыланды батырдың елі - қыпшақ. Қыпшақ руы-Арғын, Найман, Қоңырат, Керей, Уақ, алты арыс атанған Орта жүздің беделді руларының бірі. Қобыланды батыр қазақ тайпасының қоғамдық-саяси тіршілігінде белсенді араласқан Қыпшақ руының өкілі. Қара, Сары, Қытай, Еділ, Жайық атанған аталары бар. Бесеуі бір туысқан деседі. Кімнен өсіп, өнгенін айырып білуші болмаған. Қазақ шежіресі бұрынғылардан айтылып жүрген сөз бар еді: қыпшақ бұзады, арғын түзейді дегенді жазады[7,42]. Қыпшақтың қарасы ашуланшақ, омырау келеді дегенді айтады.

Қ.Байболұлы жырлаған «Есім хан туралы жыр» батырлар жырының қатарынан көрнекті орын алады. Жыр тарихта өткен оқиғаға құрылған. XVI-XVII ғасырлардың тарихи шындығына қатысты мәліметтер береді. Жырға арқау болған оқиғалар Есім хан тұсындағы қазақ-қалмақ қатынасы және Есім мен Тұрсын арасындағы келіспеушілік. Жыр дәстүріне сәйкес XVI-XVII ғғ.сипаты мифологиялық, әсерлі детальдармен ерекшеленеді. Жырдың Есімге арналған тарауында Есімді хан етіп сайлаумен басталады.

Есім ханның жіберген хабаршы батырларының қатарында Жиёмбет жыраудың есімі аталады.

Аттанып бір-бір хабаршы,
Ұлы жүзден Жақсығұл

Ер Алатау қоңыраттан
Батыры еді елінің -
Бортағашұлы Жиёмбет
Алшын дейді әр жағын[108,85].

Ханның қолбасшысы болған Жиёмбет Есім тұсындағы тарихи оқиғалардың куәгері. Көшпенділердің әскери аристократиясының өкілі Алшын руынан шыққан[112,66].

Есім ханның Тұрсынға қарсы аттану тарихи оқиғасы жайлы ба-ылай жырланады:

«Тәшкеннің қырғын салды қаласына,
Алалалық бастан кірген арасына.
Ордасын бір күн-бір түр-н ойран етіп,
Келтірді өзі қылған жобасына.
Қазына мұқамалын артып алды,
Өрт қойып хан Тұрсынның Ордасына,
Бір қатар қатағаннан кетті қашып,
Бармаққа Үргенішке хан қасына[108,90].

Есім хан Тұрсынның Үргенішке қашқанын сезіп, жанына әскерінің мықтыларын ертіп, қалған жұртты қайтарады, осы кезде:

«Азырақ Бұқар жақтан жөн білінді,
Хан Тұрсын хабарласып жатқан екен»[108,91].

Есім хан Тәшкент билігін Тұрсынға сеніп тапсырған болатын. Тұрсын хан өзін дербес хан ретінде жариялап, өзіне қараған қатаған жұртымен Есім ханның халқын жаулап алады. Тұрсынның бұл ісін Есім хан өзінің қалмақтарға жасаған жорығынан қайтқан жолында естіп, Тұрсынға қарсы аттанғандағысын, ел шабуын ерлік істерін жыр қылады.

Жырдың бір бөлігі қалмақ-қазақ арасындағы тарихи оқиғалары жайлы. Есім хан тұсында қалмақтармен соғыс 1627,1628,1635, 1660 жылдары болған.

Жырдың тарихи екендігін аңғаратын тағы бір дерек Есім ханның замандасы Арғын Шаншар мырзаның атының кездесуі. «XVII ғ. қазақтың белгілі ру-тайпаларының бірі Арғынның қаракесектігінен тарайды. Тұрсын ханның үш қызын бірдей осы рудан Шаншар алады. Олар Қызданбике, Айбике, Нұрбике. Қызданбикеден Әлсай, ол өскен жоқ. Айбикеден Келдібек, Тыныбек, Есіркен, Жәнібек. Төрт бек атанған. Келдібекке өз заманында Бегімысық деген әулие атанған қожа кітап ашып, тала нәме көтеріп, екі беті толған мең, екі емшегі екі сүйретпедей толық, бір аяғы ақсақ қыз аласың, Солай қылсаң, тұқым-жұрағатыңнан құтты да туады, сүтті де туады, әруақыты, бақыты ханға бергісз би де туады деге оң, қырықтан асқанша қатын алмай жүріпті. Бір ауып бара жатқан Ақымбет

керей деген елден осы қыз табылыпты. Келдібек қатындыққа алыпты. Асан, Үсен, Бадана, Бөдене, Сәдібек, Қазыбек алты ұлы туыпты. Бұлардың “ақсақтың алтауы” атанғаны сол... Айбике ежелден толық бір болыс ел. Қаз дауысты Қазыбек туған соң не кемдігі болсын –дейді М.Ж.Көпеев шежіресінде. Нұрбикеден –Тілеуке, Бертис ұрпақтары тарайды. М.Ж.Көпеев қаракесек арасында сақталған мына сөзді келтіреді: “Айбикенің аулына қонғанша, Нұрбикенің көшіп кеткен жұртына қон деген. Себебі Қаракесектің сөйлемпаз, сөз тапқыштары осы Бертис ұрпағынан болған”[7,29].

Ноғайлы дәуірін шамалайтын ««Қамбар батыр», «Ер Қосай», «Ер Көкше», «Ер Тарғын» жырларын тарихи шындықпен өрелестіріп қарауға болады.

«Ер Көкше» эпосында жеке рулар аясындағы дәуірді көреміз. Мәселен, Үлесерге мал таппай,

Атысарға жау таппай,
Көп кісінің ішінен
Бөлініп шықты көп кісі,
Қарауыл кеткен төрт кісі,
Сан жылқыны алыпты
Жау жағынан Жаңбыршы
Мың кісіні қуыпты
Күн астынан шаң шықты...[115,140].

әрі қарай оқиға, осы қарсыласта өлген әкесінің кегін алу үшін Ер Көкшенің баласы Ер Қосай Жаңбыршының шаһарына аттанады. В.Радлов еңбектерінде Жаңбыршыны мұсылман сұлтандарының қатарында атайды: «В Киргизском эпосе перечисляется еще целый ряд самостоятельных князей – Кара-ногайский князь Ямнырчи; могучий берец, старый Эр-Кочой, отворивичи воротоя рая Эр-Кокчо, сын Айдархана и потомок Камбар-хана: Эр-Тоштюк, югорю, вхедивший в сношения с мертвыми и многие другие. Между язычниками выделяются главным образом Кара-хан, Урум-хан, Урум-хан и Конгурбай, повелитель Китайцев»[114;16]. Біздің көріп отырғанымыздай Жаңбыршы қара-ноғай ханзадасы. Ноғайлы жұртын арнайы қарастырған Ә.Қоңыратбаев ноғайлардың төрт түрлі екенін көрсетеді. Олар: Сары ноғай, Қара ноғай, Маңғыт ноғайлары, Кавказ ноғайлары[33]. Бізге керектісі қара ноғай XVIғ. бұлар он сан ноғай хандығын орнатқан. Шындыққа қатыстылығы жағынан тағы бір дәлелдей түсетін элементтің бірі –этногония. Қазақ халқының этникалық құрамы жайында жырларда сақталып беріледі. Мәселен,

Уақ ұлы Қамбар екен,
Қамбар ұлы Ер Көкше
немесе,
Арғынның Ақсары би,
Бақберген Сары би.

Қазақ халқының құрамын құрайтын белгілі ірі рулардың тарихи оқиғаларға араластығы эпоста да сақталған. Ноғай Ордасына

маңғыттармен бірге қоңырат, найман, арғын, қаңлы, алшын, қыпшақ, кеңерес, қарлұқ, алаш, тама т.б. рулар енген.

Қазақ халқының ортағасырлық тарихын сипаттауда фольклор шығармаларын дерек етіп жазғанда, есте ұстайтын бір жағдай басқа да түрік тілдес халықтардың халық мұрасынан ұқсастықтар табылып жатуы. Бұл кездейсоқ емес. Әсіресе, әрбіреуі жеке-жеке хандыққа бөлінбеген уақытта-ноғайлы дәуірінде көшпелі тіршілік кешіп келген қазақ, қырғыз, қарақалпақ, Кавказ ноғайларының бастан кешірген екі-үш ғасырлық мерзімі, арғы-бергі көшпелілердің тарихына еркін құлаш сермеуіңізге себеп. Ноғайлы Ордасы Алтын Орда мен Ақ Ордадан бөлініп шыққан белгілі көшпелілердің қуатты мемлекеті болды. Ал Өзбек хандығынан XV ғасырда Жәнібек пен Керей іргесін бөліп алған Қазақ хандығының құрылуында да осы көшпелілік пен отырықшылық жіктелуін байқауға болады. Көшпелі қоғамның орталығына айналған Ноғай Ордасы эпикалық дәстүрдің де жалпылама эпицентріне айналды. Ноғай Ордасы өз әдет-ғұрпын, көшпелі тіршілігін бірден-бір мұрат тұтқан байырғы көшпелілердің мықты тірегіне айналды, көшпелі мәдениеттің жаңа дәуірдегі дем берушісі болды. Ноғайлы дәуірі-қазақ эпосында көп тараған, халық санасында берік орын алған айрықша бір заман. Бұл дәуірдің жалпы эпикалық дәстүрде қалыптасқан өзіндік бейнесі бар.

Ноғайлы батырларының тарихи деректермен қаншалықты дәрежеде сәйкес екенін көптеген ғалымдар арнайы зерттеген. Ә.Х.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, В.М.Жирмунскийдің зерттеулеріне жүгінсек, ноғайлы жырлары аталатын нұсқалар Алтын Орда дәуіріндегі көшпелілердің ерлік салтынан, рыцарлық дәстүрлерден бастау алып, кейін келе ноғайлы аталған Дәшті Қыпшақ көшпелілерінің қалмақтарға, орыстарға, кавказ халықтарына қарсы күресін, ноғай мырзалары мен бектерінің арасында өзара билік үшін тартысты өзек қылған[31;33;62]. Бұл жағдай тек Ноғай Ордасына ғана қатысты емес. Алтын Орда құлағаннан кейін бас-басына хандық құрып кеткен туыстас бауырлардың, қала берді бүкіл көшпелілердің бірін-бірі жоқтау, тұтастықты, үстемдікті аңсау санасынан туған мұң-мұқтажын эпос арқаланды. Осыдан болар, ноғайлы дәуіріндегі батырлардың мекен-жайы, жүрген-тұрған жерлері тіптен де тарихи Ноғайлы Ордасының көшіп қонған территориясымен шектелмейді. Ноғайлы батырларының әрекет еткен мерзімі, мекені әлдеқайда ауқымды, аясы кең. Ноғайлы жырын XV-XVII ғғ. тарихына қатысты зерттеу қажеттілігін өтеу бүгінгі күн тарихшыларының басты міндеті. Халық ауыз әдебиетінің ауызша айту дәстүрінің саласы XV-XVII ғасырлардағы қазақтың жыраулық поэзиясы. Бізге дейін жекелеген авторлардың яғни, ақындардың шығармалары ауызша айтылып жеткен. Әдеби шығармаларда жеке адамның субъективті көзқарасы басымырақ болады десек те, жыр-толғау, батырлық эпос сияқты шығармаларда өз кезеңінің ахуалы, қоғамдық қарым-қатынасы, жекелеген саяси қайраткерлерге берген бағасы, үлкенді-кішілі тарихи оқиғалар туралы объективті мәліметтер кездеседі. Ноғайлы заманына саналатын XV ғасырдағы қазақ елінің қалыптасу

тарихы, XV- XVII ғғ. саяси аренада көріну шежіре- толғауларда біршама сипат алған. Бұл турасында Ш.Уәлиханов былай деп жазады: «Қазақтар мен қырғыздардың және қарақалпақ сияқты бүгінгі Ортаазиялық көшпелі халықтардың аңыздарында ноғайлардың құрметті орын алатынын айту керек. Сол кездерде, көрші отырған бұл халық жөнінде айтылған талай аңыздар мен дастандар күні бүгінге дейін сақталып келеді. Олар Ақ Орданың татарларын да, ноғайлардың өздерін де ноғай деп атайды. Қазақтар сияқты бұлардың да Едіге атты [алтын шашты қолбасшы] өз дастаны бар және бүлініп берекесі кеткен ноғайлы жұртын жақтап: «Кешегі он мың ноғай болғанда, Орманбет би өлгенде, орданың қара жағасы, аспанға ұшып кеткенде» дейтін қазақтар мен башқұрттарда бар атақты жоқтауды бұлардың жыршылары да (ырчылары да) айтады[102,234].

Қарақалпақ фольклорының тарихи қызметі мәселелерін зерттеген Л.С.Толстова башқұрт-қарақалпақ халықтарының фольклорындағы байланысты, ортақ сипат алған тарихи деректер барын көрсетеді: «Один из наиболее старинных жанров каракалпакского фольклора-исторические поэмы [толғау] -находит ближайшие аналогии в древнейшем эпическом сходство оформление каракалпакских и башкирских поэм: по размеру они чаще всего 7-8 сложные. Для толғау и кобайырев типичны, например, так и формы обращения, как «Ах, ногайым, ногайым» [»Ормамбет-бий», каракалпакское толғау] «Ай, Уралым, Уралым». [башкирский кобайыр] Каракалпакские толғау и башкирские кобайыри посвящены сходной тематике-воспеванию красоты родного края [или утраченных земель-у каракалпаков], подвигов народных богатырей, общественным, патриотическим мотивом, что, впрочем, вообще типично для народного эпоса»[84;43].

Көшпелі тұрмыстың тәжірибесі таным-түсінігі жыр, толғау арқылы танылған. Бұл қасиет небір арқылы жыраулар мен ақындарда ерекше басым болған. Табиғатынан тума дарын, өнер адамдары халық арасында қолдау тапқан. Көшпелілердің өмір салтының ықпалы да мейлінше аз емес күшті әсер еткен.

«Қазақ халқының дәуіріндегі тіпті одан арғы замандардағы көптеген эпостар, тарихи әңгіме, жырлар, жеке ақындардың шығармалары XIX ғасырдағы анахронизмдерсіз, біршама таза әрі мол жеткендігі байқалады. Бірақ кезінде қағаз бетіне түсіндірілмегендіктен олардың көпшілігі біржола құрыды» -дейді М.Мағауин[112,16].

Асанқайғы Сәбитұлының творчествасынан басталатын жыраулар поэзиясы сол дәуірдің әлеуметтік жағдайының саяси сипатын беретін. Өмірінің біраз кезі Алтын Орда хандарының жанында өткен Ноғайлы дәуірінің жыршысы атанып кеткен Асан қайғы аз мұра қалдырған жоқ. Ш.Уәлиханов ноғайлы дәуірі жайлы сөз қозғай келе Асанды «көшпелілер философы» деп атайды. Асанның енді бір толғаулары «Қырында киік жайлаған», «Әй, хан мен айтпасам», «Алты атанға қос артып» деген шығармалары Алтын Орда ханы Жәнібекке арналады. (1341-1357 жж.

билік еткен). Асан есімі аңызға айналған, оның жел-маясына мініп алып «Жерұйықты» іздеуі халық арасында аңыз болып айтылады.

XV ғасырдың соңы XVI ғасырдың басында өмір сүрген Доспамбет, Шалкиіз жырау мұралары да өзіндік оқшаулығымен, сыршылдық сипаттылығымен халық арасында сақталып бізге жеткен дүниелердің бірі.

Доспамбет жырлары әлеуметтік мазмұнымен, қайраткерлігімен азаматтық тұрғыдан көрінеді. Толғауларының көпшілігі Темір биге (1470-1490 жж. Ноғай ордасының билеушісі) арналған Шалкиіздің шығармалары көшпелілердің ерлік дәстүріне сай батырлық, жауынгерлік, адамгершілік қасиеттерін дәріптейді. Оны көркем образдармен кестелейді.

XVII ғ. бейнесін өз шығармаларында көрсете білген, Есім ханның қадірлі билерінің бірі болған Жиёмбет жырау. Оның шығармалары XVII ғ. қазақ қоғамының Есім хан тұсындағы басынан кешкен оқиғаларына арналған. Есім ханның қалмақтармен соғысының бір сәті былай жырланады:

«Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
Соқыр бурыл байталға
Сонды бір жайдақ мінгенің...
Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
Қаланың қасы бүлгенде,
Хандар қалаға қылған,
Сұлтандар суға сылаған,
Қаз мойынды ханыша
Қалада тұрып жылаған...»

XVIIғ. Қазақ Ордасының саяси ахуалын біршама толық берген Марғасқа жырау. Ер Есім заманы ел есінде қаларлық елеулі оқиғаларға толы. Әсіресе, қазақ-қалмақ соғысы Есім тұсында бірнеше дүркін болса керек. Соның бірі шежірелерде жазылып, ел аузында айтылып келе жатқан мына бір әңгіме. Есім хан қалмақтармен кезекті соғыстардың біріне аттанып кеткенде Тәшкентте отырған қазақтың ханы Тұрсын (Қатаған жұртының ханы) антты бұзып Түркістанды жаулап алады. Оны естіген Есім Тұрсынға қарсы аттанады.

Марғасқа жыраудың:
«Ей, Қатағанның хан Тұрсын
Кім арамды ант ұрсын!
Жазықсыз елді еңіретіп,
Еңсегей бойлы Ер Есім
Есігінде келіп тұр
Алағы тұр жаныңды,
Алғалы тұр жаныңды,
Шашқалы тұр қаныңды...»

деген толғауы осы оқиғаға арналғанын мазмұнынан ұғамыз[91,94].

Аңыздар тарихты жазуда үлкен демесін болады. Аңыз түбі –ақиқат. Әуел бастан тарихи шындыққа құрылған аңыздардың оқиғасы, ондағы тарихи тұлғалар өмірде болып өткен жайлардан хабардар етеді. Белгілі

фольклорист ғалым С.Қасқабасов аңыз турасында: «Аңыз жанры тарихи шындық, тарихи факт негізінде қалыптасады» –дей келе «Аңыз –халықтың жадында сақтап, ауызша айтып келген тарихи дегенде, онда тарихи оқиғалар, еш өзгеріске ұшырамаған, шындық сол қалпында әңгімеленген деген ой тұмау керек. Аңыз жанры да, бүкіл фольклор сияқты, анахронизмнен құр алақан емес. Біріншіден, ауызша таралғандықтан, екіншіден, әңгімеленген оқиғадан көп уақыт өтіп кеткендіктен үшіншіден әңгімеге көркемдік элементтері әсер еткендіктен аңызда оқиға көмескі тартады, әңгіменің варианттары пайда болады, тіпті оқиғаның мезгілі шатастырылады» –деп аңыздың басты айырмашылықтарын көрсетеді[37,57].

Мәселен, Бұхарадағы Көгілташ медресесінің салынуы, Асан қайғы, «қазақ» сөзінің төркіні туралы аңыздарда тарихта болған оқиғаларға меңзеледі. Мәселен, Алаша заманына байланысты аңыздарда айтылатын Ангрена өзені, болмаса алысқа бармай кең-байтақ өз жеріміздегі (Жезқазған-Ұлытау) ноғайлы заманына қалған мұра –Едіге тауы тарихи орын халық жадында сақталған. Ер Едіге маңғыт елінен шыққан қолбасшы батыр болған. Көшпелілердің ұлы империясына билік құрған Едіге мен Тоқтамыс арасындағы егестік тарихы аңыз болып айтылады. М.Жүсіпте: «Ер Едіге өзі тұрақ қылған жері Ұлытау, Кішітау екен. Өзі өлерінде Ұлытаудың басында отырып Кейқуаттың сөзінен құса болып өлген екен. Сонда өлерінде, айтқан екен –мені бұл жерге жер қазып көмбендер, қорған тас қалап қойыңдар, Нұралы жер үстінде бар болса, «Ат айналып қазығын, диірмен айналып шүмегін табар» дегендей бір табар» –деп жазады[8; 77].

Мәселен, «Таңбалы тас» аталатын қасиетті қорымды алайық. Ол туралы қазақ шежіре аңыздарынан мағлұмат аламыз. Қорымның «Таңбалы тас» аталуын этносаяси оқиғаға қатысты етіп айтады. Бұл тастың ерекшелігі таңбаларының ойылып жазылуында. Бұл тастың ерекшелігі таңбаларының ойылып жазылуында. Таңбалы тастың XV ғасырдағы этносаяси оқиғаларға тікелей қатысты болғандығы. Оның бетінде кестеленген ру таңбалары, араб әріптерімен жазылған жазу көшпелі өзбек-қазақ-ноғайлы елдерінің ыдырап, өз бетінше жеке шаңырақ көтеріп, түтін түтетуімен байланысты. Зерттеуші С.Қасқабасов аңыздарды бөлу шартты екенін айтады. Бірақ екеуінде де бір-бірімен тығыз байланысты. Мәселен, алғашқы келтірген Едіге туралы әңгіме тарихи аңызға жатса да, жартылай топонимикалық аңызға ұласып кетіп отыр. Немесе «Таңбалы тас» топонимикалық аңызға жатса, ру, тайпалардың шығу тарихы туралы тарихи аңыз жалғасын табуы мүмкін. Аңызды жанр ретінде қарастырған М.Әуезов «тарихта болған адамдар жайында айтылған, халық шығарған көркем әңгіме» –деген анықтама береді[103].

Қазақ тарихына байланысты мифтік жанрдағы деректер де кездеседі. Қазақ ауызша шежіресінің түпкі бастауы әпсаналарға [тотемдік, анимистік] барып тіркеледі. Кең байтақ қасиетті, жерде сакральді тұлғалар өмір сүреді, ел тағдырын шешетін ұлы істер жасайды, ұлағатты сөздер айтады. Шежіре дәстүрі бір ғасыр өмір сүрген адамның тарихын миф-әпсанаға айналдырып

жібереді. Абылай сияқты алыптар өлер-өлместен мифке еніп кетті. Қаз дауысты Қазыбек, Төле би, Әйтеке би мен Бұхар жыраулар аңыз әлеміне енгені бірталай болды. Күні кеше өмір сүрген Мәшһүр Жүсіп Арқа қазағы үшін әулие, оның өмірі мен мұрасы аңыз. Тотемдік әпсанаға мысал, қуандық елінің бір атасы Төбет Темеш аталады. Себебін сұраса аталарын бір төбет ит сақтап, асырап, адам қылған. Осы аңыздың қайнары біздің эрамыздың басында өмір сүрген ғұн, түркі, ұғыр тайпаларының аңыздарынан қандай айырмашылығы бар. Олар да ата-бабасының тарихын қасқыр-ит тотемімен байланыстырған.

Қаракесек шежіресіндегі Әлтекенің жауырыншы атануы, туралы, немесе Шаншар абыздың түйенің тобығын жұтып қоюы сияқты сюжеттердің де көршілігі тікелей көне дәуірдің мифтік аңыздарынан жалғасын тауып жатыр.

Батырлық жырда да мифтік элемент бар, оған мысал мына жолдарда: «Ер Көкшенің үйінде жалғыз баласы бар екен, аты Қосай екен, ол қырық құлаш саты қылған екен, соған шығып жорықшыны көреді»[115]. Мұнда шындыққа қатыссыз, айтушының қиялынан мифтік сана элементтері еніп кеткен. Мифтік санаға лайық байырғы замандардың түсініктері ноғайлы дәуірінің өз арасында пайда болған.

Миф –аңызға қарағанда күрделілеу ұғым қазақ фольклористикасында С.Қасқабасов зерттеулері мифтің жанр ретіндегі сипатын айқын көрсетеді. С.Қасқабасов миф туралы анықтамаларды екі үлкен топқа бөледі:

Миф дегеніміз –дүние туралы фантастикалық түсінік, әлемде билік жүргізетін құдайлар мен рухтардың образдарының жүйесі.

Миф дегеніміз -құдайлар мен қаһармандар жайындағы уыз екі әңгіме.

Миф бойынша өмірде болған оқиғалар мен адамдардың бейнесі, іс-әрекеті әсіреленеді. XV-XVII ғасырлардың тарихына қатысты тарихи фольклор түрлері Қазақ хандығының мемлекет есебінде қалыптасу, этностың әр түрлі ру тайпалардан бірігу процесін нақты да, көркем суреттейді. Тарихи фольклор қорының бір ерекшелігі зерттеу барысында бірін-бірі толықтырып, сәйкестеп, дәлелдеп тұратындығы. Осыған байланысты XV-XVII ғасырлардың тарихи фольклорын тұтас комплекс есебінде қарастырып, шежіре мен аңыздарды, тарихи жырлар мен мифтік сюжеттерді комплекстің құрамдас бөліктері есебінде қарастыру. Әрине, тарихи фольклорды тұтас зерттеу жоғары деңгейдегі ғылыми әдістемелерді де қажет етеді.

1.3 Тарихи фольклордың уақыт пен кеңістікке қатысты мәселелері

Фольклордың тарихын танып-білу үшін, фольклорлық деректерді ғылыми зерттеулерге енгізу және пайдалану үшін –уақыт пен кеңістік сияқты ұғымдардың аясын анықтап алу қажет. Себебі қандай да болмасын тарихи оқиға, тарихи тұлға белгілі бір кеңістікте, уақыт мөлшерінде өтеді

және өмір сүреді. Тек бір ескертетін мәселе –біздің кеңістік пен уақыт туралы түсініктеріміз ертедегі өткен ата-бабаларымыздың ұғымдарымен сәйкес емес, көп жағдайда кереғар. Түркі-моңғол көшпелілерінің өмір сүрген уақыты циклдық заңдылықтарға бағынады. Мысалы, он екі –мүшел туралы ережелер, немесе уақыт шамасын тарихи тұлға, немесе өткен оқиға тұрғысынан қабылдау. Ал біздің қолданыстағы уақыт есебі линейный, немесе бір бағытта өрістейтін жыл есебінен бастау алады. Соңғы уақыт мөлшері Европалық қоғамдарға тән, сол ортада қалыптасқан мәдени-цивилизациялық дамудың көрсеткіші. Кәзіргі уақытта біздің ғылыми зерттеулеріміздің тәртібі мен әдістемелік нұсқасы батыстық, яғни Европалық үлгілерге бағынышты болғанымен біз тарихи оқиғаларды зерделеу барысында дәстүрлі түсініктерді, анықтап алу қажеттілігі бар. Қазақ тарихының XV-XVII ғасырлардағы барысы ежелгі түркі-моңғол көшпелілерінің салып кеткен сара жолынан ауытқыған жоқ. Табиғи ортада, ел шаруашылығы да, материалдық және рухани дамуда негізгі көшпелілік дәстүрлеріне бағынышты болды. Олай болса XV-XVII ғасырларда болған оқиғалар мен өмір сүрген тарихи тұлғаларды зерттеу үшін біз көшпелілердің тарихи кеңістік пен уақыт туралы түсініктерін пайдалануымыз керек.

Уақыт пен кеңістік ұғымдарының ұлттық сипаты алдымен фольклорда сақталған. Фольклор табиғаты эстетикалық талаптарға бағынышты - қашанда көркемдік ауанында оқиғаның нақты, дәл межесінен ауытқып шығып кетеді. Дегенмен, фольклор оқиғаның, немесе тарихи тұлғаның нақты, өзіндік бағасын береді. Бұл мәселені жазба деректерінен қанша іздесек те таба алмаймыз. Егер жазба әдебиетінде оқиға немесе тарихи тұлғаға қатысты бағалар мен қорытынды пікірлер кездесе де одан субъективті көзқарас иісі аңқып тұрады. Себебі жазба дерек беруші тарихшылардың көпшілігі қазақ этномәдени құндылықтарын терең сезінбейтін, өзге елдің мәдениет өкілдері. Сонымен фольклордың осал да, мықты да жағы бар екені анық. Бұл тұрғыдан тарихи фольклор деректері белгілі бір уақыт межесіндегі мемлекет пен ел тарихын емес, оның қоғамдық -әлеуметтік табиғатын, этностық ерекшеліктерін ашуға ыңғайлы.

Дегенмен тарихи әдебиеттегі эмпирикалық деректер жазба әдебиетіндегі нақты уақыт межелерімен толығы келе зерттеуге негіз бола алатыны айқын. Егер зерттеулер осы негізде іске асырылып жатса, онда фольклор мен шындықтың өзара салыстырмалы деңгейін анықтап алып, тиянақсыз пікірлерден бой тарта аламыз.

XV-XVII ғасырлардың тарихын сипаттау үшін тарихи эпостарға сүйену қажеттілігі анық. Жоғарыдағы желілерде біз батырлық жырларының бірнеше кезеңге бөлінетінін айтқанбыз. [Ә.Марғұлан –6 кезеңге бөледі, ал Ә.Қоңыратбаевтың жүйесінде –10 кезең] Біз зерттеп отырған дәуірді тарихи жырлардың екі үлкен тобы –ноғайлы батырларының жырлары және қазақ-жоңғар соғыстарында атақтары шыққан батырлардың өміріне, ерліктеріне арналған жырлар суреттейді.

Қазақ эпосының ең қомақты бөлігі –ноғайлы батырларының жырлары. Олардың мазмұнынан Алтын Орда мемлекеті ыдырағаннан кейінгі саяси-әлеуметтік сарындарды жақсы сезінгенмен белгілі бір этносты [өзбек, қазақ, ноғай, қырғыз, қарақалпақ т.б.], немесе нақты уақытты аңғару қиын. Себебі ноғайлы жырлары аталатын циклдық дүниелер жоғарыда аты аталған этностардың бәріне де тән дүние. Екіншіден, оларда баяндалатын уақиға да дәл осы жылы болды деп көрсетілмейді. Дегенмен оқиғалардың кеңістігі ұлы даланы толық қамтығандықтан шартты түрде біздің қазақтың да сол заманға, сол саяси оқиғаларға қатысы бар деп есептейміз. Ең бастысы, ноғайлы жырларынан көшпелілердің соңғы империялық одағы ыдырағаннан кейін пайда болған ахуалды, жеке ұлыстардың мемлекет құру жолындағы күресін, елдің арман мүддесін сезінеміз.

Ноғайлы жырларында уақыт межесі: «кешегі өткен заманда, дін мұсылман аманда» [Қобыланды, Алпамыс] кеңістік шекарасы: жырлары, «Ноғайлының елінде, Жиделі байсын жерінде» деген сияқты эпитеттермен беріледі. Қамбар батыр жырында негізгі оқиғаның болған жері Қырым делінгенмен «қазақ пен қалмақ, ноғайлы, ел болып жатқан құрала» деп Орталық Азияны мекендеген елдердің аттары аталады. Ноғайлы жырларында Алтын Ордадан кейінгі ыдырау уақыты «он сан ноғай бүлгенде, Орманбет хан өлгенде» деп белгілі бір саяси оқиғаларға иек артқанымен, оның нақты мерзімі аталмайды[116,255]. Ер Тарғын жырында тіпті «Ертеде қырғыз заманында» деп басталатын жолдары бар, оның Енесай қырғызына, немесе Алатау қырғызына қатыстылығын аңғару қиын.

Ноғайлы дәуірі аталатын тарихи кезең дүбәрә шақты суреттейтіні сөзсіз[56,320]. Бұл уақытта дала көшпелілері әлі де Алтын Орданың саяси орталығы Еділ бойынан алыстап кете қоймаған болса керек. Қазақ жерінің қандай бір қиыр түкпірін метсе де мемлекет мүддесін ойлаған ел азаматтары Еділ бойындағы саяси оқиғаларға ат салысып, қатысып отырған. Оның бір мысалын «Шора батыр» жырынан да аңғарамыз:

Қазынан Қазанды
Кәпір алды деген соң
Анығын оның білген соң,
Мұнда нәғылып шыдайын
Қазанда бар арулар
Өзімді-өзім сынайын
Қазанды кәпір алған соң
Бармай қайтып тұрайын[11,80].

Шора батыр жырында баяндалатын оқиғалар жазбаша деректерден де көрініс тауып жатыр. Қазанды Ресейдің Қаһарлы Иван тұсында жаулап алғаны ақиқат екені рас. Олай болса бұл жыр XV ғасырдың ортасында Қазақ жерінің солтүстік пұшпағында болған оқиғалардан хабар береді деп айта аламыз.

Эпосты тудырған дәуір бейнесі тұтастай шығарманың болмыс-бітімінен келіп шығады. Батырлық жырдағы “бұрынғы заман” халық

санасына терең ұялаған, ел-жұртқа айрықша дәуір. Ол -қасиетті бабалар уақыты, батырлардың реалды түрде тарихта болған мерзімі[40,84]. Сюжет белгілі бір эпикалық дәуірге арналған. Қазақтың батырлық жырларының ұзын-ырғасына көз жіберсек екі түрлі эпикалық дәуірді байқауға болады. 1. Ноғайлы дәуірі(XIV ғасыр). 2. Жеке ұлыстар аясындағы дәуір (XV ғасыр)[40,171].

Эпоста бір көңіл аударатын мәселе –кеңістік. Эпос әлеміндегі эпикалық уақыт мәселесімен қатар эпикалық кеңістікке де көңіл аударған Ш.Ыбраев кеңістікті эпостың көркемдік заңдылықтарына бағындырылған ұғымдарының бірі деп қарайды. Зерттеушінің айтуынша бұл бағыттағы ізденістерді екі түрлі мақсатқа бағындыруға болады. Жер-су, өзен-көл, тау-тас, елді-елсіз, жер атауларының бір-біріне сәйкестігі, осы арқылы тарихтың эпостағы көрінісін анықтау мәселелері[40,121б].

Кеңістік ұғымдарының эпос поэтикасының дәстүріне бағындырылған сыр-сипаты, уақытпен өрлесуі, кейіпкерлер іс-әрекетімен және сюжеттік ситуациямен байланысы мерзімі жағынан түрлі оқиғалардың дәстүрлі эпикалық кеңістікке телінуі.

Кеңістік: «Жеті тауға шыққан соң,
Жеті таудан өткен соң,
Жеті қырды асқан соң»

Немесе «Ол барып жатыпты, Манан деген суына, Балқан деген тауына» деп келеді. Эпостағы тау міндетті түрде ситуациялы, ол жерде батырдың қиындықпен кедергіге ұшырауы қалыптасқан типтік жағдай. Мәселен, «Қаршығасын көтеріп, көліне Нудың жөнелді» [Қамбар], «Жаз жайлауы Көзді көл, Қыс қыстауы Қараспан, Қараспан көкке таласқан» немесе

«Басы биік қарлы тау,
Хан жайлаған Алатау,
Онан да өтіп жол кешті-ау,
Түйе мойнақ иір тау,
Қыземшекті иір тау,
Атасу мен Манақа
Мал оттауға оты ащы»[116; 20]

Тарихи эпостардағы кеңістік ұғымдары шартты түрде екіге бөлуге келеді. Біріншісі –жалпы көшпелілер мекені, олардың қасиетті қонысы – Жиделі байсын, Еділ-Жайық, Жер Ұйық. Бұл атаулар белгілі дәрежеде философиялық, эстетикалық астарлы, дүниетанымдық тұрғыдан шексіздікке сай жерлерге қолданылады. Екіншісі саласы –нақты топонимиялық атаулар. Оларда қазақ жерінде кездесетін үлкенді-кішілі өзен, көл, тау, тас барлығы да көрініс табады. Егер XV- XVII ғасырлардың көшпелі ұлсытары ұстанған дүниетаным мен құндылықтар тұрғысынан келсек, әрине жалпы атаулардың орыны зор. Олардың қалыптасуын, қолдануын бұл тұрғыдан зерттей түсу керек екені аян.

Екіншіден, ауызша дәстүр «хронология» мен «прогресс идеясын» мойындамайды. Оның баяндауында оқиғаның уақыты емесе, көне заманда

пайда болған әрбір әдет-ғұрып, әлеуметтік институттар ғасырлар бойы өзгеріске ұшырамаған күйде беріледі. Ауызша дәстүр уақыт мөлшері циклдық уақыт мезгілдері, немесе кезендік патшалық еткен көзбен анықтайды. Бірақ, бұл уақытты анықтау дәстүрдің дәлдігін айқындамайды.

Мәселен, Месопотомия, Египет, ежелгі Рим мен Греция елдерінің көптеген мемлекет тарихы жөніндегі жазба деректерінде де «хронология» орын алмаған. Европада христиандық жыл санау уақытында да тарихи дамудың көне кезеңдері циклдық, есте жоқ ерте замана жөнінде түсінік көпке дейін жасады. Христиандық жыл санау кезеңінде прогресс идеясы тысқары қалған. Мұндай жағдайда, ауызша тарихи дәстүрдің көптеген көне және ортағасырлық деректерден айырмашылығы шамалы.

Үшіншіден, оқиғаның халық жадында сақталу мүмкінділігінен күмән тудыратын жағдайлар барын аңғаруға болады. Адам үш-төрт ұрпақ оқиғаларын есте сақтап айтып бере алады. Бірақ, соңғы тарихи психологиялық зерттеу еске сақтау жадының әлеуметтік құрылымда өзгеше екенін көрсетіп отыр. Өйткені ұрпақ жазбаларын игерген кәзіргі адам жадысы мен ауызша мағлұматтарды сақтаушы және ұрпақтан ұрпаққа табыс етуші [информация беретін жалғыз дерек] адам жадысымен теңестіруге болмайды. Жазу пайда болғаннан бастап, адам миы, белгілі бір дәрежеде артық ойлау жүгінен арылды.

Ең бастысы ауызша және жазбаша деректер көп жағынан ұқсас. Осы орайда Я.Вансина «в устной традиции мы видим всегда совокупность направленных и ограниченных знаний –этого так же справедливо для источников письменных», -деп ауызша дәстүрдің құндылығын арттырады[12;97].

Прогресс идеясының болмауы эволюцияның ерекше түсінігімен байланысты. Халық институттар, әдет-ғұрыптар, мәдени тұлғалар өзгермейді деп сенген. Бұдан халық санасында сакральды тұлғалар ерекше сақталғанын байқауға болады.

Тарихи эпостағы уақыт пен кеңістік ұғымдары әлі де зерттей түсуді қажет ететін күрделі мәселе. Оны шешудің бір жолы, біздің ойымызша, әр жырды жеке-жеке зерттеу объектісіне айналдырып, оның мазмұнындағы уақыт пен кеңістікке байланысты ұғымдарды болған оқиға, адам аттарымен салыстыра қарау. Бұл төмендегі кестелер арқылы беріледі.

Ер Қосай жыры				
Уақыт межелері	Кеңістік межелері	Тарихи оқиғалар мен тарихи тұлға	Мифтік элементтері	Қосымша этнографиялық деректер
1	2	3	4	5
Бұрынғы ноғайлының заманында	Жекенді көл, жерлі көл, Мұнанда өтіп жөнелді. Қапсағайдың Қаратау, Мұнанда өтіп жөнелді. Енділенің көлінен, Мұнанда өтіп жөнелді. Бұланайдың қара тауы, Бұлынның бұлағы деген таудың түбіндегі екі бұлағы бар еді, сол бұлақты өзім барып өріп келейін.	Ер Бөкше, Нар Бөкше, Әділ Бөкше-деген ағайынды ерлер болған екен. Ақ бөкендей орғытып, Қалмаққа заулап келеді-.... Тақтаболат- Тасболат Шынжырлы елдің бірі еді, Атамның кегін алам деп, Ішінен ойлап жүр еді.	Шылауынан қолдаған, Қыдыр, Ілияс пір болды. Тау басына қонса да, Пірлер бұлақ қазады.	Жеті атасы нар болса, Туғаннан құдай жар болса. Халық аузында бар болса, Жерде қалар демеңіз. Алты ері қалмақтың Тақтаболат- Тасболат деген жауынан өлген екен. Қодар құл.
Қамбар батыр жыры				
1	2	3	4	5
	Қаршығасын көтеріп, Көліне Нудың жөнелді.	Әлімбайдың баласы Қара қасқа атты Қамбар бек. Ерлікті елден, асырған. Айыбы жалғыз, кедейі.- Қыз Назымға таласып, Патшаменен соғысты. Қараман дәу мен Қамбар бек, Қарсыласып шабысты. Қыз Назымға жаушы ғып, Жиырма жігіт жіберді. Қалмақтың ханы жұртынан-	Шекесінде қамбардың, Бар екен айын тұлымы. Көп сұрап алған құдайдан, Әлімбай ханның құлыны.	Бұл хабарды Әзімбай Алашқа тегіс тигізді. Теңіздің бойы ноғайлы Елі өскен жағалы. Он екі баулы өзбекте, Әзімбай еді қара көк Қазақ емес сарт емес Қамбардың түбі ноғайлы Қазақ пен қалмақ барша жан, Хабарланды сұлудан бар қазақ пен

		<p>Керейұлы Жиёмбет Сөйлес қылып кідірді.</p> <p>Көбісін қырып қалмақтың Қайратты туған ер Қамбар. Шығарды іштен құсаны.</p>		<p>қалмақ, ноғайлы Ел болып жатқан құр ала-</p> <p>Қара мен төре қайғырды.</p> <p>Жарлыны байға теңеді. Көңіліне халықтың жел берді. Қыз Назымның заманы. Алпыс үйлі арықтың Тоқсан үйлі тобырдың.</p>
--	--	--	--	--

Ер Көкше жыры

1	2	3	4	5
<p>Он сан ноғай бүлгенде Орманбет хан өлгенде</p>	<p>Ол барып жатыпты Манан деген суына, Балқан деген тауына.</p> <p>Жеті тауға шыққан соң, Жеті таудан түскен соң. Жеті қырды артқан соң, Сары аты жүрмей қалады.</p>	<p>Үлесерге мал таппай, Атысарға жау таппай Көп кісінің ішінен Бөлініп шықты қырық кісі, Қарауыл кеткен төрт кісі Шындауыл кеткен бес кісі Сан жылқына алыпты. Жау жағынан жаңбыршы Мың кісіні қуыпты Күн астынан шаң шықты.</p>	<p>Ер Көкшенің үйінде жалғыз баласы бар екен, аты Қосай екен, ол қырық құлаш саты қылған екен, соған шығып жорықшыны көрді.</p>	<p>Уақ ұлы Қамбар екен. Қамбар ұлы Ер Көкше Арғынның Ақсары би, Бақ берген Сары би.</p> <p>Ұйықтады Ер Қосай, түсіне әкесі енді, әкесі айтты: ол, кемпірдің ұлы Темірбай алып сырты болат, іші құрыш еді, шапса қылыш өтпейді түнде жатқанда мойнына шайтан үйелеп жатады. Сонда барып шап!</p>

Ер Тарғын жыры

1	2	3	4	5
<p>Ертеде қырғыз заманында Тарғын деген батыр</p>	<p>Еділден шыққан Шаған деген судың бойындағы қалмаққа жұмсалық. Қалмақты Шағанның басындағы</p>	<p>Тарғын деген батыр өзінің қырғыз халқынан кісі өлтіріп, ханына</p>	<p>Ақ сыбанның баласы Ақ айуанды жаһуттың</p>	<p>Тарғын қырғыз халқы. Ақша хан ноғайлыдан /Қырым жұрты/,</p>

<p>өзінің қырғыз халқы-нан кісі өлтіріп, ханына қылмысты болып қашыпты. Тарғын Ақжү-ністі алып, сол кеткеннен кетіп, Еділдегі Орманбеттің он сан ноғайына барды.</p> <p>Тарғын батырға, қарап Сыпыра жырау сөйледі.</p>	<p>белден асырды.</p> <p>Бұлғыр, бұлғыр, бұлғыр тау- Жайлау, қыстау жері үшін.</p> <p>Еділден шыққан ен Шаған, Қалмақтан тартып ноғайға әпердім.</p> <p>Азнау деген аз қала Алпыс атын бақтырған. Айналасы алты айшылық, Еділге Тарланды талай-талай салғанмын.</p>	<p>қылмысты болып қашыпты. Ақшахан талап етіп, әске-рімен аттанады. Бұл аттанған әскер торғауытқа барып жетті.</p> <p>Бұлар барып жеткен соң торғауыт халқынан шың қағылып, барабан соғылып, неше мың көп әскер жиылып, соғыс қылды. Олалай ханның торғауыт деген жұртын харап еткен Тарғынмын. Шаған деген судың бойындағы қалмақ-тың жерін бізге тартып бер, – деді Ханзада хан. Тарғын қалмақты Шаған басындағы белден асырды, қонысын адыра қалдырды.</p>	<p>Алпыс атын алған мен едім.</p>	<p>біздің асылымыз қырғыздан, Хан әскерлері /Тарғын/ әскербасы ханның өзінің қарауылшы құлдары Ақшаханның бір қазысына хабар береді. Ол уақытта Қырымда қырық мың мешіт бар еді, қырық ханы бар еді. Сол қырық ханның үлкені Ақшахан деген еді. Тарғын сол ханның қол астына келіп, бірталай заман жүреді. Қырым жұртының ар жағын-да бір жауы бар еді, он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт деген. Олалай, Тұлалай деген екі ханның елі еді. Қытай мен Қырымнан Тәмам жақсы жиылса, аузындағы сөзім едім.</p>
---	---	---	-----------------------------------	--

Қобыланды батыр жыры

1	2	3	4	5
<p>Кешегі өткен заманда</p>	<p>Жаз жайлауы Көзді көл Қыс қыстауы Қараспан Қараспан көшке таласқан.</p> <p>Арғы астында бұл</p>	<p>Қара қыпшақ Қобыланды Атасы мұның Тоқтарбай Халықтан асқан болды бай.</p> <p>«Қазақтың ері</p>	<p>Әулие қоймай қыдырып, Етегін шеңгел сыдырып, Жеті пірге танысқан,</p>	<p>Әліп таңба Қыпшақтың Атағы озған алаштан</p> <p>Қазақ ер Қызылбас елінен</p>

	<p>таудың Қызылбастың елі бар. Жасыл байтақ жері бар. Ойлау жерден орғытып, Тегіс жерден сырғытып, Қазанның бұл хабарын төменгі қырық мың үйлі қиятта Қараман батыр есітті.</p>	<p>келді»деп Көктім аймақ патшасы Кезекті бұған береді.</p> <p>Қызылбастың елінен Қазан деген ер шығып, Ноғайлының жерін,Қырлы қала,Сырлы қала деген екі қаласын тартып алды.</p>	<p>Әулиеге ат айтып,Қабыл болған тілегі. Жарылғандай жүрегі. Аналықтай бәйбіше Қабырғасы майысқан.</p> <p>Алты жасқа келгенде, Арыстан туған Қобылан, Қазынадан қалқа келеді. 7 пірге сыйынып Құртқа сынды сұлуды Қобыландай батырға Берейін деп жатқанын, 45 кез Қызыл ер, Хабарын мұның есітті.</p>	<p>Тоқтарбайдың дәулеті Ішкені мас,жеген тоқ. Бай-кедейдің көңілі жай. Тоқтарбайдың жылқыда 40 құлы бар еді.</p> <p>Ноғайлыны алды деп, Сүйекке таңба салды деп. Өлейін десе жан тәтті. Кірейін десе көр қатты. 40 мың әскер қол алып, Қызылбасқа жол тартты. /Қараман батыр – З.Е./</p>
--	---	---	---	--

Есім хан туралы жыр

1	2	3	4	5
	<p>Қазығұрттың басына, Хан көтеріп шығады.</p> <p>Бірқатар қатағаннан кетті қашып, Бармаққа Үргенішке хан қасына.</p>	<p>Тәшкеннің қырғын салды қаласына, Аналық бастан кірген арасына, Ордасын бір күн,бір түн ойран етіп Келтірді өзі қалаған жобасына. Қазына мүкамалын артып алды, Өрт қойып хан Тұрсынның ордасына.</p> <p>Қазақ-қалмақ екі жақ Қанды жұртта</p>		<p>Төре деген ұраны Жоғары екен тұрағы. Бахтияр ұлы Ақырап. Бөгенбай еді затынан. Руы еді Жантәлі /Жантәлі/ Ер Алатау қоңыраттан Батыры еді елінің. Бортағашұлы Жиенбет. Алшын дейді әр жағын. Сайыскер ерлер жиылды.</p>

		қала бар. Түйіліп дабыл ұрылып Сап түзеп майдан құрылып Сырнай даусы берілді.		Нәсілі Шыңғыс төреден Аттанып бір- бір хабаршы. Ұлы жүзден Жақсығұл Алдыңдағы қалың жұрт, Анықтап айтсақ билерді, Аттарын Ибраһим деген. Ұлы жүздің баласы Қаратау би ойлады.
--	--	---	--	--

XV-XVII ғасырлардағы қазақ тарихына деректік негіз болатын ауызша дәстүрдің бір саласы жыр-толғаулар. Олардың типологиясы мен ғылыми сипаттамасы жоғарыдағы желілерде баяндалды. Ал уақыт пен кеңістік проблемалары жыр-толғауларда нақты шешіледі, себебі тарихта белгілі жыр-толғаулардың көпшілігінің нақты авторлары бар. Мәселен, XV-XVII ғасырлардың ерлік-толғауларын біз Асан қайғы, Шалкиіз, Доспамбет, Қазтуған, Жиёмбет, Марғасқа сияқты атақты жыраулармен тікелей байланыстырамыз.

Жырау творчествосында «Асқар,асқар,асқар тау» немесе «Арқаның құба жонында» деген сияқты астарлы кеңістік ұғымдары кездескенімен де, оқиға нақты суреттеледі. Белгілі дәрежеде жыраудың өмір сүрген уақыты анықталғаннан кейін-ақ толғау мазмұнындағы уақыт пен кеңістік ұғымдарын зерттеуге пайдалану оңайланады. Бірақ, ауыз әдебиеті қай саласында болсын кездесетін шартты, бейуақыт оқиғалар да «кешегі», «ертедегі» деген сияқты ауыспалы уақыт межесімен жүретіні бар. Мысалы, Жиёмбеттің Есім хан айтатын «Кеше қалмақтың Бөрі ханы келгенде» т.б. деректер қосымша жазба деректерді қолдануды қажет етеді. Жыр-толғауларды ғылыми айналысқа кіргізудің бір жолы, оның мазмұнындағы кеңістік пен уақытқа қатысты үсініктерді тарихи оқиғалармен сабақтастыра зерттеу.

Асан толғаулары				
1	2	3	4	5
<p>Қырында киік жайлаған Суында балық ойнаған. Оймауыттай тоған егіннің Ойына келген асып жейтұғын.</p> <p>Еділ мен Жайықтың Бірін жазға жайласақ, Бірін қысқа қыстарсың.</p>	<p>Қош, аман бол, Жәнібек. Енді мені көрмейсің?!</p> <p>Желмая мініп жер шалсаң, Тапқан жерге ел көшір,</p> <p>Жемде кеңес қылмады. Жемнен де елді көшірдім. Ойыл деген ойыңды. Отын тапсаң тойыңды. Ойыл көздің жасы еді. Ойылда кеңес қылмадың.</p>		<p>Әй, Жәнібек ойласаң, Қилы-қилы заман болмай ма? Суда жүрген ақ шортан Қарағай басын шалмай ма? Мұны неге білмейсің?!</p>	<p>Қатын алдың қарадың, Айырылдың хандық жорадан. Ел ұстайтын ұл таппас, Айрылар ата мұрадан- Мұны неге білмейсің?</p> <p>Еділ бол да, Жайық бол, Жолдасыңа жау тисе, Жаныңды аяп тұрыспа.</p> <p>Хан мен билер қысқанда Халық қайтіп күн көрер Онда халық түнерер. Халыққа қысым күш бере, Халықтың кегі күшке енер.</p>
Шалкиіз толғаулары				
1	2	3	4	5

<p>Менің ием би Темірдің әрі өзім, Жау көрген күн. Жүрегіңнің басы едім, Көз үстінде қасы едім.</p> <p>Темір еді ханымыз. Теңіз еді халқымыз. Тебірлерге қалғанда, Теңселер сойды ауыр ноғай жұртыңыз!</p>	<p>Аспанды бұлт құрсайды. Күн жауарға ұқсайды. Көлдерде қулар шулайды. Көкшілден ол айуан.</p> <p>Сегіз қиыр шартараптан іздермін. Асқар,асқар,асқар тау! Арқанын құба жонында, Арыстан ойнап жарқ ұрып.</p>	<p>Қарабас құспен шалдырып, Көк теңіздің үстінде. Көтеріп желкен аштырып, Уай,хан ием,жүк тиетің кемеге, Ниет еттің тәңірің-нің үйі кебеге. Жүк тиетсең кетерсің Ниет етсең жетерсің. Жетсең тауап етерсің. Етектеп жиған көп халқың, Сұлтан ием кеткенінде Кімге асмар етерсің? Темір еді ханымыз Теңіз еді халқымыз.</p>	<p>Еділден аққан созамық. Тебірлерге қалғанда. Теңселер сойды ауыр ноғай жұртыңыз.</p>	<p>Ағайынның ішінде, Бір жақсысы бар болса. Қоңқалаған көп жаман, Сол жақсыны көре алмас.</p>
--	--	--	--	---

Доспамбет толғаулары

1	2	3	4	5
<p>Ер Мамайдың алдынан, Шаһид кештім, өкінбен!</p>	<p>Ағарып атқан таңды деп, Шолпанды шыққан күнді деп, Май қаңбақта ағалардың Аты жусап жатыр деп.</p> <p>Айналайын ақ Жайық, Ат салмай өтер күн қайда. Азау,Азау дегенің.</p>	<p>Күректей мұзды тондырып, Кірмембес ауыр қолға бас болып, Күңіреніп жер түбіне жортқанмын!</p>	<p>Әл-Ғұсылман патша жұрты екен.</p>	<p>Жағдайсыз жаман қалып барамын, Жанымда бір туғанның жоғынан.</p>
Жиёмбет толғаулары				
1	2	3	4	5

<p>Еңсегей бойлы Ер Есім, Есім сені есірт-кен. Есіл менің кеңесім.Ес білгеннен Есім хан қолы-на болдым сүйесін, қол-тығына олдым демешім.</p>	<p>Арқаға қарай көтеріліп. Арқаға қарай көшермін. Алашыма ұран десермін.</p>	<p>Бұрынғы достық дұшпандыққа душар болды. Есімхан мен Жиёмбет арасындағы оқиға қалмақтың қызына байланысты. Қалмақтың бөрі ханы келгенде соқыр бұрыс байталға сонда бір жайдақ мінгенсің.</p>	<p>Меніменен ханым ойнаспа, Менің ерлігімді сұрасаң. Жолбарыс пен аюдай.</p>	<p>Қылығың жоқ ұнаған, Қайратым қанша қайтса да, Мұнына, ханым шыдаман Мені өлсе құнық кетер деймісің, Кешегі өзің ұрып өлтірген. Тілеуберді құлындай. Тілеуберді құлың мен емес.</p>
---	--	--	--	--

XV-XVII ғасырлардың тарихын қазақ шежіресі мен шығыстық шежіре үлгілері[Әбілғазы Баһадүр хан т.б.] ауызша дәстүрлердің басқа үлгілеріне қарағанда толық суреттейді. Оның себебі де анық, шежіре нағыз тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларды ел жадында сақтауға арналған дәстүр. Ауыз әдебиетінің әр түрінің қоғамдық тіршілікте атқаратын міндеті әртүрлі. Біреуі әдет-ғұрып дәстүрлер жаңғыртып, этностың күнделікті тіршіліктеріндегі құндылықтарды сақтауға қызмет істесе, біреуі оның дүниетанымын, географиялық, ботаникалық т.б. өрістерін кеңейті үшін, тәрбие құралы есебінде қызмет атқарады. Ал тарихи шежіре этностың жүріп өткен жолын естен шығармау үшін, ел мен мемлекеттің болашаққа таратқан бағытын анықтау үшін қызмет жасайтын феномен. Оның бір міндеті елдің тұтастығын, оның ішкі жақындық өзегін ұстап отыру. Осы тұрғыдан қазақ шежіресінде артық-ауыс ештеңе де жоқ. Көбінесе қазақ құрамына кірген рулардың тарихы, олардың шығу тегі, этностың ішіндегі ірі-ірі тұлғалардың өмір мен ерлік істері, мемлекет мүддесіне қажетті атқарған қызметі баяндалады. Сонымен бірге таза идеологиялық тұрғыдан шежіре аңыздары мифтік сюжеттерді де игеріп, ел тұтастығына, жолына сәйкес болуы үшін қисынсыз әңгімелерді жасайды. Этнографиялық тұрғыдан "шартты туыстық" үлгісін жасау тек артта қалған халықтардың мәдени жетістігі емес, ол мемлекет мүддесі үшін жасалатын қадам. Осы тұрғыдан алғанда Мәшһүр Жүсіп шежіресінде қазақтың өзге шежірелерінде баяндалатын қазақ халқының шығу тегі, оның үш жүз болып тарауы тек жоғарыда сипатталған мақсаттар тұрғысынан ғана түсіндіріледі.

Қазақ шежіресінде де уақыт межесі жоқ, бәрі де ұлылардың өміріне байланысты құрылған -Шыңғыс хан, Жошы хан, Қасым хан, Абылай хан олардың өмір сүрген уақыты -тарихи уақыт. XVI-XVII ғғ. қазақтарға қатысты дәстүрлі уақыт кестесі Әз Жәнібек, Қасым, Ер Есім, Салқам Жәңгір, Әз Тәуке хандар атына байланысты жүйеленеді. Нақты жыл санауға негізделмегенімен билік реті тарихтың ағымын көрсетеді. Сонымен қатар оқиғалардың хронологиясы да тәртіпті ретке түсіруге көнеді -"Ноғайлы", "Қара қалмақ", "Құба қалмақ".

Қазақ шежіресіндегі уақыт пен кеңістік проблемалары жыр-толғаулар мен тарихи жырларға қарағанда толығырақ және нақты. Уақыт межесін анықтаудың бір өзегі шежіредегі ірі мемлекет қайраткерлері хандар мен сұлтандардың, билер мен батырлардың істері. Бұл тұрғыдан алғанда жазбаға ертерек іліккен шежіре варианттары көбірек ақпар береді.

Қазақтың қайдан шыққаны				
Уақыт межелері	Кеңістік межелері	Тарихи оқиғалар мен тарихи тұлға	Мифтік элементтері	Қосымша этнографиялық деректер
1	2	3	4	5
1445 ж. Өз Жәнібек хан немере інісі Шаһкерей ханмен-нен тәмам қазақты алып.Есен Бұғаның баласы Тоқлұқ Темірханға қарады.	Шудағы Шағатай	<p>Дайрықожа Әбілхайыр ханның сүйікті қазысы екен. Қазақтың ханы Өз Жәнібек хан еді. Өз Жәнібектің шын аты Әбисагид еді.</p> <p>Әбілқайырға өкпелеген себебі біздің қазақ былай айтады: Дайыр-қожа мен Қара қыпшақ Қобылан-ды арасындағы реніштен кейін Өз Жәнібек Әбілқайырға өкпелеп Шудағы Шағатай нәсілінен Есенбұғаның баласы Тоғұлық Темірханға қарады.</p>		<p>Өз Жәнібек Тоқай Темір нәсілінен Барак хан баласы еді.</p> <p>Шаһкерей Жәнібектің немере інісі.</p> <p>Шағатай нәсілінен есен Бұғаның Тоқлұқ Темірханға қарады.</p> <p>Біздің қазақтың арғын атасы Қотан ақын дейтұғын осы.</p>
Өз Жәнібек қазақты қашқардағы Шағатай нәсіліне қаратқан соң		<p>Біздің қазақтың үш жүзге бөлінгенін қазақтар былайша айтады.</p> <p>Қазақты қашқардағы Шағатай нәсіліне қаратқан соң, кешікпей сол қазақты һәм көшпелі басқа елдерді Жүніс ханның Ахмет деген баласы билеп, оның ағасы Жәнеке шын аты Махмұд деген,Ташкентте үлкен хан болыпты.</p>	Ахметханды қалмақтар Алаш қойыпты. Мағынасы «Жан алғыш» дегені, оны есіткен соң Ахметхан қалмақ бұл атты қорыққан соң қойды,енді қалмақты шапқанда «алашылап» ша-быңдар деген соң, қазақ-тар алашы деп шау-ып,сол қазаққа ұран болыпты. «Алаш-алаш болғанда, Алашы хан болғанда,	Сонда Ахметхан қазақтың әскерге жараулысын үшке бөліп, ұлы жүз, кіші жүз,орта жүз деп қалмақты шаба берген соң.

			қалмаққа не қылмадық» деп қазақ-тың мақтанатұғыны сол	
Сонда Есімхан Тұрсын ханды өлтіріп Қатағанды шапты дейді. Тұрсын ханның қызы Қоңырбике сол 1628 жылы алып келінген болатын.	Үргеніштегі өзбектер	Әбілғазы Баһадүр хан туысқандарымен хандыққа таласып, Үргеніштегі өзбектер бұзылып, үш бөлініп кеткенде, Есім хан қолына келіп тұрдым дейді. Сонда Есім хан мен Тұрсын ханды өлтіріп, Қатағанды шапты дейді.		Біздің 9-шы атамыз Сарының қатыны Тұрсынханның қызы Қоңырбике. Сол Қоңырбикеден біздің 8-інші атамыз Кішік пен Мәмбет сопы туыпты.
Өз Тәукенің тұсында 1690 жылы шамасында Өз Тәуке өліп, орнына баласы Болат хан болды. 1723ж қазақ қалмақ соғысады.	Қазақ Амударияда тұрғанда Күнбатыс	Өз Тәуке өліп, орнына баласы Болат хан болды. Ол келген кезде қазақтың бұрынғы жанжал-төбелес болып, ақырында 1723 ж. Қазақ, қалмақ болып жиылып соғысқанда қалмақтың бастаңғы Цеван Рабдан қазақтың көбін қырып, қалғанын қуып жіберген. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама»		Ақжар деген түрік нәсілінен бір Надыр шаһ деген мықты кісі шығып, парсы жұртын қаратып алғанда, қазақ сонан қорқып, қайта ауып, Сырдарияға келіпті. Осы Ақтабан шұбырында болып ауғанда-ұлы жүз Есіл, Нұра, Сарысуға барды. Қыпшақтар онан ары Арал көлі менен Ақ теңізге барып, Башқұрттар менен кіші жүздің алшын, онан күнбатыс хәм сол түске барды.

Үш жүздің енші алысуы				
1	2	3	4	5
Аласа ханға айтысқан Қазақбайдың үш ұлы	Орта жүзден таралған Қоныс алған Арқадан	Төре менен қазақтың Қосылған әуе жерінен Әуел баста атамыз. Қазақбайдың ұлының, Үйсін екен үлкені,- Орғаншысы Орта жүз Арғын мен қыпшақ қоңырат Керей мен найман және уақ Алты арыс боп жаралған.	Аласа хан	Залымға тыйым болмады. Момынды жеп бітірді. Төре атасы Аласа, Әуел баста атамыз. Үш жүзден шыққан үрімнен Қарық олжаға батысқан. Қазақбайдың үш ұлы Аласа ханға айтысқан. Қазақбайдың үш ұлы Мұраға даулы болған ба Аласа төрем сынашы Үшеуі келді таласа. Билік айтты Аласа Үш жүздің енші алысуы.

Қазақтың тарихи фольклорындағы уақыт пен кеңістік мәселесін анықтау туралы жеке зерттеулер жүргізу тарихи тақырыпқа жазылар еңбектердің алғы шарты. Уақыт пен кеңістік межесін анықтай алмай тарихи фольклорды тарихи зерттеуге енгізу қауіпті. Фольклор негізінде жазылған еңбектерде әр түрлі хандардың атқарған қызметі бір-біріне телініп кетуі, әр түрлі батырлардың жасаған ерліктерінің де араласып жүруі, ал би бөздері дейтін қанатты сөздердің авторсыз қалуы осыған байланысты. Тек уақыт пен кеңістік межесін жақсы айырғанда ғана тарихи дәуірлерге дұрыс баға беруге мүмкіндік туады.

2 ҚАЗАҚ ТАРИХИ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ XV-XVII ҒҒ. САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК СИПАТЫ

2.1 Алаша хан туралы аңыздардағы этносаяси тарихқа байланысты деректер

Қазақ ауыз әдебиетінде Алаша хан, Алаша жұрты туралы генеологиялық аңыздар жақсы сақталған. Өзге түркі-мұңғыл елдеріне қарағанда бұл аңыздардың этногенетикалық мағынасы басым және жазбаша шежіренің үлгілеріне қарағанда толық. Қазақтың этникалық тарихын қазақ шежіресін, аңыз-жырларын пайдаланып, негізге алып жазу бүгінгі күні ғылымның алдындағы абыройлы міндет. Оның алғашқы нышаны деп «Қазақ тарихының» жаңа академиялық бес томдығына енген Алаша туралы аңызды айта аламыз[122,35]. Бұл аңыздар «алапес» баланың өмірге келуімен басталып, оның көп уақыт жалғыздықтан жапа шегіп соңын да хан болуымен, одан қазақ этносының өмірге келуімен аяқталады. Алаша туралы Еуразия көшпелілерінің аңыз-әңгімелері ерте заманда хатқа түсіріліп, далалық ауызша тарихнаманың жазбаша үлгілерін қалыптастырды. Мұндай қазына қатарына Рашид-ад-дин, Әбілғазы Баһадүр, Шәкәрім Құдайбердиев, Құрбанғали Халид, Мәшһүр Жүсіп Көпеев жариялаған шежірелер енеді[4;7;88]. Олардың еңбектерінде қазақтың Алаша ханы туралы біршама мәліметтер аңыз негізінде өрбіп, Алаша ұрпағы, үш жүз туралы кең баяндалады. Сонымен қатар Алаша жайындағы әңгімелер ауыз әдебиетінің үлгісі ретінде фольклорлық жинақтарда кездесетіні бар(В.В.Радлов, Г.Н.Потанин жинаған нұсқалар)[87;10]. Алаша ханға және алаш жұртына байланысты өзекті мәселелерді қозғап, этникалық тарих туралы пікірлерін білдірген ғылыми зерттеулер де бар. Атап айтқанда, Ш.Ш.Уәлихановтың, Н.А.Аристовтың, А.П.Чулошниковтың зерттеу-лері[17;20;23].

Фольклорлық нұсқаларда, далалық ауызша тарихнама үлгілерінде және ғылыми жинақтарда жарияланған Алаша туралы аңыздар «ала», «алапес» баланың образымен тікелей байланысты.

«Ала», «алапес» –ерекше жаратылысты білдіретін қасиетті ұғым да болуы мүмкін. Бұл тұрғыдан әлем халықтарының дүниетанымында жиі кездесетін «ақ» –альбинос тақырыбына ден қою керек сияқты. Екінші мәселе қазақ фольклорында жиі кездесетін «тазша» образы. Оның жағымды кейіпкер есебінде қай уақытта фольклорға енгенін сараптап көруге болады. Үшіншіден көне грек жазбаларында Еуразияның ерте көшпелілеріне [сақ] қатысты мәліметтер Алаша туралы ізденістерге қатысты деп ойлаймыз. Қазақ жерін мекендеген көшпелі аргиппей тайпасы жайындағы Геродот дерегінде: «...Живут другие скифы, прибывшие в эту местность по отделения от царственных скифов... Что все они, как мужчины так и женщины плешивы от рождения, плосконосы и с большим челюстями и речь у них особая, одеваются по скифский..., скота у них мало, потому что тамошние пастбища скудны. Каждый из них поселяется

под деревом, которое на зиму прикрывается толстым белым войлоком, а на лето оставляется открытым. Никто из людей не обижает их, потому они считаются священными: нет у них никакого вооружения... Название этого народа аргиппей» делінеді[123,25].

Аргиппейлердің шығу тегі және тағдыры ғылыми тұрғыдан талданбағандықтан нақты пікір айту қиын, дегенмен олардың ғұн көшпелілерінің оңтүстік бұтағы «ақ ғұн» эфталит тайпасымен де байланысты болуы мүмкін. Бұл күрделі мәселе салмақты деректерді және тың зерттеу тәсілін қажет етеді.

Енді ала, алапес ұғымдарының этимологиясын жоғарыда айтылған дерек көздері бойынша қарастырайық. Қ.Халид шежіресінде бұл әңгіме: «Бір ханның ұлы алапес (денеге түсетін ақтандақ) болғаны үшін қасына үш жүз кісі қосып қаладан шығарып жіберген –деп басталады[87,56-57]. Мәшһүр Жүсіптің шежіре жазбасында: «...Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» –деген болыпты. Тоғыз ханды қолынан таққа отырғызған кісі екен деседі. Сол заманда қырық ханның бірі болған Қызыл Арыстан хан Бұхарада тұрып хандық қылған екен. Бір өзінде он бес азаншы жұма күні азан айтады. Мұнараны сол Қызыл Арыстан хан жасатқан деседі. Бәйбішесінен бала болмай, Қызылаяқ деген бір елді шауып, ат көтіне салып алып келген бір қызға хан аяқ салып, онан бір бала туып, өзі сауысқанның аласындай ала туып, бәйбішесі өзінен тумай тоқалдан туғандығын іштарлық қылып күндеп, бұл баланды балам деп сақтама, көзін жоғалт, қарасын батыр. Мынау өскенде жұртыңды ала қылып, ала тайдай бүлдіреді деген соң, хан қырық жігітке бұйырыпты; -Мына баланы тапқан шешесін Сырдариядан әрі өткізіп, қоя беріндер. Өлсе өлсін, өлмесе өз бетімен қаңғып күн көрсін деп жер аударыпты. Егіз екі қайтып бұл жұртты мына қатын мен балада көрмесін. Сендер де көрмендер» –деп береді[9,60]. Шәкәрім шежіресіндегі Алаша хан туралы аңыз өте қысқа, шежірені бұл мифтік аңызға аса сене қоймаған[89,60]. Шежіре деректер бойынша ала ұғымы «алапес» ауруын туындайды. Аңыздың негізі көне заманға барып тіреледі. Аңыздың мазмұнына қарағанда Алаша –мифтік образ. Г.Н.Потанин нұсқасы бойынша: “Қазақ-қырғыз жұртына ру басы болған Қотан заманында бір ханның екінші әйелінен туған бала ала болады». Яғни бұл аңызда да Алашаға байланысты денеге түсіретін ақтандақтан ала болғанын айтады[10,67-63]. В.В.Радлов жинағындағы Алаша образында баланың елден ерекше ала болып тууына қатысты[114,256].

Ал, Шоқан жазбаларында Алаша Абдолла ханның баласы делінеді: «Давно очень, был в Туране государь по другим Абудл-Азис хан, этого государя был прокаженный сын, названный потому Алача-пестрый. Отец его исполняя древний обычай изгонять всех одержимых этой прилипчивой язвой, изгнал и сына своего»[102,158-159] Алашаның өмірге «ала» болып келуі туралы көне аңыздар әлі күнге дейін айтылып жүрген қазақи қария сөз мазмұнымен ұқсас. XIX ғ. соңында қазақ этникалық құрамының тарихын жазған Н.А.Аристов «алапес» деген халықтың Vғ. өмір сүргені

жөнінде қытай мәліметтеріне сүйеніп жорамал жасайды және олардың ертедегі динлин тайпасымен байланыстылығы бары сөзсіз екенін жазады: «Динлиндердің соңғы жұрнағы солтүстік-азиаттық арийлердің арасынан кездесетін сопақ басты және ақшыл түсті болып келетін тайпалар. Бұлар V ғ. өзінде «алапес» [ала] халық деген атпен белгілі. Мүмкін «Алшын», «Алаша» осы тайпа өкілдері» болар. Бұлардың атамекені Монғолия мен Оңтүстік-батыс жерлері «Алакшын» деген атпен аталған[20,80].

Аңыз-әңгімелерде Алашаны «ала», «алапес» ұғымдарынан шыққан туынды делінгенімен біздің пікірімізше бұл атау мүлде басқа мағынадан туындаған. Ала сөзінің әуелгі мағынасы «биік» дегенді білдірген. Мәселен, Алатау, аламан біріккен сөздерін алайық. Е.Қойшыбаев «Қазақстанның жер-су аттары сөздігінде «Аламан»-тау аты. Көне тілдерде –ман, -ван форматтары жебеуші, сақшы мағынасын, береді. Аламан –тау перзенті, тау елі мәндеріндегі қазақ этнонимі[124,72], ал «Алатау-биік дегенді білдірген», -деген талдау жасаған.

«Ала» шежіре айтушылардың түсінігінде тек, түс көрсеткіші немесе алапес аурының мағынасында ғана сақталып қалған. Аңызға айналған көшпелілердің түп атасы осы алалығымен өзгеден бөлек, елден ерекше. Оның қарапайым адамдардан осы алалығымен бөлектенуі, ерекшелігін көрсетеді. Ол -өзгеше, түр-тұлғасы айрықша. Елден бөлектеніп, ерекшеленіп жүретін адамның табиғаты өзгеше болып келетіні аян. Алашаның табиғатының өзгешілігі жайлы сөз қозғаған А.П.Чулошников Алашаны «мифтік тұлға» деп көрсетеді[23,273]. Көшпелілердің түсінігі бойынша мемлекет билеушісінің ақыл-ойы артық, қабілеті жеткілікті тууы ерекше (сакральды) болуы керек. Аңыздар мен зерттеулерді саралай келе қазақ этносы қалыптасар кезде бұл атау алғашқы мағынасын жоғалтып көшпелілер қоғамына қажетті генеологиялық сипаттағы идеологиялық образға айналғанын аңғарамыз. «Халық өзінің шығармаларында белгілі адамның бейнесін ғана өзгертіп қоймайды, оның ең алдымен, ісін, сөзін қалауынша ел тілегіне бейімдеп, өндеп, өзгертіп жібереді» –дейді шешендік сөздерді зерттеуші Б.Адамбаев[125,90]. Алаша хан туралы аңыз астарында «тазша бала» бейнесі сипат табуы мүмкін деген жорамалға келсек, қазақ ертегілерінде кездесетін тазша образы бойына түрлі қасиетті жинаған. Оның қырық өтірік айтуы ой-қиялының тереңдігін, тапқырлығын, дүлей күштерден айлалы-ақылымен қаһармандығын аңғартады. Бір сөзбен айтқанда, аңыздардағы кейіпкерлердің бір-бірімен ұқсастығы көшпелілердің дүние-танымының әртүрлі сатысында пайда болып отырған деген тұжырымға әкеледі. «Тазша» этногониялық сипатынан айрылғанымен Алаша туралы мәліметтердің ең көне нұсқасы болуы мүмкін.

Қазақтың белгілі шежірешісі Қ.Халид еңбегінің Алаша атауына байланысты І-ші уәжінде «бағзылардың айтуы бойынша Алаш пен Алаша ханды атағанын. Алынша хан жалпы хандардың басы, моңғол мен татардың атасы екенін айта келіп:

«Алаш, Алаш болғанда,

Алынша хан болғанда.
Қазақ, қалмақ, ноғайлар.
Бәрі сонда бір болған.
Ынтымағы жарасып,
Жайқұн көлдей бай болған.
Еділ, Жайық, Оралға.
Ортан көлдей жайылған.
Өзбек хан, Жәнібек хан өлген соң.
Ел ішіне жік түсіп,
Үш бөлек болып айрылған,
Қазақ, ноғай қыбылада.
Мұсылманға жан тартып,
Дін үшін қатты қайғырған,
Қалмақ, маңғұл бөлініп,
Кәпірлігі бөлініп,
Күншығысқа қайрылған,
Ішін буды сонда кеп,

Алтайды мекен жай қылған»-деп басталатын ескі жырдың бір үлгісін келтіреді[88,55].

Жырдан аңғарылатын ой –Алынша (Алаша) хан заманында ноғай-қазақ, қалмақ-мұңғұл бір этномәдени системалық өкілдері есебінде аралары ажырамай, ынтымақты өмір сүрген. Тарихи шежірелерге сенсек бұл бірлестік Тоқтамыс хан мен Ақсақ Темір дәуіріне дейін бір хандық болып өмір сүріп, енді ыдырауы басталады. «Қазақ, қалмақ бір кісі, ноғай, қазақ бір кісі» деген мақал осыдан қалса керек. «Осыған орай қарап сарт, ноғай яки, қазақ пен сарт кетіссе «Алаш, алаш» дегенде қазақ, ноғай бір болып, сарт сыртта қалады» –деп қорытындылайды Қ.Халид. Өзбектің түбі көшпелі Дәшті Қыпшақ елі екені ескеріліп, қазақ мақалы «өзбек өз ағам, сарт садағам» дейді.

Қ.Халид үшінші уәжінде аңызды толық келтірген: «.. Қасына жүз кісі қосып алып, алапес баланы қаладан шығарып жібереді. Олар сахара мен тауларды мекендеп өмір сүреді, олар керуендерді тонап тыным бермеді. Оларды тыймақ болып жіберген ханның әскерлері қала берді. Көбейіп елге кірмей қашып жүргендіктен «қашақ» –осыдан келе «ш» дыбысының орнына «з» қолданып, қазақ болған. Ала ханға ергендіктен «алаш» жалпы саны үш жүз болғандықтан «ала үш жүз» болған деседі. Осын үш уәждің ішінде әуелгісі Алынша ханға ыңғайланып «алаш ұранды ағайынбыз» деген ақылға қонымдырақ. Себебі Алынша хан заманында халық мұншалық өспей, аз кезде татар, маңғұл айрылмай бәрі «Алынша ханның елі, Алынша ханның жұрты» атанып, бұл сөз осы кезге дейін ұмытылмай «алты сан алаш» деп айтылады. Сонда «сан» маңғұл, татар тілінде он мың басшысына тән қойылған атақ. Осыған қарағанда Алынша ханның 60 мың жасағы, 60 мың түгін болып, осынша сан бір әміршіге бас игені, ол заманда мемлекетке есеп берілетінді. Ал «алты сан алаш» көптігіне ишара болса керек»[88,57]. Беріліп отырған деректерден біз бірнеше жағдайды

аңғарамыз. Автор қолданып отырған аңыз мұсылман дәуіріне дейін бар дерек көзі. Қазақ аңыздары мен қария сөздері Алашаның көшпелі түркі-мұңғылдың атасы екенін анық сездіреді. Бұлардың тілдері алтай тілі семьясына енеді. Бір-бірінен бөлектенген уақыты ерте дәуір, ғұн немесе сақ дәуірі, дәл анықтау қиын.

Келесі бір көңіл аударарлық жағдай шежіреден сахара мен тауларда өз күндерін өздері көріп, мекендей бастаған көшпелі жұртты көреміз. Яғни, Алаша хан туралы аңыздың ең ескі нұсқалары көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшылық кәсіптерінің ірге ажыратқан заманына сәйкес. Шоқан: «В то же время многие подданные, недовольные жесткостью Абдуллы и побуждаемые голодом, отправлялись лежащие на север от р.Сыр, в пески Каракум и Бурсук, и начали казачествовать. Храбрые и удалые батыры усилились до трех сотен и приобрели в скором времени известность, силу и богатство» –деп шежіре мазмұнынан көшпелі тұрмыстың еркіндігін ерекше аңғарады[102,158]. Оңтүстік Сыр бойына қыстап, Сарыарқаға жайлауға шығу көшпелілердің ерте дәстүріне сәйкес Түркістан алқабындағы отырықшы қоныстардың ірге көтергеніне кемі 2-2,5 мың жыл деп есептесек, көшпелілердің оңтүстікке қыстап, саудасын жасап, жазғы жайлауға солтүстікке көшу салтының қалыптасуына сол меже келеді. Бұл дәстүр сақ, ғұн, түрік қағанаттарына тән. Оның әдемі сипаты «Оғыз наме» жырында кездеседі[126,35]. Қазақ эпосының өмір салты да сол дәстүрге сәйкес қалыптасты. М.Ж.Көпеевтің шежіресі бойынша хан алапес баланы, оны тапқан шешесін Сырдариядан әрі өткізіндер және бұл жерді енді қайтып сендер де көрмендер деп 40 жігітке бұйырса керек. Олар Сыр суынан өтіп, Алатау, Қаратаудың алабына келіп, жан сақтап, күн кешіпті. «Тобылғыдан жақ қылып, жүзгеннен оқ қылып, көзіне көрінгенді қорек қылып, ішіп-жеп құралайды көзінен өткізетін мерген болыпты дей келе, дәл он екі жасында аң аулап жүрген Майқы бидің баласы Үйсінге жолығады. Ол әкесіне келіп айтады. Майқы би оны сәтті күні туған бала екенсің, жеріңе жетпей тұр екенсің деп үйіне алып келіп, елді жинап, ала бие сойдырып батасын береді. Мына баланы жебе қылып бастарыңа шаншыңдар, шөп қылып беттеріңе ұстандар, ту қылып төбелеріңе көтеріңдер. Қаратаудан әрман асыңдар, Шу мен Сарысуды көктей өтіндер. Ұлытау, Кішітау деген таулар бар... Қаракенгір, Сарыкенгір, Айдаһарлы, Құдаберді деген жерлер бар. Соған барып балық салыңдар. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен ел болуды, жұрт болуды ойлаңдар. Күндердің күнінде осы бала хан болады, сендер қараша боласыңдар, хан әділ болса басынан бағы таймайды деп Үйсінді бас қылып іріктеп жүз жігіт қосып жөнелтеді. Сатусыз дүниеге алған соң, қалыңсыз қыз алған соң, ел болмасқа немене, жұрт болмасқа немене? Бұлардың мұндай болғанын Қызыл Арыстан хан естіді. Қотан, Қоғам, Құбан, Майқы билерге елші жіберді. Қотанұлы Болатты жіберді. Бұлар келген соң «қайт» деген сөзді бізге айтпа, өздерің қайтпа деген соң келгендер өздері де қайтуды керек қылмады. Қоғамұлы Алшынды жүз жігіт қосып жіберді. Он үш ақсақал қосты. Есеп саны он үшке жетсе, дүние жүзі жиылып жау болса,

бетіне келмейді деп айтылған сөз бар дейді. Бұлар да орнығып тұрып қалыпты[8,60-62].

Дәл осы аңыз Г.Н.Потанин материалдарында да бар. Аңызда жұрт болып өмір сүре бастаған Алаша елі туралы баяндалады.[10,67] Әбілғазының шежіресіне қарасақ олардың мекен еткен жері Айқыран мұран деген судың жағасы. «Айқыран мұран қырғыз уәлаятының тұсынан өткеннен кейін оған жан-жақты кішкене өзендер қосыла-қосыла үлкен өзенге айналып, Ащы теңізге барып құятын құйар жерде теңіз жағасында үлкен шаһары бар, айнала кенттері көп болар еді. Көшіп жүрген малды ауылдары да болды. Жылқылары ірі болады, жабағысы біздің құнан жылқымыздай, жылқыларының бәрі ала, өзге түсі болмас еді. Шаһарының аты Алақшын еді, шаһарға жақын жерде күміс кені болатын. Ол елдің қазаны мен аяқ-табағы бәрі күмістен жасалар еді. Өзбектің «ала жылқылы, алтын ошақты» деуі содан» –дейді шежіреші[4,35]. Көшпелілер тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын бұл деректе Алаша жұртының шаһарының аты Алақшын аталады. Әбілғазы бұл мағлұматты Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағынан» алып қолданған. Екі дерек те Алашаны көшпелілердің атасы деп көрсетеді. Алаша хан туралы шежірені ең алғаш хатқа түсірген[1380ж]. Рашид-ад-дин адам баласының тарихын Нұх пайғамбардан бастап тарата келіп «түрік жұрты ертеден Яфетті Алаша хан [Абулджа хан] деп атап келеді. Алаша ханның Нұхтың иә баласы, иә немересі болғанын анықтап білмейді, бірақ оның заманында өмір сүргенін, сол тұқымнан болғанына келіседі. Бүкіл мұңғылдар, түріктің барлық тайпасы көшпелілер түгелдей [даланың елі] соның тұқымынан тарайды. Алаша хан [Абулджа хан] көшпелі болған, оның қонысы керемет үлкен және биік таулары бар Ортақ және Қазтақ деген жерлер, сол шамада Инандж аталатын қала бар. Алаша ханның [Абулджа ханның] қысқы тұрағы да сол жерде, Борсық, Қакьян және Қарақорым деген жерлер. Осы жерлерге жақын Кәрі Сайрам және Талас деген қалалары бар» –деп жазады[3,80-81]. Ұлы тарихшының бұл жазғаны қазақ аңыздары арқылы нақтылана түседі. Біз Алаша ханның көшпелі өмір салтының қалыптасуымен, түрік-мұңғыл руларының тәуелсіз өмір сүруінің басталуымен тікелей байланысты екеніне осылай көз жеткіземіз.

Алаша хан туралы аңыздар неге сонша ұзақ уақыт сақталады, неге қазақ Алаш еліміз деп атайды өзін. Бұл сұрақтарға жауап бермее бұрын Алаша хан күмбезі туралы айтпау мүмкін емес. Сырдарияның арғы жағын қыстап, Сарыарқаны жаз жайлаған көшпелі рулардың ендігі жерде өздерін танытпақ болып, бірігіп жұрт болғанының ең қасиетті белгісі Алаша күмбезі. Аңыз бойынша Ұлыс басшысы болып Алаша сайланады. Алапес туған баланың аламан ісі Алашаның хан аталуына басты себеп болса керек. Бұл көшпелілер табиғатына тән қасиет «Енді біз ел болғанымызды, жұрт болғанымызды жұрт көзіне түсрейік деп, баяғы ала баланы алашаға салып, Ұлытаудың басына алашамен көтеріп шығарып, хан көтереді» –деп жазады М.Ж.Көпеев[8,60]. Оған «Алаша хан» деп ат қояды. «Алаш» деген атты ұранға қойып, жауға шапқанда «Алаш, алаш» деп шабындар «алаш,

алаш» демегенді әкенде болса ұрып жық деп бата қылысыпты. Кеше «Алаш, алаш болғанда, үйіміз ағаш, ұранымыз Алаш болғанда үш жүздің баласы қазақ емес пе едік» деп айтылған сөз содан қалады» Алаштың хандығының алғашқы қимылдары шежіре бойынша осылай.

Шоқан Уәлиханов «Қазақ шежіресінде» Ақсақ Темірдің Тоқтамысқа шабуылы [1392ж] кезінде, қазақ хандарын өлтіргені жөнінде және олардың Алаша тұқымынан екенін жазады. «Если Тамерлан, во первый свой поход в 1392 г. на Тохтамыша, убил детей Алача и первого хана казачьего, то приблизительно можно полагать, что сам Алач мог жить в середине XIV столетия». Осы мақаланың екінші бір жерінде Ақсақ Темірдің Тоқтамысқа қарсы алғашқы жорығында қазақ даласы арқылы өтіп, Ахмет пен Сәмет деген хандардың өлтіргенін жазады. «Аксак Темир в первый свой поход на Тохтамыша проходя через кочевье казаков Каракума, заметил их, разгромил их улусы и повесил двух ханов –Амета и Самета и отправил к ним для распространения истинных правил веры и для искоренения шаманства учителей машаиха» [102,23]. Яғни, XIV ғ соңында қазақ жерінде билік еткен Әмет пен Сәмет хандарының Алаша тұқымы екендігі –мыс.

Алаша хан тақырыбын зерттей отырып Шәкәрім шежіресінен Шыңғыс тұқымынан Жәнеке, Ахмет сұлтан есімдерін кездестіреміз. Шәкәрім Ахмет ханның Алаша хан аталғаны туралы жазады: «Өз Жәнібек хан қазақты Қашқардағы шағатай нәсіліне қаратқан соң, кешікпей сол кезде қазақты һәм көшпелі басқа елдерді Жүніс ханның Ахмет деген баласы билеп, оның ағасы Жәнеке шын аты Махмұд деген, Тәшкентте үлкен хан болыпты. Сонда Ахмет деген қазақтың жараулысын үшке бөліп, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деп қалмақты шаба берген соң, қалмақтар Ахмет ханды «Алашы» қойыпты. Мағынасы «жан алғыш» дегені, оны есіткен соң Ахмет хан қалмақ бұл атты қорыққан соң қойды, енді қалмақты шапқанда «алашылап» шабындар деген соң қазақтар «алашы» деп шауып сол қазаққа ұран болыпты. «Алаш, алаш болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмадық» –деп қазақтың айтатыны сол [89,24]. Шәкәрім Құдайбердиев қазақтың Алаша ханын Моғолстан сұлтаны Ахмет-Алашпен байланыстырғанды жөн көреді. Шоқан мен Шәкәрім келтірген аңыздар кейінгі заманға қатысты болғанымен, көне шежіренің кейбір деректерін үлгіге алғаны себепті әлі де зерттеуді қажет етеді.

Алаша хан туралы аңыздардың ішіндегі көне нұсқасы болып табылатын Әбілғазы кітабында ол Алаша хан заманында жұрт байып, дәулеті тасығанын айта келіп, «әр кісі өзінің ең қимас адамы не ұлы, не қызы, болмаса аға-інісі өлсе, соған ұқсатып, қуыршақ жасап қоятын болған, бұл пәленшенің суреті деп оны сүйер еді, ас келгенде оның алдына ас қойып, көзін сүртер еді, оған бас ұрар еді. Бұндай әдет қайталана-қайталана пұтқа табынуға әкелді» –дейді [4,35]. Бұл нұсқада аңыздың мазмұнының көнелігін аңғартады. Әбілғазы Алашадан Татар мен Моңғолды таратады. Оның айтуынша, көп жылдар бойы патшалық қылған Алынша (Алаша) хан заманында барша жұрт мұсылман болған. Генеологиялық шежіре бойынша Алаша Нұх пайғамбардың 8-ші атадан

келетін ұрпағы. Ғалым Г.Н.Потанин нұсқасында Алаша хан қазақ-қырғыз ру басы Қотан заманында өмір сүрген бір ханның баласы[10,68].

Сонымен деректердің бәрі Алашаның хан тұқымынан екенін көрсетеді. Көшпелі қоғамда хандық билік мемлекеттіліктің кепілі. Ендеше Алашаның әр жағында мемлекеттіліктің негізі тұр. Мәселен, «Алынша ханның жұртының 60 мың жасағы [мүмкін 60 мың түтіні] осынша бір әміршіге бас игені ол заманда мемлекетке есеп берілетіндігі»—деген Қ.Халидтің пайымдауы жанды[88,56]. Көшпелілердің империясының мемлекеттік құрылымын қалыптастыру үлгісі ерте заманда қалыптасып, оның саяси және патесторлық (рулық) институттары дәстүр ретінде ортағасыр және жаңа заман көшпелілерінде сақталып қалған.

Ұлыс басшысы болып сайланған Алашаның мифке айналған тұлғасы назар аудартады. Мемлекет тағдыры мен адам арасындағы байланыстығыз. Мұнда көшпелі қоғамның мемлекет идеологиясына ерекше көзқарасы жатыр. Шежіре деректерін салыстыра келе, Алаша Қазақ хандығынан ертерек өмір сүрген және Ахмет Алаштың ол образға қатысы жоқтылығын анықтаймыз.

Алаша бейнесінің мемлекет идеясымен тығыз байланыстылығының және ол идеяның жаңғыруының бірден-бір дәлелі —Алаша мазарының салынуы болса керек. Қазақ хандығының негізін Әбілхайырға қарсы күрескен рулар салған болса, Алаша хан мазарында салған солар деп топшылаймыз. Бұл XV ғ. құрылған Қазақ хандығының құрылу себептері Шәкәрім шежіресі: «Арғындардың арғы атасы Дайырқожа ханның сүйікті қазысы екен. Әділ айтқандықтан Ақжол атаныпты. Және Қарақыпшақ Қобыланды батыр да Әбілхайырға сүйікті екен. Екеуі ішінен жауласып жүргенде, бір күні далада Қобыланды батыр Дайырқожаны өлтіріп кетіпті. Әз Жәнібек хан біліп, Қобыландыны шарифат бойынша қысас қылып өлтіруге сұрапты. Әбілқайыр хан берейін десе, көп қыпшақ бұзылатұғын болған соң, бере алмай үш кісінің құнын алып бітім қыл деген соң, Әз Жәнібек хан өкпелеп кеткені, біздің қазақта мақал болып жүрген «Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным» деген сөз Дайырқожаның сүйегін айналып жүріп жылаған әкесі Қыдан тайшы деген кісінің сөзі, аты Қыдан еді, тайшы дегені өлеңші, ақын дегені. Біздің қазақтың арғы атасы Қотан ақын дейтұғын осы» деп баяндайды[89,24]. Шежіре дерегін археологиялық зерттеулердінде беретін дәлелі бар. Оның бір олжасы Алаша хан мазарынан табылған таңбалар, соның ішінде төре тұқымының таңбасымен бірге, арғын тайпасының да таңбасы [оо[кездесуі, мазардың салынуы шамамен Қазақ хандығының жеке шаңырақ құру кезеңімен байланысты екенін дәлелдей түседі[128,65].

Қорытындылай айтсақ, Қазақ мемлекеті мен хандығының тарихын Алаша хан туралы аңыздар нақтылай түседі. Осы кезеңге дейін тарихшылар қазақ аңыздарының дәлелді жобасын жоққа шығаруымен болса, енді қайта оралу қажеттілігі сөзсіз. Себебі, Алаша хан тек миф емес —ол бірнеше мың жыл бойы көшпелі түркі-мұңғыл жұртының басын қосып, ал қазақ елі үшін мемлекеттің символы болған тұлға.

2.2 Өз Жәнібек туралы аңыздар. Қазақ хандары және Алтын Орда мұрасы

XV ғ. орта тұсы халқымыздың тарихында кезендік құбылыс. Ол Қазақ хандығының құрылу кезеңі, Қазақ хандығының көсемдері Жәнібек пен Керейдің «көшпелі өзбек» мемлекетінен бөлініп шыққаны тарихтан белгілі. Ғылыми әдебиетте жазбаша деректердің, көбінесе шығыстық деректердің негізінде XVғ. орта тұсындағы Орта Азиядағы саяси-әлеуметтік мәселелер жан-жақты талқыланды[2;44]. Дегенмен қазақ фольклоры бұл заманның әлі де анықтауды керек ететін қалтарыс-құпияларымен таныстырады.

Шәкәрім қажы Қазақ хандығының XVғ. ортасында дүниеге келу себебін суреттей отырып: «Сонда қазақтың ханы Өз Жәнібек еді, Әбілхайырға қарап тұрушы еді. Өз Жәнібек ханның шын аты Әбусағид, Тоқай Темір нәсілінен Барақ хан баласы еді» –деп баяндайды шежіресінде[89,22]. Жазбаша тарихи мәліметтер бойынша Жәнібек Әбілхайыр мемлекетінің құрамында болғанда әлі хан емес еді. Әбілхайыр басқарған «көшпелі өзбек мемлекет» құрамында түркі –мұңғыл тайпаларынан: арғын, қыпшақ, найман, үйсін т.б. рулары болатын. Олардың бәрінің басын қосып қазақ шежіресі “Тоқсан екі баулы өзбек” немесе “тоқсан екі баулы қыпшақ” деп атайды. Кейіннен қазақ ханы болған Жәнібектің шын аты Әбусағид екенін Әбілғазы шежіресі де дәлелдейді. «Өз» атауы Алтын Орданың ханы Өз Жәнібекке [1343-1357 жж.] қолданылғанын ортағасырлық деректер мәлімдейді[129,33]. Қазақ ханы Жәнібекке қатысты «Өз» атауын қолдану алғаш рет Шәкәрім шежіресінде көрініс табады.

Ал, шығу тегі жағынан қазақ ханы Жәнібектің Жошы ұлының қайсысынан тарайтыны жөнінде тарихи зерттеулерде екі түрлі көзқарас барын аңғарамыз. Бірінші, көзқарас мәліметтері бойынша Жәнібектің шыққан тегін Жошының үлкен ұлы Орда Еженнен таратады. Мұндай мәліметті ортағасырлық шығармалар Рашид-ад-дин, Натанзи еңбектерінен кездестіреміз. Мәселен, мұнда:»Жошы-Орда Ежен-Сартақтай-Қоныша-Байан-Сасы Бұқа-Шымтай-Орыс хан» –деген ретпен береді[30,66-67].

Екінші көзқарастағылар, Жәнібектің шежіресін Жошының кіші ұлы Тоқай Темірден таратады. Ол туралы ортағасырлық деректерден «Нұсрат-намеде», XVII ғ. жазылған Әбілғазының, Қ.Жалайыридің жазбаларында кездесетін тек шежіресіне сүйенеді. Мұндағы рет мынадай түрде: «Тоқай Темір-Өз Темір-Хожа-Бадық-Орыс хан»[129,39-42;6,119].

Кейінгі зерттеушілерден екі ұдай көзқарасқа ғалымдар Т.И.Сұлтанов, Б.Кәрібаев келіспейтіндіктерін білдіріп өз еңбектерінде дәлелді мәліметтерді саралай келе қазақ хандары Жәнібек пен Керейдің Жошының үлкен ұлы Орда Еженнен тарайтынын дәлелелдейді. Б.Кәрібаев Қасым ханға арналған зерттеу мақаласында: «Қасым ханның ата-бабаларының бәрі әр уақыттарда Дешті Қыпшаққа хан болған» –деген шығыс

деректеріне сүйенеді. Жошының мұрагері болып екінші ұлы Бату билікке келгенімен, Орда Ежен әкесінің тірі кезінде және одан кейін де үлкен сый мен құрметке ие болған. Менгу (Мөңке) ханның оларға жіберген жарлықтарында оның есімі бірінші жазылып отырған. Бұған дәлел ретінде «Жошы әскерлерінің жартысын Орда Ежен, ал қалған жартысын Бату басқарады. Орда Ежен мен Бату ұлыстары бір-бірінен өте қашықтықта орналасты және әркім өз ұлысында билік жүргізді» –дей келе Орда Ежен тұқымының Дәшті Қыпшаққа қатысы Жошының өзге ұлдарының көрі көбірек болды деген пікірді қуаттайды. Сонымен бірге Б.Кәрібаев Қазақ хандарын Тоқай Темірден шықты деп тарату шайбанидтік тарихнаманың қолдан жасаған айласы деп қорытады[54,39].

Ал, Шәкәрімнің Тоқай Темір нәсілінен деп көрсетуі Әбілғазы шежіресі дерегінің негізінде берілген деп түсінген жөн. Шәкәрім сонымен қатар «Әз Жәнібек ханның немере інісі Шаһкерей ханменен таман қазақты алып, Шудағы Шағатай нәсілінен, Есенбұғаның баласы Тоқлұқ Темірге» одақтас болғанын жазады. Және бұл оқиға 1445-ші жылы болғанын келтіреді. Қазіргі тарихи зерттеулер қазақ шежіресінің тарихи датаны жобалайтынын көрсетіп отыр. Әсіресе, пікірлері ортақ көзқарасқа саятын Т.И.Сұлтанов, Б.Кәрібаев, С.Жолдасбайұлы шығыс деректеріне негізделген қисынды дәлелдері арқылы: «Қазақ хандығының құрыла бастаған кезеңі 1458-60 жылдар» –деп көрсетеді[130,32].

Қазақ шежіресі Қазақ хандығының құрылу себебін Қара қыпшақ Қобыланды мен арғын Дайырқожаның арасындағы егеспен түсіндіреді: «Біздің осындағы арғындардың арғы атасы Дайырқожа Әбілхайыр ханның сүйікті қазысы екен. Әділ айтқандықтан Ақжол атаныпты, -дейді Шәкәрім[89,22]. Және Қара қыпшақ Қобыланды батыр да Әбілхайырға сүйікті екен екеуі ішінен жауласып жүргенде, бір күні далада Қобыланды батыр Дайырқожаны өлтіріп кетіпті. Мұны Әз Жәнібек хан біліп, Қобыландыны шарифат жолымен қысас қылып өлтіруді сұрапты. Әбілхайыр хан берейін десе көп қыпшақ бұзылатұғын болған соң бере алмай, үш кісінің құнын алып бітім қыл деген соң, Әз Жәнібек өкпелеп кеткені, біздің қазақта мақал болып жүрген «Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным» деген сөз Дайырқожаның сүйегін айналып жүріп жылаған әкесі Қотан тайшы деген кісінің сөзі» –деп баяндайды[89,22].

Бұл оқиғаның астарында, әрине, Жошы, Шағатай иелігінде болған ірі ұлыстардың өзара келіспеушілігі жатқаны аян. Ақсақ Темір өлгеннен кейін империядағы дағдарыс, тәртіптің болмауы, ішкі тартыс ыдырауға әкеп соқты. Арғындар ол кезде Шағатай ұлысында болғаны деректерден белгілі, ал қыпшақтардың әуелден Әбілхайыр хандығының құрамында болғаны анық. 1446 жыл шамасында Әбілхайыр Сырдария өңіріндегі қалалар үшін Темір әулетімен күресті бастады. Шығыс Дешті қыпшақ жерін (Сарыарқа) қосып алған және оны орталыққа айналдырған Әбілхайыр хан енді одан әрі оңтүстікке белсенді түрде жылжыды. Осының нәтижесінде бұрын Шағатай ұлысын мекендеген көптеген рулар «көшпелі өзбек мемлекетіне» қосылды. Бұлардың ішінде арғын руының көп болғаны сөзсіз.

Ақсақ Темір заманында жазылған еңбектерде арғындардың Темір мемлекетінің құрамында болғандығы жөнінде мынадай мәліметтер бар: әңгіме-хабар Темірдің атынан айтылады: «Из среды 40 аймаков или начальников орд, которые признали мою власть я желал бы, чтобы 12 получили офицерскую тамгу для того, чтобы возвысить их на степень моих доверенных слуг. И я избрал начальников Берласа, Тархан, Аргуна, Салаира, Тумкачи, Дулбди, Могула, Сельдуза, Туга, Капчака, Ерлата и Татара. В орде Аргуна Таш Ходжа я облек в достоинствах восьмого эмира и выбрал 20 лиц из этой орды в минбаши, юзбаши и унбаши»[131,139]. Мұнан көріп отырғанымыздай, арғын елінің Ақсақ Темір қарамағындағы көшпелі 12 орданың ішіндегі беделді ел болғаны көрінеді.

Ш.Ш.Уәлиханов еңбегінде арғындардың негізгі бөлігі Шағатай ұлысында, яғни, Темірдің империясының құрамында болғандығы туралы пікір бар: «...Племя аргын встречается очень поздно в числе народов монгольских Джагатайской орды. У Гулагу была жена из племени аргын. ...Всего больше утверждается это предположение замечательным составом родов киргизских: между ними встречается кипчаков племени золотоординского, аргынов-племени джагатайского, уйсунув-соседей уйгуров и джунгаров»[102,149-157].

Уақыт оза келе екі ұлыс рулары арасындағы қарама-қайшылық жаугершілікке ұласты. Рулар арасындағы жерге талас, саяси бақталастық реніштің басты себебі болуы мүмкін. Осының нәтижесін пайдаланған Әз Жәнібек пен Керей бастаған топ Әбілхайыр билігіне наразылық тудырып, бөліне бастады. Шәкәрім шежіресі нақ осы себептермен «көшпелі өзбек» мемлекетінің өзбек-қазақ болып бөлінуін көрсетеді. Бөлініп шыққан тайпалар ендігі жерде «қазақ» деген атаумен аталды. Осыдан кейін Орыс ханның ұрпақтары Әз Жәнібек пен Керей сұлтандар Әбілхайырға өкпелі руларды бастап Моғолстанға барды. М.Х.Дулатидің еңбегінің екінші дәптерінде баяндалатын: «Джанибек хан и Кирай хан бежали от него в Могулистан. Исан-Буга хан охотно принял их, предоставил им округ Чу и Козы-Баши, который составляет западную окраину Могулистана» дейтін мәлімет Жәнібек пен Керейді қарсы алған Моғолстан ханы Есен бұғаның өзі екенін растайды. Осы жерде орнығып, наразы топ Қазақ ордасы аталатын ұлыстың шаңырағын көтерді[93,195].

Әбілхайыр хан билікке Оңтүстік Сібір жерінде қазіргі Түмен қаласында тұрған өлкеде көтерілген. Бұл жөнінде ортағасырлық жазба деректе: «... в восемьсот тридцатом году, т.е. в году обезьяны Абулхайр в благополучии и счастии утвердился на троне государя и на перестоле владетеля государства... высококопаставленный султан, положением своим равный Сатуруну, снарядов войска ислама и с надеждой на бога, подняв знамя победы одоления, обратил поводья завоевателя вселенной в сторону города Тара»-деп Тобыл [Тара] жерін иемденгені жөнінде жазады[132,152].

Әбілхайыр хан Шибан тұқымы еді [Жошының үшінші ұлы], оның иелігіне Жошы ұлысының ішінен Батыс Қазақстан, Оңтүстік Орал,

Түменге дейінгі жер қазіргі Кіші жүз жұрты тиіп еді, кейіннен Орда Ежен тұқымының әлсіздігін, басты-басты адамдарының Сарай тағы үшін күресіп жатқанын пайдаланып 1440-ші жылдары Әбілхайыр хан ордасын Ұлытауға қондырды: «Абулхайыр хан победносный и достигающий своих желаний, после совершения благодарения и хвалы, направился в сторону августейшей ставки в Орду-Базар, который был столицей Дашт-и Кипчака» деп суреттейді «Тарихи Әбулхаир хани» кітабы[132,155]. Бүкіл Евразияға даңқы кеткен Жошы жұртында өзінің туын көтеру Шыңғыс тұқымынан тараған хандардың бәріне де мәртебе еді. Дерек мәліметінен көріп отырғанымыздай Әбілхайыр біраз уақыт қазіргі уақытта Жошы күмбезі тұрған жерде қоныс қылды. Бірақ, Мәуреннахр жерінде Ақсақ Темір нәсілдері өз ара соғысып, шекарасы босап қалғандықтан сонда жылжиды. 1450-ші жылдары біз Әбілхайырды Сығанақ тағынан көреміз.

«Көшпелі өзбек» – аталған елдің құрамына енген негізгі этникалық компоненттері үйсін, қаңлы, қыпшақ, арғын, дулат, керей, найман, алшын, қоңырат т.б. рулар. Олардың барлығында тегінде бір-бірінен айырмасы аз, біріне-бірі жақын, тұрмыс қалпында ерекше айырмашылықтар болмаған. «Тоқсан екі баулының ішінде түріктің басты-басты рулары бар. Көшушілердің жалпы саны 300 мыңдай» – деп болжайды зерттеуші Т.И.Сұлтанов. Әбілхайырдың қарамағындағы ел «тоқсан екі баулы қыпшақ» атанған елдің негізгі бөлігі, XVI ғ. басында Сарыарқадан Мәуреннахрға көшіп кетті[51,210].

«92 баулы» –ның мағынасына қатысты сипаттама деректі Қ.Халидтен табамыз. Шежіреші «92 баулының» мағынасын «немере», «буын» сөздерінің ұғымымен анықтай түседі. Оның қыпшаққа да, өзбекке де қатысты екенін көрсетеді. «Кейінгі бағзылар 92 санды қыпшаққа тиіс екенін дәлелдеп «92» баулы қыпшақ, «62» баулы өзбек дегенді айтады» – деген бір пікірдің барлығын жаза келе, «ал біздің ноғай тайпасын бағзылар «Өзбек» дегеніне олар көне қоймайды» – деп екінші пікірді жазады Қ.Халид[88,60]. Шежіреші өзінің еңбегінде осы 92 баулы саяси-этникалық одаққа енген рулардың тізімін, аттарын келтіреді.

Қазақ атанған елдің ұйтқысы Әбілхайырдан –бөліне көшкен рулар оның басшысы Жәнібек және Керей хандар болғанын Шәкәрімнен басқа да шежірелер баяндайды. Олар алдымен Шуға ығысып көшсе, кейін Сарыарқаны түгел өзіне қаратты.Қазақтың жеке саяси мемлекет ретінде пайда болуы жоғарыда сипатталған оқиғалардың нәтижесі болса, күрделі этникалық құрамы XV-XVII ғғ. әр түрлі түркі-моңғол руларының одақтасуының көрінісі. Қазақ этникалық-саяси бірлестігінің негізгі ерекшелігі -жүздік құрылымы. Қазақтың үш жүзге таңба үлестіріп, тарихи аренаға шығуы Жошы Ордасының орталығы Ұлытаудан басталғанға ұқсайды. Қазақ аңыздары бойынша үш жүзге бөлінген, рулық құрылымы анықталған, әр рудың этникалық иерархияда орнын бекіткен жер – «Таңбалы тас».

Бұл туралы мәліметті қазақ шежірешелерінің бірі Нұржан Наушабай өзінің «Манзумат Қазақиясында» былай топшылайды:

«Тоқсан баулы айтайын [тоқсан екі З.Е.] тор өзбекті,
Заманында мал біткен зор өзбекті,
Пайғамбардың батасы тиген дейді
Соның үшін байыған сол өзбекті.
Өзбексіз ел бар ма екен таман елде,
Өзбектің өскені осы жайсаң белде,
Тоқсан баулы өзбек айрылыпты,
Таңбалының моласы деген жерде»[90,5].

«Таңбалының моласы» дейтін себебін зерттеушілер қазақ руларының таңбасы салынған жақпар тас жанындағы дөңесте ерте замандағы ескі қорым барлығымен дәлелдейді[133,22]. Оның ішінде баялыш үйіп, оны таспен бастырып, биік қылып көтерген бейіттер көзге түсетіні жазылған. «Таңбалы тас» туралы Мәшһүр Жүсіптің қолжазбасынан да кездестіреміз. «Бетпақ далада «Таңбалы шұбар» деген жер бар. Сонда тасқа басылған таңбалар бар -деп жазады М-Ж.Көпеев, қазақтың таңбалары талас болса, үш жүздің баласы сол тастан барып қарайды»[9]. Мәшһүр қолданып отырған «Шұбар» сөзі Бетпақ даланың «Таңбалы тас» орын тепкен бөлігінде жиі кездеседі. Таңбалы тастан батысқа қарай бірсыпыра жерді алып жатқан Шұбар теңіз бар. Шежіреші таңбаның басылу кезі Алаша ханның тұсы деп болжайды. Мәшһүр жазып отырған Алаша -қазақ елінің мемлекет құрған уақыттағы саяси-этникалық тұтастығының символы болған тұлға.

«Таңбалы тасқа» қатысты біз келтірген деректердегі «Таңбалы мола», «таңбалы шұбар» деген сөздерге қоса, ел аузында «Таңбалы Нұра», «Таңбалы жар» деген атаулар кездеседі. Мұндағы «нұра» сөзінің бірнеше мағынасы бар, ол сөз сулы жер, жар қабақ, дөңге қатысты қолданылады. Бетпақ маңындағы ел биік, тұтас дөңді «нұра», «немесе «саң» деп те атайды. Қалмақ тілінде «нұра» сөзі құлама жар, қабақ деген ұғымды білдіреді және «нұра-көл» сөзінен бөлек. Қазақ тілінде айтылуы жағынан осы екі ұғымның айырмалышығы жойылған[134,345-347].

«Таңбалы тас» естерткішіне алғашқы ғылыми анықтама берген академик Қ.И.Сәтбаев болатын. Ол өзінің Жезқазған өңірінің тарихи ескерткіштеріне арналған мақаласында: «Жезқазған ауданында, Сарысудың төменгі ағысында, Таңбалы Нұра деген жерде, Тасбұлақ деген қайнар басында, өзеннен шығысқа қарай 20 шақырым жерде құлама жартас бар, соның бетінде қазақ халқының құрамына енген түгелге жуық ру мен тайпаларының таңбалары салынған. Халықтың аңызы бойынша дәл осы жерде, Тас бұлақ қайнарында рулардың қазақ деген жана елді құрамыз деген алғашқы тарихи жиналысы болған. Сол кеңестің шешімі бойынша жартас бетінде кеңеске қатысқан ру-тайпалар рулық таңбаларын салған» – дей келіп, Ұлытаудың ертеде қазақтың саяси орталығы болғанын жазады[135,46].

XV ғ. этносаяси оқиғаларға «Таңбалы тастың» қатысты болғандығын шежіре деректері толық дәлелдейді. Оның бетінде бейнеленген ру таңбалары, араб әріптерімен жазылған жазу көшпелі өзбек-қазақ-ноғайлы

бірлестігі ыдырап, әрқайсысы дербес мемлекет ретінде қалыптасуымен байланысты.

Академик Ә.Х.Марғұлан тарихи дәуірлерде осы араны қоныстанған тайпалардың тас бетіне жазып қалдырған белгілері Қазақстан сахарасындағы мәдениеттің бір жарқын түрі дей келе «Таңбалы тас» туралы былай деп жазады: «Саяси мәдени тіршілікті жарқын түрде суреттейтін араб харпымен тасқа жазылған сөздер Бетпақ-дала сахарасында XI ғасырдан XIX ғасырға дейін кездесіп отырады. Мұндай жойқын жазудың тұрған жерін қазақтар ерте заманнан бері қарай «Тамғалы тас», «Тамғалы жер» деп атайды. Ол Бетпақ даланың ортасын қия келіп, ұзыннан созылған шың жартас, Сарысу өзенінен 20-километрдей жер, биік шыңның іргесінде жоғары шалқып тұратын құмай тастар, өте жұмсақ болғандықтан әдемі жазуға да қолайлы болған. Өте ескі дәуірден келе жатқан «Тамғалы тас» жазуы көп ғасырлар ішінде Қазақстан өлкесінде қоныстанған тайпалардың тасқа жазып түсірген мыңдаған таңбалары, ел басқарушылардың қол қойған аттары, ұрандар»[136,1-12] Ғалым зерттеуінде таста ең әдемі сақталған XIV-XV ғасырлардағы қазақтардың араб харпымен жазған сөздері деп атайды. Бұл тасқа жазудың ерекше көрінуі сонша қазақтар әрқашан бас иіп, басшы адамдары таңбасын түсіріп, аттарын жазып жүрген. «Тамғалы тастың» ұлы атаққа ие болуы бұл жерде қазақтар ұлы мереке жасап, ұран шақырып, бір ел болып қосылған жері дейді. Сондықтан бұл тасты бертінгі саяхатшылар «тарихтың зор куәлігі» деп атаған.

Әбілхайыр мемлекетінің құрамындағы көшпелі тайпалардың Шығыс Дәшті-қыпшақ Сарыарқа бойынан Мәуреннахрға жылжуы, осы оқиғаға, сол заманда өзбек немесе қазақ атанып жүрген рулардың қатысы, бір-бірімен ірге ажыратуы толғаулар арқылы, тарихи аңыздар арқылы, тарихи жырлар арқылы, тіпті күй арқылы сақталған.

Шәкәрім өз шежіресінде «Орманбет хан өлгенде, он сан ноғай бүлінгенде, ноғай-қазақ айрылған» деп келетін «ел айрылған» күйінің тарихына қатысты: «Әз Жәнібек хан қазақты алып ауарда Ноғай атанған туысқанымыздың жақсылары қазақтың жақсыларымен көрісіп амандасып жыласыпты, соны біздің қазақ домбырашылары «Орманбет хан өлгенде, он сан ноғай бүлінгенде, ноғай-қазақ айрылған күй» деп бір зарлы күй тартады» –деп жазады[89,21]. Мұндағы Орманбет Жошы нәсілінен тарайтын атақты Ұлұғ Мұхамед хан болуы да мүмкін. Ұлұғ Мұхамед хан өз інісі Кіші Мұхамед ханмен жауласып, сол себепті ноғайлы елінің көп қиыншылық көргені, шығынға қалғаны тарихи шындық, деп жорамалдайды шежіреші. Сонымен қатар XVI ғ. ортасында ноғай ішінде Орманбет мырза деген ел билеушісі де болған.

Ш.Уәлиханов жазбаларына үңілетін болсақ, ноғай-қазақ айрылуына байланысты: «Жүз мың ноғай бүлінген кез, Орманбет хан өлген кез» деген жылау күйді күйшілер қобызда тартқанда ақсақалдардың көзінен жас шығатын еді» –деп жазады[102,166].

Бұл оқиға жөнінде Қ.Халид шежіресінде барынша түсінікті берілген. Алдымен «ноғай-қазақ айрылған күй» деп аталатын күйдің шығу тарихын былай түсіндіреді: «Сарайдағы татар хандарынан Қазанның негізін қалаған, қаланы салдырған Ұлұғ Мұхамед хан інісі Кіші Мұхамед ханмен әке орнына таласып уәзірлер інісін жақтап кеткенін біліп, Ұлұғ Мұхамед мыңдаған татар-моңғол әскерімен бұлғарларға кетіп, жергілікті халыққа хан болып Қазанды сайлады. Кіші Мұхамед Ұлұғ Мұхамед ханнан Сарайды тартып алып өз жеңісін тойлап жатқанда бір зарлы күй тартады. Бұл қандай күй деп сұрағанға «екі ханзада айрылғаны деген күй» деп жауап берген»[88,75-76].

Халид дерегі күйдің шығу тарихын екі ханзаданың Алтын Орда тағына таласып айрылысқан себебімен түсіндіреді. Ал ноғай-қазаққа келетін болсақ, «Ноғай-қазақ қауымы екеуі де Шыңғыстың қауымы, татар-моңғол болғанымен тегі бір, тек екі ханзада себебімен Қазанға барғаны «ноғай», Сарай маңындағы көшпенді татар-моңғолдар «қазақ» атын алған» –деп жазады шежіреші Қ.Халид. Осы тұжырымды шежіреші одан әрі дамыта келіп: «Сарай халқының сахаралықтары –Жәнібек хан заманында қазақ атын алады. «Яғни, екі ханзада айрылған күй» деп Ұлұғ Мұхамед пен Кіші Мұхамедке байланысты айтылса, кейін соларға қараған «ноғай», «қазақ» елдері атымен «ноғай-қазақ айрылған күй» деп атаса керек» – дейді[88,76].

Енді «Орманбет хан өлгенде, он сан ноғай бүлінгенде» деген мәтелдің мағынасына көңіл аударайық. Қ.Халидтің Ұлұғ Мұхамед Орманбеттің билік етуі он шақты жыл шамада ғана болғандығын, оның жаңа қауымынан тұрақты әскери қол ұстап хан көтеруге жарайтын адамдар шыға қоюы мүмкін емес еді деген пікірі көңілге қонымды, «Он сан ноғайдың бүлінуі», Орманбет хан өлген соң болған жергілікті бұлғар халқы мен Орманбет ханмен еріп барған татар[ноғай[елімен арасындағы қақтығыс, өзара алауыздық оқиғасы деп шамалауға болады. Орманбет хан жөнінде келесі бір дерек көзі толғаулар. Ел айрылған заманы Асан қайғының мұраларында әр қырынан танылған. Шежіре дерегі Асанның Орманбет ханның замандасы екенін былай мәлімдейді:

Асанның асыл түбі ноғай деймін,
Үлкендердің айтуы солай деймін.
Бұл сөзге анық-қанық емес едім,
Естігенім тақсыр-ау былай деймін.
Тегінде ноғай-қазақ түбіміз бір,
Алтай, Ертіс, Оралды еткен дүбір,
Орманбет хан ордадан шыққан күнде
Асан ата қайғырып айтыпты жыр[88,11].

Толғау Асан атаның Орманбет хан тұсында өмір сүріп, Алтын Орда ұлыстарының бейбіт өмір сүруіне мүдделі болғанын сипаттайды. Қ.Халид ел аузынан жазып алған Асан қайғының толғауы деп мына жырды мәлімдейді:

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,

Заман азып, заң түзеп жаман болар,
Қарағайдың басына шортан шығып
Балалардың дәурені тамам болар.
О күнде қарындастан қайыр кетер,
Ханнан күш, қарағайдан шәйір кетер,
Ұлың-қызың орысқа бодан болып,
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер[88,12].

Қ.Халид бұл толғауға түсініктемесінде: «Асан атаның сөздерінде өзгеше бір мағыналар көп. Монғол-татар мен сарай хандарының, орыс князьдарының аяқ алыстарын пікірге алып, өз хандарының орынсыз лайықсыз кісі бола тұра ел басқарып, елдің берекесін алып, ақыры мұның соңы Ресей сияқты бір алыптың аузында ыңғай жасарын байқап, соған ишара жасаған» –деп кейінгі тарихи мәліметтермен ұштастырады[88,12]. Орманбет, Асан заманын қазақ шежіресі Астрахан, Қазан хандықтарын орыстардың жаулап алғанымен (1556 ж.) байланыстырады.

Жоғарыда келтіріп отырған толғау «Әй, хан мен айтпасам білмейсің» деген атпен ОҒК қорындағы қолжазба негізінде жазып, жарияланып жүр. Тапсырушы Есентаев Забанның нұсқасы бойынша толғау тексі:

«Әй, хан мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің.
Жайылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп жүрмейсің.
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып, қызып терлейсің.
Өзіңнен басқа хан жоқтай.
Елеуреп неге сөйлейсің?
Қорған салдың бейнет қып,
Қызметшің жатыр ішіп-жеп,...
Мұны неге білмейсің?
Қатын алдың қарадан,
Айрылдың хандық жорадан.
Ел ұстайтын ұл таппас,
Айрылар ата мұрадан,
Мұны неге білмейсің
Құладың құстың құлы еді
Тышқан жеп жүнін түледі.
Аққу құстың төресі
Ен жайлап көлді жүреді
Аңдып жүрген көп дұшпан
Елге жау боп келеді.
Құладың қуды өлтірер
Осыны Асан біледі,
Мұны неге білмейсің?
Тіл алсаң іздеп қоныс көр,
Желмая мініп жер шалсам,

Тапқан жерге ел көшір,
Мұны неге білмейсің?...
Әй, Жәнібек, ойласаң,
Қилы-қилы заман болмай ма?
Суда жүрген ақ шортан
Қарағай басын шалмай ма?
Мұны неге білмейсің?
Қош, аман бол, Жәнібек,
Енді мені көрмейсің!!!»[91,66].

Екі деректегі толғау мазмұндас бір ойды меңзейді. Бұл жерде басын ашып алатын бір мәселе толғаудың қай ханға арналғаны жөнінде.

Қазақ шежіресінің деректеріне қарап толғаудың Қазан ханы Ұлұғ Мұхамед ханға арналуы мүмкін деп жорамалдауға болады. Ал кейбір зерттеулерде осы толғауды бірде Алтын Орданың ханы Әз Жәнібекке телісе, бірде Қазақ ханы Кіші Жәнібекке арналған дейді. Бірінші пікірді қолдаушылар «Орманбет» Ұлұғ Мұхамед ханның лақаб аты дейді. Және соның тұсындағы Қазан хандығындағы бүліншілікті Асан қайғы меңзеп отыр деп дәлелдейді. «Орманбет хан ордадан шыққан күнде, Асан ата қайғырып айтып жыр» –деп келетін Құдабай ақынның сөзі Асанның Орманбет ханның замандасы, әрі жанашыр жақын адамы болғанын, аңғартады. Болашағын болжай айтқан толғауларымен көреген кеңесшісі бола білген.

Екіншіден, Асан Ата толғауының: «Құладың құсқа байланысты, я болмаса, төрені текіден қою, әйелді ақ сүйектен алу керек деген жолдардың жауабын да, Қ.Халид Жәнібекке емес, Орманбетке (Ұлұғ Мұхамед) арналған дейді. Біз мысалға алып отырған толғаудың мазмұнын аша түсетін әңгіменің баяны мынадай: Хан бір күні аңға шығып келіп: «Ата, құладыңды қайырып аққу алғыздым, -деген сөзіне Асан берген жауабы: -Құладың құстың құлы еді, аққу құстың асылы, қара билеп халқыңды, қор болар ханның нәсілі» –деп реніш білдірді. Тағы бірде хан басшылыққа лайық емес адамды бөлен жерге бек қойсам, -деген сауалына Асан ата былай деп сын айтады –Тырнадан жасауыл қойсаң, басыңнан қиқу кетпес, тексізден төре қойсаң, жұртың мұратқа жетпес. Бұл сындары ханға ұнамай қойған соң, хан Асан Атамен тіл табыса қоймайды.[88,75-76] Осы мазмұнда жырланған «Алты атанға қос артып», «Қырында киік жайлаған», «Еділ бол да, Жайық бол» деген Асан қайғы Сәбитұлының толғаулары Ұлұғ Мұхамед [Орманбет]. хан мен інісі Кішік Мұхамедтің кезінде болған тарихи оқиғаларға арналған. Тіпті толғаулары бір бірінің жалғасы болып көрінеді. Мәселен, жоғарыда айтылған «Әй, хан мен айтпасам білмейсің» толғауындағы негізгі ой «Алты атанға қос артып» толғауында жалғасын табады[91,65].

Асан қайғының атынан айтылатын тарихи фольклор үлгілері бірнеше ханның тұсында өмір сүрген дала философ-жырауларының мұраларының жиынтығы. Олардың тарихи нұсқасы Алтын Орданың аты белгілі атақты ханы Жәнібектің тұсында шығарылса керек. Кейінгі қосымша толғаулар

Алтын Орда ыдырай бастаған уақытты, оның ішіндегі ішкі тартыс, ағайынды Үлкен, Кіші Мұхамедтер арасындағы келіспеушіліктерге байланысты. Ш.Құдайбердиев, Қ.Халид шежірелері Асанды осы құлдырау дәуірінде өмір сүрді деуіне себеп айқын. Асанның «қайғы» атануы да қоғам дағдарысын бейнелеуінен өріс алған. Асан ата атынан айтылатын жырлардың біразы қазақ ханы Жәнібек тұсында да шығарылуы мүмкін. Осы орайда М.Ж.Көпеевтің Асан атаның атынан айтылатын сөздерге түсінік беретін мына сөзін келтірген жөн. «Асан қайғы желмаямен жалғыз өзі жүрді. Аузынан естіп қалған ешкім жоқ, бетеге мен көдеге жазып кеткен жоқ. Сонда мұның бәрін естіген Асан қайғының қасында жүрген жолдасы емес, сол айтылған жерлерді аяғымен жүріп, көзімен көріп айтып тұрған...»[137,78-84] Көшпелілердің соңғы империясының дағдарысы, Еуразиялық кеңістіктегі жаңа геосаяси ақуал Асан қайғы атынан айтылатын XIV-XV ғасырлардың толғауларында өз бейнесін тапқан.

Кейінгі тарихи зерттеулерде қазақ ханы Жәнібекті (1453-1474) «Әз Жәнібек» деп атау көрініс тапқан. Ал шын мәнінде «әз» атауы Алтын Орда ханы Өзбек ханның ұлы Әз Жәнібекке (1341-1357) жж. қатысты. Бұл туралы ортағасырлық жазба дерек: «..Ханом стал Узбек. Затем ханом стал его сын Джанибек. Его называли святым Джанибеком» –деп Жәнібектің өзі аталғаны жөнінде атап өтеді[129,33]. Бұл дерек шежіре тарапынан да қолдау табады. XVII ғ. жазылған Әбілғазы шежіресінен мынадай мәлімет аламыз: «Өзбек хан өлген соң, оның ұлы Жәнібекті хан көтереді. Жәнібек хан ғажайып мұсылман патша болды, өзі ғұлама, ибалы, ақылды кісі еді, Сарайшық шаһарында таққа отырды, шариғатты қатаң сақтар еді»[4,116].

Келтіріп отырған екі деректе Алтын Орданың ханы Жәнібектің «Әз» аталуының бірнеше себептерін ашып көрсеткен. Қ.Халид Әз Жәнібектің өте әділ, шарғи мәселелерге жетік болуымен қатар «Әз Жәнібек» лақабын алғанын айта келе, «Әзіз Жәнібек деген сөз, бұл халыққа аса әділдігімен беделді болып көріне білген» –деп бұл жазғанын «Әзіз» –арабша «ғазиз» - қымбат, қадірлі деген мағынаны білдіретінін дәлел етіп бекітеді[88,234]. Шынында да, араб тілінде «Әз» –мықты, қымбатты, құрметті, ғазиз деген мағынада түсіндіріледі[138,513].

Қазақ арасында кең тараған тарихи аңыздардың көпшілігінде Әз Жәнібек атының кездесуі кездейсоқ емес. Бұл әңгімелер Әзіз Жәнібектің даналығы арқылы көшпелілердің арман-тілегін тануға мүмкіндік береді. Аңыздардың бірінде Әз Жәнібекке дүниеде не өлмейтіні жөнінде данышпандық сұрақ қойғызды. Мұны хан өзінің алпыс биіне қойғанда олар былай депті:

«Ағын су өлмейді,
Асқар тау өлмейді,
Аспанда ай мен күн өлмейді,
Әлемде қара жер өлмейді».

Сонда Жиренше шешен бәріне былай деп қарсы шығыпты:

Ағын судың өлгені,
Алты ай қыста қатқаны.

Асқар таудың өлгені,
Басын бұлттың жапқаны.
Ай мен күннің өлгені,
Еңкейіп барып батқаны.
Қара жердің өлгені,
Қар астында қалғаны.
Ажал атқан оқ бір алланың қақпаны.
Дүниеде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді[139,16].

Жоғарыдағы Әбілғазының шежіресінде келтірілгендей Әз Жәнібектің ғұламалығын елге мәшһүр етуде, тарихи тұлғаның ел жадында сақталуына шешендік сөздердің қатысы зор. Түркі-моңғол көшпелілерінің арасындағы тарихи информацияны есте сақтау және кейінгі ұрпаққа жеткізу механизмі ауыз әдебиеті арқылы іске асады. Қашанда табиғаттың тылсым күштерімен тілдесіп, тіршіліктері табиғатпен байланысты деп түсінген қауым өздерін табиғаттың бір бөлшегі ретінде санаған. Көшпелілердің барлық болмысы табиғи ортамен гармониялық қарым-қатынастар түзу ретінде пайда болған тұтас дүние.

Ендеше шешендік өнерде сипат алған: «дүниеде не өлмейді?», «дүниеде не жетім?» немесе «үш арсыз, үш ғажайып, үш жетім» деген терең мазмұнды сұрақтары бір жағынан терең ойлауды қажет етеді, көшпелілер дүние-танымның кең өрістілігін танытады, екіншіден XV-XVII ғғ. ұлыстарының дүдәмәл рухани жағдайын аңғартады.

Аңызда көріп отырғанымыздай Жиренше шешен Алтын Орданың ханы Әз Жәнібектің замандасы деп жобалауға тура келеді. Хан мен Жиренше шешен арасында өзара сыйластықтың орны ерекше екенін келесі бір мына нұсқада: «Қарашаш өліп, Жиренше қартайып» –деп басталады ескі аңыз : «Көріскелі келген Әз Жәнібек далада кездесіп: -Уа, шешенім, тезек теріп жүргенің қалай? –дейді. Сонда Жиренше шешен іркілместен:

-Қатын шайпау, ұл тентек,
Екеуледі, ей ханым.
Кәрілік жеңді, мал тайды,
Төртеуледі, ей ханым.
Басымнан бақтың тайғанын
Көрмейсің бе, ей ханым.
Арқамдағы қу тезек,
Әркімге келер бір кезек –депті»[139,17].

Әз Жәнібек пен Жиренше шешен атынан айтылатын хикаялардың XIX ғ. соңында жасаған адамдардың атына қатысты ауыз әдебиеті үлгілерінен ерекшелігі шамалы. Яғни, бұл фольклор сюжеттеріне қарап тарихи ой-пікір білдіру өте қиын.

Сонымен Алтын Орданың ханы Әз Жәнібекке қатысты делінетін әңгімелер қазақ ханы Жәнібекке, немесе бертінгі уақытқа да тиесілі болуы мүмкін[54,38].

Шежіренің жазба нұсқалары қазақ ханы Жәнібекті «Кіші Жәнібек» деп атайды. Ол туралы Қадырғали Жалайыр: «Оның ұлы [Барактың Е.З.]. Кіші Жәнібек деп атанған. Осы Жәнібек хан атасының ұлысын өзі биледі» –деп жазады[6,114]. Әрине, шежіре деректеріне кейде жансақтық да кездеседі.

Дегенмен бұдан шығатын қорытынды біреу. Қазақ хандығы Алтын Орданың ыдырау процесінде пайда болған саяси ұйым болатынын мойындасақ, қазақ атанған рулардың да Алтын Ордалық дәстүрлерді, құндылықтарда жетекшілікке алған қауым екендігі сөзсіз. Сол себептен тарихи фольклорда Алтын Ордалық Әз Жәнібек пен Қазақ хандығын құрушы Жәнібектің айырмашылығы ескерілмейді, екі тұлға жадыда біте қайнасып ескерілмейді, екі тұлға жадыда біте қайнасып кеткен.

Орыс ханның өмірбаянына қатысты бөлімінде Қ.Жалайыр шежіресі «Оның [Кіші Жәнібек] балалары көп еді...» деп Жағам бикемнен туған Қасым мен Қамбарды, және Үсек хан Жәдік хан -бұл екеуінің анасы бір, Бауыш, Бұйдаш бұл екеуінің анасы бір еді. Қожаш –бұл анадан жалғыз еді» –деп жеті ұлын атап көрсетеді[6,122]. Тарихи мәліметтерде Жәнібектің тоғыз ұлының аты аталады. Ортағасырлық дерек «Нұсратнаме» мен Әбілғазының «Түрік шежіресінде» бұлардың аттары мына ретпен берілген: «Ираншы, Махмұт, Қасымке, Мұхаммедхан, [Шибанимен соғысып, Мұхамедхан шәйіт болады Ә.Б. Одан соң Етік (Әдік), Жаныш, Қаңбар, Өсік, Жәдік»[129,45;4,119]

Қазақ тарихи фольклоры XV ғасырдың ортасындағы оқиғаларды Әз Жәнібек ханмен байланыстырады. Әсіресе Қазақ хандығының құрылуына оның сіңірген еңбегі өлшеусіз. Дегенмен ауызша тарихнаманы зерделей отырып қазақ ханы Жәнібектің өмір баяндық деректеріне Алтын Орда ханы Жәнібектің [1342-1357 жж. басынан өткен тарихи оқиғалар, немесе соның қасиеті еніп кеткен. Түптеп келгенде қазақ фольклорындағы Жәнібек бейнесі [симбиозды] тұлға.

2.3 Қасым хан заманы (XVI ғ. алғашқы ширегі)

Қазақ хандығында Қасымның алдында Керейдің ұлы Бұрындық (жобамен 1474-1511 жж.) билік етті. Бұл жөнінде жазба деректер кездескенімен, ауызша деректер мүлдем жоқтың қасы. Себебі, деректемелерде Бұрындық хандығының ішінде қазақ даласында өзге де сұлтандардың иеліктері, ұлыстары болғаны көрсетіледі. Бұлар Жәнібектің баласы Қасымның Балқаш көлі мен Қаратал өзені маңындағы иеліктері, Әбілғазы тарататын Жаныш, Таныш, Ахмет сұлтандардың және басқалардың иеліктері еді. М.Х.Дулатидің еңбегінде: «Әкесі Керейден кейінгі билікті Бұрындық жалғастырады»–деп көрсетеді[93,195]. Бұдан Бұрындықтың билікке XVғ. 70-ші жылдары келгені туралы мәлімет аламыз. Бұрындық пен Мұхамед Шайбани тұсында сол кезде көшпелі халықтармен сауда жасаудың орталықтары болған Сырдария қалалары үшін Өзбек хандығы мен Қазақ хандығы арасында күрес күшейді.

Бұрындық пен Шайбани арасындағы күрес XV ғасырдың 80-90 шы жылдарында шиелінесе түскен. Шайбани Сығанақта орын теуіп, қазақ жерін өзіне бағындыру саясатын ұстады.

Бұрындық тұсында Қазақ Ордасы Сырдария бойындағы қалалар үшін күресті, осы тұрғыдан Қасым хан билік еткен уақыт ерекше. XVI ғ. басында Орталық Азияда өзіндік саясаткерлігімен көзге түскен Жәнібекұлы хан Қасым кезінде (1511-1523жж.) Қазақ мемлекеті күшейіп, сыртқы елдермен терезесі тең саясат жүргізді. Шығыс тарихшылары Қасымның билігі Жошымен деңгейлес еді деп атайды. Қасымның шешесі Алтын хан қызы Жаған бикем мен Шайбани ханның анасы Аққозы бегім апалы-сіңілі.

Шежіре деректерінен бұл туралы мәліметті Қ.Жалайыридің еңбегінен кездестіреміз. «Қасым хан Жаған бикемнен [бәйбішеден] туған еді. Бірақ жылдар бойы атасы басқарған ұлысында патшалық құрды және өз тұсында әр тараптағы уәлаяттарды басқарды. Оның хикаясы әр жерде айтылады, сондықтан мәлім-мәшһүр болды» деп жазады[6,121] Шежіреге қарағанда Бұрындық тұсында хандықтың батыс ұлыстарының орталығы Сарайшықта болды. Төменгі Жайық бойында орналасқан ортағасырлық қалалардың бірі-Сарайшық кезінде Жошының Шайбанға бөлген ұлысының әкімшілік орталығы болған. Гүлденген кезі XIII-XVII ғғ. Бүгінгі Атырау қаласынан солтүстікке қарай 18 шақырым жерде. Екінші батыс жорығынан кейін (1235-1241 жж.) Жайық өзенінің жағасындағы Сарайшықтан жоғары, Еділ бойында Жошының ұлы Бату билік етіп, сол себепті Бату-Сарай қаласын салған, одан кейін Алтын Ордаға патшалық еткен Берке бөлек қала салдырған. Сарай-Берке болып аталған болатын. Қазақ хандығы Жетісу жерінде ту көтергенімен негізгі рулар Сарыарқа мен Атырау, Сырдария бойындағы қалалар арасындағы кең аймақтың арасында жүрген. Шежіре деректеріне қарағанда хандықтың орталығы ретінде Сарайшық қаласының аталатыны да XVI ғ.басы. Ал Қазақ Ордасының билігі Қасымға көшкен уақытта астана өзгерген. «Бұл тақты Сарайшықтан көшіріп, Ұлытауға орнаттырған Қасым хан» –дейді Мәшһүр жазған шежіре дерегі. Қасым жұртын «Ата қоныс мекенің» деп Ұлытауға орнықтырды[9].

Қ.Жалайыри еңбегінде қазақ хандығының ірге тасын көтерушілердің бірі Жәнібектің ұлдары көп екенін айта келіп, солардың ішінде елге белгілі ұлдары деп Қасым хан, Қамбар сұлтан, Үсек хан, Жәдік хан, Бауыш, Қожаның аттарын атайды[6,114]. Бұлардың ішінде Қамбар мен Жәдік сұлтандар Қасым хан кезінде, оның әскерінің қолбасшылары болған, Үсек ханға патшалық тимеген екен делінеді. Бауыш пен Бұйдашқа келсек, бұлар Әдік сұлтанның балалары, Жәнібектен тарайтынын тарихи деректер дәлелдейді.

Әбілғазының көрсетуінше: жоғарыда атаған Жәнібектің төрт ұлының қатарына Ираншы, Мұхаммед Шайбанимен соғысып шәйіт болған, одан соң Етік (Әдік-Жәдік), Жаныш, Таныш аттарын қосады[4,118]. Әбілғазы бұл мәліметті ортағасырлық жазба деректерден алса керек. Мәселен, бұл тізімді XVI ғ. бас кезінде жазылған «Нұсрат-намедегі» Жошы тұқымының

генеалогиясынан байқаймыз. Тарихи зерттеулер Жәнібектің тоғыз ұлының ішінде хандық билікке қол жеткізгені Қасым хан екендігі, оның мерейі үстем болғандығын жазады[129,42].

Қазақ шежіресі Қасым хан Сарайшықта жерленді, сол жерде оның басына орнатылған күмбез бар деп топшылайды. Және шежіреші бұл жөнінде:

«Баласы Жәнібектің сардар Қасым,
Қазақтың біріктіріп, құрап басын,
Осы жер ата қоныс мекенің деп,
Найзамен сызып кеткен шекарасын»-

деп келетін тамаша жыр шумағын ұсынады[9]. Қазақ арасында тараған бұл жыр тарихи мәліметтерді толықтыра түседі. Ал жазба дерек мәліметі бойынша: «Касим –хан же откочевывал и, отделяясь от него, [от Бурундук хана –З.Е. [подошел к границам Могулистана и избрал своим зимовьем Кара-Тал» деп Бұрындық хан қасында баһадүр болған уақытта Қасым ханның өзінің иелігіндегі жерді Жетісу бойынан бөліп алғанын көрсетеді[93,223]. Мұндағы Кара-тал Балқаш көліне оңтүстіктен келіп құятын өзен. Қасым бұл жерді қысқа жайлы шаруашылық ісіне оңтайлы болуы үшін таңдаса керек. Қаратал өзені бойында қыстау қанша уақытқа созылғаны белгісіз. Қасым ханның сұлтандық кезеңіндегі өмірі Қазақ Хандығының күшеюінің алғашқы дәуірі мен оның Сыр бойындағы жерлер үшін жүргізген күрес үстінде өткен. Хандықтың күшеюі процесіндегі оқиғаларға Қасым хан белсене араласып, үлкен роль атқарады.

Ортағасырлық тарихшылар Қасымның өз заманында ақылмен, ел билеуде аса беделді болғаны жөнінде көп жазады. Мәселен, «Қазір бүкіл Дәшті-Қыпшақ билігі Қасым ханға көшкен» –деп Махмұд бен Уәли Қасым ханның көрегендігін, саясаткерлігін көрсетсе[95, 320]. «Жошы ханнан кейін атақ пен даңқты Қасым хан иеленеді» –дей келе М.Х.Дуллати тіпті оның халқының саны «миллион асқанын» дерек етеді[93, 222].

«Жұрттың айтуына қарағанда, қазақ хандары мен сұлтандарының бірде-бірі бұл халықты дәл осы Қасым хан сияқты бағындыра алмаса керек. Оның әскерінде үш жүз мыңға жуық адам бар еді» -дейді Бабыр[140,32]. Сол дәуірде өмір сүрген М.Х.Дуллатидің, Махмұд бен Уәлидің, Бабырдың еңбектеріндегі мәліметтеріне сүйене отырып, қазақ шежірелерінде келтірілген ауызша деректерді талдай аламыз. Шәкәрім шежіресі де «Әз Жәнібектің баласы Қасым еді. Қол астындағы халқы бір миллиондай болды» –деп баяндайды[89,24]. Шәкәрім бұл мәліметті шығыстық тарихнамадан тікелей Бабырнамадан алса керек деп пайымдаймыз.

Қасым тұсында Қазақ хандығы территориялық жағынан кеңейді, саяси жағынан тұрақты болды. 1510-1513 жж. Қасым хан Сырдария бойындағы қалалардың бәрін, Мәуреннахрдағы саяси дағдарыс жүріп жатқан шақта (Шаһ Исмайлмен соғыс т.б.) алған болатын. Зерттеушілердің айтуынша 1516-1517 жж. Мәуреннахр билеушілерінің

Қазақ хандығына қарсы күресі жеңіліспен аяқталды. Бұлардың көздегені Сырдария бойындағы қалалар болатын[50]. Шайбани Сырдария бойындағы қалалардың қазақ сұлтандарына бағынуы олардың билігін күшейте түсетіндігін біліп, барлық шараны қолданып, бұған қарсы тұрды, қазақтардың Мәуреннахрмен сауда қатынастарын мүлде тоқтатып тастауға тырысты. Шайбани ханның қазақтарға қарсы екінші жорығы Қасым хан билікке келген кез –1510 жылы болды. Бұл жорық оның жеңілуімен аяқталғаны тарихтан белгілі. Мауреннахрдан Дәшті-Қыпшаққа жасалған шапқыншылықтар бағыты Шайбани өлгеннен кейін уақытша тоқтады.

Қасым ханның Моғолстанмен саяси қатынастары біраз басқаша орнады. Шағатай хандары мен Моғолстан әмірлерінің Жетісуға жүргізген билігі XVI ғ. әлсірей берді. Батыс Моғолстан бұл кезде өзара келіспеушіліктер мен Ферғанадағы өзбектерге қарсы жүргізілген соғыстардың майданы болды. Алты шаһардың билеушісі Саид хан шайбанилық сұлтандарға қарсы одақ құру мақсатында Мәуреннахрға жорыққа аттану үшін Қасым ханның көмегін керек қылды. 1513 жылдың күзінде ол Шу алқабындағы жайлауда жатқан Қасымға келгені жөнінде М.Х.Дулати: «Қасым ханға барып, мұнда 20 күн болды. Бірақ Қасым хан қазір күз уақыты қыстауға көшетін уақыт деп, соны дәлел етіп, жорықтан бас тартты» –деп жазады[93,223].

Ортағасырлық жазба деректерге немесе тарихи зерттеулерге қарап, қазақтар мен шайбанидтер арасындағы саяси қақтығыс оқиғалар осылай түсіндірілгенмен, біржақты пікірде қалып қоюға болмайды.

Шағатай жұрты, қазақтар мен шайбанидтер (өзбектер) арасындағы саяси байланыс үнемі қақтығыс, соғыс түрінде болмаған, бірде, қарсылас, бірде одақтас ретінде шығып отырған. Негізгі қақтығыс себептері территория, өзге елдерге билік үшін жүрсе, одақтас болған уақыттары да бар. Бұл пікірімізге шежіре дерегі дәлел бола алады. Жалпы, XVI ғ. бірінші жартысында өзбек, қазақ халықтарының этникалық құрамы тұрақтанды деп айтуға ерте.

Мәселен, Шайбани мен Моғолстан султаны Ахмет Алаш арасында болған қақтығыс кезінде қазақтар Шайбани жағына одақтас болып жақтасқаны жөнінде, Шәкәрім шежіресі былай баяндайды:«... Әбілқайырдың немересі Шайбақ деген Әмір Темір нәсілінен Бұқара, Самарқанды тартып алып, 1508 жылы Мәуреннахрды алып, Тәшкентті алмақ болғанда, қазақты билеген Ахмет Алаш пенен ағасы Жәнеке Махмұт Оратөбеде Шайбақпен соғысқанда, қазақтар Шыңғыс тірі күнде де бізді Жошы ұлысына беріп еді, Шағатай ханымыз емес, тәжік-сарт туысқанымызда емес, «өзбек өз ағам, сарт садағам» деп Шайбақ ханға қосылды»[89,24]. Шежіредегі Ахмет Алашты кім? Оны Бабыр еңбегі арқылы анықтайық. Жанеке және Ахмет Алаш жөнінде Захир-ад-дин Бабырдың пікірі: «Жүніс ханның үш ұлынан үлкен, үш қызынан кіші ұлы Сұлтан Махмұд хан еді. Оны Самарқан мен оның төңірегіндегі жұртшылық Ханьке хан деп атады. Сұлтан Махмұд ханнан кішісі Сұлтан Ахмет хан еді, ол жұртқа Алаша хан деген есіммен мәшһүр болды. Оның

Алаша хан аталуының себебі: қалмақтар мен моғолдар кісі өлтірген адамды «алаш» деп атайды –мыс. Сұлтан Ахмет хан болса қалмақтарды талай рет жеңіп, көп адамды қырғынға ұшыратқан, сондықтан да ол Алаш аталып, келе-келе Алаша есіміне айналған»[140,32]. Қазақтарды Моғолстан хандары Жәнеке Махмұт пен Ахмет Алашқа қарсы соғыста Шайбанидтер жағына (өзбек) шығып кетуі: өзбек және қазақ арасында 92-баулы өзбек-қыпшақ заманынан қалған ортақ туыстық сезім бар екенін көрсетеді. Ол одақтастықтың бір себебі Қасым мен М.Шайбани арасындағы бөлелік жақындық болуы мүмкін. «»

Шежіреде көрсетілген бұл оқиға шағатаид Ахмет Алаш пен Жәнеке Махмұттың шибанид Шайбақпен [Шайбани З.Е.]. арасындағы соғыс, Оратөбеде болғанын шығыстық жазба мәліметтер де көрсетеді. «Көктем шыға: «Шайбани Ұратөбеге беттепті деген хабар жетті... Шайбани хан Ұратөбе өлкесін тонап, әлем-тапырығын шығарып, қайтып кетті».[140,120] Ұратөбе-Орта Азияның көне қалаларының бірі. Қазіргі Душанбе қаласынан 70 шақырым жерде орналасқан. Қала Ферғанадан Заравшанға дейінгі жолдағы камалдардың ортасына салынған. Ұратөбе қаласының маңында XV-XVII ғғ. камал қорғандары сақталған. Солардың ішінде XVI ғ. тамаша ескерткіші «Көк Күмбез» мешіті белгілі[141,269].

Екінші кезеңге Шағатаид Саид ханның Мәуреннахрдағы Шайбаниға қарсы жорыққа шығарда Қазақ Ордасындағы Қасымнан келіп көмек сұрауы қазақтар мен моғолдар (дулаттар –З.Е.) арасындағы да татулық қарым-қатынас белгісін көрсетеді. Қасым хан қыстауға көшетін уақытты сылтауратып өзбектер мен Мағолстан арасындағы жанжалға араласудан бас тартқан болатын[93,224]. Сонымен қатар бірнеше жағдайда шайбанидтер мен қазақтар арасындағы жауласу әрекеттерін қазақтар жағы бірінші болып бастайды. Қазақ Ордасы Шайбани Иранға жорыққа кеткенде, Мәуреннахрға қарсы соғыс ашып, Шайбанидтің жұртына өз беттерімен қол сұғады. Елмен біраз соғысып, көп олжа түсірген соң, қолға түскен адамдармен қайтып келе жатқанда, мұны Шайбани естіп артымыздан қуып келеді деген хабар жеткенде, тұтқынға түскендердің құлақтарының тесіп, оған жіп байлайды, топтап, асығыс жүргізеді. Қазақтар бұл істеріне байланысты кәпір атанады. Бұқар үлемдері қазаққа қарсы «ғазуат» соғысын жариялайтыны осы кез[142].

Моғолстан, Мәуреннахр, Қазақ хандығы арасындағы күрделі саясаттың бір құралы неке қарым-қатынастары. Жетісу басшылары Есен бұға мен Жүніс хандар қазақ сұлтандарымен одақтасу үшін қыз беріп отыр. Мәселен, қазақ пен арада қырғи-қабағы көп болған Жүніс ханның өзі Жәнібектің баласы Әдік (Жәдік) сұлтанға Михр-Нигар ханымды ұзатқанын Захир ад-дин Бабыр жазады. Ол Жүніс ханның балаларын атай келіп: «Ханның бір қызынан өзге балаларынан кішісі Сұлтан Нигар ханым, ол Сұлтан Махмұт мырзаға атастырылған, одан Сұлтан Уәйіс деген ұл болды... Сұлтан Махмұт мырза өлгеннен кейін, Сұлтан Нигар ханым ешкімге айтпастан, ұлын алып Тәшкенттегі бауырларына кетіп қалды. Бірнеше жыл өткеннен кейін ол Шыңғысханның үлкен ұлы Жошының

ұрпағы, қазақ сұлтаны Әдік Сұлтанға ұзатылды... Әдік сұлтаннан екі қыз көтерді, бірі –Шайбани ханның тұқымындағы сұлтанға, екіншісі –Саид ханның ұлы Рашид сұлтанға ұзатылды. Әдік сұлтаннан кейін Сұлтан Нигар ханымды қазақ ұлысының ханы Қасым алды»[141,31-32].

М.Х.Дулати моғол-қазақ қарым-қатынастарына осы әулеттік неке жақсы әсер еткенін суреттей келе: «Когда же Исан-Буга-хан переселился из [этого] мира в мир небытия, Иунус хан пошел по пути согласия и единодушия, укрепил основы любви и дружбы родством, приобретенным браком, и своячеством: он отдал свою [дочь] покрытую одеянием целомудрия Михр -султан Нигар-ханым, после смерти Умар-шайх-мирзы, сына Абу Сайд-мирзы, замуж за Адик-султана, сына Джанибека-хана. И таким способом обе стороны соединила и скрепила нить дружбы и союза» –деп жазады[93,228]. Мұндағы екі хандықтың арасындағы неке қарым-қатынасы алдымен әулеттік-туыстыққа саяси одаққа әкелсе, екіншіден бұлардан тараған ұрпақтар арасында хандық тек сақталатындығы айқын белгісі. Әрине, негізгі мақсат хандар арасындағы династиялық некелік ғұрыпты жандандыру арқылы саяси істерде одақтас табу болған.

Мұндай қарым-қатынасты біз қазақ билеушілері мен шайбанидтер, сонымен қатар Аштарханидтер арасында көре аламыз. некелік қарым-қатынас арқылы ноғай-қазақ саяси жағдайларын да реттеп отырған. Зерттеуші Т.И.Сұлтанов еңбегінде фольклорлық материалдар бойынша Қасым хан бір қызын Ноғай Ордасының мырзасы Шайх-Мамайға, екінші қызын Убайдолла сұлтанға тұрмысқа бергені айтылады[51,117].

Қазақ хандары мен Шайбанидтер арасындағы некелік қатынастың Бұрындық тұсында да болғанын Т.И.Сұлтанов атап өтеді. Тарихи мәлімет бойынша Бұрындықтың төрт ұлы және бірнеше қызы болады. Дадем ханым атты қызы болашақ қазақ ханы Шығай сұлтанға шығады[Жәнібектің немересі]. Одан кейін екі қызын бірдей XV ғ. 90-шы жылдары Шибан тұқымынан Мұхаммед Шайбани мен ағасы Сұлтан Махмұд алады. Біреуін, Шейбанның баласы Темір сұлтанға күйеуге береді[51,272].

Қазақ халқының Қасым заманындағы әлеуметтік санасының көрсеткіші ретінде «Қасым ханның қасқа жолы» заңының маңызы зор. М.Ж.Көпеев шежіресі: «Қасым ханның қасқа жолы» делінген үлгі, өсиет қалды десе, Шәкәрім шежіресі: «Қасым ханның қасқа жолы» деген алғашқы билігін шығарған осы хан еді» –деп суреттейді[8;89,27]. Шежіре деректерінде «Қасым ханның қасқа жолын» бірінде «үлгі-өсиет» десе, екіншісінде, алғашқы «бітім билігі» деп атайды.

«Қасым ханның қасқа жолы» -Қасым құрған кезде (1511-1523 жж.) ел басқару ісінде қолданылған әдет-ғұрып заңдарының ережелері. Негізгі орта ғасырларда Қыпшақ, Шағатай ұлыстары қолданылған «ярғу» – заңынан алынған, қазақша «жарғы» –ақиқат деген ұғымды білдіреді. Түпкі мәні жарудан, нәрсенің салмағын бір жағына аудармай, дәл, әділ айырудан шыққан. Дауды әділ, тура шешкен билерді халық бұқарасы ардақтап «қара қылды қақ жарған» деп мадақтаған. Оны екі жағының біреуіне артық

жәбермей дәл айыру әділдіктің мезгеуі болған. «Жарғы» заңының негізгі мәні осында. Араб саяхатшысы Ибн Батута Шағатай хандарының жанында шарифатты жақсы білетін «қадилер» мен қатар «жарғышы» билердің отыратынын жазды[143,76-87]. Өзінің мазмұны бойынша бұл заңның түбегейлі идеясы ежелгі әскери демократия арнасына барып тіреледі. XV ғ. соңы XVI ғ.басында Бұхардың ишан-қазылары қазақ өлкесінде діни үгіт таратып, ежелгі жарғы заңын қалдырындар, ол көкке табынатын дінсіздіктің ісі, оның орынан шарифат қағидасына ауысындар. Айт бергенде көк соқсын деп айтпаңдар, құран соқсын деп құранды бастарыңа көтеріңдер деп үгіттейді.

Қасым хан шарифатты бүтіндей қалдырып, халықтың тілегіне жаңа әрі ерте заманнан оларға түсінікті ежелгі «жарғы» заңын жаңадан күшейтеді. халық бұқарасы Қасымның шарифатты алмай ежелден қалыптасқан билер заңы –жарғыны жаңадан көтергенін қатты ұнатып, оны «Қасымның қасқа жолы» деп атап кетті.

Бұл заңға кірген ережелер: 1) Мүлік заңы (жер дауы, мал, мүлік) 2) Қылмыс заңы (ұрлық, кісі өлтіру, талау, шабу) 3) Әскери заң (аламан міндеті, қосын жасау, қара-қазан ердің құны, тұлпар ат) 4) Елшілік жоралары (Майталмандық, шешендік, халықаралық қатынасында сыпайылық, әдептілік) 5) Жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас, той, мереке үстіндегі ережелер жасауы, бекеуіл, тұтқауылдардың міндеті). «Қасқа жолдың» заңдары өзгерусіз XVII ғ. жетіп, Есімнің кезінде (1680-1718 жж.) бұл заң әлі де билер жасаған қалпын жақсы сақтайды[144].

XV-XVII ғғ. қолданылған Жарғының үзінділері халық аузында қысқа-қысқа мәтел сөздерде сақталған. Мәселен, «қара қылды қақ жарған», «Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешу», «Түгел сөздің түбі бір –түп атасы Майқы би», «тура биде туған жоқ» т.б.

Демек, Жарғы заңдары қазақ халқының рухани тіршілігінде айқын жосық қалдырған ғажайып тарихи ескерткіштерінің бірі болып саналады.

Қасымхан заманы туралы тарихи фольклор деректері жұтаң болғандықтан шығысы деректемелеріне көп сүйенуге тура келді. Қасым заманы алғашқы заң, бітімі жоралғылардың негізін қалыптастырумен ерекшеленеді.

2.4 Қазақ жүздерінің шығу тарихынан мәліметтер

Қазақ шежіресінде кездесетін: «Қасым хан өлген соң балалары баққа таласып, өзді-өзі жұлқысады» –деген жолдардан бұл мәліметтің дағдарыс кезеңге қатысты айтылғанын аңғаруға болады.[9] Шығыс деректеріне негізделген Қазақ хандығының хронологиясында Қасымнан кейін ұлы Мамаш, одан Жәнібек ханның немересі Тайыр хан, одан кейін Жәдік сұлтанның ұлы Тоғым хан, Әдіктің ұлы Бұйдаш, билік құрады. Мамаш [1518-1521жж.], Тахир[1523-1531жж., Тоғым [1535-1538жж.], Бұйдаш [1532-1538жж.] хандардың тұсында Қазақ хандығы әлсіреді, саяси билік дағдарысқа ұшырады. Бұл хандардың саяси билікте әлсіздіктерінен Қасым

хан тұсындағы толған, толысқан көшпелі ел дағдарып қалды. Ортақ биліктің жоқтығынан көрші елдермен соғыстарда әлсіздік танытты. Шаруашылық дамуы күрт төмендеп, сан жағынан азайды, территориялық жағынан кішірейді.

Қасымның ұлы Мамаш хан М.Х.Дулатидің мәлімдеуінше әкесінің өлімінен кейін бірден билікке келді. Мұхаммед Хайдар келтірген тарихи деректерге қарасақ бастарынан қиын жылдарды өткізеді. Олардың саны қазақтың 20 мыңы ғана қалды деп көрсетеді[93;192]. Мамаш хан өзара соғыс нәтижесінде, өзбек одағы мен Моғолстан билеушілерінің қазақтарға қарсы шабуылы кезінде қаза болған. Осы соғыста қазақтар Сырдария өңірінің біраз жерін қайтарады, бірақ Түркістан Шайбани тұқымы Убайдоллах сұлтанға бағынады. Зерттеуші Т.И. Сұлтанов Хайдар бен Али Разидің еңбегіне сүйеніп Мамашты Қамаш хан деп атайды және бұл оқиғаның хижра жыл санауы бойынша 923ж. [1521ж.]. болғанын мәлімдейді[51,116].

Бұдан кейін Қазақ хандығының билігінде Жәнібек ханның немересі Тахир (Тақыр) ханды көреміз. Ол Жәнібектің ұлы Әдіктің баласы. Мамаш ханнан кейін, Қазақ хандығында алауыздық туып, Дәшті-Қыпшақ сұлтандарының арасында өзара соғыс жүрді. Тахир ханның тұсында қазақтар солтүстік-батыс территориясынан, оңтүстігінде біраз жерлерден айрылды. Өзі Жетісуға қашып кетеді. Зерттеулерде қырғыз арасына барып паналағаны және сонда өлгені айтылады[1531ж.] Қ.Жалайыридің «Жылнамалар жинағында»: «Тахир біраз күн хандық құрды, бірақ патшалық сырын білмеді» –деп жазады[6,122].

Әбден дағдарысқа түсіп, берекесі кеткен билікті Бұйдаш хан жалғастырады. М.Х.Дулатидің сөзімен келтірсек: «ағасы Тахир өлгеннен кейін, қазақ-қырғызға Бұйдаш билік етті. Оған қараған халықтың саны небәрі 20 мыңнан аспайтын»[93]. XVI ғ. 30-шы жылдары шежіре, ауыз әдебиеті деректері түгілі, жазба деректерде көмескі. Қ.Жалайыри өзінің еңбегінде қазақ хандарының тарихына қысқаша тоқталып өтеді. Мәселен, Бұйдаш туралы былай деп жазылған: «Әдік сұлтанның ұрпағын бес ұл деп атайтын. Бұйдаш хан Барақұлы Дервиш ханмен соғыста өлді. Бес ұл ұрпағы 24 сұлтан сонда шаһид болды. Бесеуінде патшалық тимеді. Қайсыбірлері сол кезде келте хандық құрды, бірақ аттары белгілі болмады». Шежіре дерегі көрсеткен Дервиш хан тегі шибанид Наурыз Ахмед ханның ұлы болса керек[6,122].

Хандық билікте Бұйдашпен бірге Тоғым сұлтанның да есімі аталады. XVI ғ. 30-шы ж.. Қазақтар Ордасының жағдайы тіптен ауырлады, Жетісу бөлігі үшін күресіп келген моғолдар мен қазақтар арасында жағдай шиеленісе түсті. Әсіресе 1537-38 жж. болған соғыста қазақтар жағынан 37 сұлтан, Тоғым хан бас болып қаза табады[19,215]. Қ.Жалайыридің ...Тоғым хан оның ұлдарын, «тоғыз сары» деп аталатынын атай келе “Мәлік сұлтанның баласы Балшыбек сұлтан тоғыз сарымен бірге жағат уәлаятының шекарасында шәһит болды, (сол ұрыста) әйгілі әрі даңқты 37

сұлтан шәйіт болды» деп мәлімдейді[6,122]. Жағат уалайаты деп шығыс деректерінде Жетісу елі аталады.

Бұл кездегі моғолдардың одақтасы өзбек ханы Убайдоллах болды. Моғол әскерін Сұлтан Саид ханның ұлы Абд ар Рашид басқарған еді. Арадағы қақтығыстың басталуын тарихи зерттеулер моғол ханы Абд ар Рашид мемлекетінің 1533-34 жж. жайылымдық жерлер мен азық-түлік аштығына ұшырауымен түсіндіреді. Осы себепті Моғол хандығы Жетісу мен Ыстық көл маңындағы жерлерді қайтарып алуға әрекет жасаған. Бұдан байқағанымыздай, екі жақтан бірдей Өзбек және Моғол хандығынан соққы алуы Қазақ хандығына ауыр тиді. Бұған қоса шежіре деректері мәліметінен ұққанымыздай сол дағдарыстың бір себебі хандардың хандық билік ету, дипломатиялық қабылеттерінің болмауы. Қасым ханнан кейінгі қазақ хандарының Қазақ хандығының барлық жерінде билік жүргізе алмауы хандықта саяси дағдарысқа әкеліп соқтырды. Бірақ, бұл уақытша дағдарыс болды. Бұлардан кейін билік құрған Хақ Назар тұсында Қазақ Ордасының еңсесі қайта көтерілді.

XVI ғ. қатысты шежіре деректерінде Хақ Назар атауы кейде Ақ Назар, кейде Ақ нияз болып кездеседі.

Қазақ тарихында XVI ғ. II-ші жартысы дағдарыстан шығу, этнотерриториялық жағынан кеңею кезеңі. XVI ғ. соңына дейін Сырдария өңіріндегі қалалар Сығанақ, Сауран, Отырар, Түркістан және басқа да елді мекендер Мәуреннахрда билік еткен Шайбани ұрпақтарының қолында болды. Қазақ Ордасы территориялық жағынан Сырдарияның Оңтүстік төменгі ағысы мен Қаратау өңірлерін ғана алып жатты. Осындай ауыр жағдайда ел басына Қасым ханның ұлы Хақ Назар (1540-1580 жж.) келді. Саяси билікте Хақ Назар әкесі Қасым тұсындағы иеленген кең-байтақ жерін қайтарып алуды көкседі. Негізгі бағыт кезінде Моғол мен Ойраттар жаулаған Оңтүстік-Шығыс шапқыншылығы кезінде кеткен Еділ мен Жайықты және Сібір жерлерін қайтаруды қолға алды.

Хақ Назар тұсындағы Қазақ Ордасы туралы мәліметтерді қазақтың төл дерегі ретінде қолданып отырған шежіреде көрініс тапқан. Алдымен, ішкі саяси тарихқа қатысты деректер сөз етіледі. Оған шежіреде жазылып, ауызша да айтылып көзге түсіп жүрген қазақтың үш жүздік құрылымына байланысты деректерді жатқызамыз. Жүз турасында келгенде пікірлер әртүрлі, зерттеушілеріміздің ойы сан-саққа жүгіреді. Бұл біріншіден, көшпелі өмір салты туғызған ел билеудің жүйесі екені анық. Екіншіден, қазақ аңыздарындағы үш жүздің құрамына кіретін рулар үш кісінің баласы деген мифтік дерек бұл жүйені таза туыстық қатынастармен түсіндіреді.

XVI ғ.50-70-ші жылдарында Хақ Назар ханға сыртқы саясатта ең оңтайлы іс ноғайлармен сәтті басталды. Хақ Назар билік еткен уақытта Ноғай Ордасында ішкі билікте келіспеушілік туып, бытыраңқылықта болып, екі топқа бөлінген уақыт болатын. Бұлардың бір тобы Ресей құрамына енуді көздесе, екінші бір бөлегі Қазақ хандығына бой ұрды. Міне, осы тиімді сәтті пайдаланған Хақ Назар Ноғай мырзаларымен тығыз

байланыс ұстап, өзіне тартты, негізгі мақсаты болған Жайық өзенінің сол жағасын Қазақ хандығының территориясына қосып алды.

Қазақ хандығының көршілері көшпелі Ноғай, Өзбек, Қалмақ Ордаларының осы кездегі саяси бытыраңқылығы туралы Мәшһүр Жүсіп жазбаларында: «Ноғай, өзбек, қалмақ үшеуі үш жақтан жау болды, өзара быт-шыт болыңқырап» –деп атап өтеді. Қазақ Ордасының саяси дамуына бұл жағдайлар әсерін тигізгені тарихтан белгілі. Шежіре дерегінен де көрініс табуы осы себептен деп айтуға болады[9].

50-ші жылдардың соңында Хақ Назар Сырдария бойындағы сауда орталықтары болған қалаларды және Орта Азияның орталығы Тәшкентті өзінің қол астына алу саясатын ұстанған болатын. Хақ Назар кезіндегі өзбек-қазақ арасындағы байланысқа, Қазақ Ордасының Бұхармен одақ жасауы ықпалын тигізді. Бұхараның билеушісі Абдулла да Өзбек мемлекетінің сыртқы билігін арттыру үшін көшпелі қазақ тайпаларымен бейбіт қарым-қатынас ұстауға ықыласта болды. 1579 жылы Самарқанд билеушісі, Барақтың ұлы Баба сұлтан Бұхар хандығына Абдолла II-ге қарсы соғыс ашып, Тәшкентті басып алды. Осы тұста Абдолла Қазақ Ордасынан көмек сұраған соң, Хақ Назар Баба сұлтанға қарсы аттанды. Енді Баба сұлтан бұл кезде қазақ тайпаларына Яссы, Сауран қалаларын ұсынады. Барлық саясат жер үшін, оның билігі үшін жүріп жатқандықтан Хақ Назар мұны өз пайдасына шешіп, енді Баба сұлтанмен бірігеді. Бірақ бұл саясат аз уақытқа ғана созылған еді. Мұнан соң қайтадан Бұхар жағына шыққанын көреміз. В.Басиннің жазуынша Ақназар Хорасан, Герат және Бұхараның күшті билеушісі Ескендір ханның баласы, өзбек ханы Абдолламен бейбітшілік қатынасты ұстап тұруға ұмтылды. Осы мақсатпен Абдолла Ақназар ханмен «келісімдік ант» жасайды[146,83].

XVI-XVII ғғ. сыртқы және ішкі саясатта ант беру оқиғасының алатын маңызы зор болғанын осы орайда айта кеткен жөн. Ант дәстүрі көшпелі қоғам дәстүрінде қоғамдық саяси байланыстарды реттеуде ерекше орын алған. Анттасып, серттесуге екі үлкен сеніммен қараған. Бұл жерде Хақ Назар ханның Абдолла ханмен жасасқан келісімінің де мықты болғанын көреміз. Тарихи зерттеулерде соны айтады. Бұл келісім екі жаққа да өз уақытында тиімді іске асырылған.

Қазақ шежіресінен Хақ Назар кезіндегі Қазақ хандығымен Шибанилар арасындағы саяси жағдайдың тартыстары бола бергенін аңғарамыз. Оған дәлел «Ақназар қайратты батыр атанып, өзбек Шибаниларды ығыстырғанын»-жазады Мәшһүр Жүсіп мәліметі[9].

Алайда Түркістан, Тәшкент қала басшыларының опасыздық саясатының нәтижесінде Хақ Назар қаза табады. Хафиз 1580 жылдарғы саяси оқиғалар жайлы айта келіп: «Баба сұлтанның Бұзахұр сұлтанға: Хақ Назарды өлтіру үшін, жорыққа аттану керек екенін» қатты тапсырып, бұйырғанын келтіреді. Бұдан Хақ Назарды Баба сұлтанның әдейі қастандықпен өлтірткенін аңғару қиын емес[5,254]. Мұндағы Бұзахұр сұлтан-шайбанид Сұлтан Мұхамедтің ұлы еді. Қ.Жалайыридің айтуынша Хақ Назар өз араларында болған қақтығыстарда қаза болған»[6,122].

Деректердегі орыс-қазақ байланысына қатысты мәліметтер XVI ғасырдың соңын меңзейді. Ресейден Орта Азияға баратын сауда жолдары Қазақстан арқылы өтті. Орта Азияның көпестерінің Жайыққа XVI ғ. аяғынан Сібірге де сапар шеккен көптеген керуендер қазақ далалары арқылы өтті. Тобылдан Ота Азияға шығатын сауда жолы Ертіс арқылы Есіл өзенінің жоғарғы жағына қарай тартты, осы арадан Ұлытау тауларын жағалап Сарысудан Түркістанға дейін барды, содан соң Сырдарияны кесіп өтіп Қызылқұмның үстінен Бұхарға барды[147,20]. Орыс мемлекеті өзінің шығыс шекараларында сауда байланысын жақсартуға жағдай туғызып отырды. Мұны Иван IV-нің Яков пен Григорий Строганов деген атақты адамдарға берген грамота қағазы растайды. Қазақ Хандығының Ордасымен арадағы соғыс туралы елшілер арқылы біліп, хабардар болған Москва патшалығы 1573 жылы елші тағайындап жібереді. Иван IV қазақ ханы Хақ Назарға Третьяк Чебуков деген арнаулы елші жіберген. Бұл елшіліктің негізгі ұстанған саясаты Қазақ хандығы мен Орыс мемлекетінің арасындағы кейбір байланысты нығайтумен қатар, Сібірдің ханы Көшімге қарсы жорыққа одақтас болуға шақырған келісім болатын. Бірақ бұл жолғы елшілік жолда Көшімнің немере інісі Мәметқұлдың қолына түсіп, жете алмайды. Ресей мемлекеті қазақтарды шығыс шекарадағы белгілі орны болған себепті қай кезде болмасын өзіне байланысқа тартып отырды. Бұл туралы: «Орыстың сол уақыттағы патшасы Иван Ақназарға елші жіберіп жауласпайық, сауда жасап, керуен жүргізіп тұрайық дейді»- деп жазады Мәшһүр Жүсіп шежіресі орыс-қазақ қатынасына байланысты.[9]

Мұнан көріп отырғанымыздай патша үкіметі Қазақ хандығын Орта Азияда экономиканың көтерілуіне әсер ететін сауда байланыстарын, керуен жолдарын дамытуда пайдаланды. Хақ Назар тұсындағы орыс-қазақ байланысын қазақ шежіресінде бітімгершілік сипатта болғанын жазады.

XVI ғасырда Қазақ хандығының солтүстіктегі орталығы шекарасы Түмен қаласына жақын болды. Түменнен әрі Сібірдің орталық және оңтүстік өлкесін Көшім хандығы иеленеді. Қазақ рулары Тобылдың, Есіл мен Ертістің орта ағысы бойында, Бараба даласында –Батыс Сібірдің түркі тілдес халқымен көршілес көшіп жүрді[50].

XVI ғ. Шайбани әулетімен Тайбұғы руы арасындағы хан тағы үшін болған күрес ұзаққа созылып, ақыры Сібір хандығындағы өкімет билігі Шайбани әулетінен шыққан Көшімнің қолына көшті. (1563ж.). Көшім бүкіл Сібір жеріне хан болды. Сібір хандығының халқы түркі тілдес рулар болды. Әдебиетте бұларды «Сібір татарлары» деп атайды. Батыс Сібірге орыстар әлі аяқ баспаған кезде бұл жерлерді әртүрлі түркі тілдес тайпалар мен угор тайпаларының қалың бірлестіктері мекендеген болатын. Батыс Сібірдің орманды далалық бөлігінде, Ертістің орта ағысында, Тобыл мен Тұра өзендерінің бойында «Сібір татарлары» тұрған. Бұлар Сібір хандығы халқының негізгі бөлігін құраған[148,21].

«Сібір татарлары» деген атау XIII ғасырда Жошы ұлысына Ертіс бойының түркі тілдес халықтарын қосқан кезден бастап халыққа берілген

жинақты атау сияқты. «Сібір татарларының «алғашқы саяси одағы XIII ғасырдағы Тобылдың орта ағысында қалыптасқан. Түмен хандығы болды, орталығы Чимга Тұра. Алғашқыда Алтын Орда билеушілері Тоқтамысқа, сосын Едігеге бағынады[148,221].

XV ғасырда Есіл, Тобыл, төменгі Ертіс бойындағы жағдай шиеленіскен күйінде қалады. Бұл жерлер үшін Шейбанидтер, Ноғай мырзалары, Әбіқайыр ұрпақтары күреседі. Бұған жергіліктің ақсүйектері де қосылады. Осы талас тартыста Шейбанид Ибақ 1495 жылы қайтыс болады. Оны татар князі Махмет өлтіреді, сосын Махмет Тобыл бойындағы және Ертістің орта ағысындағы жерлерді өз қоластына біріктіреді де, Ертістің оң жағасындағы Угор қонысын Искер, Сібір, Қашлық деп те аталады[149,33-36].

Өзіне Түмен хандығын және ханты-манси халықтарынан тұратын ауданды қосқан осы бірлестік «Сібір бірлестігі» деп аталады[148,221].

Тарихи әдебиетте Түмен хандығының құрылуы екі түрлі көзқарас бар. Л.П.Потапов пен В.В.Хромова Түмен хандығы мен Сібір хандығын бір хандыққа санайды, бір хандықтың түрліше аталуы деп түсіндіріледі. Бояршинова З.Я. мен Н.Г.Апполова Түмен хандығы Батыс Сібір татарларының алғашқы үлкен саяси одағы болды, осы бірлестіктің негізінде XV ғасырдың аяғында Сібір хандығы құрылды деп санайды. [151,76;148,221].

Н.Г.Апполова Сібір хандығының тарихына қатысты тағы да былай дейді: «Искер ауданында Шейбанның ұрпақтары көп тұрды. 1563 жылдан бастап Сібір хандығының билеушісі болған Көшім осы Шейбанның ұрпағы» –дейді[148,22]. Көшімді көптеген орыс тарихшылары қырғыз-қайсақ деп есептеген. Мәселен, А.И.Левшин, С.М.Соловьев, Н.Карамзин. [16;152;153[Олар мұны жылнамалардағы «Қазақ Ордасынан хан Көшім Мұртазаұлы келді» –деген мәліметке сүйеніп айтты дейді В.В.Вельяминов-Зернов. [18,338]. Белгілі тарихшы А.И.Левшин Көшімнің тегі қазақтан тарайтындарды анықтаған: «Кучум, последний хан сибирский, был киргиз-казак. Завладев Искером силою оружием и убиением царствовавших в нем князей Ядигера и Бекбулата, он необходимо должен был иметь около и войско, составленное из прежних соотечественников своих. Следовательно, Ермак и сподвижники его без всякого сомнения, сражались с казаками, или нынешними киргиз-казаками»[16,156].

Шындығында да, «ноғай», «бұхар», «татар» этнонимдері деректерде «қазақ» атауымен қатар жүреді. XV-XVI ғғ. барлық қазақ тайпалары «ноғай» немесе «ноғайлы» болып аталды. немесе «ноғайлы» бірде Едіге ұрпақтары «маңғыттар» болып аталды және «қазақтар» болып Орыс ханның ұрпақтары аталды.

Мәселен, М.Ж.Көпеевте Көшімді ноғай деп түсінсе керек Хақ Назар тұсындағы сыртқы саясатқа байланысты жазған жолдарында: «Ақназар ноғай мен Көшім ханды қорғалатып, үйінен шыға алмастай қылады»-деп баяндайды[9]. Тарихи зерттеулер бойынша Хақ Назар тұсында Сібір хандығымен айтарлықтай жауласу болмаған. Тек, қазақ билеушісі Хақ

Назар кезінде Мұртазаға, одан соң Көшімге билікке келуіне көмектескен болуы мүмкін. Осыған байланысты Көшімнен Сібір билігіне әмірін жүргізуге өзін қатыстыруды талап етті, әсіресе қазақ тайпалары көшіп мекен етіп жүрген далалық бөліктерін қатысты жерлерге. Бұл XVI ғ. соңында болған ашық соғысқа әкеліп соқтырған екі көрші мемлекеттің қарым-қатынасын күрделендірді. Алайда, мұны билікке жету мақсатында кездесетін уақытша келіспеушілік деп түсінген дұрыс. Себебі, Қазақ хандығы мен Көшім хан Шығай тұсында бейбіт қарым-қатынаста болды, тіпті Шығайдың қыздарын алып некелік қатынасты нығайта түскен.

XVIғ. тағы бір ерекшелігі көшпелі тайпалардың шаруашылық құрылымына географиялық орналасуына байланысты үш жүздік құрылымның қалыптасуы. Бұл ең алдымен көшпелі қоғамның этноәлеуметтік процестердің нәтижесі. Қазақстанда бір-бірінен оқшауланған негізгі шаруашылықтың үш түрлі ауданы әлдеқашан қалыптасқан болатын. Бұлар: Жетісу, Орталық Қазақстан және Батыс Қазақстан. Осы территорияларда көшпелі тайпалар шаруашылық аймақ ретінде пайдаланса, кейіннен «жүз» деген «жақ», «бөлік», «бағыт» деген мағынаны білдіретін құрылымның қалыптасуына алып келді.

Қазақтың үш жүзі жөнінде алғаш толық мәліметті көне аңыздардан, шежіре деректерінен кездестіреміз. Жүз турасына келгенде пікірлер әртүрлі, ойымыз сан-саққа саяды. Бұл, біріншіден көшпелі салты туғызған ел билеудің жүйесі екені анық.

Шежіре деректерінен ішінде Мәшһүр жазбалары бізге аңыздың ең көне нұсқасын қалдырған. Аңыз бойынша үш жүздің қалыптаса бастау кезеңі Майқы би заманына меңзейді. Майқы би Алатау, Қаратаудың алабын мекендеп, күн кешіп жүрген баланы кезіктіріп, оған баласы Үйсінді бас қылып, атқа мінгізіп, ердің ері, егеудің сынығы дегендей жүз жігітті іріктеп қасына қосып береді. Дәлірек айтсақ аңыздағы Майқы бидің бұларды аттандырып тұрып, мына бағытқа нұсқайды: «..Қаратаудан әрман қарай асындар, Шу мен Сарысуды көктей өтіндер» –дегені Жәнібек пен Керей сұлтандардың соңына ерген» көшпелі өзбек мемлекетінен бөлініп шыққан тайпалардың Жетісу жерінде қазақ хандығының негізі қаланған кезі болса, «Ұлытау, Кішітау деген таулар бар» –деуі Қазақ хандығы Қасым тұсында ата қоныс мекені Ұлытау жерін мекендеді[7,60]. Яғни, XVIғ. I жартысында Қазақ хандығының шекарасы оңтүстігінде Сырдарияның оң жағалуына жетіп, Түркістан қалаларының көпшілігін қамтыды. Оңтүстік шығыста ол Жетісудың тау баурайы мен алқаптарының едәуір бөлігін алып жатты. Солтүстікте және Солтүстік шығыста Ұлытау таулары мен Балқаш көлінің төңірегі арқылы өтіп, Қарқаралы тауларына дейін жетті. Солтүстік батыста өзенінің алабына дейін барды. Үш жүздің ішінде саны жағынан салмағы артық Орта жүздің қалыптасуы Қасым заманында жүзеге асады. Бұған дәлел жазба деректерде: «1523 жылы Сарайшықта Қасым хан 70 жасында қайтыс болғанда ханның қоластындағы адамдар саны миллионға жетті» деп нақтылай түседі. Мұны

біз М.Х.Дулатидің, Захир ад-дин Бабырдың т.б. ортағасырлық жазба шығармалардан көптеп кездестіреміз[93;140].

Дерек бұдан кейінгі бағытты: «Қаракенгір, Сарыкенгір, Айдаһарлы, Құдаберді деген жерлер бар, соған барып салық салыңдар. «Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен ел болуды, жұрт болуды ойлар»- деген Майқы бидің сөзі Сырдария төменгі ағысы батысқа нұсқайды. Хақ Назар билік еткен Қазақ Ордасының территориясында Кіші жүз құралып, Үш жүз одағы қалыптасады. Қазақ үш жүзге шамамен 1300-1400 жылдары бөлінген деп жорамалдайды. Шежіреші Құрбанғали Халид Қазақ атауының шығу тарихы беретін алтыншы дерегінде мына аңыздың негізгі жүйесін жазады: «...Өзбек өлген соң ұлы Жәнібек хан исламға енген көшпелілерді үшке бөліп-Ұлы жүзге Үйсінді датқа қойып, Жалайыр атты кісіні оған-орынбасар етті. Орта жүзге Арғынды бек етіп, Найманды оған көмекші етті. Кіші жүзге Алшынды би қойып, Жаппасты оған көмекшілікке тағайындады. Билікті өздеріне тапсырып тек жылына екі рет хан алдына есеп беріп отыруға шақырған»-деп баяндайы[7,65]. Аңызда бұл бөлінген көшпелілердің бағыты Еділ, Жайық, Есіл, Нұра, Жем, Арал араларында көшіп-қонып жүргенін нұсқайды.

Шәкәрім шежіресі бойынша қазақтың үш жүзін Ахметханның үшке бөліп билеуімен байланыстырады. Онда Ахмет хан қазақтың жараулысын үшке бөліп ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз деп қалмақты шаба берген соң, қалмақтар Ахмет ханды Алашы қойыпты[89,23]. Тарихи деректерге жүгінсек, Ахмет хан қазақтарға емес, Моғолстанды билейді. Ол қазақ ханы болған емес. Шәкәрімнің Ахмет ханды қазақтың ханы деп тануға, Абайдың атап көрсетуіне байланысты. «Біреп сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген еңбегінде Абай «Ахмет-Алаш қазақты биледі» деп көрсеткен болатын. Қазақ хандығы Моғолстан жерінде хандық көтерді демесеңіз, екеуі де бөлек хандықтар. Бұған дәлел қазақ хандығының хронологиясында да Сұлтан Ахметтің атының кездеспеуі.

«Жүз» деген ұғыммен бірге «Алаш», «қазақ» этнонимдерінің аталуы қазақ аңыздарында орын алған халық арасында айтылатын аңыздардың мазмұны ұқсас келеді. Мұның бір тарабы. Мәшһүр Жүсіптің жазбаларында былай түсіндіріледі: «Бұрынғы заманда қазақтың Жүз деген де аталарының аты болса керек, «Жүз деген атты руға, «Алаш» деген ұранға қойып жауға шапқанда «Алаш», «алаш» деп шабыңдар, «Алаш,алаш» демегенді әкеңде болса ұрып жық деп бата қылысыпты. Кеше «Алаш, алаш болғанда, Алаша хан болғанда үш жүздің баласы қазақ емес пе едік» деп айтылған сөз сонан қалды»[7,64]. Қазақ қауымында Алаша тұлғасы, «алаш» ұғымы мемлекеттің символындай болғаны анық.

Жүз ұғымының, оның ішінде үш жүздік құрылымға байланысты ең алдымен айтылатыны жоғарыда көрсетілгендей территориялық-шаруашылық аймақ ерекшелігі. Енді осы сөз этимологиялық тұлғасына тоқталып, мағынасын ашуды талап етеді.

Жүз мәнісіне Қ.Халид былай анықтама берген: «Үш жүздің жазылған хикаялардан байқағанда үш ұлдың аты екендігі, болмаса оларды үшке

бөлгенде әкімдеріне берілген мансаптың аталуы екендігі тарихи шындық Ресейде аға сұлтан, қытайда уаң, күң сияқты, арабша жүз дегені- бөлшек, тон мағынасында айтулуы ақылға сияды». –дей келе, осы себептен кейде арабша «жүз», кейде «бөлшек» болып жазылатынын, тіпті ноғайдада кездесетіні жазады[88,66]. Зерттеуші М.Тынышпаев берген ғылыми анықтамасында да осы пікірді нақтылай түседі. «Жүз» сөзі «жүздік», «жак», «бөлік» болып аударылғанымен мағынасы ашылмайтыны айтады. Солай дей келе, көнетүркі тілін де кездесетін «дуз», «доз» деген сөздердің тұлғасымен салыстырады. Ғалым бұл сөздердің көнетүркі тілінде «қамал», «Орда» дегенді білдіретінін келтіреді және осы сөздің мағынасымен байланыстырғанды жөн көреді[22;47;52].

Қазақ арасында үш жүздің енші алысуына байланысты да мағлұматтар сақталған. Шежіре бойынша мұраға даулы болған Қазақбайдың үш ұлы Аласа ханға айтысып келеді.

«...Даулы болған мұрасы
Бір кілем , найза, бір қамшы,
Бұл сөзімнің ырасы,
Аласа төрем сынашы.
Үшеуі келді таласа,
«Ұлы жүз алсын кілемді,
Деп бұйырды жараса,
Орта жүзге бұйырды
Бауырдақты қамшысын
Үлгі қылған нарт ұшын
Сол күндегі халықты
Хан жаратқан халық үшін
Кіші жүзге бұйырды,
Екі жүзді найзасын,
Жау мұқатып айдасын
Елдің қамын ойласын»[110,2].

Ерте кездегі ел аңызындағы қазақ елінің үш жүзінің енші алысуын сипаттай айтқан бұл өлең бір ақынның жыры екен. Бұл жырдағы бір құндылық, бұрыннан ел аңызында айтылып келген үш жүздің баласына үш түрлі сыйпат бар.

«Ұлы жүзді қауға берде, малға қой,
Орта жүзді, қамшы берде, дауға қой,
Кіші жүзді найза берді, жауға қой».

Осы мақалалардағы мағына аңыздағы үш жүз бейнесі бір-бірімен сабақтас. Алаша хан әр қайсысының мінез-құлығына, адамшылығына қарай енші бөліп береді. Жүздердің құрылуына негіз болған нәрсе жеке рулар мен тайпалардың тайпалық одақтарға бірігуі болды.

Аңыздардың екінші бір тобы үш жүздің құрамына кіретін рулар үш кісінің баласы деген дерекке Қ.Халид: «Үш жүзге Қара Келімбет, Сары Келімбет, Ақ Келімбет деп әрқайсысының аты Келімбет, ал мансабы жүзбен бөлінеді. Қара Келімбет -Ұлы жүз, Сары Келімбет –Орта жүз, Ақ

Келімбет –Кіші жүз» дей келе, Ұлы жүзден Үйсін, Кіші жүзден Алшын, Орта жүзден алты ұл тарайды. Оны Алты Арыс дейді. Олар: Арғын, Найман, Қоңырат, Қыпшақ, Уақ, Керей деп рулық құрамына дейін таратып көрсетеді[88,92]. Деректен көріп отырғанымыздай Келімбеттен таратады. Мұндай пікір басқа шежіре мәліметтерінен де қолдау тапқан.

Мұса Шорман шежіресіне қарасақ қазақтың түп нұсқасы Құтан тайшы Қазақтың Үш жүзі Құтанның Ақжол, Алшын, Үйсін атты балаларынан тарайды. Ақжолдан егіз ұл туған. Төртеуі бәйбішеден - Қыпшақ, Арғын, Найман, Қоңырат, төртеуі тоқалдан –Керей, Уақ, Тарақты, және Төлеңгіт. Соңғы төртеуі бәбіше балаларына қызмет етсе керек. Шежіре бойынша Керей үйді сыпырады екен, сол себепті таңбасы – шілік, Уақ болса үй тігеді, таңбасы –бақан, Тарақты жылқыны күтеді, таңбасы –тарақ, Төлеңгіт болса, қолына найза алып жылқы күзетеді екен, таңбасы –найза[155].

Мұса Шорман шежіреші Қотан тайшыдан таратады. Бұл турасында Мөшһүр Жүсіп түбірлі сөз, қылып, туынды қылып айтушы болмаған соң біреу Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс үш жүздің аталары деседі, біреулер ақсақ Келімбет, Қара Келімбет, Сары Келімбет, Науан, Шадан, деген аталары бар десіп жүр, бірақ олардың ар жағы кім, бер жағы кім екенін біліп сөйлеуші жоқ дегенді айтады[9].

Орта жүз руларының иерархиялық жүйесін Саққұлақ шежіресі қызық түсіндіреді. Оның айтуынша «Қыпшақ пен қоңырат қара нар, ердің алтын қасы-арғын, күміс қасы-найман, екі қапталы- керей мен уақ рулары»[156]. Қалай болғанда да қазақ шежіресінде қазақтың ел болып қалыптасу процесі таза генеологиялық туысуы көрсетілген. Этникалық бірлестікке ертелі-кеш қосылу рулардың иерархиялық жүйедегі орнын анықтаған. Ұлы жүз шежіресіне қарасақ бір деректерде қазақтың түп атасы Әбілқайыр делінеді. Екінші бір деректерді жалпы қазақтікі сияқты Алаша аты аталады. Осы кісіден үш ұл туады Байшора, Жаншора, Қарашора. Үш жүздің қазығы осы ағайынды үш ұл[157].

Қазақтардың үш жүзге бөлінетінін, жүздерді орыстар Орда деп айтатынын Ш.Уәлиханов «Қырғыз шежіресінде» жазады. Ұлы жүзді басты-басты албан, суан, дулат, жалайыр төрт ру құрайтынын, олардың үйсін деген күшті атадан тараған атпен аталатынын айтады. Орта жүзді құрайтын негізгі рулар қатарына арғын, қыпшақ, қоңырат, найман, уақ, керейді атайды. Сонымен қатар ішінде жеті ру Кіші жүзде ғана емес, Орта жүзде де барын білдіреді. Ал, кіші жүзде екі үлкен Әлім ұлы, Бай ұлы және үшінші бірлестік жеті ру аталды. Бұлардың алшын деген атпен аталғанын келтіреді[102,151].

Қазақ тарихының Хақ Назар заманы қазақи деректерде үш жүздік құрылымның қалыптасуымен түсіндіріледі. Хақ Назар заманы тарихи фольклор деректерінің ішінде шежіре мен мақал-мәтелдер арқылы сақталған. Дегенмен, Хақ Назар заманы толыққанды бейнесінде шықпаса да, сол заманның басты мәселесі үш жүздік құрылым жөнінде мәліметтер жан-жақты талданды.

2. 5. Қазақ хандары және Орта Азия жеріндегі саяси ахуал (XVI ғ. соңғы ширегі)

XVI ғ. соңындағы Қазақстан тарихы маңызды оқиғаларға толы. Қазақ Ордасының ішкі саясатында Хақ Назар ханнан кейінгі билікке Жәнібектің Жәдік деген ұлынан тарайтын Шығай хан (1580-1582 жж.) ие болды. Сыртқы саясатында Хақ Назарды әдейі қастандықпен өлтірген Баба сұлтанға қарсы күресті жалғастырады. Біржола кек алуға көшкен қазақ рулары бірнеше дүркін Орта Азия қазақ билеушілерімен ұрысты. Екінші жағдай Бұхар ханы Абдолла II-нің құрамына Шығай хан кіруі. Осы тұстағы ел тарихы саяси оқиғалармен ғана бейнеленіп қойған жоқ.

Қазақстан мен Орта Азияның тарихынан келесі бір көңіл аударарлық жағдай, біз сөз еткелі отырған Шығай, Тәуекел замандарында көшпелі мемлекеттің саяси өмірінде дінге біржолата бет бұру кезеңі. Халықтың арасында қоғамдық идеологиялық ислам дінінің кеңінен таралғандығын байқаймыз. Осыған орай Орта Азияда ғимаратты құрылыстардың салынуы архитектураның көркеюіне әсерін тигізді. Шығай хан өз өмірінің көп бөлігін сұлтандық қызметке арнаған. Небәрі 2-ақ жыл хандық құрған [1582-1582 жж.]. Хақ Назар хандық құрған кезеңде ноғай билеушілері Ысмағұл мырза мен Жүсіп мырзаға қарсы қақтығыстарда Шығайдың есімі бірге аталады. Орыс патшасы Иван IV-нің ноғай арасына жіберген елшілігі Семен Мальцов 1569 жылы орыс патшасына: «Қазақ Ордасынан Хақ Назар патшаның, Шығай ханзаданың, Шалым ханзаданың, ал олармен 20 ханзада ноғайға келіп ұрыс болды» деп хабарлаған [158,93].

Қазақ ханы Шығай мен оның баласы Тәуекелге осы кездегі бірден-бір саяси одақтар ретінде дайын тұрған баба сұлтанның әуелден жауы болып келе жатқан Бұхар ханы Абдоллах [1557-1598]. болатын. Абдоллах Алтын Орданың ханы Жәнібектің немересі, Әбілқайырдың шөбересі. 1561 жылдар бастап, өзбектердің билеушісі әкесі Искандердің билігін бірге басқарысады. 1583 жылы әкесінің өлімінен кейін бүкіл Орта Азия, Хорасан жерінің билігі Абдолланың қолына көшеді. Өмірінің соңында Хорасанда билік атқарды. 1598 жылы қайтыс болады. Шайбанидтер династиясының соңғы ханы [41,536]. Кей деректе Абдоллах, бірде Абдоллах II деп келеді.

Абдолла II тұсында Тәшкент маңын билеген Баба сұлтан Бұхараға бағынбай өз алдына жеке билік құру мақсатын көздеді. Сол үшін Абдолла II-мен жиі саяси қақтығыс, келіспеушіліктері болып тұрды. Бұл елдердің ел билеушілері арасындағы келіспеушіліктерін Қазақ хандығының өз пайдасына шешіліп отырды. Қазақ ханы Хақ Назар осы жайды пайдаланып біресе, Абдолла жағына шығып, біресе Баба сұлтанды қолдап отырды. Бұхар хандығы жағында болған кезде Қазақ хандығы Абдолладан Тәшкент маңындағы бірез қаланы қайтарып алды [5,246-247].

Енді Шығай хан тұсында Бұқар билеушісі Абдолланың Баба сұлтанға соғысын Орта Азия жұртының одақтасы ретінде қолдауы түсінікті жағдай

еді. Бұл жорықта қажырлы қайрат көрсеткен Шығай хан мен Тәуекел сұлтанға Абдолла мейлінше риза болып, Ходжент деген жерді сыйлайды[95,321]. 1528 жылы Абдолла тағы да қазақ ханы Шығай мен Тәуекел сұлтанмен күш біріктіріп, Тәшкентке Баба сұлтанға қарсы жорық жасайды. Баба сұлтан жеңіліп, Дәшті-Қыпшақ даласына қашты. Өзбек, қазақ әскерлері Баба сұлтанды Сарысуға, Ұлытауға дейін қуды. Шығай хан сол жорықта қайтыс болды деп жазады[154,148].

Екінші бір мәселе, Шығай ханның Абдолланың қоластына келуімен байланысты. Зерттеушілер сүйеніп жүрген мәліметтер бойынша 1581 жылы Шығай хан ұлы Тәуекел сұлтан және басқа да адамдармен Абдолла ханға келгені белгілі. Және оған өзінің адал қызмет ететіндігін мәлімдейді[5,250].

Шығайдың бұл кетісінің себептері әлі күнге дейін белгісіз. Бірақ зерттеушілердің көбі «Баба сұлтанмен шайқас қазақтарды қатты әлсіретті. Оларға енді екі жақтан қауіп төнді. Бірінші Баба сұлтаннан, екінші-Моғолстан хандары Шағатай ұрпақтарынан. Ал, Шағатай ұлысының екі бөлігі Моғолстан мен Мәуреннахрдың бір-бірімен жау болғандығы белгілі. Сондықтан да Шығай Мәуреннахрды қолдауға мәжбүр болды» деген пікірге тоқталады[23;293].

Шығайдың Абдолла II-ге келуі 1581 ж. ал Абдолланың ресми түрде хандыққа шығуы 1583 ж. Абдолланың билік үшін бақталастары көп болды. Сондықтан да Абдолла хан қазақ ханы Шығайдың қоластына келуін құптады. Бір себептен Абдолланың хан атағы үшін күресіне Шығай, оның ағайындары үшін ұлдары тікелей араласты, ат салысты деп тұжырымдауға болады[153,93].

Қазақ хандарының ішінде дипломатиялық қарым-қатынасты реттеуде некелік қарым-қатынасты тиімді пайдаланған Шығай хан болды. Көшпелілердің ерте дәуірінде қалыптасқан бұл дәстүр әр заманда өз жалғасын тауып отырған. Әсіресе сыртқы саясатта арадағы саяси қақтығыстарды жуып шайуда, немесе саяси-әскери одақтастықты жасау мақсатында болсын, тектік генді сақтауда болсын некелік қарым-қатынасты жандандырып отырған. Осыған байланысты XVI ғ. аяғындағы тарихи жағдайға ден қойсақ өз ерекшелігі бар. Мұны қазақтың және сібір татарларының аңыздары баяндайды[51,576;159,119].

«Шығайдың әйелдері көп болған, олар белгілі үш қара шаңырақтан тұратын. Олардан туған ұлдар мыналар: Сейітқұл сұлтан, Ондан сұлтан, олар Алтын ханым Байм бегім атты бәйбішеден туған еді. Тәуекел хан, Есім сұлтан, Сұлтан Сабырбек ханым. Бұл үшеуінің анасы Жағат қызы Яхшым бегім еді. Әли сұлтан, Сұлум сұлтан, Ибрагим сұлтан, Шаһим сұлтан –бұлардың анасы Бұрындық ханның қызы Дадам ханымнан туған еді»[6,122] -деп келетін қазақ шежіресінде деп жазылған. Бұл деректен қазақ хандығының сыртқы шекарасындағы елдермен татулықты некелік қарым-қатынас арқылы ұстап тұрғанына және Шыңғыс тұқымының өз ара неке арқылы әулет үстемдігін бекітетінін аңғарамыз.

Шығай өзінің кенже қызын Сібір жұртына, Көшім ханның туған інісі Ахмет Керейге сән салтанатпен ұзатқан. Біраз уақыт арадағы дипломатиялық қатынастарда туыстық байланыс оңтайлы болады. Алайда Г.Ф.Миллер келтіретін татар аңыз бойынша Ахмет Керей әйелі, Шығайдың қызымен келісе алмауына байланысты екі ел арасында түсініксіздік туады. Шығай болса қызының бақытсыздығы үшін, кек алу жолын қарастырады. Бірақ мұны күш қолдану арқылы қайтару қиын болған соң, айламен алдап соғады. Ол үшін Ахмет Керейге елшілік есебінде өз адамдарынан хат жолдайды. «Шигай отправил нескольких своих приближенных с письмом к Ахмет-Гирею с приказанием хитростью заманить к себе Ахмет-Гирея и его убить. Когда посланные прибыли к западному берегу Иртыша, недалеко от города Искера, то случилось так, что Ахмет-Гирей как раз в это же самое время забавлялся на противоположном берегу ястребиной охотой. Посланные, которые его знали, закричали, что они прибыли к нему с письмом от его тестя и с приятным вестями. Они просили его переехать к ним через реку, так как с их стороны не было лодки. Ахмет Гирей сел в лодку и переехал Иртыш: «Но едва он только сошел на западный берег, как подлые убийцы напали на него, привязали его к одной из своих лошадей и пустились в бегство. Говорят, что его мертвое тело было найдено недалеко от места впадения в Тобол речки Турбы»[159,200-201] Шығай мен Ахмет Керейдің арасындағы байланыс туралы осындай мәліметті кездестіреміз. Шығайдың алдын ала ойластырылған қулығынан Ахмет Керей қаза табады. Ахмет Керейдің Ертіс жағасында Шығайдың адамдарының қолынан қайтыс болуы Сібір жұрты мен Қазақ хандығы арасындағы күрделі жағдайдан хабар береді. Қазақ шежіресінің деректері Шығай туралы екі түрлі мәлімет беріп отыр. М.Ж.Көпеевте: «Ақ Назардан соң Шығай хан болып, бұл аналардай мықты болмай, осал болды» –деп сипатталады[9].

Шығай Хақ Назар тұсында сұлтандық атағы шыққанмен, хандықты ұзақ уақыт басқару жазбаған. Оның үстіне Бұхар ханы Абдолла II-ге бағынышты болып өтеді. Қазақ хандығының сыртқы саясатта әлсіз қимыл жасауынан шежіреде жоғары бағасын ала алмауы мүмкін. Бұл бір себептен Шығай тұсында саяси биліктің деңгейі төмендеп, елдің, мемлекеттің күшеюіне мүдделі бола алмауынан туындаса керек.

Екінші бір мәлімет Қ.Жалайыридің шежіресінде кездеседі. «Шығай ханның хикаясы әрқашан оның батырлығымен мәлім, мәшһүр болды»-деген дерек[6,122]. Шығай ханның жақсы істермен танылуын Қ.Жалайыри шежіресі Шығай заманында мұсылман діні қоғамдық идеологияға айналғанымен түсіндіреді.

Қазақ шежірелеріндегі қарама-қайшылық, бұл информацияның жетуіне байланысты жазылған деп топшылауға болады. XVI ғасыр тарихына қатысты кейбір әңгімелерде Шығай өмірінің соңында сопылықпен әуестеніп Меккеге барды деген мәлімет бар. Қ.Жалайыри: «Ақырында ол да дүниеден өтті. Бұл күнде оның қабірі Күміскентте, Әли-Атаның қасында жерленген» –деп көрсетеді[9,122].

XVI ғ. соңы дінге бет бұру кезең. Көгілташ медресесесінің салынуы қазақтың тарихи фольклоры XVI ғ. оқиғаларымен тікелей байланысты суреттейді. «Қазақ халқын құлдықтан құтқарған Көге туралы аңызбен» байланыстырады. Сонымен қатар кейбір деректер бойынша Бұхара мен Тәшкент тұрғындарының арасында Бұхарадағы атақты Көгілташ медресесін қазақ салғызған деген аңыз сақталған. Х.Досмұхамедұлының айтуынша, Түркістанды қазақтардың Көгілташ медресесін өздерінің руластарының бірі салғызғандығы туралы аңыз-әңгімесі шын мәнінде бар болып шыққан. Ол аңыздың өлеңге түсірілген нұсқаның болғанын айта келіп, аңыздың қысқаша мазмұнын береді. «Тәжіктер, өзбектер және қазақтар Бұхара ханына бағынған замандарда Бұхара қаласында Шамси Мұхамед деген молда болыпты»- деп басталады. Аңыздың негізгі мазмұны тарихта болған оқиғаға құрылған. XVI ғ. соңындағы Қазақ, Бұхар хандықтарының саяси өмірінің бір қыры танылады. Өзбектер және қазақтар әрқайсысы жеке өз алдына хандық мемлекет құрған уақыт. Аңыздардың мазмұнын қарасақ қазақтар Бұхара ханына саяси одақтас ретінде ғана болған. Бұл кезде Бұхар ханы Абдолла II болатын. [1557-1598жж.]. Құрылыстың салынған уақыты шамамен 1578 жыл, ал қазақ Ордасында Шығайдың билік етіп оның Бұхар ханы Абдолла II-ге қызметке келуі 1581 жылды меңзейді. Шамси Мұхамед молдаға келетін болсақ, Орта Азиялық деректер бойынша Убайдоллах [1534-1540жж.]. мен Бұхарадағы белгілі медресе құрылысшысы Мир Арабтың замандасы[26,47]. Убайдоллах сұлтан, Самарқанд ханы болған Баба сұлтанның ұлы. Убайдоллахқа қазақ ханы Шығай хан қызын береді. Аңыз бойында Шамси Мұхамед молда енді өзінің ханына келіп, қазақтарды дінсіз деп жариялап, оларды базарда құл ретінде сатуға рұқсат етуді ұсынады. Хан кеңес шақырып, олардың өкілдерін шақырайық және шарифат қағидаларын қаншалықты білетіндігін сынап алып, айқындайық деген пікірге келеді. Бұдан соң, Бұхара ханының жаушысынан осы шешімді естіген соң, кімді жіберу керек жөнінде қазақтар кеңес құрады. Бір кезде Көге атты қазақ тұрып, кеңестен молдалардың сұрақтарына жауап беруге және қазақ халқын құлдықтан құтқаруға Бұхараға өзін жіберуді өтінеді. Кеңес рұқсат береді және Бұхараға келіп барлық сыннан өтеді. Көге өзінің және қазақтардың мұсылман екендігін дәлелдеу үшін Бұхарада төрт-бес жыл тұруына рұқсат беруін өтінеді. Хан келісімін береді. Аңыздағы Көгенің тарихта болған адам екенін зерттеуші Х.Досмұхамедұлы Бұхарадағы діни Басқарманың мәліметтері дәлелдейтінін баяндайды[26,4].

Қазақ хандығы жаңа құрылған заманда Мұқамбет Шайбани Бұқар үлемдеріне қазақ елін «кәпір» деп жариялап, оларға қарсы «ғазуат» соғысын жүргізу туралы мәліметтер бар. Ал XVI ғ. мұсылман дінінің халық арасында кеңінен таралып, халықтың санасына сіңу кезеңі. Мұсылман дінінің кең таралған негізгі орталықтары Түркістан және Мәуереннахр, Хорезм және Бұхар еді. Халықтың көпшілігі ислам қағидаларынан қашық болып, бұрынғыша «тәңіріге» табынуға негізделген, мәжусилік діннің ғұрыптарын орындап отырды. Сонымен халық арасында

қос дінділік ислам және «тәңіріге» сыйыну қоспасы көпке дейін созылды. Ертедегі рулық құдай «тәңірі» алғашқы ортағасырлардың өзінде-ақ қоғамдық идеологияны бейнеленген дінге айналған болатын. XV-XVII ғғ. ол бірқұдайлық [бір тәңірі] сипат алды, тәңірі алла деген сөзге аударылып айтылатын болды. Бұл кезде әлі де «тәңіріге» табынушылық ислам дінімен жалғаса жүріп отырды. Ислам дінінің күшейюіне қарамастан қазақтар ата-баба аруағына сыйынуды ұзақ уақыт сақтады[122,202]. Діни таным осындай бағытта болды. Ислам дінінің халық арасында уағыздаудың бір түрі орындар арқылы жүрді десе де болады. Олар: мешіт, медресе, ғибадатханаларда жалғасын тапты. Ел арасынан тақуа адамдар шығып, арнайы қаражат бөліп осындай ғимараттарды салғызуды қолға алды. Мұның дәлелі қазіргі Орта Азия халықтарының мәдениетінен орын латын ғимараттар болып табылады.

Аңызда Көгені ақ адал, маңдай термен еңбек еткен тақуа есебінде суреттейді. Бұхар қаласында тұрып біраз еңбек жасап, кірпіш басып дайындап алған соң, ханға келіп рұқсат сұрайды. «Хан келісімін береді. Сол кезде Көге ханнан шебер тауып беруін сұрайды, бірақ ол шебер өз айтқанын ғана орындайтын болуы қажет деп шарт қояды». Көге қойған 8 түрлі шартта діни ғұрыпты сақтаған, қайырымы мол, нағыз мұсылманның парыздарын орындаған, әр уақыт таза жүрген, кім болса да шындықты бетіне адам ғана сыннан өтетінін айтады. Алайда, Бұхаралық шеберлердің ешқайсысы мұндай ант бере алмай, бәрі де құрылыс жұмысынан бас тартады. «Көгенің шарттарын қабыл алатын бірде-бір адам табылмаған соң оның өзі жоғарыда айтылған турасында ант-су іше алатындығын ханға мәлімдеп, мешіт құрылысына кірісіп кетеді. Ешкімнің көмегінсіз Көге мешіттің қабырғасын жалғыз өзі қалап, шеберлерге тек оны аяқтау мен сырлап-әрлеуге ғана рұқсат берілген» –деп құрылыстың тек Көгенің адал еңбегімен салынғанын осылай баяндайды[26,46]. Бұдан соң шаһар халқы жаңа мешітті көріп таң қалысады, бүкіл Бұхарада нағыз тақуа адам Көге болғандықтан, бұл мешітті оның атымен Көгетас, яки Көгенің құрылысы деп атай бастайды, бұл атау бірте-бірте Көгілташ қалпына ауысады. Аңыздың соңында өз халқын құлдықтан осылай құтқарған Көге Мекеге аттанады және сол жақта мәңгілікке көз жұмады. Бұхарада тұрған Көге салған Көгілташ медресесі XVI ғ. мұрасы, қанша ғасыр өтсе де, халық мұрасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа аңыз арқылы, болмаса ғимараттың құрылысының сақталуы арқылы жетіп отыр. Жалпы XVI-XVII ғғ. архитектуралық ескерткіштер сол кездегі мәдениеттің дамуының бір көрінісі. Жұмыстың сапасының жоғары көрсеткіші олардың әлі күнге дейін сақталуы. Кейінгі археологиялық зерттеулердің көрсетуінше мұндай мұралар, Сырдарияда, Қаратау төңірегінде, Талас, Шу, Сарысу аңғарлары мен Торғай даласында біркелкі тәуір сақталған. Тастан салынған мұралалар көбінесе Маңғыстау да, Сағыз, Жем алабында, Орталық Қазақстанда, Жетісуда, Алтай мен Тарбағатай тауларында ұшырайды. XVI ғасырдағы архитектураның мұралары Сығанақ, Сауран, Жент, Түркістан

және Отырар сияқты көне қалалардың төңірегінен бірнешеулеп кездеседі[122,180].

Көгенің діндарлығы, Көгілташтың салынуы, сол кездегі қазақ-өзбек арасындағы діни дау [ғазуат соғысы], бұл оқиғалардың тарихи аңызға түсіп, шежіреге араласуы бекер емес. XVI ғ. II-ші жартысы қазақ руларының Бұхар хандығына бағынышты болуы, мұсылман дініне біржола ден қою, өз ішінен діндарлардың шығуы барлығы да Шығай заманымен қатарлас. Аңыздағы Көге Мекеге барды делінгенмен, шын өмірде Шығайдың Меккеге баруы ақиқат. Аңызда XVI ғ. II-ші жартысы оқиғаларының бірнеше сұлбасы бар. Алдымен қазақтың бытыраңқылығы, екіншіден, қазақ-өзбек арасындағы қарама-қайшылық, үшіншіден, дінге біржола бетбұру кезеңі.

Шығай заманы шежіре деректерінің назарынан тыс қалған деп айтуға болады. Тарихи фольклор деректерін тұтас халықтың өткен тарихының мол қоры деп есептесек, бұл жолда бізге діни аңыздардың жазылып қалуы, Шығай хан заманынан біраз мәлімет алуға мүмкіндік туғызды. Діни медресенің салынуы жайындағы аңыз-әңгіменің тарихи шындықпен тұтасуы тарихи фольклордың деректік құнын арттырады. Аңыз мазмұны XVI ғ. Соңында Қазақ хандығында болған тарихи дінге бет бұру кезеңін толық сипаттайды. Яғни, ісләм дінінің қазақ арасында кеңінен тарауы.

2.6 Тәуекел хан тұсындағы тарихи оқиғалар

XVI ғ. қазақ хандығының сыртқы саяси тарихына тән нәрсе оның Орта Азия мемлекеттерімен әскери-саяси тығыз байланыста болуы, Ресей мемлекетімен қарым-қатынастарға қадам жасаумен ерекшеленеді. XVI ғ. II жартысындағы қазақ Ордасында Хақ Назар, Шығай, Тәуекел хандар билік еткен болатын. Хақ Назар тұсында Қазақ хандығы этнотерриториялық жағынан кеңейді. XVI ғасырдан бері қазақтар мен шайбанидтер арасында дау туғызып келе жатқан Сырдарияның орта ағысындағы қалалар қайтарылды. Бірақ XVI ғ. 80-ші жылдарында Қазақ хандығының сыртқы жағдайы ауырлап, қиын кезеңді бастан кешіреді. Бұл оқиғалар Бұхараның ұлы әмірі Абдолла II атымен байланысты.

Тәшкент билеушісі Бабасұлтан Абдоллаға бағынғысы келмей, онымен соғысады. Тәшкент ол кезде Бұхараға қарайтын. Осы күресте Абдолла өзіне одақтас іздеп, оны Қазақ хандығы деп санайды. Хақ Назар Абдолланы қолдайды. Ал Бабасұлтан қулыққа көшіп, қазақтармен келісімге келу жолын қарастырады, ақыры оған кейбір қазақ сұлтандарын өз жағына қаратудың сәті түседі. Осы кезде Хақ Назар бастағана сұлтандар Бабасұлтанды өлтіруге әрекеттеніп, қастандық жоспарын құрады. Қастандық кездейсоқ ашылып қалады да, Бабасұлтан қазақтарға қарсы шығады[5,249]. Осы оқиғалардың бәрі 1580 ж. майға дейін болған болуы керек. 1580 ж. Соң Хақ Назардың аты кездеспейді. Қазақ хандығының ханы Шығай делінеді.

Қазақ шежіресіндегі XVI ғ. қатысты деректерді бір ізге салып қарастырсақ. Шығайдың Жағат қызы Яхшым бегім әйелінен Тәуекел, Есім сұлтан, Сұлтан Сабырбек бегім туған еді[6,123].

Бұлардың ішінен әкесі Шығайдан кейін билікті Тәуекел алды. Шәкәрім дерегі бойынша: “Тәуекел 1598 ж. Сығай хан Шайбани нәсілінен Тәшкентті тартып алып, Түркістанға орнықты” -дейді.[89,24[Шығыстық жазба деректерімен салыстырсақ, 1598 жылы Сығай хан емес, Тәуекел хандық құрған еді. Себебі, Сығай хан небәрі 2-3 ақ жыл тақта отырды. Ауызша шежіре дерегінің уақыт шамалауы мен келісе алмаймыз. Тәуекел 1583 жыл шамасында хандыққа келгенімен, оның Хақ Назар, Шығай билік еткен кездерде-ақ сұлтандық қызметте орны болғанын көреміз. Қ.Жалайыридің Қазақ хандығының іргелі ел екенін айта келіп, Тәуекел ханды (1583-1598 жж.) “Бүкіл ислам патшасы” -деп бағалайды[6,24]. Мәселен, Бұхар ханы Абдолламен саяси қарым-қатынас кезінде Тәуекел сұлтан саясатқа белсенді араласқан. Тәуекелдің жеке тұлға, беделді хан есебінде күшею кезі 1583 жыл Қазақ Ордасының саяси жағдайы бірде Абдолла ханға бағынышты болса, бірде оған қарсы соғыс ұйымдастырып, күш көрсететіні деректерде сипатталады. “Тәуекел кезінде Шайбани нәсілдері Тәшкентті қайта алды. Олардың ханы Тұрсын Мұхамед деген еді” -дейді Ш.Құдайбердиев[89,24].

Тарихи зерттеулер бойынша Тұрсынның Тәшкентте билік етуі Тәуекел тұсында емес, Есім хан тұсында болатын. Шыққан тегі белгісіз Тұрсын Тәшкентке иелік етіп, өзін хан деп жариялайды. Алайда ол кезде Түркістан мен одан солтүстікке қарай үлкен аймаққа Есім билігі күшті болды. Алғашқы кезеңде Есім мен Тұрсын одақтас болатыны себепті Есім ханға бағынды. 1621 ж. Имамқұли ханның Тәшкентті қайтарып алу үшін жасаған жорығына Қазақ Ордасы бірігіп тойтарыс берген.

М.Ж.Көпеев шежіресінде: “Тәуекел өзбек хандарымен соғысып, қатты соққы береді. Сарт қазақпен соғысуға шыдай алмай әлсірейді. Тәуекел хан Тәшкент, Әндіжан, Самарқан бәрін өзіне қаратып алып, тақты Тәшкенке көшіріп, Орданы Тәшкент қылып тұрған” -деп сипатталады. 1597-98 жж. Абдолланың хандығында ішкі келіспеушілік бүлік болды. Осы кезде Тәуекел Абдоллаға аттанып, соғыс ашады. Абдолла қайтыс болып кетеді. Абдолла кеткеннен кейін оның мемлекеті ыдырап, саяси дағдарысқа ұшырайды. Тәуекел бұл жолы Түркістанды, Самарқанды, Тәшкентті басып алды. Қазақ хандығының территориясы кеңіп, қалалар қайтарылып алынды. Тәуекел кезінде Бұхар хандығымен саяси байланыс осылай аяқталды. Тәуекелдің Бұхар хандығына шабуыл жасауы, Абдолланың Көшімге көмек жасауына кедергі жасады. Россия бұл кезде Бұхар ханы Абдолламен одақтас болған Көшіммен соғысып жатты. Осы сәтті тиімді пайдаланған Тәуекел Ресей патшалығымен де келіссөздер жүргізуді қолға алады.

Осы кезде ол өзінің елшісі Құл-Мұхамедті Москваға жөнелткен. Елшіліктің ресми мақсаты 1588 жылдар Москва патшалығында қызметте жүрген Ораз-Мұхаммед сұлтанды еліне қайтаруы өтініші болды. Ресей

елшілікті дұрыс пиғылмен қарсы алып, бұған жауап ретінде өзі ұсыныс білдірді.

XVII ғ. аяғындағы қазақтардың саяси тарихынан хабар беретін маңызды дерек. 1588ж. Тәшкенттегі көтеріліс, оған қатысқан қазақ сұлтандары, Шығай мен Тәуекелдің Абдолланың қол астына қызметке келуі туралы Х.Таныштың еңбегінде кездеседі[5,250]. Х.Таныш Абдолла II ханның қол астында қызмет атқара жүріп, ханның өмірі туралы жазбалар жүргізіп отырған. Міне, осы тұста қазақ тарихында жұмбақ тұлға болып келген, Ондан сұлтан туралы әңгіме қозғалады. Ондан туралы қазақ шежіресінде аздап болсын дерек сақталған. Әсіресе, “ұзын оқты Ондан бол, қайдан болсаң соннан бол” деген сөз еске түседі. Бұл сөзді көбінесе жауға аттанайын деп тұрған батырдың аузына жиі салатынын айту қажет. Соған қарағанда ұзын оқты Ондан сұлтан атына байланысты біз танып білмеген көп тарих жатыр. М.Ж.Көпеев шежіресінде ұзын оқты Ондан сұлтан қазақ ішіне Мәуреннахр жерінен салт бас, сабау қамшы келген батыр екенін мәлімдей келе, “Шығай ханнан енші алып төре қатарына қосылыпты, сондықтан “ұзын оқты Ондан бол, қайдан болсаң содан бол” деген сөз қалған дейді[9]. XIX ғ. Атақты билерінің бірі Алшынбай Тіленшіұлы Онданның шөбересі Жамантай сұлтанға (шын аты Тұрсын) - “сен садағын сағымға ілген төре емес, қатағаннан қаңғып келген, кезбенің тұқымынансың” деуі осы әңгімеге байланысты болса керек -деп соны пікір айтады. Шежіредегі Онданның шығу тегіне байланысты мәселе қозғалады. Ол Мәуреннахрдан келген батыр, кейін Шығай ханнан енші алып төре қатарына қосылыпты.

Жәдік тұқымы әуелден өзбек билеушілерімен тікелей бағынышты қарым-қатынаста болған, оның ұлы Тәуекел хан өз өмір жолын Абдолла ханға қызмет істеумен бастайды. Шығай тұқымының қазақ ішіне оңтүстіктен келіп қосылуы ақиқат. Онданның өмірбаянына осы тарих еніп кеткен. Қ.Халидте бұл кездейсоқ болған іс емес. Төрелердің кейбіреулері Мәуреннахр қалаларына ие болғанда, сол жердің әйелдеріне үйленгендері де бар. Бұл турасында Қ.Халид былай деп баяндайды: “Айрықша Сығай хан Тәшкентте Туроб деген Сарттың қызын алған, өзі қаладан қуылғанда балалары Ондан хан тағы бір нағашыларының қолында өскен. Олар кейіннен қазақ ішіне келіп, Ишм (Есім) хан тұқымына басымдық еткен”[88,174]. Деректен, Ондан сұлтан өмірін нағашыларының жанында Мәуреннахрда өткізіп, қазақ жеріне, ата жұртына кейіннен келген деп ұққан дұрыс.

Шежіре дерегін ырастайтын мәлімет Ш.Уәлихановтың “Қазақ хандары мен сұлтандарының шежіресі” атты еңбегінде кездеседі. Ангрена өзенінің маңын мекендейтін жұрттың ру басысы құрама руынан Ондан сұлтан (ұзын оқты аталған) екені жөнінде жазады. “Так, одна линия кайсацких султанов известна под именем султанов красного знамени и происходит, то преданию народа, от одного среднеазиатского выходца, искателя приключений. Родоначальник этой отрасли султанов Ондан, по прованию Длиннострелый, был из курамы, что при Ангрене. Однажды на

пирушке он, выпивши через меру, сказал, будто убил одного знатного курамца. Натянув лук стрелой в 12 обхватов, он сел черного аргамака и ушел от мести и пришел к другу отца своего Алибеку Агевскому за советом. -Хороший ты малый, -сказал ему бек, -жаль мне тебя. Здесь оставаться нельзя. В степях зачуйских есть кочующие племена, которые уважают султанов и ходжей. Ходжой ты не можешь быть, но султаном можешь быть. Ты храбор и стрелок первой руки. Поезжай туда и выдай себя за султана. Он вышел в Малые ногаи, а оттуда к кайсакам и по храбрости был признан за султана, и был хан предводителем войск. Знаменитый хан Ураз-Мухамед был сыном этого Озсана, впрочем, автор (сочинения “Сборник летописей” Жалаири)” называет Озсана братом (Тевкель-хана и Ишима-хана)”[102,173].

Қадырғали Қосымұлы, еңбегін Онданның баласы, туған елінен жас кетіп “христиан дінінің әміршісі Борис Годуновқа” қызмет еткен Оразмұхамедтің жанында жүріп жазғандығын ескерген жөн.

Шоқан берген негіздегі деректі В.В.Вельяминов-Зернов еңбегінен кездестіреміз. Зерттеуші Онданұлы Оразмұхамедтің шыққан тегі туралы мәліметті құран сақтауға арналған қобдишаның сыртына ойып жазылған текстік шежіреден таптым. Шежіре араб әрпімен жазылған, оны былай деп оқыдым дейді: “Орыс хан-одан Құйыршық хан-Барақ хан-Жәнібек хан-Жәдік хан-Шығай хан-Ондан сұлтан Оразмұхамед сұлтан” делінеді[18,112б]. Және зерттеуші бұл күміс қобдиша құран сақтауға арналып жасалған, ол императорлық Ғылым Академиясының Азия музейінде сақтаулы, хижраның 1012 ж. деп белгіленген, қобдишаның иесі Ораз-Мұхамед, академия оны 1736 ж. Фельдцехмейстр граф Брюстің заттарымен қоса сатып алған” -деп мәлімдейді. В.В.Вельяминов-Зернов қобдишаға ойып жазылған шежіремен “Жылнамалар жинағының” авторы берген шежіре бірдей деп атап көрсетеді[18,113].

Осы қобдиша туралы академик Ә.Марғұлан былай деп жазады: “Бұл сандық Ораз-Мұхамед қайтыс болған соң патша архивіне беріледі, 38 нөмірмен ол сонда XVII-XVIII ғғ. бойы сақталады, 1736 ж. Сандық Ғылым Академиясының Азия музейіне тапсырылады, ол XIX ғ. сандық із-түссіз жоғалып кетеді. Менің шамалауымша бұл сандықта негізінен түркі халықтарының тілінде жазылған әдеби шығармалар, батырлар жыры, тарихи дастандар, шежірелер, хаттар сақталған болса керек” -деп қобдишаның құндылығын арттыра түседі[160].

Сонымен бұдан шығаратын қорытындымыз Оразмұхамедтің әкесі Ондан сұлтан ата-бабалары қазақ хандығының негізін қалаушылар Жәнібек, оның баласы Жәдік, әкесі Шығай хан.

Ендігі сөз бұның қаншалықты шындыққа жанасатындығы жөнінде. Себебі өзінің тектік шежіресі жазылған қобдишаны иеленген Ораз-Мұхамед өз әкесінің атын қате жаздырмайтыны даусыз. Сондай-ақ ханның жақын адамдарының бірі болған Қ.Жалаиридін және заманында Ораз-Мұхамедті жаппай Ондан ұлы деп атаған орыс тұстастарының да қателесуі мүмкін емес.

Деректерден біз Онданның туған өлген жылдарын есептеп шығарып алдық. Мыс, Онданның 30 жасында өлгені ғана белгілі, бірақ қай жылы туғаны белгісіз. Бізге деректер Шығай ханның өлген жылы 1583 жылы немересі Ораз-Мұхамед 8 жаста болғанын көрсетеді. Бұдан Ораз-Мұхамедтің 1575 жылы дүниеге келгені анықталады. «Ораз-Мұхамедтің 13 жасында әкесі Ондан сұлтан 30 жасында қайтыс болады» деген мәліметті Қ.Жалайыриден кездестіреміз. Бұл 1588 жыл. Енді бұдан отыз жылды алып тастасақ Онданның дүниеге келген жылы 1558 жыл шығады. Сонымен Ондан небәрі отыз жыл ғана өмір сүрген. Ондан сұлтанның қай жылдары өмір сүргені анықталады (1558-88жж.). Енді ол туралы жазылған Қ.Жалайыридің еңбегіне қайтып оралайық. Еңбекте: «Ондан сұлтан туралы хикаялар көп жерде кездеседі. Ол ер жүрек батыр, садақ атудың да керемет мергені еді. Әрқашан сыртқы жауларға қарсы күресте көп ерлік көрсетті. Шығай хан тұсында әскерлердің бас қолбасшысы болды. Ол тарихта көптен белгілі. Ақырында қалмақтармен шайқаста, 30 жасқа келген жігіт шағында шаһит болды. Оның қабірі Қожа Ахмет Иассауи рахмет алла алейһидің пінаһінде қасында жерленген[6,123]. Бұдан біз Ондан сұлтанның өз заманында белгілі сұлтан, мықты батыр, құралайды көзінен атқан мерген болғанына аңыздарды талқылай отырып көз жеткіземіз.

Деректердің біразы Ондан сұлтанның ұлы Ораз-Мұхамедтің балалық шағы жөнінде Ораз-Мұхамед туралы мәлімет берер дерек біреу ғана, В.В.Вельяминов-Зернов та соған сүйенген. Бұл Жылнамалар жинағы» авторы берген мәліметтер. Қ.Жалайыри былай дейді: «Ораз-Мұхамед сұлтанның он үш жасында әкесі Ондан қайтыс болады. Бір уақыт ол Сейдақ бидің тұтқынында азап шегеді, ол 16 жасында бүкіл христиан дінінің әміршісі Борис Федоровичке қызмет ете бастайды. Бұл деректен Россияға барарынан бұрын, Сейдақтың қолында тұтқында болған, Сейдақ-Сібір хандығының билеушісі. Ораз-Мұхамед Сібір жеріне келгендігі жөнінде нақты мәліметтер жоқ, сондықтан бұл оқиғаға байланысты зерттеушілер арасында да қабылданған ортақ пікір жоқ. Қ.Жалайыридің берген дерегінен басқа Ораз-Мұхамедтің Россияға келерден бұрын Сібірде болғандығы туралы пікірлер Сейдақ бидің орыстардың қолына түсуімен байланысты шықты. Бұл оқиға былай болған еді. Орыстар Батыс Сібірді жаулап алуды бастаған соң қалалар салына бастағаны белгілі, 1588 жылы Сібірде Тобыл қаласы салынды, көп ұзамай әскер басы Даниял Чулков Сейдақ биді қолға түсіреді және оны Москваға жібереді. Сейдақ би Сібірдің ежелгі билеушілері Тайбұға әулетінің өкілі»[18,340-345].

Кейбір Сібірлік жылнамашылардың айтуынша Сейдақпен бірге Қазақ Ордасының ханзадасы және қараша бек те тұтқындалып, Россияға әкелінген. Осындағы Ораз-Мұхамед сұлтан, қараша бекті Қ.Жалайыри деп түсінеміз. Қ.Жалайыри Ораз-Мұхамедтің Россияға келерден бұрын Сейдақтың қолында тұтқында болғаны туралы жазғанымен, оның Сейдақпен бірге тұтқындалып Россияға келгені туралы ештеңе айтпайды. В.В.Вельяминов-Зернов: ”Қазақ ханзадасы туралы басқа да орыс

жылнамалары жазады, алайда олар «Ораз-Мұхамед Сейдақта қонақта болды, ол Россияға өз еркімен келді» -деп түсіндіреді дейді[18,390].

Сібір тарихына көп үнілген Соловьев бұл оқиға туралы, ол: «1587 жылы әскер басы Чулков Тобылдың негізін салды, Сейдақ осы қалаға шабуыл жасағанда қолға түсті» дейді[152,281].

Ораз-Мұхамедтің Сібір жеріне не үшін келгендігін анықтау үшін Сібір билеушілерінің тарихына көңіл аударуымыз қажет. Олардың көрші хандықтармен қарым-қатынасына назар аударған жөн. Сібірдің ежелгі билеушілері әулетінің тарихынан анық мәліметтер аз. Бұл туралы В.В.Вельяминов-Зернов былай дейді: «Сібірдің ежелгі билеушілерінің әулеті туралы аңыздарда ғана сақталған. Осылардың Строганов және Есилов жылнамаларына кіргендері назар аударарлық»[18,378]. Тайбұға әулетінің тарихына үнілген тағы бір зерттеуші М.С.Мұқанов.[161,22-26]

Бұл екеуінің пікірі екі басқа, оларға қысқаша тоқталып өтейік. М.Мұқанов Тайбұғаны Керей руынан шыққан деп санайды.Мұқанов монғол шапқыншылығына уақытша Орталық Азияның даласында күшті кереиттер хандығының болғандығына сүйенеді. Бұл тарихта белгілі мемлекет, олар туралы Рашид-ад-дин Гильомде Рубрук жазып қалдырған болатын, олар керейлердің монғол патшалары мен көршілес екендігін және несториандық бағыттағы христиан дінін ұстағандығын көрсеткен болатын[12,116]. Рашид ад-дин керейлердің ханы Он хан деп көрсетеді[3,102].

М.Мұқановтың болжауынша кейіннен Шыңғыс өзі қиратқан Он ханның ұлы Тайбұғаның тірі екенін біліп, оны шақыртып, әскер беріп Обь және Ертіс бойының халқын бағындыруды тапсырды[161,24]. Шыңғыс мұны Қытайдан шығыс Европаға дейінгі созылған алып империяны билеуді жеңілдету үшін жасады деп түсіндіреді.

Тарихи әдебиетте Қ.Жалайыриден басқа ешкім Ораз-Мұхамедтің Сейдақтың қолында тұтқында болғандығы туралы мәлімет қалдырмаған. Соныдықтан да Ораз-Мұхамедтің Сібірге шынында да Сейдақтың билігі тұсында келді ме, әлде ол кезде Сібірде басқалар билік құрды ма деген сауалдар туындайды. Бұл орайда Сібірді 1563 жылдан бастап Көшім хан биледі. Ораз-Мұхамед қазақтардың Көшіммен болған кезекті соғысында Көшімнің қолына түсуі мүмкін деген пікір айтады. В.В.Вельяминов-Зернов осы мәліметтерді қорытындылай келе, Сібірді 1563 жылдардан бастап Көшім хан билеген, 1569 жылы И.Позднеев әңгімелескен хан Көшім ханның өзі деген пікірге келеді. Көшім мен И.Позднеевтің арасындағы әңгімеден Қазақ Ордасы мен Сібір хандығының арасында соғыстар болып тұрғандығын ұғамыз. Ендеше осындай соғыстардың бірінде Ораз-Мұхамедтің Көшімнің қолына түсіп, Сібірге келуі мүмкін деген қорытынды жасайды зерттеуші. Ал кейіннен Сейдақ пен Көшімнің арасындағы соғыстар кезінде Сейдақтың қолына өтуі мүмкін дейді[18,33].

«Жылнамалар жинағы» мәлімет бойынша ол Ресейге 1588 жылы 16 жасында келген болатын, ал атасы Шығаймен мәңгіге айрылысқанда 8 жаста еді дейді, онда бұл 1580 жылы болған. 1580 жылы Ораз-Мұхамедтің

атасы Шығайдың өлімімін байланыстыра алмаймыз. Себебі Қ.Жалайыр дерегі өзін-өзі қарама-қайшы келіп отыр. Шежірешінің дерегінен біз жоғарыда келтіргеніміздей 1588 ж. ол 13жаста деуі, 16 жаста Ресейге 1591 ж. барған болып шығады. Яғни, Қ.Жалайыр жылынан қателескен. Бұған қоса, Х.Таныштан белгілі 1581 жылы маусымда Шығай Аболла II-нің қоластына кетеді[5,258]. [Яғни 1580 жылы Шығай тірі, ендеше осы жылы Ораз-Мұхамедтің Сібірліктердің қолына түсуі мүмкін. Бірақ 1580 жылы Қазақ хандығы мен Сібір хандығы арасында соғыс туралы мәліметтер кездестіре алмаймыз. Сондықтан В.В.Вельяминов-Зерновтың 1580 жылдар шамасында Ораз-Мұхамед Көшімнің қолына түсіп, кейіннен Сейдаққа өтті деген болжам күйінде қалады. Осы жерде біз XVI ғасырдың 80-90-шы жылдарында Қазақ хандығының сыртқы жағдайының ауырлап, қиын кезеңді бастан кешіргенін ескергеніміз жөн. Сондықтан да Ораз-Мұхамед сұлтан 1591 жылы қазақтардың Сібірге жасаған жорығының нәтижесінде емес, Сібір хандығының қазақтардың қиын жағдайын пайдаланып жасаған шапқыншылығының нәтижесінде қолға түсуі мүмкін деген қорытындыға келеміз.

Тарихи фольклорда Тәуекел заманындағы тарихи оқиғалар сипатталған. Тәуекел заманында өмір сүрген тарихи тұлғалар өмірі арқылы аша түседі.

2.7. Қос билік және саяси-этникалық дағдарыс (Есім және Тұрсын хандар дәуірі)

Тарихи зерттеулер бойынша XVI ғ. соңы XVII ғ. басы мынадай сипатқа ие. Есім хан заманында Қазақ хандығы Орта Азияға бейім болғаны деректерден анық сезіледі. Мәселен, Шығай, Тәуекел, Есім хандарға байланысты оқиғалар, Шығайдың Абдолла хан қарамағында болуы, Тәуекелдің Бұхар, Самарқанд қалаларына шабуылы, Есімнің Самарқанд уәлаятын билеуі т.б. Яғни, Қазақ хандығының Оңтүстік шекарасы кәзіргі Өзбекстан жерінің бөлігін қамтиды. Ал Солтүстік шекарасы Сібір хандығы және қалмақ иеліктеріне тікелей тіреледі. Оның дәлелін Оразмұхамед сұлтанның Сібірге оқиғасы, Сәтбек батыр жөніндегі жыр, қазақ-қалмақ соғыстарының баянынан табамыз. Батыс шекарасы ноғай билерінің ұлыстарымен тығыз байланыста болғаны кейбір архив-деректерінде бар. [Мәселен, Тәуекелге келген В.Степанов елшілігі] Қазақ хандығының Шығыс өлкесі Алатау қырғыздары, Жетісу бойы, Балқаш өңірін толық қамтиды. Бұл тұжырымның айғақты дәлелдерін біз төменде толық келтіруге күш саламыз. Сонымен Есім хан тұсындағы Қазақ хандығының территориясы кәзіргі қазақ жерінің негізгі бөлігін қамтиды.

XVI ғ. соңы XVII ғ. басы кезіндегі Қазақ хандығы құрамына енген рулар мен субэтникалық-әлеуметтік топтар жөніндегі мәліметтер өте жұтаң. Қолда бар деректерден Қазақ хандығының саяси билігіне Шыңғыс тұқымынан тараған әулеттер ие болғанын білеміз. Қазақ төрелері Шыңғыстың үлкен ұлы Жошыдан тарайды. XVI-XVII ғғ. Жәнібектің

ортаншы ұлы Жәдіктің тұқымынан Тәуекел, Есім мерейі үстем болды. Ал Есім ханмен замандас болып жүрген Тұрсын хан жөнінде біржақты пікір жоқ. Белгілі зерттеуші Т.И.Сұлтанов: «Тұрсын сұлтанның хандық билік құрғаны жөнінде бірде-бір дерек толық айтылмайды. Осы уақытқа дейін Тұрсынның шыққан тегі де белгісіз. Оның толық аты Тұрсын-мұхамед сұлтан. Орыс деректерінде Есімнің ағасы болып аталады. Көп зерттеушілер осылай деп ұққан» –деп келтіреді[51,119].

Қазақ хандығының құрамына енген тағы бір субэтникалық топ-қожалар, XVI-XVII ғғ. қоғамда маңызды функция атқарды. Мәселен, шығыс деректері бойынша Тәуекел хан Бахауидден қожаға қол берген, пір деп таныған. Онымен бірге қазақтың өзге төрелері, жалпы қара халық өожаларды мойындағаны аян болса керек. Қолда бар деректерге қарағанда Қазақ хандығының құрамына белді-белді түркі тілдес рулар енген. Орта жүз аңыздарына қарағанда Есімнің қол астына Арғын руы тұтас, Найман, Керей рулары енген. Кіші жүзден (шежірелерде Алшын деп те атайды.) Әлім ұлы, Бай ұлы екі үлкен ата анық бар. Ал үшінші ата Жетірудың қалыптасуы аңыз бойынша Тәуекел ханның атымен байланысты. Ұлы жүз құрамына ірі рулардың қатарына қаңлы, дулат нәсілі, дулаттан соң көбі жалайыр, одын кейін ысты, сіргелі мен ошақты тайпалары.

1628 жылы Есім хан Тұрсынды өлтіргеннен кейін Қазақ хандығында қос билік жойылып, бүкіл рулар бір ханға қарады. Тұрсын хан құрамындағы ел қатаған атанады. Қазақ шежіресінде оларды «шанышқылы» деп те атайды.

Қазақ хандығының құрамына төл қазақ руларынан басқа қырғыз рулары, қалмақтар, ноғай т.б. этникалық топтардың енгені белгілі. XVI-XVII ғғ. Есім хан заманында қазақ атынан гөрі «алаш», «ноғайлы» атаулары жиірек қолданылған секілді. Мысалы, Жиёмбет жыраудың толғауында кездесетін «Алашыма ұран салармын» деген жолдары.

Қазақ хандығының XVI-XVII ғғ. мемлекеттік құрылымы, басқару жүйесі жөнінде деректер тапшы. Дегенмен, жазба және ауызша деректерді салыстыра қолдансақ бірсыпыра мағлұмат алуға болады. Солардың бірі Есім хан тұсындағы мемлекеттік биліктің нығаю белгісі деп «Есім ханның ескі жолы» атты әдет-ғұрып заң ережелерін қабылдауды айтуға болады. Ереженің қабылдануы хан билігінің яғни, мемлекеттің күшейгеніне айғақ. «Ескі жол»- мемлекет пен қоғамның ішкі құрылымын анықтап береді. Соның мазмұны-әлеуметтік және этникалық топтардың арасындағы жарасымды тепе-теңдікті сақтау, сыртқы қарым-қатынас тәртібін реттеу болса керек.

XVI-XVII ғғ. Қазақ хандығы көшпелі қоғам болғандықтан оның ішкі әлеуметтік қарама-қайшылығы, тартысы аз. Біз Есім хан тұсында ішкі бүліну болды деген мәлімет кездестірмедік. Ал енді Есім мен Тұрсын арасындағы жанжал мемлекеттік құрылымды басқару жолындағы сепаратистік пиғылдар мен күрес қажеттілігінен туындайды. Дегенмен ішкі саясат мәселелерін сөз еткенде Қазақ хандығының құрамына енген ірі рулардың хан билігін мойындамау оқиғалары кездесетінін айтқан жөн.

Мәселен, Жиёмбет оқиғасы: «Қалмақ тайшыларының бірінен Есім ханға бір сұлу қыз жіберілгенекен. Оған Жиёмбеттің інісі Жолымбет батыр қызығып, барар жеріне жеткізбей жолдан тартып әкетіпті. Хан алдына кесе көлденен тұрғаны үшін Жиёмбет әуелде інісіне қатты наразы болған екен, артынан тентектігін кешіріп, татуласыпты. Енді Есім хан ағайында екеуіне де қысым көрсетуді ойлайды. Мұны білген Жиёмбет бір реті келген жерде осы толғауды айтып беріпті:

«Еңсегей бойлы Ер Есім,
Есім сені есірткен
Есілде менің кеңесім
Ес білгеннен Есім хан
Қолына болдым сүйесін,
Қайғыңа болдым демесін»[91,209].

Сыртқы саясат туралы ең мол деректер Өзбек және Қазақ хандығы арасындағы қарым-қатынасқа тікелей байланысты. 1598 ж. Тәуекел мен Есімнің Орта Азияға шабуылының нәтижесінде Түркістан, Отырар, Сауран қалалры қайтарылды. Орта Азия мемлекеті ең күшті Бұхар хандығы Имамқұлы ханы тұсында қазақ елімен саяси қақтығыстарда болады. Бұл оқиғалар 1613 ж. басталып, 1621,1623 жылдары қайтаданып отырған. Негізгі күрес Орта Азия қалалары, оның саудасы мен ауыл шаруашылығы оазистерінен түсетін пайдаға байланысты болса керек. Осында шаруашылық орталығы болған –Тәшкент билеушілерінің арасында әруақыт күрес тудырып отырды. Тұрсын мен Есім хан арасындағы жауластықтың басты себебі де осыдан туындаса керек.

Бұл тұста батыс қалмақ рулары [торғауыт, хошауыт, дүрбет, чорас] Орталықтың және Солтүстік Қазақстан арқылы Батысқа [Еділ-Жайық] арасына белсенді түрде жылжыған уақыты. 1620 жылдары қалмақтар Ом, Тобыл, Есім, Ертіс өңірлеріне қоныстанады. XVIIғ. 20-30шы жылдары Хара-Хула бастаған ойрат әскерлері халха жұртының билеушісі Алтын хан мен қазақ билеушілеріне жорық ұйымдастырғаны жөнінде деректер мол.

Деректер қазақ-орыс саяси дипломатиялық қарым-қатынасы XV ғ. 90-шы жылдарынан басталатыны жөнінде мәлімет береді. Ресей мемлекеті мен Қазақ хандығы арасындағы алғашқы байланыс Тәуекел елшілігімен басталғанын аңғаруға болады. 1594 жылы Москваға жөнелтілген Құл-Мұхамед Ресеймен бейбіт қарым-қатынаста болуға ниет білдіреді. Сонымен қатар Ораз-Мұхамедті елге қайтаруын өтінген болатын. Осы кезде Ресей мемлекетінің қазақтарды Бұхар және Сібір хандығына тосқауыл ретінде пайдаланғысы келгендігі белгілі, ал қазақтар Абдолла II кезінде күшейген Бұхар хандығынан қысым көре бастағандығы және Бұхармен күресте оқ-дәрімен атылатын қару сұрап жібергені белгілі. Ораз-мұхамедті Москвада ұстап қалады. Және оның орнына егер ханзада Құсейін сұлтан келсе, аманат ретінде, сонда ғана Ораз-Мұхамед сұлтан босатылады деп мәлімдейді[147,4-6].

Есім заманында Орта Азиялық керуендері Сібірге қазақ далалары арқылы: Бұхарадан Сырдария жағасынан, Түркістан арқылы, Сарысу

бойымен, Ұлытау маңымен Есімге көтеріліп, Ертіс бойымен Тобылға жеткізіледі. Керуендер өздерімен кептірілген жеміс және мата алып жүріп, оларды жол бойы тамақ, нан асытққа айырбастап отырған[147,20].

Қазақ елінің сыртқы саясатының бір торабы Қашқария, қырғыз [Алатау] т.б, елдермен тікелей байланысты. Бұл өлке кезінде Шағатай ұлысына қарап кейін оқшауланды. XVI-XVII ғғ. қырғыз-қазақ арасында өте тығыз араластықтың болғаны туралы бірнеше деректердің төңірегінде әңгіме қозғауға болады.

Қазақ халқының саяси және қоғамдық тарихында кездесетін дәстүрлерінің бірі «ант беру». XV-XIX ғасырлар аралығында пайда болған көптеген құжаттар мен қазақ шежіресі(аңыз, тарихи жыр және т.б.) мазмұнында «ант беру» дәстүрі жан-жақты баяндалады. Қазақ көшпелілерінің ішкі қоғамдық өмірінде бұл дәстүр негізгі реттегіш қызметін атқарады. Мәселен, XIX ғасырдың соңында қазақ халқының әдет-ғұрып заңдары жөнінде жазған В.К.Фон-Герн өзінің зерттеулеріне және өзіне дейінгі ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып: «Сама светлая сторона казахского народного суда –это постоянное обращение его к совести тяжущихся лиц и двух примирения. ...сам процесс принятия присяги называется «ант ішу», т.е. пить клятву, или более употребительно «жан беру», что означает «отдавать душу». Такое значение присяги наводит на мысль, что принявший присягу считается как бы покончившим со своей жизнью», -дейді[162,10].

Ант беру сыртқы саясатта қарым-қатынас құралы есебінде де көрші халықтармен ара қатынаста жиі қолданылған. Қазақ тарихына қатысты көптеген құжаттардан және тарихи аңыздардан сыртқы қарым-қатынастағы антты «серт» деп атайтынын білеміз, «серт», «ант» – бір-бірімен мағыналас ұғымдар, олар түрік-мұңғыл халықтарында жиі қолданылады. Мәселен, XVII ғ басында құжаттарда Ресей мен Жоңғарияның, Жоңғария мен Қазақ хандықтарының арасындағы келісімдерді «серт» деп атайды[99.,31,42]. XV-XVIII ғасырлар аралығында қазақ-қалмақ, қазақ-башқұрт, қазақ-қырғыз елдерінің өзара қарым-қатынасы ел билеуші, өте беделді адамдардың антқа келуі арқылы [серт беру] жүргізілген. Оның негізгі талаптары бойынша антқа келуші екі жақ-құрбандық мал [аққасқа, көкқасқа] сойып, оның қанына қолдарын малады, қорамсақтарынан оқ ауыстырады, жалаңаш қылышты кеуделеріне салып құшықтасады. т.б. XVIII ғ.40 жылдары Ресеймен Қазақ хандығының арасында болған саяси қарым-қатынастар кезінде орыстардың талап етуімен «ант беруге» Құранды пайдаланған. Қазақ елінің басшылары Құранды төбесіне көтеріп Ресейге адал болатынын мәлімдеген[147,152-153].

Ант беру XVII ғ. қазақ елінің саяси тіршілігінде жиі кездеседі. Ішкі әлеуметтік қарым-қатынасты қазақтар ант беру, сертгесу арқылы көп мәселені шешіп отырады. Бұған бірнеше талаптар қойылады. Алдымен, екі жақ (мәселен-екі ру басшылары) бір-біріне адал, сенімді болуға серттесетін, ант ішіп аманат алатын. Қазақ ішінде бұған қатысты «Ант

ішкеннің үйіне барма, айрандай жұғады» деген қағида қалыптасқан. Бір іске байланысты ант қабылдаған адам, келісімін аяқтағанша қоғамдағы орны шектеулі болған. Ісінде тұрақсыздық сертінде тұрмаса жағдай насырға шабады. «У ішкеннің бірі өледі, ант ішкеннің мыңы өледімен « оның кінәсін қазақ бүкіл руымен көтерген. Сертте тұрмау бір рулы елге күнә болып табылады. Осындай анттың бірі Есім хан мен Тұрсын сұлтанның арасында болған келісім. Мәшһүр Жүсіп шежіресінде: «Еңсегей бойлы Ер Есім Түркістанда қазақ ханы болып тұрған күнде, Тәшкентте Тұрсын қатаған деген жұртты билеп тұрды. Тұрсын хан ант етісіп, Есім мен бата қылысты, бір-бірімен жау болмасқа Күнбатыс Бұхар, Хоқан, Самарқанмен жауласуға мен қарсы тұрайын. Сен Күншығысқа қосын қылып аттан. Ұзын аққан Ертістің суының басынан кір, аяғынан шық» деген соң мың кісі қосын алып Күншығысқа бет қойды» –деп анттасып, келіскендері жөнінде жазады[8,14]. Бұдан Есім ішкі ел билігін Тұрсынға тапсырып, өзі Арқа жеріне ене бастаған қалмақтармен қарым-қатынасты реттеп отырғанын байқаймыз.

Тоғолоқ молданың жазуынша: «...Есім хан өзінің елінен мың кісі қол алып, қатаған хан Тұрсыннан мың кісі қол алып, елін хан Тұрсынға тапсырып, екі мың қолменен жөнep кетеді»[106,54]. Сонымен екі деректе бір ойды меңзейді. Ал, ғалым М.Тынышпаевтың еңбегінде бұл оқиға ошақты руынан шыққан Базек ақсақалдың аузынан жазып алған әңгімеде баяндалады. Онда Есім хан елін, жерін, ата-анасын Ташкенттегі қатаған мен қаңлы жұртына билік құрған Тұрсын ханға сеніп тапсырғанын айта келіп, Тұрсын «ант қабылдап» орындауға кепілдік берген делінеді[22,157]. Шынында да, XVII ғ. саяси тіршілігін реттеуде ант беріп уағдаласу болған және оны шежіре деректері растайды.

Біз дерек ретінде алып отырған М.Ж.Көпеевтің жазбасы мен Тоғолоқ молданың шежіресінде Есім ханның қалмаққа шабуыл оқиғасы баяндалған. Мәшһүр шежіресінде Есім хан жұртымен Шу мен Сарысудан асып Күншығысқа бет алып, Ертіске дейін созылып жатқан даладан өтіп, Шідертінің өзеніне келіп тынығып жатады. Сонда «Шүршіт қарауылдан» жау қарайды. Осы жерде қазақтарды қалмақтар жаяу қалдырғанын айта келіп: «Аттарына айрылып, сол мың кісі сол жатқан жерінде он күн жатты. Он күн өткен соң, Есім хан бас көтеріп сөйлейді: -Азаматтар, шоралар, біз бүйтіп жатпайық» Міне, мен жортар аттың он күнде баратын жеріне бір күнде барамын. Маған еруге жарайтының бар ма? –дейді. Ол қалмақ он күндік жерге бармай орнықпайды.» Не Қокиерден көліне, не Балқаш теңізінің қопасына барып бекінді, -дейді. Екі кісі белсеніп шықты... Еңсегей бойлы Ер Есім айтты. Міне, бүгін жүремін. Сол қалмақтың бекінген жеріне бүгін барамын, бес күнде келетұғын сізді тосамын. Он күнде келетұғын сізді де тосамын деп жөнep кетеді» –делінеді[8,146]. Оқиға соңынан шыққан екі жолдасының келіп жетуімен байланысады. Және қаншамыз өліп, қаншамыз қалғанымыз таяқтан білейік деп бәрі бір-бір таяқтан үйген екен. Кейін сол жер Мың таяқ» атаныпты.

Ал Тоғолоқ молданың шежіресінен Есімнің қалмаққа қарсы алдынала дайындалғанын аңғарамыз. Әңгімеде Талас бойына есепсіз малымен көшіп келіп жатқан қырғыздың Есіркемеш руынан тарайтын Түгел байынан Есім хан Санжы сыншының байқауымен Шарыпқұла тұлпарды қалап алады. Оны үш жыл баптайды. Үш жылдан кейін бір атты сойса, жілігі тұйық, бітіп қалған болып шығады. Осы кезде Есім хан өзінің мың қолына, Тұрсыннан алған мың қолды қосып, екі мың қолмен аттанады[106,55]. Шежіреден Есім хан астындағы жүйрік ат Шарыпқұла деп аталғаны белгілі. Оның тіпті үлкен астарда бірінші бәйгені ешкімге бермейтіні айтылады. Бұл турасында Құрбанғали Халидтің шежіресінде: «Есім хан 1583 жылдан кейін өткен кісі, оның Сарыпқұла аты қазақ-қалмаққа бірдей атақты болып, талай қазақ пен қалмақ оның қасиетін айтып қызығатын. Сарып аяқ ауруы, яғни, жай уақытта ақсап, бәйгеге кетеді екен» –деп сипаттайды[88,184-185]. Шежіредегі Түгел байдың Есім хан еліне қоныстануы, алдымен, көшпелі қоғамға бұл қалыпты жағдай. Яғни, территориялық жағынан көрші, не қоңсылас отыру елдердің өзара жақындасуы әсерін тигізді. Қырғыз арасында сақталған аңыздардың бірін М.Тынышпаев еңбегінен кездестіреміз. Аңыз Ешеналы Арамбаев нұсқасы бойынша берілген. Әңгімеде қырғыздардың қазақтармен араластығы Есімнің қалмаққа жасаған жорығы кезінен басталған деп түсіндіріледі. Ыстық көл маңына аялдаған Есімге қырғыз ру басылары сый көрсетіп, оған торы айғыр мен екі бурыл ат берген, осы аңызды айтушы Ешеналының 9 атасы Түгелбай, өзінің бүкіл қырғыз еліне аты жайылған мақтаулы тұлпарын сыйлаған[22,158].

Ш.Ш.Уәлихановтың жазбаларында қырғыздың Көкем биі мен Есімнің арасындағы сыйластық жөнінде былай делінген: «Қырғыздармен олар сол уақытта дос әрі тыныштықта болды. Есім ханға Шоңбағыш биі Көкем бағынышты болған. Олардың көмегімен қатаған мен шанышқылы еліндегі Тұрсынды басып алады» –деуі қазақтардың Есім тұсындағы қырғыздармен тығыз байланыста болғанын аңғартады. Және «Есім қырғыз және қазақ одағының белгісі ретінде Тәшкентте әлі күнге дейін тұрған «Көкемнің көк күмбезін» салдырған» –деп жазады[102,77].

Шежіре деректері Есімнің қалмаққа жорыққа аттанып, одан үлкен олжамен оралғаны жөнінде жазғанымен, қай жылы болған соғыс жөнінде мағлұмат ала алмаймыз. Қазақтың XVII ғ. басында қалмақтармен саяси қатынасы және соғысы жөнінде Ресей деректерінде кездеседі. 1620 ж. Уфалық тілмаш Семенов Уфаға келген қалмақтармен естігенін жазады: «..Слышел де он у колмацких людей, што приходил на них в прошлом году казачьей орды Ишим-царь войною для того, что слышали к нему колмацкие тайчи своих о миру. И как де колмацкие люди воинские пришед Ишима-царя людей повоевали. И Ишим царь велел колмацких послов побит, а побив послов и собрався своими людьми, да колмацких дву тайчей и многих людей побили»[99,52]. Бұдан көріп отырғанымыздай XVII ғ. басында ойрат тайшылары мен Есім арасындағы жағдай шиеленісе

түседі. Деректен Есім тұсындағы қазақ-қалмақ соғысы 20-шы жылдары болғаны байқалады.

Шежіре деректеріне қарасақ XVII ғ. басында қазақ елінде екі хан билік еткені белгілі. Деректерде Есім хан аты көп аталады. Ал, Тұрсын антты бұзып, ел ішін бүлдіруі көшпелі қазақ қоғамында тосын жағдай. XVII ғ. қазақ түсінігі бойынша тиісті жасзасын алуы керек. Енді шежіре деректеріне жүгінейік. «Қалмақты жеңіп келе жатқан Есім еліне жақындағанда, Тұрсын оны алдап, Түркістанды жаулап алғанын естиді. Сол бойда қолына осы бетімізбен лап қояйық деп Тәшкентке кіреді. Осы жолы Тұрсынды өлтіреді. «Қатағанның хан Тұрсын, қай арамды ант ұрсын» –деген мақал сонан былай қарай жұрт аузында қалды» –дейді Мәшһүр Жүсіп шежіресі[8,147]. Дәл осы оқиғаны толықтыра түсетін сюжет Тоғолоқ молда да бар. Қалмақты жеңіп келе жатқан Есім Әулие Атаға барып елін таба алмаған соң, елін жау шапқанын естіп, Күншығысқа бет алуынан басталады. «Есім хан Өріктінің таласына барғанда қолының алдынан шығып хан Тұрсыннан алған мың қолға сырын айтпастан, қалмақтан түскен көп мал, дүниені бүтін бойда хан Тұрсыннан алған мың қолына бөліп беріп, ырза қылып, жайбарақат жатқызып қойған соң, түн ішінде өзінің мың қолына хан Тұрсыннан алған мың кісінің байлатып тастап, өзінің кісісін арбадан бес жүз түйеге жүктеп, үстіне шатыр жауып, бір топ кісілеріне жетелетіп Орданың ханы Тұрсынның шебіне түнде келіп шептің есігін қайтарып тұрған кісі арқылы хан Тұрсынға хабар қылады». Осылайша Қашқардан келе жатқан керуенші болып рұқсат алып кіріп, таң атқанша үстіне шатыр жауып кіргізген әскерін босатып, Тұрсынның шебін талқандап, Есім хан Тұрсын ханды атып өлтіреді. Және қырғыз шежіресінен ескеретін жай мына бір қой қайтарып жүрген әйелдің айтқан өлеңі:

«Қой қайтарған біздің қыз,
Қозы сауған біздің қыз,
Біздің Еңсегей бойлы Ер Есім,
Есен барып сау келсе,
Біздің қыздай болар ма екен сіздің қыз.
Қатағанда хан Тұрсын,
Хан Тұрсын сені ант ұрсын! -деп беріледі[106,147].

Есім хан жоқта Тұрсынның елді жаулап, қыздарын күң етіп, қор қылғанын айтқан өлеңнің соңғы жолында «Хан Тұрсын сені ант ұрсын» – деп қарғыс айтылады.

Ендігі кезекте Шәкәрім шежіресі Тұрсын ханды өлтіріп, Тәшкенттегі алғаны жөнінде оқиғаны былай деп нақтылай түседі:

«Тұрсынды өлтіргенде түнде барып,
Күзетшісін есіктен байлап алып,
Есімнің қасындағы бір жыршысы,
Оятқан Тұрсын ханды әнге салып.
Сондай ер бүгін қайда құдайым-ау,
Бұл елдің бүйтіп қор боп тұрғаны ана.

Өлмеген Тұрсын ханды оятқанда,
Төлеген жыршысының сөзі мынау:
Ей, қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын.
Жетім елді жылатып,
Жер тәңірісін жатырсың.
Хан емессің қатынсың,
Қазақ келді қапылсың.
Алтын тақта жатсаң да
Ажалың жеткен пақырсың,
Көнбесең де көнерсің,
Иманыңды айт өлерсің.
Еңсегей бойлы Ер Есім,
Алғалы тұр жаныңды
Шашқалы тұр қаныңды
Кешікпей сонан көрерсің»[88,75].

Қатаған хан Тұрсын айтылған бұл сөгіс Төлеген жыршының атынан беріледі. Өз пайдасын ғана ойлап, елге арамдық жасаған, теріс пиғылды Тұрсынға қарғыс айтылады. Осы оқиға тарихына байланысты жыр Марғасқа жыраудың атынан да айтылады. Оның жырлаған «Еңсегей бойлы Ер Есім» жыры халық арасында кеңінен таралған. Тұрсынның өзі жоқта Есімнің еліне күн көрсетпей, мал-жанын айдап қан жылатқан оқиғасын толғайды.

«Ей, қатағанның хан Тұрсын!
Кім арамды ант ұрсын.
Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер тәңірісін жатырсың.
Хан емессің қасқырсың,
Қара албасты басқырсың!
Еңсегей бойлы Ер Есім
Есігінде келіп тұр,
Алғалы тұр жаныңды,
Шашқалы тұр қаныңды
Түбінде сонан татарсын»[91,94].

Қарап отырсақ айырмашылық шумақтарында ғана кездеседі. Бәріне ортақ нәрсе сертінен тайған Тұрсынды ант ұруы. Шежіренің негізгі идеясы-серт беріп, ант етуге елдің қарамайтынын, көшпелілердің түсінігі бойынша «ант ұрған» -қасиетсіз, қадірсіз адам атанып, оның тиісті жазасын алатынын аңғартады.

Тарихи мәліметтер бойынша Есім мен Тұрсын ханның бір мезгілде Қазақ Ордасында билік құрғаны анық. Ресей деректерінде Тұрсын хан тұсында қазақ билігі Тәшкент, Түркістан, Бұхар хандығымен арадағы соғыстар кезінде Сауран, Әндіжан қалаларына жүргенін жазады. Сонымен қатар өзін Тәшкентте хан етіп жариялап, соның белгісі ретінде өзінің теңгесін соқтырып, елден баж, хараж салықтарын жинаған[147,315].

Зерттеушілер Тәшкенттегі қатаған жұртымен Түркістандағы Қазақ хандығында бір кезде қос биліктің болуын тарихи факт деп жазады. 1624 жылы Тұрсын Мұхамед пен Есім хан бірігіп Әндіжандағы Абылай сұлтанның бетін қайтару мақсатымен соғыс жөнінде мәліметтер кездестіреміз. Алайда, Тұрсын Мұхамед саяси билікте тұрақсыздық танытып Есім ханға опасыздық жасайтынын дәлелдейді.

Жазба деректердің ішінде оқиғаларды жазу жағынан өзгеден әлде қайда көш ілгері тұрған Әбілғазының шежіресі. Әбілғазы Үргеніш өзбектерінің ыдыраған уақытында қазақ ішіне келіп паналап, Есім хан жанында болғанын айтады. Және онда үш жыл тұрғанын, екі жылдан соң Есім хан Тұрсынды өлтіргенін жазады. Шежіреден, оқиғаның болған уақыты 1628 ж. шамасында екенін анықтаймыз[4,184].

Тарихи шежірелер Тұрсын ханның қыздарының көп болғанын және олардың Есімнің қолына түсуі жөнінде айтады. Мәселен, Шәкәрім шежіресінде кездесетін:

«1600 жылға таянғанда,

Есім хан тағын қайта алғанда.

Айбике, Қоңырбике, Нұрбикені

Олжалап алып келген сол барғанда» –деп үш қызының атын атайды[89,75]. Мұндағы Айбике мен Нұрбикені Қаракесек руындағы Шаншарға берген. [Қаракесек.28б] Мәшһүр Жүсіптің айтуынша:»Шаншардың үш қатыны болған. Олар Қызданбике, Айбике, Нұрбике»Бұдан біз Тұрсынның тағы бір қызы Қызданбикені санаймыз. Шежіреші «Сүйіндіктен Суғыншы, Суғыншыдан Шұманақ, Шұманақтың әйеленің аты Жолбике» –деп бесінші қыздың атын атайды. «Бұл Жолбикеден Жанболды, Құлболды, Жолболды туады. Жұманақ өлгенде Жолболды емшекте қалған бала. Жолбикені Қаржас алып Жолболды анасының құшағында кетіп, оған қатынды Қаржас алып беріп, енші беріп, мал-жанданып, үйлі-баранды болғаннан кейін бауырларын тапқан. Құлболды балаларынан зорлық көре бастаса, бірі қасқа сойып, бірі көк қасқа сойып, Қаржас пен Орманшы біріге бастайды екен. Ол бұрынғы өсіп-өнбеген күнде болған жұмыс. Бұл күнде өсіп-өніп көбейген соң, ешкімді керек қылмайды. Бірақ ұрандасқанда «Жолбике, Жолбике» дескенде бірігіп кетеді» –дейді[7;18,28].

Ал Қоңырбикені Тобықтының Сары деген батырына бергені жөнінде Шәкәрім шежіресінде айтылады:»... Біздің 9-шы атамыз Сарының қатыны Тұрсын ханның қызы Қоңырбикені сол 1628 жылы алып келінген болатын. Оны қазақтар былай айтушы еді. Атамыз Сарыменен бір туысқан інісі Әлі деген бір сартта қызметкер болып жүргенде, Есім хан Қатаған елінің ханы Тұрсынды өлтіріп, Тәшкентті қайта алыпты деген хабар келіпті. Мұны естіген соң Әлі сарттың жемге байлаған екі атына мініп, елге қарай шапты. Жолда келе жатып, әкесінің өлгенінен бұрын сейілге шығып жүрген Тұрсынның қыздарына жолығып, оларға сырын айтпай елге келіп, елден кісі алып барып, Айбике, Нұрбике, Қоңырбике деген қыздарын нөкер қыз һәм жасау-жолдастарымен алып келген соң, Әліге

көріп бастап барған жолдасына Қоңырбикені барша киім, шатыр, сайманымен берген соң, жасау киімдерін өзі алып, Қоңырбикені ағасы Сарыға беріп. Сол Қоңырбикеден біздің 8-ші атамыз Кішік пен Мәмбет Сопы туыпты»[89,25]. Қырғыз шежіресінде Тұрсынның тағы бір қызын Шарыпқұланы алған Түгел байға жібереді. Ол қыздың аты белгісіз еді. Енді соған тоқталайық. Тұрсын ханның қыздарын қолына сақтап, Ордасында жатқан Есімге Түгел бай сауға сұратып ұлы Маңғытты жібереді. Шарыпқұла менен қызды алып келгенде Түгел бай алуға ниет қылып, елді жинап әлгі қызды маған неке қиындар дейді. Сонда:»Қыз тұрып жанындағы бір қыздан сұрайды: -Бұл ел неменеге шабылып мөз? дегенде жанындағы қыз айтады:- Сені байға береді екен, соған дайындалып жатыр. Сонда хан Тұрсынның қызы тұрып бетін шымшып айтады: -Осындайда білімсіз, қызық кісі бола ма? Ордадан шыққаннан жігіт пен бойға жеткен қыз қалай қосылмай келді деп ойласа болмайма. Бұл сөзді әлгі қыз жеңгесіне айтып, ол енесіне айтып, енесінен елге ұғылып, елдің бір жақсысынан Түгел байға айтылады. Сонда Түгел бай: - Қоқуй демесе, балалар болмай қалған екен ғой. Балаға неке қиындар – дейді. Сөйтіп ұлы Маңғытқа алып береді. Кейін Есім хан Әулие Атаға көшіп келгенде Шарыпқұланы да Есім ханға береді»[106,5]. Осы келген Тұрсынның қызынан туған Маңғыттың Сүйеркұл, Есіркемеш дегендер туған, яғни, қырғыз елінде бір рулы ел болып отыр. Шежіре деректерінен көріп отырғанымыздай қатаған хан Тұрсынның қыздарынан қазақ және қырғыз ішінде тараған ұрпақ көп.

Жоғарыдағы айтылған шежіре деректерін қорытындыласақ қазақ-қырғыз арасындағы туыстық байланыстың тарихы тереңге баратын сияқты. Бұған бір дәлел қазақ халқының Ресей құжаттарында 1924 жылға дейін «қырғыз» аталуын ескерген жөн. Егер де қазақ пен қырғыздың арасындағы туыстық нышандар болмаса, қазақ «қырғыз деп аталмас болар. Осы екі елдің арасындағы өзара туыстық, ұқсастық Ш.Құдайбердіұлының шежіресінде жазылған: «Орта жүзде аз ғана қырғыз бар. Әр жерде, олар тұтқыннан келгендер, қырғыз тіпті ескі ел, қырғыз дегенде қазақ сықылды кезбе, тағы деген сөз. Қырғыздар Ғайса пайғамбардан бұрынғы 300 жылға дейін Таннуола менен Алатау арасында жүрген еді. Айнал деп ханын атаушы еді, аты Арыс еді. Шыңғыс хан маған қарасын деп Бөре һәм турамыш дегенді жіберіп, қырғыз ханы қарадым деп бір ақсұңқар күс бастатып қаншы сый жіберіпті. Әбілғазы хан сөзінше, қырғыз Оғуз ханның немересі еді. Қырғыз соның нәсілі дейді. Осы күнде қырғыздың көбі ескі орны Алатаудың күнбатыс тұсына жақын Сын тас асуынан Памирдің таулы жотасында. Олар оң-сол деп екі бөлек. Рулары: бұғұ, сарбағыс, солты, бағыш, саяқ. Бұл алтауы Онның Сағай деген нәсілі және Адагене, маңғұш, ішкілік, мұның соңғы екеуі біздің қыпшақ, арғын, найманнан қырғыз болғандар. Бергі заманда қазақ атанғаны болмаса, біздің қазақ та қырғыз нәсілінен»[89,36]. Ал енді Құрбанғали Халид болса, қазақтың қырғыз атануына саяси мағына береді. Ол жөнінде «Тауарих Хамса» еңбегіне жүгінген дұрыс: «Ресейде қазақты қырғыз атау себебі, басында

орыс саяхатшылары қырғыз халқына келіп, танысып сұрағанда қырғызбын деген екен. Қырғыз әлі де әжептәуір тайпалар болып, таулар мен сахараларды жайлап жүргендіктен саяхатшылар қайда болса қырғыз елін көріп, көшпенділердің бәрін қырғыз деп көрсеткен. Бұл сөзді Балкашиннен тартып сөздері датқа бірнеше игі жақсылардан ұғып едім. Бұдан басқа ешқандай дерек таба алмады. «Казах» деп орыс тілінде ер, баһадүр адамға айтылатын болғандықтан сахарада өмір сүрген мұсылмандарға бұл сөзді қимай қырғыз деп атаған. Тарихи анықтама осы»[88,185]. Бертінгі жүргізілген этнографиялық ғылыми зерттеуде қазақ пен қырғыздың ұқсастығы жөнінде бірсыпыра дәлелді деректер келтіреді. Әсіресе, қырғыз этнографиясын терең зерттеген С.М.Абрамзон осы жөнінде мынадай пікір білдірген: «Благодаря имеющимся ныне материалам в некоторых случаях оказывается возможным уловить отголоски более раннего периода этнической истории киргизов, вплоть до XVI-XVII вв. К ним относятся известия о широких этнических связях киргизов с казахскими, узбекскими и ойратскими племенами. Группы казахского происхождения местное население называет в составе племени сары-багыш абыла, сабыр, и чагалдак в составе племени бугу группу отоз уул и др.»[80,117].

Ал қазақ этнографиясының тарапынан осы тақырыпқа қатысты пікір білдірген ғалым Ж.О.Артықбаевтың сөзіне жүгінсек қазақ болып кеткен қырғыз рулары да аз емес»... Қазақтың әсіресе көп араласқан елі Енесай қырғыздары болуы керек, оған дәлел қазақ арасына сіңген көптеген қырғыз рулары. Қазақ түсінігінде бұл қырғыздардың бәрі ескі қырғыз атанды. Мысалы, Қазақ ішіне XVII ғ. сіңісіп кеткен бірнеше толқын қырғыздар: алдымен Енесай қырғыздары-қырғызәлі, ескі қырғыз рулары атанады. Алатау қырғыздары-жана қырғыз, бай қырғыз рулары қарауыл, атығай ішінде, Башқұрттан келген қырғыздар-естеке қырғыз руы-қаракесек ішінде т.б. Сырттан келген рулар көбінесе өзінің рулық атын ұмытып этникалық атымен шежіреге енеді»[156,73].

Бұл тарихи мәліметтер қырғыз-елінің ең тығыз байланысты араласуы Есім хан заманы екенін дәлелдейді. Қазақ тарихи фольклоры қорында Есім заманының тарихи оқиғаларына, тарихи тұлғаларына қатысты мәліметтер жеткілікті сақталған. Бір қызығы шежіре дерегі, толғау, тарихи жыр, аңыз, мақал-мәтел, ең соңында ертегі түрінде де көрінісі береді. Жазба деректер мәліметті бізге Есім заманына жұтаң баяндаса, тарихи фольклор деректері арқылы ғылыми сипатталады. Ел арасында сақталған ауызша дерек көздері XVII ғ. Бірінші жартысындағы қазақ тарихына әділ бағасын береді.

2.8 XVII ғ. ортасындағы қалыптасқан саяси жағдай

XVII ғ. қазақ-қалмақ арасындағы шиеленіс кезеңі. Бұл негізінен 1635 жылы құрылған жоңғар хандығының күшейуімен байланысты. Ендігі жерде бұл соғысты Есімнің ұлы Салқам Жәңгір жалғастырды[1629-1651]. Жоңғар мемлекетінің құрылуы, бет-бетімен жүрген қалмақ руларының өз

ара келісім жасап, өз заңдарын шығаруы [«Их цаад»]. себепті қазақ-қалмақ арасында Орталық Азия билігіне, жерге таласқан күрес басталып кетеді. XVII ғ. 20-шы жылдары ойраттардың көпшілігі Ом, Тобыл, Есіл, Ертіс өңірлеріне көшіп келіп, Іле, Талас өзендерінің бойына қыстауға орналаса бастады. Қалмақ жұртының әмірі жүріп тұрған кезі болды. Жоңғар мемлекетінің қазақ жерлеріне үздіксіз шабуыл жасауы жөніндегі қазақ шежіресінде де сипат алған. «Бұл кезде қалмақтың қонтажысы күшейді. Қазаққа дамыл бермей, тыныштық көрсетпейді. Қысқа күнде қырық шапқан. Соғыс болса қалмақтың иығы аса берген» -деп сипаттайды Мәшһүр Жүсіп[9].

XVII ғ. 40-шы жылдарында қонтәжі Батурдың тұсында қақтығыс жиілене түсті. 1643 жылы Батур Қазақстанның оңтүстік аудандарына шабуыл жасады. Ол Жетісудың едәуір бөлігін басып алып, қазақтар мен қырғыздарды бағындырды және ығыстырып шығарды. Жоңғар шабуылынан қауіп төнген соң, қазақ ханы Жәңгір Бұхарға жаугершілікті тоқтатып, Қонтәжі Батурмен күресу үшін соғыс одағын жасау қажет екендігіне Бұхар ханын көндіре білді. Бұхар хандығының тағдыры қазақ елімен байланысты еді. Жәңгір әскерімен Батурдың қолына қарсы шығып, қатты ұрыс болады.

Сол кездегі Қазақ хандығының көршісі Қырғыз елі қалмаққа жартылай бағынды жартылай Гиссар Кулябқа қоныс аударды. Гиссар-Куляб кәзіргі Тәжікстан, одан әрі Ауғанстан жері. 1643 жылы Орбұлақ соғысында Жәңгір әскеріне, жиырма мың әскерімен Жалаңтөс батыр келіп жетеді де, ұрыс тағдырын шешеді. Осы үлкен шайқаста қалмақтар жағы жеңіліске ұшырайды. Тарихта бұл шайқас Орбұлақ шайқаста қалмақтар жағы жеңіліске ұшырайды. Тарихта бұл шайқас Орбұлақ шайқасы деп аталады. Ал Жалаңтөс Самарқанның әміршісі болып 1612 жылдан соң отырған еді. Алайда, Жалаңтөс туралы 1643 жылғы Орбұлақ шайқасына дейін жөнді дерек сақталмаған. Жалаңтөс батыр жайында әңгіме қозғау үшін XVII ғасырдың I-жартысында Қазақстан мен Орта Азияның әлеуметтік жағдайы мен сыртқы саяси тарихына шолу жасаған жөн. XVI ғасыр мен XVII ғасырдың I-ші жартысында [Жалаңтөс батырдың өмір сүрген заманында] Қазақ хандығы сыртқы жаулармен территориялық шаруашылық аймақ үшін, оның билігі үшін саяси қақтығыстарда болды. Сол кездегі Қазақ хандығының территориялық жағынан кәзіргі Орта Азия жерлерінің біраз бөлігін, алып жатқандықтан Орта Азияның кейбір саяси мәселелері Қазақ хандығынсыз шешілмеді. Атап айтқанда кәзіргі Тәшкент уәлаяты, Қарақалпақ елі, яғни Сыр мен Әмудария арасындағы аумақтың көп бөлігі Қазақ мемлекетінің құрамында болған.

Бұхар ханы Имамқұлдың қазақ елімен достық қарым-қатынасты нығайтуда Жалаңтөс секілді аса беделді тұлғамен байланыста болып, Жалаңтөс батырды Самарқан қаласы мен уәлаятына әмірі етіп қояды. XVII ғ. Есім ханнан кейін Қазақ Ордасында ауыз бірліктің болмай, өзара бытыраңқылықта болғанын көреміз. Қазақ шежіресінен Салқам Жәңгір тұсынан айтарлықтай оқиғаның болмауы себепті мардымды мәлімет ала

алмадық. Шежіреде: бұл кез мынадай сипат тапқан: «Бақытты ханы жоқ, тайсалмас батыры жоқ, көп жаманның төбелесе бергеннен не өнеді?»- деп топшылайды М.Ж.Көпеев[9]. Яғни, шежіре елдің қалмақтардың болған қақтығыстарда Қазақ Ордасынан мықты қолбасшы шықпағандықтан, қалмақтың иығы асып, жеңе бергенін атайды□

Мәселен, 1635 жылғы қазақ-қалмақ қатынасына байланысты орыс дерегі бір пікірді, қалмақтың өз дерегі басқа пікірді білдіреді. Қалмақ деректері бойынша қазақ сұлтандары дербеттің Далай-тайшысымен қалмақтарға қарсы одақтас болып жүргенін жазады: «..Однако весной 1635 г. обстановка стала складываться неблагоприятно для калмыков. На Урлюка-тайшу дважды, совместно с казахским султаном Янгиром, напал дербетский Далай-тайша. Калмыкам Урлюка был нанесен значительный ущерб. Под давлением дербетов Урлюк прикочевал ближе к своему сыну Дайчину-тайше прибыл для переговоров из Астрахани А.Борисов. Дайчин этому весьма обрадовался. Как рассказывали, он дал Дурал-тархану, сообщившему ему о прибытии русского посланца,» на радости с себя пансырь». Тайша выражал А.Борисову готовность быть в послушании у русского царя»[163,109]. Орыс дерегі бойынша осы жылы қазақтың ханы Жәңгір қалмақтарға тұтқынға түсіп, біраз уақыт сонда өткізді. «И мы, черные колмаки которово князь Абака, сказывали, что черные колмаки тайши, Талай-тайша да контайша, да Кужи-тайша, да Тоургоча-тайша со всеми черными калмыками с ее зимы ходили на Казачью орду, а Казачьи орды люди пошли было черных колмаков. И как де черные колмаки сошлись Казачьи Орды с людьми, и был де у них бой великой. И черные де колмаки Казачьи орды людей побили и взяли у них царевича Янгыра Ишимова сына, а Ышим в Казачьей орде был царь, и тот де царевич в Черных Калмаках»[164,83]. Бұдан ыңғайлы сәт туып, тұтқыннан босап шығады. Алайда, Жәңгір қалмақтар мен оң көзқараста бола алмай, кек алу жолындағы жаулық пиғылда өтеді.

Екі деректе де Жәңгірді сұлтан деп көрсетеді. 1635 жылдың басында қалмақтармен одақтас болып жүрсе, осы жылдың соңында қалмақтарға Жәңгір тұтқын болып түседі. Қазақ ордасындағы саяси бытыраңқылықты көрген, қалмақ тайшылары қазақтарға қарсы шабуылдарын тоқтатпайды.

Т.Сұлтанов қазақ аңыздары бойынша Жәңгір қалмақтың бір қоңтайшысының қызын алады, одан Тәуке, Апақ тарайтынын жазады[51]. Екі ел арасындағы неке қатынасының жандануы саяси-әлеуметтік байланысқа себебін тигізіп отырды. Шығыс жазба деректері бойынша Жәңгір қызын Қашқар ханы Абдоллахтың ұлы Жолбарыс сұлтанға ұзатады[5;385,237]. Жәңгір Моғол хандығымен достық, елшілік қатынаста болатын. Және қалмақтармен қақтығыста Абдоллах Жәңгірге әскери көмек көрсетті. Міне, Жалантөс Самарқанда әмір болған тұсында Қазақстан мен Орта Азияның саяси жағдайы осындай сипатта болды. Заманында атақты би, батыр, даңқты қолбасшы болған.

Салқам Жәңгірге байланысты ауызша және жазбаша деректерде орын алған, жиі кездесетін тарихи тұлғаның бірі Жалантөс бахадүр. Тәуекел мен

Есім тұсындағы қазақ руларының қол жеткізген бір нәтижесі Орталық Азия, Мәуреннахр қалаларына қожалық ету. Жалаңтөс бахадүрді Мәуреннахрдің ең тарихи, ең сәулетті қаласы Самарқанд (Семізкент) билігінен көретініміз осы себептен.

Бұл турасында Х.Досмұхамедұлының еңбегінде ғажайып екі медресенің салыну тарихына, оны салдырған Жалаңтөс батырдың шежіресіне кеңінен тоқталады. Х.Досмұхамедұлы бұны жазғанда ел аузынан жинастырған материалдардың негізіне сүйенеді. Ал ел аузында сақталған деректер, әсіресе Жалаңтөстің шежіресі 1920 жылы шежіреші Молиман ақсақал Шонтаевтың аузынан жазып алған екен. Жалаңтөс заманының саяси тіршілігін баяндайтын санаулы деректердің қатарына жатқызуға болатын ОҒК қолжазбалар қорында жинаушы Ғалиқайдаров Шайхы тапсырған «Жалаңтөс батыр» аңызы[26,43].

Самарқан қаласының көрнекті құрылыстарымен көз тартатын орындардың бірі-Регистан алаңы екенін Х.Досмұхамедұлы жаза отырып, оның үш бетінде архитектурасы мен әрлеуі ғажайып көркем үш медресе-»Тіллә-Қари», «Ширдар» және «Ұлықбек мырза» сән түзеген деп орналасқан орнын анықтап береді. Бұрынғы кездерде Самарқан шаһараның мемлекет тіршілігінің көп істері, атап айтқанда үкіметтің жарлықтары, келелі істерге байланысты шақырыларын жиындар, әулиелер тәуіп етіп, құлшылық жасау өткізілетінін қасиетті орынға айналған.

«Тіллә-Қари»-»Алтынмен апталған» деген мағына берген. Ал, «Ширдар»- «арыстан» мәнінде, яғни, «Арыстанды медресе» аталған «Тіллә-қари», яки «Алтынмен апталған» медресесі іш жағында ауласы бар, тік бұрышты көлемді ғимарат, оның биік, шаршы шатыр жиегі [фронтон], сыртқы қабырғасы мен мұнаралары әсем нақышты жазу түзеген түрлі-түсті, алтын жалатқан жұқа кірпіштермен қапталған. Ал аулада шәкірттерге 25-ке жуық құжыра бар, мешіттің ішкі қабырғасы да түрлі-түсті, алтын жалатқан өрнекті жазу, суреттермен безендірілген[26,40].

«Ширдар», яки «Арыстанды медресесі» айбынды да сәулетті ғимарат, оның сыртқы жағы адам таңқаларлық өрнекті жазу түзген түрлі-түсті жұқа кірпіштермен қапталған. «Ширдардың» шатыр айбынды аспалы дарбаза іспетті, оның жоғары жағында аузын арандай ашып тұрған қос арыстанның бейнесі салынған. Аула ішінде мешіт пен шәкірттерге арналған құжыра бар. Мешіттің ішкі жағы да өрнекті жазулармен безендірілген. Бұл қос медресені салдырған Жалаңтөс батыр екендігі жөнінде Самарқан жұртының арасында аңыз ақталған. Х.Досмұхамедұлы «Ширдар» порталының ішкі қабырғасынан парсы тіліндегі жазуды оқуы әбден көз жеткізеді. Бұл жазудың аудармасын былай береді: « Әмір қолбашы турашыл Жалаңтөс; оның кемелдігін жеткізе мақтайтын қызыл тіл-інжу-маржан: ол тұрғызған медресенің биіктігі соншалық, оның ұшы көкке тірелген; ақылдың қыраны қанатын қанша қатты қақса да жылдар бойы сенің биік аспалы дарбазаға жете алмас; оның мұнарасының ұшына ғасыр бойы ілмекті арқаны бар айлакер ұры да шыға алмас; сәулетші оның аспалы дарбазаларының ілмегін жасағанда таңқалғандықтан аспан

бармағын тістегендей [таңданыс, қызғаныш белгісі ретінде] жаңа толған айды қарпып алды; осы құрылыстың іргесін Жалаңтөс баһадүр қалағандықтан, ғимараттың тұрғызылған жылы «Жалаңтөс баһадүр жылы» деп аталды.[26,41]. Х.Досмұхамедұлы зерттеуінде тіпті «Жалаңтөс баһадүр» сөзін құрайтын [араб] қаріптерінің сандық мәнін тізсек, онда ғимаратты салу жылы хижра бойынша 1028, ал кәзіргі жыл санаумен 1619 жыл болып шығатынын айтады[26,41].

Кейінгі зерртеушілердің академик Г.А.Пугаченкова екі медресені «Сәулет өнерінің інжу-маржаны» ретінде адамзат тархынан алатын орнын жоғары бағалайды[166,111].

Ел аузынан жиналған «Жалаңтөс батыр» аңызында да баяндалады. Аңыздың қысқаша мазмұны бойынша Самарқанд шаһарында әмір болып тұрған Жалаңтөстің XVII ғасырдың басында салдырған «Тіллә-Қари» мен «Шердар» әсем күмбезді медреселері халықты осы күнге дейін таңдандырады. Жалаңтөс сол медресеге салтанатты түрде келегендігін айтады. «Тіллә-Қари» медресесі зерттеушілердің көрсетуі бойынша 1646 жылы басталып, 1659 жылы біткен. Яғни, Жалаңтөс өлген соң үш жылдан кейін біткен. «Тіллә-Қариді» Г.А.Пугаченкова асқақтай суреттеп, алтынды күмбезін былай бейнелейді:». Очень эффектен вид на мечеть со стороны двора, куда, обращены аркада устоях и обширный айван главного здания, за которыми возвышается ияжелый цилиндрический барабан наружного, видимо, так никогда и не возведенного купола. Внутри это помещение от уровня пола и до верхушки купола богатые ковровые узоры в технике «кулдаль» с обильным применением золота в орнамента и в тоне[отсюда название «Тилла-Кари «-Позволоченная»][166,110].

Осындай «сәулет өнерінің інжу-маржаны» атанған екі ғимараттың иесі Жалаңтөстің Шығыс елдерінің мәдениет тарихына көңіл бөлген жөнінде сұлтандығымен қатар аралады. Мысалы, П.П.Иванов: «Упадок политического значения аштарханидов сопровождался ростом военно-политической мощи отдельных бухарских феодалов из числа узбекской знати, к которой принадлежал, например, известной сановник (аталык) хана Абул-Азиза (1645-1680), бий Ялантуш, строитель знаменитых самархандских медресе Ширдар и Тилла-Кари» -деп Бұхар, хандығының әлсіреуін қазақ батырларының билері мен сұлтандарының Бұхар хандығы жерінде әмір юолуынан деп жазған мәліметінде Жалаңтөс бидің құрылыс өнерінің шебері екенін нақтылайды[167,7].

Зерттеуші К.А.Пищулина: «Казахские ханы старались поддерживать роль города как центрах мусульманской духовной жизни всех подвластных их земель чтобы обеспечить себе поддержку в кругах многочисленного и Сильного духовенства» –деп жазады ортағасыр қалаларын зерттеу еңбегінде[44,20]. XVII ғ. Қазақ мемлекетінің дамуында қазақ хандары мен сұлтандары ислам дініне және қазақ билеріне бет бұрды. Бұл бір жағынан идеологиялық діни сананың қалыптасуына әсерін тигізді. Жалаңтөстің әмірші болған кезінде Самарқан медреселер діни орындар арқылы біршама көркейді.

Жалаңтөстің ағасы Ақша би өз кезінде атақты би болған. Ақша бидің немересі-Әйтеке би Жарғы шығарушы үш бидің бірі. Салқам Жәңгір заманы туралы деректер осындай сипатта. XVII ғ. басы тарихи фольклорда Жалаңтөс баһадүр тұлғасымен бейнеленеді.

2.9 Өз Тәуке хан заманы (Жеті жарғы, Қаракүм кеңесі т.б.)

Қазақ хандығының XVII ғасырдың соңы, XVIII ғасырдың алғашқы ширегіндегі тарихы Өз Тәуке хан мен «Ақтабана шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғаларына қатысты айтылатын аңыздар мен жырларда, шешендік сөздер мен мысалдарда сипатталған.

«Өз» атауы қазақ хандарының ішінен тек екі ханға ғана байланысты (Өз Жәнібек, Өз Тәуке) тарихи фольклорда қолданылатыны зерттеушілердің көңілін аударатын мәселе екені анық. «Өз» сөзінің түпкі тамыры арабтың «Әзіз» таза, мейірбанды, әділ ұғымымен парапар [138,513]. Хан Тәукенің өз атануының негізсіз емес екенін Қазанғап Байболұлы жинақтаған қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерінен де кездестіреміз:

Ілгерірек заманда,
Бұрынғы өткен адамда,
Үш би, бір хан атанып,
Қазақ қазақ болғанда,
Күні туып оңынан,
Айы туып солынан,
Кемеріне толғанда
Ала байрақ алтын ту
Ордаға толық қонғанда

Хан болып Тәуке тұрғанда, -деп басталады. «Төле бидің тарихы» делінетін дастан-жыр [109]. Өз Тәуке ханның шыққан тегі туралы Шәкәрім шежіресі «Өз Тәуке Салқам Жәңгірдің қалмақтан алған әйелінен туған. Мұнан басқа Үргеніштегі Ғайып ханның қызынан туған Уәлибақы деген баласы бар еді. Жәңгірдің орнына Өз Тәуке хан болғанда, хандыққа өкпелеп Уәлибақы Ғайыпханға кетіп еді» –деп жазады [89,35]. Мәшһүр Жүсіп болса «Салқам Жәңгірден кейін Өз Тәуке деген хан болды. Мұның өзі ақылды, табанды кісі болды» деп қазақ тарихи фольклорындағы Тәуке бағасына келіседі.

Құрбанғали Халид қазақ хандарының шежіресін біршама толық тарата келіп «Сығай ханның [Шығай] екінші әйелінен екі ұлы бар: Сейітқұл, Оннан хан. Бұл Оннан батыр болып, қызы ту астынан шығып, өзінше дербес ақ ту көтерген. Ақ тулы төрелер қайда жүрсе де Оннан тұқымы болып есептеледі. Есім хан ұлы Жәңгірхан, оның ұлы Тәуке хан бір әйелінен жеке. Мұның ұлы Болат хан, ұлы Әбілмәмбет хан, ұлы Әбілпейіз хан қызыл тулы төрелердің бабасы Жәңгір ханның екінші

әйелінен Аула, Бақи деген екі ұл болып, Ауладан Абылай хан туған»[88,103].

Ш.Құдайбердиев пен Қ. Халид шежірелерінің арасындағы негізгі айырмашылық Салқам Жәңгірдің ұлдарының санына қатысты. Шәкәрім Жәңгірдің екінші әйелінен бір ұл туды десе, Құрбанғали екі ұл [Аула, Бақи] туды деп жазады. Құрбанғали да, одан басқа шежірелер де Тәуке хан атына «әз» қосымшасын қосақтап жазады. Тек Құрабнғалида «әз» орнына «әзіз» жазылады. [мысалы: Жәңгір ұлы Әзіз Тәуке хан[88,104].

Әз Тәуке ханның нақты өмір сүрген жылдарын анықтау үшін Ресей және Орта Азиялық деректердің маңызы зор. Қазақ шежіресі белгілі уақыт мөлшерін қолданбай көбінесе пәлен ханның заманы, түген бидің айтқан сөзі деп жалпы ұғымдары қолданады. Мәселен Қазанғап Байболұлы шежіресінде: «Біліктілер сөзінде Тәуке хан мен Төле би Есім хан заманындағы ауыр жазаға кесетін нәрселерді жеңілдетіп, жеті жарғы деген заң жасады... Қазаққа қасқайтып жол көрсетіп, заң шығарып, ермек салған себептен «Қасым ханның қасқа жолы» дейді. Сол Қасым ханның сызығымен елге жарлық жүргізген жағдайдан «Есім ханның ескі жолы» дейді[109]. Оны жеңілдеткен Тәуке хан мен Төле би». Бір көңіл аударатын мәселе XV-XVIII ғғ. қазақ тарихына тығыз қатысты мәселе, әдет-ғұрып заңдарының тарихы мен қалыптасуы туралы бірталай мәлімет шежіреде берілгенімен, анық уақыт межесі жоқ. Оның орнында -Қасым хан, Есім хан, Тәуке мен Төле заманы сияқты қазақи мөлшер.

Ресей құжаттарында Тәуке аты XVII ғасырдың соңындағы архив құжаттарынан бастап кездеседі[99]. Ал қазақ жадындағы хан образы, оның атына байланысты айтылған аңыздар, жалпы сакральдық бейнесі 1731 жылғы Ресейдің бодандық туралы Қазақ Ордасына келген елшілігінен басталады. Елші М.Тевкелев «Тәуке хан табанды саясаткер, қазақ арасында құрметті атақта» деген пікірмен қатар «у них, киргис – кайсаков, прежде были города, имянно Ташкент, Тюркстан, Сейрам... и оными владели киргиз-кайсацкие ханы и старшина. Токмо же после Тевки хана Абулхаир хан был главным. А из тех городов выслал их хонтайша тому с 15 лет» деп сипаттайды[147,62].

Әз Тәуке ханның заманы туралы қазақ аңыздары М.Тевкелев елшілігінен бастап жиналып XIX ғасырдың 30-шы жылдары А.И.Левшиннің жазбаларында қорытындыланды деуге келеді. Оған себеп «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» еңбегіндегі жоғары баға: «Было время, говорят благоразумнейшие из киргизов Меньшей Орды, когда и наш народ жил в покое, было время, когда и у нас существовал порядок, были законы и правосудие. Сей залотой век, о котором вспоминают они со вздохами, есть цаствоование знаменитого хана их Тявки, который, если верить преданиям, был действительно в своем роде гений, и в летописях казачьих должен стоят с Солонами и Ликургами. Усмирив волновавшиеся долго роды и племена, он не только ввел в них устройство, порядок, но и дал им многие законы»[16,367].

Шығыс деректері Тәуке ханның саяси-әскери өмірбаянын жасауға мүмкіндік бергенімен, қазақтың тарихи фольклорында қалыптасқан образын қабылдамайды. Сонымен қатар Орта Азия тарихшыларының жазбалары XVII ғ.соңы мен XVIII ғ. басындағы Қазақ хандығының территориясы, шарушылығы мен сыртқы саясаты туралы объективті көзқарастардың пікірі. Мәселен, 1687 жылы Қазақ Ордасына Бұқарадан елшілік келгенін, 1692-93 жылдары Әз Тәуке ханның 20 мың әскермен Тәшкенттен әрі орналасқан қытай-қыпшақ сияқты өзбек руларын шапқанын және оңтүстікке қарай ығыстырып жібергенін анықтаймыз. Бұл тарихи деректерді қазақ аңыздарымен салыстыра зерттей отырып, бертінгі тарихи жадыда Тәуке хан аты Абылай атымен ауысып кеткен бе деп жобалауға болады.

Мәшһүр Жүсіп Абылай хан дәуіріне қатысты аңыздарды жинақтай келе «Бұқар ханымен арадағы елшілік» деген циклдық әңгімелерді береді: «Сол замандағы Инжарай Шәріп [Бұқара –З.Е.]. ханы Арқадағы Абылай ханға елші жіберген: -Май қатығын тауып берсін», -деп басталады бұл аңыздар. Шежіреге қарағанда Бұқара хандығы мен қазақтар арасында қызу сауда қатынастары болған. «Май қатығы» деп қазақтар тұзды айтады «халық айныса хан түзейді, май айныса тұз түзейді». Бұқара ханының өтінішіне байланысты үш жүздің баласы қазақтан түйе жидырып, көп тұз тиеп жебереді...»[167,301]. Егер біз Бұқара хандығы мен Қазақ Ордасы арасында Абылай заманында қызу араластық, қарым-қатынас болмағанын ескерсек жоғарыда келтірілген үзінді Әз Тәуке хан заманына қатысты деп кесіп айтуға болады.

XVII ғ. соңы мен XVIII ғ. басына қатысты айтылатын аңыздардың бірсыпырасы Қарақұм кеңесі мен Жеті жарғы туралы. Сыр өңірі қазақтарының аңыздарының негізінде Н.Н.Гродеков «Хан Тәуке собрал на урочище Культобе» [в Сырдарьинской области] семь биев, в числе которых был знаменитый бии Толе Алимбеков и эти бии соединили старинные обычаи ханов Касыма и Ишима [Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы[в новые обычаи, называемые «Жеті жарғы» деп бұл оқиға жөнінде алғаш рет Ресейлік қазақ тарихнамасында баян етті[169,21].

Қазақ аңыздарына сүйеніп “үш жүздің баласы қазақ Күлтөбеде жыл сайын жиналып отырды” дегенді Мәшһүр Жүсіп те жазады «Байсалды айғырдың үйірін ат жақтайды» дегендей халықтың жақсы басқарды. «Күлтөбеде күнде кеңес» осы Әз Тәуке тұсында айтылған сөз”[9[Кейбір аңыздарда жиын болып тұрған тағы бір жердің аты –Мәртөбе делінеді. Осы деректі қазақ аңыздарына сүйеніп Н.Н.Гродеков та келтіреді: «Все три орды ежегодно собирались для совешания [маслагат[на холме Мартубе [в горах около Сайрама[» осы жиындарда ортаға түсетін тақырыптар «где зимовать, где летовать, как достигнуть спокойствия и как воевать»[169,25].

Әз Тәуке заманы жөніндегі қазақ аңыздарын барынша мол жинақтап, ол тарихи мұраны зерттеу еңбекке пайдаланған М.Тынышпаев екені

белгілі. Ол Өз Тәуке ханның тегі туралы «по казахским преданиям калмыки, желая породниться с грозным Джангыр ханом и тем несколько умиловать его, выдали за него дочь хонтайши, от которого родился Тауке» деп жазады[22,161]. М.Тынышпаев дерегі сан алуан Ресейлік және Орта Азиялық жазбалармен, қазақ шежіресімен дәлелденетінін біз жоғарыда ескерткен болатынбыз.

М.Тынышпаев қазақ қарияларының айтқанына негіздеп Өз Тәуке хан тұсында ірі-ірі ұлыстардың тізгінін ұстаған ел билеушілердің тізімін береді: «В Старшей орде –Толе Алибеков [дулат, отделение жаныс], в Средней -Казыбек[[Каз дауысты Казыбек-аргын, каракесек [, в Младшец –Айтеке]. алим, тортқара, внук брата знаменитого Джалантос батыра Самаркандского[, у кыргызов –Кокым би Карашорин, у каракалпаков – Сасык би, у катаган, джайма идр. мелких родов –имя бия неизвестно»[22,161]. Бұл деректі автор Әулиеата уезінің шежіреші қариясы: руы шымыр, руының шежіреші қарияларынан жинағанын ескертеді.

«Күлтөбенің басындағы» кеңестерде қазақтың үш жүзінің атынан сөйлеген Төле, Қазыбек, Әйтеке билер жөніндегі тарихи фольклор деректері бүгінгі күні ғылыми сарапқа түсуде. Оларда көшпелілердің соңғы мемлекеттерінің бірі -Қазақ Ордасының XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғ. бірінші жартысындағы қоғамдық-саяси өмірінде атқарған қызметі тиісті бағасын алуда [55;51;170]. Дегенмен ауыз әдебиетінің заңдылықтарына сәйкес үш бидің қызметі кейде тым әстіреленіп, кейде тым ұсақтап кететін де сюжеттер кездесіп қалады. Аңыздарда ірі мемлекет қайраткері болған Тәуке, Қазыбек, Әйтеке сияқты кемеңгерлерді ауыл арасының билері шешетін ұсақ дау-жанжалға кірістіріп қоятын да, олардың аттарын пайдаланып ұсақ рулардың дақпыртын көтергісі келетін де жағдай бар. Мұның бәрі XVII ғ.- XVIII ғ. тарихи аңыздарын ғылыми тұрғыдан терең зерделеп, жазба тарихи мұралардағы деректермен салыстыру қажеттілігі бар. Н.Н.Гродеков аңыздардың негізінде «Туле в то время владел Ташкентом, сам он жил в Сарытобе, около Ташкента» дейді. Зерттеуші билерге берген бағасында «знатный» деген сөзді қосады, онысы «текті, даңқты» деген мағынаның аудармасы болуы керек «при Хане Тауке собрались семь биев –»жеті жарғыш». В числе их было три знатных бия, по каждому из каждой орды: из Великой-Туле, из Средней –Казыбек с голосом гуся [звучным[, из Малой -Айтеке»[169,26].

Қазақ Ордасының құрамына Өз Тәуке хан заманында қырғыздар мен каракалпақтардың кіргенін тарихи фольклордың көптеген нұсқаларынан кездестіруге болады. Ш.Ш.Уәлиханов «қырғыздар туралы жазбалар» еңбегінде осы тарихи аңыздардың мазмұнына сүйене отырып: «Ал енді Есімнің немересі, Жәңгірдің баласы Тәуке қырғыздардың биі ретінде басқарып отырған [қырғыздардың Тиес деген биі соған бағынған] Бүкіл рудың билеушілері есебінде Тәуке мен Тиестің аты Тәуке-Тиес деп бірге аталыпты» деп баяндайды[17,252].

Әз Тәуке заманындағы әр түрлі саяси оқиғаларды қазақ шежіресі ауыз әдебиетінің басқа да түрлері бірсыдырғы баяндайды. Олардың негізгі желісі «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғаларымен тікелей байланысты болып келеді. Шәкәрім: «бұл Әз Тәукенің тұсында қазаққа қатағанда, қалмақта, өзбек-сартта жау болып, Тәшкентті алып, қазақ онда көп тұра ламай, 1652-ші жылдары ауып, Әмудариясының жағасына, Парсының бергі шетіне барды»[89,79]. 1652-ші жылы кейбір деректерге қарағанда Салқам Жәңгір хан қалмақтың батыры Қалдаман тайшымен жекпе-жекке шығып, қайтыс болған. Мүмкін қазақтың Әмударияға қарай қопарыла көшуі осы себептен болар. Ұлы жүз шежіресінде «Ұлы жүз Жиделі Байсынға алты рет ауыпты. Алғашқы рет Қожамберді тұсында екен. Бұл Есім хан тұсында болған» деуіне қарағанда қазақ жұртының оңтүстікке көрсетілген мерзім ішінде бірнеше рет қоныс өзгерткенін аңғарамыз[171,80].

Қалмақ деректері және соны мол пайдаланған Ресей тарихшылары 1681-1684 жылдары Жоңғария әскерінің Түркістан өңірін шапқыншылыққа ұшыратып, Сайрам қаласын қиратқанын жазады[99]. Қазақ шежіресін қарасақ осы оқиғаларға Әз Тәукенің де, оның жанындағы билері Төле мен Қазыбектің де қатысы болса керек. Себебі Қазыбекке байланысты айтылатын аңыздарда, оның 18 жасында Қоңтәжіге елшілікке барғаны айтылады. Егер туған жылы 1666 жыл мөлшері десек, онда 18-ге келген уақыты 1684 жыл. Яғни, 1681-1683 ші жылдардағы қалмақ шабуылында қолға түскен қазақтарды тұтқыннан босатуға Қазақ Ордасынан барған елшіліктің уақыты шығады[172].

XVII ғасырдың ортасы қалмақ руларының Сарыарқа және Жетісу жерлеріне батыл жылжитын уақыты[165]. Осы жылжудың нәтижесінде Сарыарқада қоныстанған қазақ руларының бірсыпырсы Жиделі Байсынға, жалпы оңтүстікке көшуі әбден мүмкін. Мұны Дулат ақын [XIX ғ.ортасы]:

Ата қоныс Арқадан
Басында қазақ ауғанда,
Күзді күнгі нөсердей
Көзінің жасы жауғанда,
Ақтабан болып шұбырып
Асып асқар таудан да, - деп суреттейді[91,88].

XVIII ғасырдың ауыз әдебиетінде бұл оқиғалар «бастапқы ақтабан» деген атпен сақталған. Бұқар жыраудың, Үмбетейдің толғауларында қазақ елінің басына түскен қиыншылықтарды суреттей отырып, қашанда осы бір ауыр кезеңді [XVII ғ.80-ші жж.] еске түсіреді. Ал, жалпы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғалары ең алдымен 1723-25 жылдардың мөлшеріне қатысты. Бір жағы алапат жұт, екіншіден қалмақтың шабуылы қазақ руларын батысқа және оңтүстікке ысырып тастады. Кейін келе оңтүстікке [Жиделі Байсынға] тұрақтай алмай негізгі рулар қайтадан солтүстікке лықсып, Сарыарқаға келді. Сонымен түпкілікті қазақ жерін Жоңғария қолынан босату осы XVIII ғасырдың 30-шы жылдары іске асты деп мөлшерлеуге болады. Бұл көшіп-қонуды Балкаши наңыздарының

негізінде суреттейді[35]. Қазақ XVIII ғасырдың тарихи біздің зерттеу жұмысымыз жоспарына келе қоймайды. Екіншіден XVII ғасыр тарих ғылыми әдебиетте тыңғылықты зерттелген. Ал XV-XVII ғғ. тарихы әлі де ғылыми жағынан да, ауыз әдебиетінің тарихи үлгілерін пайдалану жағынан да кенже қалып келеді.

Әз Тәуке заманы аталатын қазақ тарихының «алтын ғасыры» өзінің маңызды бейнесімен аңыздар мен толғау жырлар арқылы танымал. Қазақ халқының мемлекет есебінде, этнос есебінде өмір сүруіне тікелей ықпал еткен уақыт деп осы кезенді айтуға болады. Ел өміріне, болашағына қатысты маңызды құжаттар мен шешімдер осы тарихи кезеңде қабылдануы осы тұжырымның айғағы.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ЖМНП –журнал министерства народного посвящения.

ТИИАЭ –Труды Института истории, общество СССР,
отделение этнографии.

СЭ -Советская этнография.

КСИЭ –Краткие сообщения Института этнографии АН
СССР.

ТИЭ –Труды Института этнографии АН СССР.

ТХЭ –Труды Хорезмской археолого-этнографической
экспедиции.

ҚСЭ -Қазақ Совет Энциклопедиясы.

МИКХ –Материалы по истории Казахского ханства.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғ. 20-40 жылдары. –Алматы: Қазақ Университеті,1992. –264с.
2. Абусейтова М.Х. Қазақстан и Центральная Азия в XV-XVII вв. история, политика, дипломатия. –Алматы: Дайк-пресс,1998. –277с.
3. Рашид-ад-дин. Сборник летописей. М-Л: Изд. АН СССР, 1952. Т.1. – ч.1. –277с.
4. Әбілғазы Б. Түрік шежіресі. –Алматы,Ана тілі, 1992. –208б.
5. Таныш Х. Шараф-наме-ий шахи // МИКХ/ –237б.
6. Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. /Ауд.Мингулов Н., Көмеков В., Өтениязов С./ –Алматы,Қазақстан,1997. –128б.
7. Көпеев.М.Ж. Қазақ шежіресі. –Алматы:Жалын, 1993; –76б
8. Көпеев.М.Ж. Таңдамалы. Екі томдық. –Алматы:Ғылым, 1992.Т.2. – 224б.
9. Көпеев.М.Ж. Қолжазба. ОҒҚҚ.
10. Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина /Архивные материалы и публикации/. –Алма-Ата,1972. –217с.
11. Диваев. Ә. Тарту. –Алматы,1992. –256б.
12. Путешествие в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. –Алматы,1993. –248с.
13. Книга Марко Поло. -Алматы,1990. –352с.
14. Георги И. Описание всех обитающих в Российском государстве народов. –ч.І. –Спб.,1799. –79с.
15. Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской империи. –ч.І.–СПб.,1773.
16. Левшин А.И. Описание киргиз казачьих и киргиз–кайсацких орд и степей. –ч.2. –СПб,1832.–333с.
17. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. –Алматы,1985. –560б.
18. Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. -СПб,1864. –ч.ІІ. –498с.
19. Бартольд В.В. История турецко-монгольских народов. Соч.5т. – М.,1968. –396с.
20. Аристов А.Н. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения их численности. СПб.,1897. –182с.
21. Харузин А.Н. К вопросу о происхождении киргизского народа. // Этнографическое обозрение, 1985., –77с.
22. Тынышпаев М. История казахского народа. –Алматы, 1993.–224с.
23. Чулошников А.П. Очерки истории казак-киргизского народа. – Оренбург,1924. –ч.1. –293с.
24. Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР (с древнейших времен до 1870 г.) –М.,1941. т.1. –438с.
25. Байтұрсынов А. Ауыз әдебиеті /Шығармалары. –Алматы: Жазушы, 1989. –318 б.
26. Досмұхамедұлы Х. Аламан. –Алматы:Ана тілі,1991. –9б.

27. Сейфуллин С. Шығармалары. –Алматы,1964. 6т.–456б.
28. Мұқанов С. Халық мұрасы: Тарихтық және этнографиялық шолу. – Алма-Ата: Қазақстан, 1974. –236б. Қазақ әдебиеті (хрестоматия). –Алма-Ата,1939.
29. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері (мақалалар жинағы). –Алма-Ата: Ғылым,1973. 87б.
30. Әуезов М, Соболев Л. Эпос и фольклор казахского народа. –Алма-Ата,1939. 97б.
31. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. –Алма-Ата, 1985. –227б.
32. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. –Алма-Ата,1974.–320б.
33. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. –Алма-Ата: Қазақстан,1975.–187б.
34. Уахатов Б. Қазақтың халықтық өлеңдері. –Алма-Ата,1974. –57б.
35. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. –Алма-Ата, Ғылым 1974. –240б.
36. Нурмагамбетова О. Казахский героический эпос "Кобланды батыр". – Алма-Ата,1988. –115б.
37. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. –Алматы,1989. –269б.
38. Тұрсынов Е. Сөз өнері туралы.В кн: Культурные контексты Казахстана: история и современность. –Алматы: Ниса,1998. –с.56,
39. Ыбраев Ш. Қазақ фольклористикасы: кеше, бүгін, ертең. //Әлем альманах. Басылым.1990ж. –Алматы:Жазушы, 1991. –496б.
40. Ыбраев Ш. Эпос әлемі. –Алматы,1993. –237б.
41. Материалы по истории казахских ханств XV-XVII вв. (извлечения из персидских и тюркских сочинений). –Алма-Ата,1969. –643с.
42. Юдин В.П. О родоплеменном составе могулов Могулистана и Могулин и их этнических связях с казахскими и другими соседними народами //Изв.АН ССР.Сер.обществ.наук,1965.Вып.2.
43. Юдин В.П Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая... /Казахстан,Средняя и Центральная Азия в XV-XVII вв. –Алма-Ата,1983.
44. Пищулина К.А. Письменные восточные источники о присырдаринских городах Казахстана XV-XVII вв.:В кн.Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. –Алма-Ата.1983. –180с.
45. Абдиров М. Хан Кучум: Известный и неизвестный. – Алматы:Жалын,1996.–176с.
46. Кочекаев Б.А.Б. Ногайско-Русские отношения в XV-XVIII вв. –Алма-Ата,1988.с. –272с.
47. Ирагимов С.К. Еще раз о термине "казах"/Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. ТИИАЭ АН КазССР. – Алма-Ата, 1960.–667с.
48. Исин А. Взаимоотношения между Казахским ханством и Ногайской Ордой в XVI в.//Автореферат дис. канд. –Алма-Ата.1988.–129с.
49. Мингулов Н.Н. К некоторым вопросам изучения истории Ак-Орды//Казахстан в эпоху феодализма. –Алма-Ата.Наука.1981. –79с.
50. Кляшторный С.Г.,Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алма-Ата.1992. –375с.

51. Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв.–М.,1982. – 134 с.
52. Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. – Алма-Ата, 1985. –247с.
53. Кәрібаев Б. Түркістан және Қазақ хандығы. –Алматы,1999.–64б.
54. Кәрібаев Б. Шайбанилік шежіре қазақ хандарының шығу тегін неге бұрмалаған?//Ақиқат,1993.№7/ Аты аңызға айналған хан. /Қазақ тарихы. N1 1996.37-42бб; N2. 1996, –26-30бб.
55. Козыбаев М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты. –Алматы: Қазақ Университеті, 1992.–272б.
56. Күзембайұлы А.К, Абиль Е.История Казахстана:С древнейших времен до 20-х годов XX в. –Алматы: Санат,1996.–350 с.
57. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера земли. –Л.,1979 Вып.1.3;
58. Тойнби А.Дж. Постижение истории. –М., 1991.-731с.
59. Миллер В. Черты старины в сказаниях и быте осетин. СПб.,ЖМНП:1882; Он же. Осетинские этюды. –М.,1881-1887,В.І-ІІІ.
60. Рыбаков Б.А.//Кидайш-Покровская М. Конференция "Проблемы историзма фольклора". АН СССР. Сер.литературы и языка. –М: Изв, 1964. –Т.23. Вып.5. –489с.
61. Книга моего деда Коркута. Огузский героический эпос /Перевод Бартольда В.В. М.–Л: Изд-во АН СССР,1962.
62. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. –Л.:Наука,1974
63. Пропп В.Я. Фольклор и действительность: Избранные статьи. – М.:Наука,1976. –315с.
64. Чистов К.В. Народные традиции и фольклор. –Алма-Ата:Наука,1986.– 303с.Фольклор и этнография. В кн.: Фольклор и этнография. – Л.:Наука,1970; О взаимоотношении фольклористики и этнографии. СЭ,1971.N5; Он же. Этническая общность, этническое сознание и некоторые проблемы духовной культуры. СЭ,1972.N3 и др.
65. Соколова В.К. Фольклор как историко-этнографический источник. СЭ,1960.N4; Она же. Фольклористика в Академии наук. СЭ,1974.N3;Она же. Русские исторические предания. –М.:Наука,1971.
66. Липец Р.С. Эпос и древняя Русь. –М.:Наука, 1969; Липец Р.С.,Рабинович М.Г. К вопросу о времени сложения былин (Вооружение богатырей). СЭ,1960.N4 и др.
67. Вдовин И.С. О соотношении фольклора с историко-этнографическими данными. –В кн.: Фольклор и этнография. –24с.
68. Памяти М.С. Андреева:Сборник статей по истории и филологии народов Средней Азии. Сталинабад:Изд-во АН Тадж.ССР,1960.
69. Долгих Б.О. ТИЭ, М.: Изд-во АН СССР,1961.т.LXVI.
70. Эргис Г.У. Исторические предания и рассказы якутов. –М.-Л.,Изд-во АН СССР,1960.ч.1-2.
71. Исторический фольклор эвенков. Сказания и предания /Запись текстов, пер. и коммент. Василевич Г.М. –М:Наука,1966.

72. Федорова И.К. Фольклорные памятники острова Пасхи как исторический источник. Автореф. дис... канд. ист. наук. –Л.,1966.
73. Пименов В.В. Вепсы. Очерк этнической истории и генезиса культуры М: Наука,1965; Он же. Чудские предания как источник по этно-культурной истории европейского Севера СССР. СЭ,1968.№4.
74. Кабо В.Р. Происхождение и ранняя история аборигенов Австралии. – М.:Наука,1969.
75. Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история, расселения. –М.,1974. –67с.
76. Толстов С.П. "Древний Хорезм" М:Изд.МГУ,1948; К вопросу о происхождении каракалпакского народа. КСИЭ. –М.-Л.,1947.В II.
77. Снесарева Г.П. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. –М.:Наука, 1969. –175с.
78. Кармышева Б.Х. Очерки этнической истории южных районов Таджикистана и Узбекистана (По этнографическим данным). –М.:Наука, 1976. –197с.
79. Задыхина К.Л. Узбеки дельты Аму-Дарьи. ТХЭ. –М.:Изд-во АН СССР, 1952.т.1.
80. Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. –Л.:Наука,1971.
81. Васильева Г.П. Преобразование быта и этнические процессы в Северном Туркменистане. –М.:Наука,1969.
82. Жданко Т.А. Очерки исторической этнографии каракалпаков. –М.-Л.:Изд-во АН СССР,1950; Она же. Каракалпаки Хорезмского оазиса. ТХЭ,М.:Изд-во АН СССР, 1952,т.1.
83. Морозова А.С. Культура домашнего быта каракалпаков начала XX в.(К вопросу этногенеза).Рукопись дис.канд.ист.наук. Ташкент,1954.
84. Толстова Л.С. Исторические предания Южного Приаралья. –М: Наука,1984. Она же. Каракалпаки Ферганский долины. – Нукус:ККГИЗ,1959;
85. Тарақты А.С. Балталы, бағаналы ел аман бол. –Алматы:Қазақ Университеті, 1993.
86. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. –А:Санат,1997. –464 б.
87. Радлов В.В. Из Сибири. М.,1989.-749с.; Алтын сандық. –Алматы., 1993. –256 б.
88. Халид Қ. Тауарих хамса. Алматы, 1993. –304б.
89. Құдайбердиев Ш. Түрік, қырғыз һәм хандар шежіресі. –Орынбор, 1911. –82б.
90. Н.Наушабайұлы. Манзумат қазақия. –Қазан,1903. –32 б.
91. XV-XVII ғғ. қазақ поэзиясы. –Алма-Ата,1982. –240 б.
92. Утемиш Хаджи. Чингис-наме –Алматы,Гылым,1992. –296с.
93. Дулати М.Х. Тарихи-и-Рашиди//МИКХ. –185с.
94. Махмуд Абдуллах бен Уали.Зубдат ал-асрап//МИКХ. –128с.
95. Махмуд бен Уали.Бахр ал-асрап.//МИКХ. –320с.

96. Из истории международных отношений в Центральной Азии (средние века и новое время). – Алматы, 1990. – 184с.
97. Китайские документы и материалы по истории Восточного
98. Туркестана, Средней Азии и Казахстана XIV-XIX вв. – Алматы, 1994, – 272 с.
99. Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР, ч.3. – Л., 1932.
100. Международные отношения в Центральной Азии. XVII-XVIII вв. Документы и материалы. Кн.1. – М., – 375 с. Кн.2. 340 с. – М., 1989.
101. Путилов Б.Н. Миф, обряд, песня Новой Гвинеи. – М., 1980. – 156с.
102. Қазақ поэзиясының түрлері жөнінде //Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. – Алматы, 1985.т
103. Қазақ шежіресі//Ш.Уәлиханов.Таңдамалы.1Т.-Алма-Ата: АНҚазССР, 1985. – 560с.
104. Әуезов М. 20 томдық шығармалары жинағы. – Алматы, 1985.т.17
105. Стеблин-Каменский М.И. Миф. – Л., 1976. – 185с.
106. Бөкейханов Ә. Таңдамалы. – Алматы, 1996. – 631б.
107. Тоғолоқ Молда. Тарих, түпкі аталары.1920//Қырғыздар – Бішкек: Қырғызстан, 1993.
108. Мұқанов С. Қазақ қауымы. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 303б.
109. Байболұлы Қ. Есім хан туралы жыр.//ОҒК.к513. Қазанғап Байболұлы. Төле би тарихы. Егеменді Қазақстан. N1.7.09.199
110. Үш жүздің енші алысуы. ОҒК. 1132п. N9. дәптер. – 26б.
111. Айтбаева Р. Тарих айту дәстүрінің дамуы хақында.//Қазақ тарихы. N3, 1994. – 39б.
112. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы, 1992. – 175б.
113. Богоявленский С.К. Материалы по истории калмыков в первой половине XVII века//Исторические записки. N 10, 1939.
114. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. т.3., – 98с.
115. Ер Көкше.//Батырлар жыры.3.т. – Алмат-Ата Жазушы.1987. – 152б.
116. Қобыланды.//Батырлар жыры.1.т. – Алма-Ата, Жазушы.1986.–268б.
117. Ер Тарғын.//Батырлар жыры.3.т. – Алма-Ата, Жазушы.1987. – 152б.
118. Қамбар батыр//Батырлар жыры.3.т. – Алма-Ата, Жазушы.1987. – 152б.
119. Ер Қосай// Батырлар жыры. 3.т. – Алма-Ата, Жазушы.1987. – 152б.
120. Көне әдебиет нұсқалары. – Алма-Ата, 1967.
121. Источниковедение Африканской истории. – М, 1974, – 298с.
122. История Казахстана. т.2. – Алматы, 1997. – 301б.
123. Геродот. История в 9-ти книгах. Перевод Стратанского. – М., 1972.
124. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары. – Алматы, 1985. – 180б.
125. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алма-Ата, 1976. – 125б.
126. “Оғыз-наме“, “Мұхаббат наме“ – Алматы, 1982. – 208б.
127. Чулошников А.П. Вопрос о происхождении киргизской (казахской) народности в исторической науке и народные казахские предания, как

- источник дальнейшего его свещения.//Очерки истории казак-киргизского народа. –ч.І. –Оренбург.1924. –293с.
128. Ошанов Ж. Тарихи деректер мен қазақ аңыздарындағы Алаша хан бейнесі//Халықаралық ғылыми-теориялық Марғұлан оқулары конференциясының ғылыми жинағы. –Жезқазған.,1998.
129. Таварих-и Гузида-йи нусрат-наме//МИКХ. –9-44с.
130. Қазақ тарихы ғылыми осалдығының бір тұсы(пікірталас)//N 1.1996. – 27-32б.
131. Тамерлан: Эпоха.Личность.Деяния.М.,1992.
132. Усман Кухистани. Тарих-и Абул-Хайр хани //МИКХ.с.135.
133. Артықбаев Ж.О. Бұланты шайқасы. Қарағанды.1998. –65б.
134. Мангол-казах толь (сөздік).Өлгий,1984. –540б.
135. Сатпаев К.М. Избранные труды т.5. –Алма-Ата,1970
136. Марғұлан Ә. Тамғалы тас. Қазақ тарихы. N2 1993.
137. Мәшһүр Жүсіп. Асан Қайғы туралы. Ақиқат.N7. – 1992., –78-84бб.
138. Арабско-русский словарь.М.,Русский язык.1989. –513с.
139. Тозған қазды топтанған қарға жейді.А,1992. –127б.
140. Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. –Алматы, Ататек, 1993.- 448б.
141. Таджикистан. Республики Средней Азии и Казахстан// Страны и народы. –М:Мысль.1984. –269с.
142. Фазлаллах ибн Рузбихан. Михман наме-и Бухара т.1. –М.,1976.
143. Ибн Батута Путешествия.//Ибрагимов Н.Батута и его путешествия по Средней Азии. –М.,1988.
144. Қасым ханның қасқа жолы //ҚСЭ.–Алма-Ата,1975.
145. Бартольд В.В. Двенадцать лекции по истории Средней Азии//т.5. – М:Наука, –215с.1968.
146. Басин. Россия и казахское ханства в XVI-XVII вв. –Алма-Ата, 1971.- 310с.
147. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. –Алма-Ататы,1961. – 740с.
148. Апполова Н.Г. Хозяйственное освоение Прииртышья в конце XVI – первой половине XIX в. веков. –М.,1976.
149. Небольсин П. Покорение Сибири. Сибирские летописи. –СПб.,1849.
150. Потапов Л.П.,В.В.Хромова. Народы Сибири. –М.Л.,1956.
151. Бояршинова З.Я. Население Западной Сибири до начало русской колонизации. –Томск.,1960. –97с.
152. Соловьев С.М. История России с древнейших времен. –М.,1963.кн.4. 281с.
153. Карамзин Н.М. История государство Россиского. –М.,1989.т.9
154. Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. – Ташкент:Восточное отделение киргизского Государственного Издательства,1925. –64с.

155. Мұса Шорман шежіресі.//Казахский фольклор в собраниях Г.Н.Потанина/Архивные материалы и публикации. –Алма-Ата,1972. –217с.
156. Артықбаев Ж.О. Қоғам және этнос. XVIIIғ. –Қарағанды.,1995ж. –266б.
157. Артықбаев Ж.О. XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы. Докторлық диссертациясының авторефераты. –Алматы,1997.
158. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. СПб.(IV в. до н. э. XVIII в. н.э.) Под. редакции С.Д.Асфендиарова и проф. П.А.Кунте. –М-Алма-Ата,1935. –298с.
159. Миллер Г.Ф. История Сибири.т.І.–М-Л.,1937. –523с.Т.2. –М-Л.,1941.
160. Күміс сандық құпиясы. Қазақ әдебиеті.1981.Қаңтар.
161. Муканов М.С. Этнический состав и расселение казахов среднего жуза. –Алма-Ата,1974. –22-26сс.
162. Фон-Герн. Характер и нравы казахов./Комментарии, предисловия и редакция Ж.О.Артықбаева. –Қарағанда: Полиграфия,1995. –40б.
163. Очерки истории Калмыцкой АССР. –М.,Наука.1967.
164. Материалы по истории: Русско-монгольские отношения 1607-36. М.,1959//Галиев В.З. Хан Джангир и Орбулакская битва. – Алматы:Гылым,1998.
165. Галиев В.З. Хан Джангир и Орбулакская битва. –Алматы: Гылым.1998. –128с.
166. Пугаченкова Г.А. Самарканд-Бухара. –М.,1961.
167. Иванов П.П. Очерки по истории Средней Азии. –М.,1958.
168. М.Ж.Көпейұлы. Абылай хан.//Абылай хан. –Алматы,1993. –319б.
169. Гродеков Н.Н. Киргизы и кара-киргизы сыр-Дарбинской области.т.І.Юридический быт. –Ташкент,1898. –320с.
170. Мойсеев В.А. Джунгарское ханство и казахи XVII-XVIII вв.–Алматы: Гылым,1991. –238с
171. Сәдібек З. Қазақ шежіресі. –Ташкент: Өзбекстан,1994.
172. А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов. Мың бір мақал. Жиырма үш толғау. Жинастырған Ахмет Баржақсы баласы. –Алматы,1993.
173. Абиль Е. Этногенез казахов. Опыт системного подхода. – Кустанай,1997.
174. Тизенгаузен В. Сборник материалов по истории Золотой Орды. т.1.СПб.,1884. –т.2–М.,1941.